



Ж.А. Ермекбай

Шоқан  
Уәлихановтың  
тағдыры мен мұрасы



Сабит Мукамов  
журналист радио  
и телевидения  
авторская концепция  
авторская книга  
ММК 18.08.2022 г.

**Ж.А. Ермекбай**

**Шоқан  
Үәлихановтың  
тағдыры мен  
мұрасы**

**2020**

**КБЖ 94(574)**  
**ӘОЖ 63.3(5каз.)**  
**E 69**

Ғылыми редакторлар:  
В.П. Зиновьев, Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу  
университетінің еңбек сінірген профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы;  
Ю.А. Сорокин, Ф.М. Достоевский атындағы  
Омск мемлекеттік университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы

Редактор / корректор: В.З. Адыханова  
Орыс тілінен аударма: Р.Ж. Асанова  
Дизайн / беттеуші: Р.С. Мұқажанов  
Фотосуреттер: Г.А. Асильбаева

**Ж.А. Ермекбай.** Шоқан Уәлихановтың тағдыры мен мұрасы.  
– Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму ин-  
ституты» КЕАҚ баспасы, 2020. – 276 б.: ил.

**ISBN 978-601-06-6573-6**

Кітап қазақ халқының аса көрнекті тұлғасы Шоқан  
Шыңғысұлы Уәлиханов хақында. Ол тарихта ғылыми мұрасы бү-  
гінге дейін маңызды саяхатшы әрі ғалым ретінде қалып отыр.

Кітап қазақтың біртуар ғалымының тағдыры қызықтырған  
көпшілік оқырманға арналады.

**ISBN 978-601-06-6573-6**

**ӘОЖ 63.3(5каз.)**  
**КБЖ 94(574)**



## Алғыс

«QazaqGeography» республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму Министрлігіне және «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамына қазақтың ұлы шығыстанушы галымы, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, саяхатшы және агартушы Шоқан Шыңғысұлы Үәлихановтың 185 жылдығына арналған кітапты шыгаруға қолдау көрсеткені үшін өз алғысын ғілдіреді.

# Мағымұны

<b>Фылыми редактордың кіріспе сөзі .....</b>	5
<b>Автордан .....</b>	6
<b>I ТАРАУ. Отандық шоқантану тарихынан .....</b>	13
<b>II ТАРАУ. Орыс қызметіндегі дала ақсүйектері .....</b>	37
2.1. Уәлихановтар отбасы. Полковник Ш.Ш. Уәлихановтың әскери және қоғамдық қызметі .....	37
2.2. Шоқанның балалық және жастық шағы: тәрбиесі мен білім.....	69
<b>III ТАРАУ. Омбыдағы қызметі. Ш.Ш.</b> <b>Уәлихановтың әскери экспедициялары .....</b>	84
3.1. Генерал-губернатордың адъютанты. Орталық Қазақстан, Жетісу, Ыстықкөл және Құлжа экспедициялары .....	84
3.2. П.П. Семенов-Тян-Шанскиймен достығы. Кашгария экспедициясына дайындық .....	98
3.3. Шығыс Түркістан сапары .....	113
<b>IV ТАРАУ. Санкт-Петербургда .....</b>	131
4.1. Империя астанасындағы ұмытылмас кездесулер .....	131
4.2. Ф.М. Достоевский мен Ш.Ш. Уәлиханов .....	152
4.3. Эдебиетшілер ортасында .....	162
<b>V ТАРАУ. Тағы да қазақ даласы .....</b>	168
5.1. Тұыстармен кездесу. Генерал Черняевтің әскери экспедициясына қатысу .....	168
5.2. Империя шекарасында .....	178
5.3. Мезгілсіз қаза: қайғылы жайттар .....	183
5.4. Шоқан Уәлиханов және оның мұрасы .....	191
<b>Қорытынды .....</b>	223
<b>Қысқартулар тізімі .....</b>	227
<b>Көрсеткіштер .....</b>	229

# Ғылыми редактордың кіріспе сөзі

Бұл кітап әр қазақ пен көзі ашық ресейліктердің көпшілігіне мәлім тұлға, этнограф, тарихшы, түркі халықтарының фольклорын зерттеуші, гуманист, ағартушы, Шыңғыс хан мен Абылай хандардың ұрпағы, Орта жүздің сұлтаны, штабс-ротмистр, саяхатшы және Ресей императорлық әскерінің Бас штаб барлаушысы Мұхаммед-Хан-фия (Шоқан) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) хақында.

Оның қысқа ғұмыры мен сан қырлы қайраткерлігі туралы деректі айғақтар толып жатыр, көптеген мақала мен кітаптар жазылды. Тағы бір кітап жазудың қажеті не? Алайда белгілі қазақ тарихшысы Жарас Ермекбай қажет деп санайды. Меніңше, бұның бірнеше себебі бар. Бірінші, Ш. Уәлиханов туралы ақпаратты толықтырып нақтылау, қазақ халқының аса көрнекті ұлы жайында орыс және қазақ архивтерінен іздең тапқан маңызды материалдарды жарыққа шығару. Екінші себептің саяси астары бар, яғни бұрынғы кітаптарды кеңес уақытында білікті әрі адаптациялар жазғанмен, тарихтағы үлкен-кіші оқығаларға, соның ішінде жеке тұлғалардың іс-әрекеттерін түсіндіруде таптық көзқарас үстемдігі болғаны белгілі. Ш.Ш. Уәлихановқа сол кездегі билікке деген басы артық оппозициялық әрекеттерді лажсыздан таңды. Үшінші себебі, әбден нақтыланған ғылыми деректерге сүйене отырып, Ш. Уәлихановтың өмірбаянында жетіп артылатын көмескі тұстарына қатысты түрлі қауесстердің бетін қайтару деп ойлаймын. Өйткені, әр халық өз қаһарманын танып біліп, сол жайындағы тарихи естелікті есте сақтап құрметтеуге міндетті.

Ал автор мұны қаншалықты жүзеге асыра алғанын шешуді құрметті оқырманның өзіне қалдырайық.

Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің  
еңбек сіңірген профессоры В.П. Зиновьев

## Автордан

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында, «еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шыгарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет»<sup>1</sup> делінген. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жағдайтын маңызды жобалардың бірі. Осы мәтінде Ұлы Даланың ұлы Шоқан Шыңғысұлы Ұәлиханов әлем тарихындағы көрнекті тұлғалар арасынан ойып тұрып орын алады. Орыс және әлемдік ғылыми қауымдастық оның Тянь-Шань, Жонғария, Шығыс Түркістанға жасаған саяхаттарына, Еуразия халықтарының тарихы мен мәдениеті бойынша ғылыми еңбектеріне тәнті болды. Ол тұнғыш рет европалық әлемге Орталық Азиядағы кейбір түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін ашты. Оның ғылыми еңбектері бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Шоқан Шыңғысұлы Ұәлиханов мен үшін, ең алдымен, Еуразия халықтарын зерттеуші ретінде қызықты. Қазақ халқының ұлы бола тұра, Орталық Азиядағы басқа да халықтардың тарихын білуге ұмтылды. Ол парсы, араб және түрік тілдерінде жазылған наративті дереккөздермен таныс еді. Өзінің ғылыми жұмысын Омбы кадет корпусының түлегі бол жүрген кезінен-ақ бастаған болатын. Оның еңбектері орыс шығыстанушысы И.Н. Березинді қызықтырды. Ол Шоқанмен хат жазысып, қазақ тілі саласындағы тапсырмаларын орындаپ жүрді.

Шығыс және Еуропа тілдерін жетік білуі, сөзсіз, Орталық Азия халықтарының географиясы мен тарихына қатысты ежелгі дереккөздерді түпнұсқада зерттеуіне мүмкіндік берді. Жалпы оның дүниетанымына өзара ықпалдасқан Еуропа және Шығыс менталитеті тән еді. Ұәлихановтардың ауылына Шоқанның әлемді танып бліуіне ықпал еткен орыс шенеуніктері, саяхатшылар, жер аударылған ғалымдар, ге-

<sup>1</sup> Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи. Астана. 2018. С. 26.

одезист инженерлер, картографтар жиі келетін. Болашақ зерттеушінің рухани дамуына және оның отбасына едәүір ықпал еткен әжесі Айғаным. Бала кезінен әжесі Айғаным қазақ халқының аңыздары мен ертегілеріне деген қызығушылығын, жалпы туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін бойына сінірді.

Ауыл мектебін бітірген соң, Шоқан 1847 жылы Сібір қадет корпусына оқуға түседі. Азиялық Ресейдің ең озығы саналатын осы оқу ордасында ол география, геодезия, физика, математика, тарих, әдебиет, араб, француз және ағылшын тілдерін зерттеді. Қадет корпусындағы оқу оның ғылымға, саяхатқа, Еуразия халықтарының тарихын зерттеуге деген қызығушылығын ояты.

Ш. Үәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорттың айрықша тапсырмалар жөніндегі офицері ретінде Семей облысына 1855 жылдың жазында жасаған экспедициясында осы аймақтың тарихи және географиялық деректерімен танысады. 1856 жылы жергілікті қырғыз жұртымен танысып, Ыстықкөл бассейнінің топографиялық картасын жасау үшін полковник М.М. Хоментовскийдің Қырғыз елінің солтүстік аймағы бойынша әскери-ғылыми экспедициясына қатысады.

Осы экспедиция туралы Ш.Ш. Үәлихановтың жол-сапар очерктері, жазбалары, гербарийлері, коллекцияларында берілген мәліметтер географиялық, биологиялық, тарихи және этномәдени мазмұны жағынан өте өзекті. Ол бірегей орнитологиялық және энтомологиялық коллекция жинады, Жетісудың флорасы мен фаунасын сипаттады, Ыстықкөлдің түсіріліміне қатысты. Ш. Үәлиханов дәл осы экспедиция кезінде «Манас» – «Көкетай ханның өлімі мен асы» қырғыздың батырлар эпосын алғаш рет жазып алғып, орыс тіліне аударды. Осылайша Ш. Үәлиханов түркі өркениетінің алтын қоры – «Манасты» еуропалықтарға алғаш танытты. Негізінен Еуразия халықтарының этногенезі, саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тарихының, халық ауыз әдебиетінің, өнерінің, түркі халықтарының өміріндегі діни нағым-сенімі және Орталық Азия этносының басқа да материалдық, рухани мәдениетінің мәселелері өз дәүірінің ұлы замандасының ғылыми мұрасының ең басында тұрды.

Әр саяхатшының экзотикалық өлкелерге жасаған ұмыттылмас сапары болады. Шоқанның 1858-1859 жж. Қашғарияға жасаған саяхаты – осындай сапардың бірі. Еуропалық білім алған саяхатшы ғалым ретінде алғаш рет Орталық Азия жері, халқы, мәдениеті туралы әлемге паш етті. Ш. Үәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеушілер Қашғария сапарының ең басты нәтижесі «Алтышар немесе Нан-Лу (Кіші Бұқара) Қытай провинциясының шығысындағы алты қаланың жағдайы туралы» еңбегі деп санайды. Ресей ғылымында алғаш рет Шығыс Түркістан халқына арналған іргелі еңбек жазылды. Еңбек Қашғарияны мекендерген халық, үкімет жүйесі, саяси жағдайы туралы географиялық шолуды, тарихи очеркті қамтиды.

Шоқанның Петерборға келуі оның өмірбаянындағы ерекше сәттердің бірі. Шені жоғарылап, орденмен, ақшалай көмекпен маралпатталып, сенімді достары мен әріп-тестерінің ортасында, қоғамның сүйіктің бола білген Ш. Үәлиханов сол кездегі астана өміріне етene араласып кетеді. Штабс-ротмистр Ш. Үәлиханов Петербордың бірнеше үкіметтік мекемесінде, яғни Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде жұмыс істеп, Азия департаментінің Жоғары мектебінде түрік тілдерінен дәріс оқыды. Бұдан бөлек Орыс география қоғамының мәжілістерінде сөз сөйлеп, белгілі журналдарда жарияланып жүрді, шығыстың сирек шығармаларын аударып, Орталық Азия картасын құрастыруға қатысты, университетте дәріс тындағы. Алайда өкпе ауруы Петерборда қалуға мүмкіндік бермеді, дәрігерлердің кеңесімен отанына, ата-анасының еліне оралуға мәжбүр болды. Туған даласына оралған соң, Шоқан фольклорлық материалдар жинап, халық ақындары мен сал-серілерді тындаиды. Орасан зор Ресей империясындағы түркі-славян жұртының этномәдени өзара әрекеттестігіне зор мән берді.

Ш. Үәлихановтың ағартушы ретінде қазақ халқының болашағы орыс халқының ең озық жетістіктерін игеруде деп санады. П.П. Семенов-Тян-Шанский, Г.Н. Потанин, Н.И. Веселовский, Н.М. Ядринцев және басқа да орыс ориенталистер – оның қысқа ғұмырында зор рөл атқарды. Ол қайтыс болғаннан кейін де, Шоқан Үәлихановтың ғылыми мұра-

сы әлемдік ғылыми ақыл-ойдың жетістігі, әлемдік мәдени мұраның бөлігі болып қалуына қолынан келгенінше еңбек сіңірді.

Көптеген белгілі қоғам, ғылым және өнер қайраткерлері Шоқанның қолжазба мұрасын зерттеу үшін бар қүш-жігерін салды. Әсіресе, Г.Н. Потанин, Н.И. Веселовский, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Шоқай, Х.Г. Айдарова, Э.Х. Марғұлан, С.М. Мұқанов, С.Н. Марков, С.И. Бегалин, М.И. Фетисов, Қ. Бейсембиеев, С.З. Зиманов, А.А. Атишев, О.А. Султанъяев, Н.П. Ивлев, И.И. Стрелкова және басқа да көптеген ғалымдар зор үлесін қости.

Аса көрнекті отандасымыздың мұрасына Сырымбет ауылында тұратын туыстарында бірнеше рет қонақ болғаннан бастап, менің қызығушылығым артты. Бірінші рет атақты жерлесіміз туралы солардан естіп білген соң, оның жеке тұлғасының маңыздылығына жыл өткен сайын назарым ауа берді. 1985 жылы Шоқан Үәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай іс-шараға қатысу үшін Сырымбет ауылына бардым. Содан кейінгі жылдары тақырыпқа терең бойлай бердім, ғалымның Қазақстан мен Ресейдегі мерейтойына орай үйымдастырылған түрлі ғылыми іс-шараларға қатысып жүрдім. Ресейдегі әріптерестеріміздің де отандасымызды құрмет тұтатының, оның шығармашылығына қатысты ғылыми конференцияларға қашанда атсалысып жүретінін атап кетемін. Омбы, Санкт-Петербург, Мәскеу, Томскіде Ш.Ш. Үәлихановтың ғылыми мұрасына байланысты мәселелерді талқылауға арналған ғалымдардың көптеген кездесуі өтті.

Бірнеше жылдың ішінде Шоқан Үәлихановтың қолжазба мұраларын зерттеп, оның ғалым, саяхатшы ретіндеғі үлесін бағалауға тырыстым. Шоқанға арналған көптеген түрлі ғылыми форум, конференцияға қатысып, оның мұрасымен шүғылданатын әріптерестеріммен кездесіп, хат алмастым.

Өз пікірлерімен ой бөлісіп, кеңесі мен тілектерін аямаған әріптерестеріме, достарыма ризашылығымды білдіремін. Соның ішінде, Шоқан Үәлихановтың мұрасын зерттеуде уақыты мен күшін арнап жүрген төрелер түқымы, ғалым Едіге Үәлиханов та бар. Жолыққан сайын, әдеттегіше

Шоқан туралы көп әңгіме-дүкен құрдық, оның берген бағасы, кеңесі, тілегі жаңа материалдар мен құжаттар іздеуге ынталандырып, отандасымыз туралы қалыптасқан стереотиптерді қайта бағалауыма септігін тигізді.

Шоқантанушылардың көбін танитын, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының тарихшы ғалымы К.С. Алдажұманов та бірқатар жақсы ақыл-кеңестер берді. Сондай-ақ, ақыл-кеңесі, пайдалы ескертулері үшін отандық тарихтың білгілері К.Ш. Хафизова, К.Л. Есмағамбетов, И.В. Ерофеева, Б.К. Кемеков, С.К. Өтениязов, М.Х. Эбусейітова, С.И. Ковальскаяға, Шоқан Уәлихановтың қайраткерлігі туралы ойлары енбегіме зор ықпал еткен Санкт-Петербургдағы Мақпал Мусинаға, М.О. Әбсеметов пен Ж.С. Мәжитоваға айтар алғысым шексіз.

Айрықша алғысымды қолжазбаның түсініксіз, олқы кеткен, қате тұжырымдардан тазартып, қорытылып біткен және оқылатын кейіпке келтірген ғылыми редакторлар, Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің еңбек сінірген профессоры, тарих ғылымдарының докторы В.П. Зиновьев пен Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ю.А. Сорокинге айтқым келеді.

Сонымен қатар қолжазбамның жарыққа шығуына атсалысқан Qazaq Geography республикалық қоғамдық бірлестігіне өз ризашылығымды білдіремін.

Әдебиетте профессор Н.И. Веселовскийдің редакторлығымен 1904 жылы жарыққа шыққан Ш.Ш. Уәлихановтың «Императорлық Орыс география қоғамының жазбалары» таңдамалы еңбектерінің алғашқы басылымы және 1950-80 жылдары Ә.Х. Марғұланның жалпы редакторлығымен шыққан жинағы толық емес, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармашылық мұрасын түгел бермейді, мәтіндік және редакциялық сипатта бірқатар дәлсіздіктері бар деген пікір қалыптасқан. Ш.Ш. Уәлихановтың бірнеше қолжазбасы кеңес уақытында, идеологиялық түсінікке орай шығармалар жинағына енбекен болу керек. Кейбір еңбектерінің мәтіні түзетілген деген түспалдар бар, сондықтан Ш.Ш. Уәлиханов шығармаларының түпнұсқадағы мазмұнын қалпына келтіру жөнінде ықжадағатты жұмысты талап етеді.

Жұмыс барысында, мүмкіндігінше Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Тәшкен және Алматы қалаларындағы архив материалдарын пайдаландым. Кейбірі түрлі басылымдарда жарияланып та қойған, іздеу барысында Шоқанның өмірі мен Үәлихановтар отбасына қатысты сирек мағлұматтар табылды.


Архивпен жұмыс істеудің қындығы, сол материалдардың түрлі қорларда шашыраңқы жатуында. Мәселен, Шоқан Үәлихановтың қызметіне қатысты құжаттардың көпшілігі Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі Ресей империясының сыртқы саясат архивінде, Ресей мемлекеттік тарих архиві мен Ресей ғылыми академиясы архивінің Санкт-Петербург филиалында шоғырланған. Осыған байланысты, Ресей империясының Сыртқы саясат архивінің, Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архивінің, Ресей мемлекеттік әскери-тарих архивінің (Мәскеу), РГА архивінің Санкт-Петербург филиалының, Орыс географиялық қоғамы архивінің (Санкт-Петербург) қызметкерлеріне маған түсіністік танытып, қажетті материалдарды іздестіруде, әсіресе, Шоқан Үәлихановтың қызметіне қатысты кейбір қызықты мәтіндерде шыққан мәліметтерді пысықтауда көрсеткен көмегі үшін ризашылық білдіремін.

Айтпақшы, ҚР ҰҒА орталық ғылыми кітапханасында (Алматы) Ш.Ш. Үәлихановтың 1951 жылы Ленинград қ. КСРО ҒА архивінен (23 қор, 1 тізімдеме) алынған фотокөшірмелер түріндегі архиві сақтаулы. ҚР ҰҒА ОҮК сақталған істердің атаулары Ш.Ш. Үәлихановтың Ресей ғылым академиясы архивінің Санкт-Петербург филиалы 23 атаулы орында көрсетілген құжаттардың атауларымен сәйкес келе бермейді. 1957 жылғы 11 қантардағы тізімдемеде көрсетілгендей, 55 сақтау бірлігінен тұратын РГА архивінің Санкт-Петербург филиалы 23 қорынан алынған кейбір істер 1978 және 1979 жылдары жарым-жартылай қалпына келтірілген.

Өкінішке орай, жұмыс барысында түрлі себептерге байланысты материалдардың бәріне бірдей қол жеткізу мүмкін болмады. Десек те, зерттеу барысында талданған түрлі тарихи құжаттар, баспа өнімдері, естеліктерді негізге алған Ш.Ш. Үәлихановтың портреті дәлірек шыққан деп ойлаймын.

Автор Шоқанның аты-жөнін орыс транскрипциясында көрсетіпті, өйткені атақты жерлесіміз барлық формуляр

тізім, жарияланым, ресми және жеке хаттарда Чокан Валиханов деп жазылған. Сонымен бірге, XIX ғ. орыс үкіметінің құжаттамасында, әскери және азаматтық ведомстволардың хаттарында «киргиз» немесе «киргиз-кайсаки» этнонимімен қазақтарды атаған, сондықтан оқырманның назарын мәтіндегі жақшада ішінде халықтың дұрыс өз атауы берілгеніне аударғым келеді.



## I ТАРАУ

### Отандық шоқантану тарихынан

Белгілі қазақ ғалымы, академик Ә.Х. Марғұланның (1904-1985) пікірінше, Шоқан Үәлихановтың ғылыми және ағартушылық қызметі XIX ғ. 50-ші жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың бас кезінде жандана түсті. Орталық және Оңтүстік Қазақстанға, Қырғызстан мен Шығыс Түркістанға саяхат жасап, экспедицияға барған уағы да осы кез. Ғылыми түрғыдан қызығушылық танытқан еңбектерін жазып та қойған еді, соның ішінде «Жоңғар очерктері», «1858-1859 жылдардағы Алтышар немесе Нан-Лу (Кіші Бұхара) Қытай провинциясының шығысындағы алты қаланың жағдайы туралы», «Абылай», «Тарихи-Рашидиден» және басқалары.

Шоқан Шыңғысұлының ғылыми мұрасы ұзақ жылдар бойына мамандардың да, жүртшылықтың да жіті назарында болып келді. Ш.Ш. Үәлиханов жастай, мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін, Императорлық Орыс географиялық қоғамының кеңесі 1867 жылғы 24 сәуірдегі қаулысымен ең-

бектерін басып шығару туралы шешім<sup>1</sup> қабылдайды. 1887 жылы Шоқан Үәлихановтың шығармаларын басып шығару жөніндегі мәселе қайта көтеріледі, бұған қоса Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский (1819-1896) «осы басылымға жергілікті қаржы көздерінен қарожат қарастыруға келісімін береді»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың еңбектерін жариялауға оның жақын жолдастары да айрықша үлесі қосты. Әсіресе кадет корпусында бірге оқыған, кейіннен белгілі саяхатшы, этнограф, Сібір мен Орталық Азияны зерттеуші Г.Н. Потанин (1835-1920) әріптесі әрі досының шығармашылық мұрасын жинап жариялауда бар күш-жігерін аямады. Бұл сөзімізге, Г.Н. Потанинның қызметі туралы оның эпистолярлық мұрасы дәлел бола алады. Осыған қатысты Г.Н. Потанинның хаттары 1968 жылы Шоқан Үәлиханов шығармалары жинағының төртінші томында<sup>3</sup> және толығымен 1990-1991 жылдары Иркутскіде<sup>4</sup> жарияланды.

Г.Н. Потанин 1887 жылдың қарашасында Н.М. Ядринцевке жазған хатында: «Колжазбаны Н[иколай] Ив[анович] Веселовскийге бере алдыңыз ба?»<sup>5</sup> (сөз Шоқан Үәлихановтың қолжазбалары туралы). 1888 жылдың 28 наурызында Потанин Н.М. Ядринцевтің жұбайы Аделаида Федоровнага жазған хатында: «Сізге бір өтінішім бар. Мен, Питерден кетер кезде, Шоқан Үәлихановың қолжазбасы мен көшіріп жазылған шығармаларын Николай Михаиловичте қалдырып, осының бәрін профессор Николай Иванович Веселовскийге тапсыруын сұрадым. Профессор оны әлі күнге алмаганын жазады. Николай Михаилович қолжазбаларды табыстауды Сізге тапсырдым деп сендіреді. Қын болмаса, қолжазбаларды Веселовскийге беру үшін География қоғамына апарып берсекіз... <...> Және де: қолжазбалар сіздің қолыңызга тиді ме, егер та-

1 Веселовский Н.И. Предисловие Сочинения Чокан Чингисовича Валиханова Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. СПб.: Тип. гл. упр. уделов, 1904. С. II.

2 Сонда.

3 Об издании трудов Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР. 1965.

4 Письма Г.Н. Потанина. Т. 4. Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та. 1990; Т. 5. Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та. 1991.

5 Письма Г.Н. Потанина. Т. 4. С. 55.

быстаган болсаңыз, қолына берілгені туралы маган хабарласаңыз»,<sup>1</sup> – деген екен. Григорий Николаевич 1889 жылғы 28 маусымда А.Н. Пыпинге жазған хатында Шоқан Үәлихановтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша ғұмырнамалық деректер береді<sup>2</sup>. 1891 жылғы 14 қыркүйекте А.Н. Пыпинге Шоқан Үәлиханов туралы мақала жолдағаны туралы хабарлайды<sup>3</sup>.

Г.Н. Потанин мен белгілі шығыстанушы, Петербор университетінің профессоры Н.И. Веселовский (1848–1918) арасындағы хаттарда мол ақпарат бар. 1891 жылы Григорий Николаевич Шоқан Үәлихановтың еңбектерін жарыққа шығару туралы тағы бір мәселе көтереді. Сондай хаттардың бірінде ол: «Аса құрметті Николай Иванович! Үәлихановтың мақалаларын басып шығаруга арналған материалды Ник[олай] Мих[айлович] Ядринцевке қалдырыдым. <...> Ник[олай] Мих[айлович] Шоқан Үәлихановтың портретін апарып береді, әзірге одан жақсысын таппадым. Генерал-губернатор Колпаковскийге қолжазбаларды Сізге беріп жібергенім туралы хат жазам. <...> Шоқан туралы биографиялық мақалаларды Сібірден салып жіберемін. Бәлкім, Шоқанды танитын басқа да тұлғалар: П.П. Семенов, Семен Яковлевич Капустин, Цурикованың әңгімелерімен толықтырудың сәті түсер...»<sup>4</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов дүниеден өткеннен кейін 30 жылдан соң, Г.Н. Потанин 1895 жылы 60 жасында Қекшетау уезіне сапар шегіп, Шоқанның әкесімен, бауырларымен кездеседі. Потанин 1895 жылы 29 қазанда Н.И. Веселовскийге өз сапары туралы былай деп жазады: «Шоқан Үәлихановтың әкесі Шыңғыс Үәлиұлынан ұлының мақалаларын шығару құқығынан бас тартатыны туралы хатын алып алдым. Бұдан басқа, Шоқанның бірнеше шағын қолжазба мақаласы мен басқаларына қараганда көбірек үқсайтын фотографиялық карточкасын әкелдім...»<sup>5</sup>. Үәлиханов қолжазбаларының жинағы Г.Н. Потаниннің биографиялық очеркін, Н.М. Ядринцев пен И.И. Ибрағимовтың естеліктерін қамтыған «Шоқан Шыңғысұлы

1 Сонда. С. 92.

2 Сонда. С. 108–109.

3 Сонда. С. 189.

4 Сонда. С. 202.

5 Сонда. С. 292.

Уәлихановтың шығармалары» атауымен 1904 жылы жарыққа шыққан ИОГҚ жазбаларының ХХІХ томын құрайды.

Профессор Н.И. Веселовскиййдің редакторлығымен осы кітап шықпас бұрын, Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларын жинау, жарыққа шығару үшін ұзаққа созылған қаражат іздеңстіру жұмысы атқарылды. Императорлық Орыс география қоғамының 1867 жылғы 24 сәуірдегі мәжілісінде Уәлихановтың артында қалған қолжазбаларын басып шығару туралы шешім қабылданды. Бастапқыда бұл тек жартылай іске асты. 1868 жылы ИОГҚ «Жазбаларында» Қашғар экспедициясы туралы баяндаманың жалғасы жарияланды. Мұны жариялаған саяхатшы ғалым Федор Романович Остен-Сакен (1832-1916) «Сондықтан да, осы елдерге аяқ басқан ең бірінші білімді орыс болу құрметі Уәлихановқа тиесілі болғандықтан, әділдік үшін оның осы жасаған сапары туралы әңгімесі баспа бетінде кейінгі зерттеулер сипаттамасынан ертерек шыққаны дұрыс болады»,<sup>1</sup> – деп жазды. Алайда бірқатар жағдайға байланысты осымен шектеліп қалады. 1887 жылы Г.Н. Потанин Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерін жарыққа шығару туралы мәселені қайта көтеріп, қаражаттың болмауынан барлығы тағы да тоқтап қалады. Ақырында Г.Н. Потанин Шоқан Уәлихановтың тандамалы шығармаларын жарыққа шығару жөнінде бірлесіп жұмыс істеуге белгілі шығыстанушы, Петербор университетінің профессоры Н.И. Веселовскиййді көндіреді. Қолжазбаларының алғашқы нұсқасы мен соңғы қолжазба материалдары табылып, редакциялау жұмысы жүргізіледі, басып шығаруға қаражатта табылады, 1904 жылы Ш.Ш. Уәлихановтың әріптестері мен замандастарының бірлескен шығармашылық жұмысы, жоғарыда аталып өткендей, атақты жерлесіміздің шығармаларын қамтитын ИОГҚ «Жазбаларының» ХХІХ томының жарыққа шығуымен көпшілікке ұсынылды.

Осылайша Императорлық орыс география қоғамы Шоқан Уәлихановтың қолжазбаларын басып шығару жөніндегі тағдырлы шешімді қабылдаған 37 жылдан кейін, 1905 жылы отандасымыздың шығармалары жеке кітап

1 Остен-Сакен Ф.Р. Поездка Ч.Ч. Валиханова в Кашгар // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т IV. Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР. 1965. С. 604.

былып шықты. ИОГҚ «Жазбаларның» XXIX томының жа-рыққа шығуы Ресей империясы ауқымды түрде тойлаған Романовтар үйінің 300-жылдық құрметіне ұйымдастырылған мерейтой салтанатына байланысты еді. Сінірген еңбегін ұмытпағанымен, белгілі бір себептерге байланысты жарыққа шығаруға келіспей жүрген орыс билігінің Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың тұлғасына деген бейілдік танытқанын білдіреді. Эрине, бұл Шоқанның қызметіне, әсіресе Қашғарға шеккен сапарына да байланысты, сондықтан билік белгілі бір кезеңге дейін ғылыми мұраны жариялауға рұқсат бермеді. Ал Уәлиханов еңбектерінің жа-рыққа шығуын кейінге қалдырудың ресми себебі қаржының тапшылығы деп есептелді.

Шоқан Уәлиханов туралы замандастары, соның ішінде өзімен жеке таныс болғандар да аз жазған жоқ, бірақ бұл жа-рияланымдардың дені биографиялық сипатта болды<sup>1</sup>.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында А. Байтұрсынов, Э. Бекейха-нов, М. Дулатов, М. Шоқай, К. Кеменгер және басқа да қазақ қайраткерлері жарыққа шығарған өз еңбектерінде қофам-ның назарын Шоқан Уәлихановтың қызметіне, оның еңбек-тері мен ғылыми қызметіне аударды<sup>2</sup>.

1 Венюков М.И. Путешествие по окраинам Российской Азии и записи о них // Туркестанский сборник. Т. IX. СПб.. 1869. С. 255–259; Гейнс А.К. О восстании мусульманского населения или дунгуней в западном Китае // Туркестанский сборник. Т. V. СПб., 1869. С. 65; Он же. Собрание литературных трудов. Т. I. СПб.: Типография М.М. Стасюлевича. 1897. С. 137–138; 209; 265; 353; 498–499; Маев Н. От Ташкента до Кульджи. Путевые заметки // Материалы для статистики Туркестанского края: ежегодник. Вып. II. СПб.: Туркестанский стат. ком., 1873. С. 301; Семенов-Тян-Шанский П.П. История полуторковой деятельности Русского географического общества 1845–1895. СПб.: Тип. В. Безобразова и комп., 1896. Ч. I. С. 276; Он же. Путешествие в Тянь-Шань в 1856–1857 гг. М.: Дрофа. 2007. С. 50–51; Веселовский Н.И. Указ. соч. С. I–III; Ибрағимов И.И. Биографические сведения о Чокане Валиханове // Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова / Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. СПб.: Тип. гл. упр. уделов. 1904. С. XL–XLV; Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове // Там же С. IV–XXXIV; Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове // Там же. С. XXXV–XXXIX.

2 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 т. Алматы: Алаш, 2004. 97; 185. 434; 450 бб.; Бекейхан Э.Н. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы – полное собрание сочинений в 9 томах. Т. 7. Астана: Сарыарқа, 2013. 386 б.; Дулатұлы М. Айты томдық шығармалар жинағы. 2 т: Қөсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. Алматы: Мектеп, 2013. 196–204 б.; Шокай М. Таңдаматы шығармалар: Үш томдық. 1 т. Алматы: «Кайнар» баспасы, 2007. 156–157 б.; Кеменгерұлы К. Үш томдық шығармалар жинағы. 1 т. Алматы: Алаш, 2005. 61 б.

ХХ ғ. 30-40 жылдарында Шоқан Үәлихановты ғалым әрі ағартушы деп көрсеткен кітап жарыққа шықты, алайда онда коммунистік идеологияның ықпалы бар еді. Атап айтқанда Қазақстан тарихы жөніндегі оқулықтың алғашқы авторларының бірі, профессор С.Д. Асфендияров Шоқан Үәлихановты «Казактар (қазақтар – Ж. Е.) орыс мәдениетін меңгеру арқылы мәдениетті бола алады деген көзқараста болды. Ол орыс мәдениеті деп орыстың дворян-помещиктер табының мәдениетін түсінеді. Үәлиханов өзі де орыс әскери мектебінің түлегі, офицер бола тұра, оқымыстың әкім-қаралар казак (қазақ – Ж.Е.) «халқына» қамқорлық көрсетеді деп ойлады<sup>1</sup>. С.Д. Асфендияровтың редакторлығымен шыққан тағы бір еңбекте: «Казақ буржуазия ұлтшылдары Үәлихановтың тарихи рөлін қазақ халқының жолдан тайған, патша үкіметіне сатылған миссионер ретінде бағалайды. Үәлиханов секілді адамдардың пайда болуы қазақтың феодалдық-патриархалдық құрылышының ыдырай бастаганының белгісі. Үәлиханов қазақтардың бүрінгі қоғамдық құрылышынан кемшилік көреді және қазақтың үстем табының көзқарасы бойынша бағалайды. Үәлиханов қазақтардың Еуропа мәдениетін негүрлым тез игеруі бұдан шығудың амалы деп есептейді. Оны өзі жемісінен дәм татқан ұлы орыс дворян-помещиктерінің мәдениеті деп біледі<sup>2</sup>.

Шоқан Үәлиханов туралы материалдарды жинаумен КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының құрамына кіретін белгілі әдебиетші ғалым, жазушы А.М. Жиренчин бастаған Қазақстанның Зерттеу қоғамы шұғыланды. КСРО FA Қазақ филиалының 1940-1941 жж. есептерінің бірінде, Қазақстанның Зерттеу қоғамы Шоқанның қызметі туралы 120 баспа табақтан тұратын архив материалдарын Омбы және Мәскеу қалаларындағы дипломатиялық архивтерінен алған деп жазылған. Материалдардың айрықша ғылыми құндылығы бола тұра, зерттеушілер оған жүгінбеген және

1 Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен . Т. 1. Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое издательство. 1935. С. 203.

2 Прошлое Казахстана в источниках и материалах Под редакцией проф. С.Д. Асфендиярова. Т. 2. Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое издательство. 1936. С. 250.

көрнекті қазақ қайраткерінің мұрасын зерттеу бойынша ешқандай жұмыс жүргізбекен<sup>1</sup>.

1943 ж. шыққан «ҚазКСР архиві. Ерте заманнан осы күнге дейін» оқулығының «Отарлық кезеңдегі қазақ халқының мәдениеті» XIX тарауында «Шоқан Үәлиханов қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы» атауымен Ш.Ш. Үәлихановқа тұтас параграф арналған. Оқулықты құрастырушылар 1930 жылдары республика ұлт зиялтылары арасында үстем болған пікір бойынша оны Қазақстанда патша билігінің отарлау саясатын жүргізуі ретінде атамай, байлай дейді: «Ол өз жайының екіжақтылығын және өзі шыққан және қазір өмір сүріп отырган алеуметтік ортасының сенімі мен көзқарасы арасындағы азапты қарама-қайшылықты қатты сезінетін<sup>2</sup>. Оқулық авторлары Шоқанның дүниетанымын Ресейдің XIX ғасырдағы ең озық демократиялық өкілдерінің көзқарасымен байланыстыруға тырысты.

Шоқан Үәлихановтың мұрасына назар аударған кеңестік Қазақстанның алғашқы зерттеушілердің бірі, 1945 жылы Ш.Ш. Үәлихановтың ғылыми мұрасына арналған кандидаттық диссертациясын қорғаған тарихшы Х.Ф. Айдарова болатын. Сол жылы «Шоқан Үәлиханов» мақаласы мен монографиясын, сәл кейінірек – Ш.Ш. Үәлихановтың таңдаулы мақалалары мен хаттарын және т.б. жариялады<sup>3</sup>.

Монографияның алғысөзін жазған КСРО ҒА академигі Н. Дружинин: «Х.Ф. Айдарованың еңбегі <...> барлық жарияланған және барлық қолжетімді архив түпдеректерді ақтаратып, оларды өз бетінше талдаپ шығып, негізделген маңызды қорытынды жасауында. Енді, біз Ш.Ш. Үәлихановтың ішкі даму процесін анық көреміз. <...> Автор Ш.Ш. Үәлихановтың ғылыми қызметіне, әсіресе дүниетанымына, оның филосо-

1 Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее – ЦГА РК). Ф. 1137. Оп. 6. Д. 807. Л. 264 об.

2 История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под редакцией М. Абылқалыкова и А. Панкратовой. Алма-Ата: КазОГИЗ. 1943. С. 320.

3 Айдарова Х. Первый казахский просветитель Чокан Валиханов. Большевик Казахстана. 1945. № 6; Она же. Чокан Чингисович Валиханов // Вестник Казахского Филиала Академии Наук СССР. 1945. № 4-7; Она же. Чокан Валиханов. 1837-1865: Жизнь и деятельность казахского просветителя. Алма-Ата: КазОГИЗ. 1945; Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. Сост., вст. ст. и примеч. Х. Айдаровой. Алма-Ата. 1947; Она же. Чокан Чингисович Валиханов // Большевик Казахстана. 1952. № 4.

фиялтық және қогамдық-саяси көзқарасына баса назар аударған<sup>1</sup>.

Х. Ф. Айдарованаң Шоқан Үәлихановқа арнаған монографиясы журнал мен газет беттерінде жарық көрген бірқатар рецензияларда оң бағасын алды. Сонымен, 1946 жылы өз пікірлерін жариялаған академик С. Юшкова мен доцент Х. Әділгерекеева автордың Шоқан Үәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеудегі еңбетін аттай келе, монографиядағы олқылықтарға да назар аударады.

Алайда, монографияның тағдыры сол уақыттың соққысына да үшінген. Кітап жарыққа шыққан жеті жылдан кейін, дәлірек айтқанда, Қазақстанның жоғары партия басшылығы 1952 жылдың 12 қарашасында «Көпшілік пайдаланатын кітапханалар мен кітап саудасының желісінен Х. Айдарованаң «Шоқан Үәлиханов» кітабын алып тастау туралы» шешім қабылдайды<sup>2</sup>. Осы бір қауіпті шешімге қарамастан, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында бұл кітап сақталып қалған және осы күні оқырмандар үшін қолжетімді.

1947 жылы жарыққа шыққан Ш.Ш. Үәлихановтың мақалалары мен хаттары, Х.Ф. Айдарованаң кіріспе мақаласы мен ескертулері алғаш рет 1956 жылы Д. Қосановтың аударуымен Қытайда жарияланды<sup>3</sup>.

Сталин диктатурасының уақыты өткен соң, отандық зерттеушілер Ш.Ш. Үәлихановтың негізгі іргелі қолжазба еңбектерін жариялады<sup>4</sup>. Осы бағытта көп еңбек сінірген Э.Х. Марғұлан (ол ҚазКСР ҒА толық мүшесі бол 1958 жылы сайланды) шын мәнінде Шоқан Үәлихановтың қазақтан шыққан алғашқы биографтарының бірі саналады. Сол кісінің тікелей атсалысымен оқырман алғаш рет аса көр-

1 Айдарова Х.Г. Чокан Валиханов. Алма-Ата: КазОГИЗ. 1945. С. 3-4.

2 Архив Президента Республики Казахстан (далее АП РК). Ф. 705. Оп. 16. Д. 158. Л. 18.

3 فداشتاخان مەقدۇللىقىم ( 1956 مەقادىرىتىخانىدا ئاقىش )

ت ب 231 - قىزابىناب گىنىيەندىزىچ درەز ئالاج «

يابىنلىقىد فۇنۇسۇق بن اغىر اندۇغا ناداشىزىزو

ف دىابىن كەنۋەد ب: ئىرىوتىكاد مر

اورىادى اج: نېشىۋۇرەتلىك ارىووق.

4 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / Под ред. акад. АН КазССР А.Х. Маргулана. Алма-Ата: Казгоститиздат. 1958; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 1961-1972; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 1984-1985.

некті ағартушы ғалымның еңбектерімен таныс болды. Э.Х. Марғұланның 1963 жылы «Простор» журналының бетінде Ш.Ш. Үәлиханов мұрасының тағдыры жайында айтқан сөзінің маңызы зор: «...Қазақстан ғалымдары соңғы жылдары Үәлихановтың архивтегі шаң басқан қолтаңбалары мен қолжазбаларын іздеді. Соның нәтижесінде бірқатар беймәлім дүниелер табылды»<sup>1</sup>.

Бастапқыда Шоқан Үәлиханов шығармаларының жинақтарын 1957-1965 жылдары аяқтау жоспарланған болатын<sup>2</sup>. Алайда, академик Э.Х. Марғұланның ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының гылыми қызметкерлерімен бірлесіп, Шоқан Үәлихановтың қолжазба мұрасын зерттеудегі орасан зор еңбегі материалдар іздел, оларды жариялад өңдеу үшін бірнеше жылға созылды. Шоқантанушылар құрамына әр кездері түрлі мамандар кірді: тарихшылар Л.М. Әуезова, М.С. Тұрсынова, Ш.К. Беткенбаева, этнограф Г.Н. Үәлиханова, географ, араб графикасының маманы Д.Х. Кармышева және б. 1954 жылдан бастап осы зерттеушілер КСРО архив қоймалары мен білім мекемелерінен беймәлім қолжазбаларды іздеумен шүғылданды, табылған мәтін нұсқаларын аударып, редакциялад, баспаға дайындалды. Материалдар академиялық 5 томдық шығармалар жинағы түрінде, оның бірінші томы 1961 жылы, ал бесінші – 1972 жылы жарыққа шықты.

Жұмыс барысында отандық шоқантанушылар Ленинград, Мәскеу, Омбы, Томск, Тәшкеннің түрлі архивтеріне, кітапханаларына отандасымыз туралы материалдар тауып беруді өтініп хаттар жазды. Қөптеген тапсырыстар бойынша Шоқанның өз қолымен жазылған, бұрын айтылмаған қолтаңбалар мен алғашқы жазбалар табылды. Бұл жөнінде академик Э.Х. Марғұланның жеке архивінен білуге болады<sup>3</sup>.

Алғашқы бес томдық шығармалар жинағын шығару барысында қандай қындықтарға тап болғанын Э. Марғұлан-

1 Простор. 1963. № 1. С. 102.

2 Научный архив «Гылым ордасы» Национальной академии наук Республики Казахстан (далее – Научный архив «Гылым ордасы» НАН РК). Ф. 11. Оп. 1 ғ/д. Д. 177. Л. 29.

3 Из наследия академика А.Х. Маргулана (Сборник документов и материалов из рукописного фонда – личного архива ученого) / Сост. Е.К. Рахимов. Павлодар: Керекү. 2011. С. 131–201.

ның ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты М.С. Тұрсынованың (1914-1990) ғылыми есебінен білуге болады. М.С. Тұрсынова 1966 жылы өз есебінде былай деп жазады: «Ш.Ш. Үәлиханов еңбектерінің академиялық басылымының да өзіндік айрықша қыындығы бар. Бұл бастанқыда құрастырушылардың осы текстес еңбектерді жарықта шыгарудагы тәжірибесінің аздығымен гана байланысты болған жоқ. Ш. Үәлиханов ерекше ғалым... <...> Ол өз еңбектерін үздіксіз саяхат жағдайында, тұргылтықты жерін жиі ауыстыра жүріп жазды; оны көп нарсе қызықтырды, ол көптеген халықтардың өмірін жан-жақты зерттеді. <...> Оның қолжазбаларын оқу айрықша қыындық түгзызды. Олар ұсақ түсініксіз қолтаңбамен, Шоқанның өзінен тән, жазу белгілерімен, сөздерді ұдайы қысқартып, кей әріптің орнын бос қалдыру арқылы жазылған; қолжазбалардың көпшілігі аяқталмаган, бастанқы жазылған күйінде, көптеген кірістірмелері бар, орны мен нұсқалары көрсетілмеген түрде қалды; қолжазбалар мәтінінде ескі терміндер, атаулар, соғыс түркестерінің алуан түрі кездеседі; түрлі Шығыс, Батыс Еуропа тілдерінде жазылған мәтіндер де баршылық. Мұндай мәтінді дұрыс оқып, кездескен барлық терминдер мен тіркестерді түсіндіру, оларды аудару қынга согады және құрастырушылардың көп үақытын алады; автордың негізгі мәтінін белгілеу, тізімдердің әркелкі оқылуын анықтау, еңбектерінің нұсқалары табу, комментарийлер жазу да оңай емес<sup>1</sup>. Әріптерлерінің айтуынша, шығармалар жинағын құрастырушылардың ішінен Шоқан Үәлихановтың күрделі жазбаларын оқи алатын жалғыз осы М.С. Тұрсынова болған. Тарих және этнология институты ардагерлерінің пікірінше, Мәрия Сүлейменқызы қарапайым, еңбеккор болыпты. Оның мінездемесінде, «Жолдас Тұрсынова Ш.Ш. Үәлихановтың таңдаулы шығармаларының 1-томын құрастыру жөніндегі жұмысқа 1954 жылдың екінші жартысында қосылды. Жолдас Тұрсынова жұмыс барысында қолжазбамен жұмыс әдістемесін тез меңгеріп алды, өз міндеттеріне өте ыждағатты...»<sup>2</sup>.

1 Научный архив «Гылым ордасы» НАН РК. Ф. 11. Оп. 1.л.д. Л. 177. Л. 29-30.

2 Сонда. Л. 15.

Ш.Ш. Уәлиханов шығармалары жинағын құрастырушылар арасында, жоғарыда аталғандай, ҚазКСР ГА Әтнография белімінің кіші ғылыми қызыметкері Д.Х. Қармышева (1914-1995) бар. Шоқанның қолжазбаларымен қалай жұмыс істегені есебінде жазылған: «1965 ж. шоқантанушылар тобының жетекшісі академик Ә.Х. Марғұланның тапсырмасы бойынша Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының IV томына арнайы өзбек тілінен орыс тіліне Уәлихановтың өтінүімен Қашгар сапары туралы ғылыми есебіне керек дөректер жазылған керуенбасы Мұсабай Қасымовтың Шоқан Уәлихановқа жазған 8 хатын (тұпнұсқа мен фотокөшірмелерден), үйгыр тілінен Шоқанның қашгарлық достарының 5 хаты, қазақ-татар тілінен Шоқанның әкесінің хаты, татар тілінен Исмаил Габдулмәжитовтың бір хаты, дін қызметкерінің Шыңғыс немесе Шоқан Уәлихановқа бір өтініш хаты, сондай-ақ, үйгыр тілінен үш өлеңмен жазылған мәтін, бір хатты парсы тілінен аударды. Барлығы – КСРО ГА архивінен, 23 қор, 15-в, 25 және 29 құжат, 38 жеке бетте, 19 бірлікті, аңыз берілген ескертүлдері бар аударма қолжазбаның 56 бетін құрайды»<sup>1</sup>.

Жұмыс барысында құрастырушылардың алдынан, мәселен, түрлі мақалалардың анонимді мәтіндерінің авторлығын анықтау сияқты біраз қыындықтар шықты. Ә.Х. Марғұлан IV томның алғысөзінде, Шоқан Уәлиханов бір кездері тілшісі болғысы келген «Санкт-Петербургские ведомости», «Русский инвалид», «Северная пчела» газеттерінің бетінде 60-жылдардың басында жарияланған XIX ғ. Қазақстан туралы анонимді мақалалардың табылуына байланысты, алдымызда авторлықты анықтау міндеп түрғанын атап өткен. Мысалы, «Русский инвалидте» Жетісудағы оқиғалар туралы анонимді материал басылған (1860. №264) және академиктің пікірінше, «мақсат Ш.Ш. Уәлихановтың ықтияры мен авторлығын анықтау»<sup>2</sup>. .

Осы мақаланың авторлығын анықтаумен, сол жылдардың оқиғаларын, Шоқанның болған жерін зерттеген мәтінші Г.В. Ермоленко шүғылданып, былай деп тұжырым жасай-

1 Научный архив «Гылым орласы» НАН РК. Ф. 11. Оп. 1.л. д. Д. 55. Л. 23.

2 Предисловие / Валиханов Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 1965. С. 7.

ды: «Ш. Үәлиханов Жетісүда болған оқиғаларды көрген жоқ, ол сол жерден мыңдаған шақырым алыста жүрген. Айтылған пікір талданып отырган мақаланы жазуға атсалысу мүмкіндігін жоққа шыгармайды: материалды оған беріп жіберуі мүмкін, өйткені мақала Петерборда жазылған, ал Үәлиханов ол кезде сол қалада еді»<sup>1</sup>, бұдан әрі, жоғары жиілікті және төмен жиілікті лексиканы, сөйлеген сөздер паралеллін, мәтіннің орфографикалық ерекшелігін талдау негізінде, түпкі қорытындысын жасайды: «...Шоқан Үәлиханов «Батыс Сібір хабарлары» (Русский инвалид. 1860. № 264) мақаласын жазуға қатыспаган»<sup>2</sup>.

III.Ш. Үәлиханов шығармаларының толық жинағын жарықта шығару жұмысының эпопеясын сипаттай отырып, еріксіз, «неге шоқантанушылардың арасында Х.Ф. Айдарова (1909-1977) жоқ, Шоқанның мұрасына сонау соғыстың алдындағы жылдары-ақ, Ленинградта аспирантурада оқи жүріп, алғаш назар аударған сол ғой» деген сұрақ туады. Бұл жерде, КСРО гуманитарлық ғылымының басында коммунистік идеология тұрған кездегі ахуалды ескеру қажет. Қазақстанда Ұлы Отан соғысынан кейін ғалымдар арасындағы жағдай құрделі болатын. Көптеген ғылым және мәдениет қайраткерлері тағдырдың айдауымен ғалымдардың қоғам алдындағы беделін түсіруді көзделеген турлі саяси компанияларға тартылған-ды. Солардың қатарында, Қазақстанның FA Тарих, археология және этнография институтын ұйымдастырушылардың бірі, 1940 жылдан Коммунистік партия мүшесі, Қазақстан КП(б) ОК штаттан тыс лекторы Хадиша Галымқызы Айдарова да болды. Оны, арасында Ә.Х. Марғұлан да бар, коммунистік идеология рухына сәйкес келмейтін ғалымдармен қресте пайдаланды.

Х.Ф. Айдарова 1948 жылы жарияланған «Қазақстан тарихы мәселелеріндегі үлттық бүрмалаушылықтар» мақаласында гуманитарлық ғалымдар, соның ішінде Марғұлан туралы еңбектерінде үлттық реңк бар-мыс деген теріс пікірін білдіреді: «Кейбір зерттеушілер өз зерттеуін халық ауыз әдебиетіне негіздей отырып, кез келген ауыз әдебиеті шыгарма-

1 Ермоленко Г.В. Анонимные произведения и их авторы: На материале русских текстов второй половины XIX – нач. XX в. Минск: Университетское. 1988. С. 77.

2 Сонда. С. 57.

сында кездесетін тарихи үйлеспеушілктерді дұрыс, ешқандай тексерусіз қабылдан, өз жұмысында ұсынады. Олар қазақ эпосының маңызын тарихи дереккөз ретінде тым асыра бағалайды. <...> Феодал-бектердің поэзиясының үлгісі болған «Едіге» поэмасына көзсіз илана отырып, Алтын Орда мырзасы Едігені дәрітеп, қазақ халқының өкілі, оның қоргаушысы деп атайды<sup>1</sup>. Галымдармен курсу кампаниясы КСРО басты саяси трибунасы болған «Правда» газетінде көрініс табады және сонда жарияланған «Қазақстан тарихының мәселелерін марксистік-лениндік айқындау» мақаласында тарихшы Е. Бекмахановтың «XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан» монографиясын қатаң сынға алады<sup>2</sup>.

Х.Ф. Айдарованаң осындай өткір ескертулерінен кейін, Э.Х. Марғұланның тағдыры шешіліп қойған-ды, алайда Стalinнің өлімі мен ғалымдар атына жазылған сынның жұмсауры оны жазадан құтқарып қалды. Эрине, Э.Х. Марғұлан Х.Ф. Айдарованаң тарапынан келген сынды кешірmedі, сондықтан өткен ғасырдың 50-70 жж. Шоқан Уәлиханов шығармаларының 5-томдық жинағын шығарумен шұғылданатын топтың құрамына кірmedі.

Ш. Уәлихановтың шығармашылығы бойынша әр жылдары М.И. Фетисов, Қ. Бейсембиев, А.Х. Марғұлан, З.С. Кедрина, С.З. Зиманов, А.А. Атышев, Х. Эділгереев, В.А. Мануйлов, К. Хасанов, С.Я. Булатов, Л.В. Дюков, О.А. Султанъяев, Г.М. Исхаков, С.К. Өтениязов, Ч.Д. Тұрдалиева, М.В. Шиловский, А.А. Колесников, М. Мусина, Б. Тихомиров, Р.Ю. Почекаев, Ю.И. Дробышев және т.б. монография, кітап, мақалалары жарияланып отырды<sup>3</sup>. Бұдан басқа, Шоқан Уәлихановтың ғылыми

1 Айдарова Х.Г. Националистические извращения в вопросах истории Казахстана // Известия АН КазССР. Серия историческая. 1948. Вып. 1. С. 20-21.

2 Шоинбаев Т., Айдарова Х., Якунин А. За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана // Правда. 1950. 26 декабря.

3 Булатов С.Я. К вопросу о государственных и правовых воззрениях Чокана Валиханова // Вестник АН КазССР. 1956. № 3; Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана (30-50-е годы XIX века). М.: АН СССР. 1956; Он же. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата: Казгосиздатхудлит. 1961; Бейсембиев К. Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века. Алма-Ата: АН КазССР. 1957; Адильгиреев Х. Чокан Валиханов (био-библиографический очерк). Алма-Ата: Казгосиздатхудлит. 1958; Мануйлов В.А. Друг Ф.М. Достоевского Чокан Валиханов // Труды Ленинградского библиотечного института имени Н.К. Крупской. Том V. Л., 1959; Дюков Л.В. ЧЧ. Валиханов как последователь Н.Г. Чернышевского // Ученые записки КазГУ. Т. 29. Вып. 6. Алма-Ата. 1960; Маргулан

ми мұрасы бойынша Ресей, Қазақстан және Қырғызстанда ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін іздену үшін диссертация қорғаған ғалымдар: Х.Ә. Айдарова (кандидаттық диссертация Ресей мемлекеттік кітапханасында жоқ, белгісіз себептерге байланысты оны кеңес уақытында алып тастаған), Қ. Бейсембиев, О.А. Сегізбаев, А. Искаков, А.А. Атишев, Д.И. Дулатова, Т.М. Ақпамбетова, О.А. Султаняев, Г.Р. Усенова, Ч.Д. Тұрдәлиева, Г.Ш. Үәлиханова, И.Р. Ішембетов, Ж. Бейсенбайұлы<sup>1</sup>.

А.Х. Новые письма Чокана Валиханова // Простор. 1960. № 9: Он же. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1954; Кедрина З. Из живого источника. Очерки советской казахской литературы. М.: Советский писатель. 1960; Хасанов К. Чокан Валиханов как уйгурорев. Алма-Ата: [б. и.], 1963; Зиманов С.З.. Атишев А.А. Политические взгляды Чокана Валиханова. Алма-Ата: Наука. 1965; Султанъяев О.А. Публицистика Чокана Валиханова. О языке и художественно-стилевых особенностях публицистических произведений Ч. Валиханова. Алма-Ата: Мектеп. 1956; Исхаков Г.М. Вопросы этнической истории уйгуров в исследованиях Чокана Валиханова // Чокан Валиханов и современность: Сб. материалов Всесоюзной научной конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука КазССР. 1955; Отениязов С. Шоканмен кайта кездесу. Алматы: Казакстан. 1990; Турдалиева Ч.Д. История и культура кыргызов в трудах Ч.Ч. Валиханова. Бишкек: Эркин-ТОО. 2000: Она же. Кыргызы в трудах Чокана Валиханова. Бишкек: Утуу Тоолор. 2015; Шиловский М.В. Ч.Ч. Валиханов и Г.Н. Потанин: трансформация личности в парадигмах фронтира Степной край Евразии: Историко-культурные взаимодействия и современность. Омск: Изд-во ОмГУ. 2005; Колесников А.А. Русские в Кашигари: вторая половина XIX – начало XX в. Миссии, экспедиции, путешествия. Бишкек: Раритет. 2006; Мусина М.. Тихомиров Б. Чокан Валиханов в Санкт-Петербурге. СПб.: Серебряный век. 2009; Почекаев Р.Ю. Ч.Ч. Валиханов и правовые преобразования в Казахстане в середине XIX в. // Страны и народы Востока. XXXIV. 2013; Дробышев Ю.И. Ч.Ч. Валиханов о природопользовании в Синьцзяне // Страны и народы Востока. XXX-IV. 2013.

1 Бейсембиев К. Развитие общественно-политической и философской мысли казахского народа после присоединения Казахстана к России: автореф. дис. ... д-ра филос. наук. М.. 1957: Сегизбаев О.А. Мировоззрение Ч.Ч. Валиханова: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Л.. 1958: Исхаков А. Идеи свободомыслия и атеизма в трудах первого казахского ученого и просветителя Чокана Валиханова: автореф. дис. ... канд. филос. наук. М.. 1961: Атишев А.А. Политические взгляды Ч.Ч. Валиханова: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Алма-Ата. 1962: Дулатова Д.И. Исторические взгляды Чокана Чингисовича Валиханова: автореф. дис. .... канд. ист. наук. Алма-Ата. 1963: Ақпамбетова Т.М. Значение творческих связей Ф.Достоевского и Ч.Валиханова в развитии литературных отношений Казахстана с Россией: проблемы современной трактовки в научных трудах и литературных произведениях: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата. 1987: Султанъяев О.А. Русская и казахская лексика и фразеология произведений Чокана Валиханова: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. Алматы. 1994: Усенова Г.Р. Государственно-правовые взгляды Ч.Ч. Валиханова: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Алматы. 1996: Турдалиева Ч.Д. История и культура кыргызов по трудам Ч.Ч. Валиханова: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Бишкек. 2000: Валиханова Г.Ш. Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве

1957 жылы Қ. Бейсембиевтің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның қоғамдық ой-пікірі тарихынан» атты монографиясы жарық көріп, бірінші бөлімі Ш.Ш. Үәлихановтың философиялық, әлеуметтік және қоғамдық-сағаси көзқарасына арналды.

Шоқан Үәлихановтың мұрасын зерттеуге арналған кеңестік зерттеулерден ғылыми жағынан айрықша құнды зерттеу академик Э.Х. Марғұланның еңбектері. С.З. Зиманов пен А.Атышевтың пікірінше, «оның еңбектерінің екі жақты: ғылыми және тарихтанушылық мәні бар». Олар «Э.Х. Марғұланның жұмыстарына деректілік, фактілерді мүқият талдау, баянаудағы ұстамдылық, қорытудағы реттілік тән. Дәл осы қасиеттер оған дейін жарық көрген көптеген еңбектерде жетіспеді»<sup>1</sup>. Осы тұжырым әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

1961-1972 ж.ж. бестомдық шығармалар жинағын құрастыру процесін сипаттай отырып, Ш. Үәлихановтың туғанына 150-жылдық мерейтойына орай 1984-1985 ж.ж. жарықта шыққан шығармалар жинағы туралы да айтпай кетуге болмас. Осы мерейтойлық шығармалар жинағы академик Э.Х. Марғұланның редакторлығымен шыққан бірінші академиялық бес томдық басылымға негізделіп, хронологиялық принцип бойынша құрастырылған. Сонымен бірге, 1986 жылы Шоқан Үәлиханов еңбектерінің таңдамалы жинағы шығып, кітапқа оның ең құнды еңбектері кірді<sup>2</sup>.

2011 жылы құжаттар тізімдемесі бар, сондай-ақ академиктың қызы Дәнел Әлкейқызы сақтап, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдары мен қызметкерлеріне ұсынған көрнекті шоқантанушының жеке архиві – қолжазба қорынан ертеректе жарияланбаған немесе ешкімге беймәлім материалдарды қамтыған

Ч.Ч. Валиханова: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Аттаты. 2004; Ишембетов И.Р. Взгляды Валиханова Ч.Ч. на право и государство: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Казань. 2006: Бейсенбайұлы Ж. Шоқан Үәлиханов - эдеби мұра зерттеушісі: филол. ғылым, канд. ... дис. автореф. Астана. 2010.

1 Зиманов С., Атышев А. Политические взгляды Чокана Валиханова. Алма-Ата: Наука. 1965. С. 9.

2 Валиханов Ч. Избранные произведения. Вступ. статья А.Х. Маргулана. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука». 1956.

екі жинақ шыққанын атап өтейік<sup>1</sup>. Соңынан академик Э.Х. Марғұланның жеке архиві Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне табысталып, көрнекті ғалым, саяхатшының мұрасын зерттеумен шуғылданатын шоқантанушылар үшін қолжетімді болды.

Географтар Н. Пальгов, И.М. Забелин, академик А.С. Бейсенова; тарихшылар Е. Бекмаханов (Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі), М.С. Мұқанов, И.В. Ерофеева; шығыстанушылар К.Ш. Хафизова, А. Энуаров; этнографтар Э.А. Масанов, Х.А. Арғынбаев, Н.Э. Масанов, Н.А. Әлімбай; антрополог О.И. Исмағұлов; әдебиеттанушы Ш.К. Сәтпаева; философтар О.А. Сегізбаев, Ж.М. Әbdілдин, Р.Ж. Әbdілдина; заңгер С.Ф. Ударцев; экономистер М.К. Елеусізов, Д. Қабдиев; журналист С. Мұқтарұлы; жазушылар С.М. Мұқанов, С.Н. Марков, С.И. Бегалин, Ж. Бейсенбайұлы; өлкетанушы Н.П. Ивлев; публицист И.И. Стрелкова Шоқан Үәлихановтың мұрасын зерттеуге өзінің ғылыми және шығармашылық үлесін қосқан ғалымдар екенін атап кеткен жөн<sup>2</sup>.

1 Опись рукописного фонда – личного архива академика А.Х. Маргулана. Павлодар: Кереку. 2011: Из наследия академика А.Х. Маргулана / Сборник документов и материалов из рукописного фонда – личного архива ученого / Сост. Е.К. Рахимов. Павлодар: Кереку. 2011.

2 Муканов С. Нить Ариадны (Чокан Валиханов): историческая трагедия в 4-х актах. 6 картинах с эпилогом. Москва-Ленинград: Искусство, 1945; Он же. Чокан Валиханов. Алма-Ата. 1953; Он же. Очерк жизни, научной деятельности Ч. Валиханова // Простор. 1965. № 7; Он же. Промелькнувший метеор. Роман-трилогия. Алма-Ата: Жазушы. 1967; Забелин И.М. Чокан Валиханов. (Замечательные географы и путешественники). М.: Географиздат. 1956; Бекмаханов Е. Чокан Валиханов – выдающийся казахский просветитель // Учитель Казахстана. 1955. 1 мая; Он же. Присоединение Казахстана к России. М.: Изд-во АН СССР, 1957; Сегизбаев О.А. Ч.Ч. Валиханов – выдающийся казахский просветитель и демократ // Вестник АН КазССР. 1957. № 3; Он же. Исследователь, мыслитель (о Ч. Валиханове). Алма-Ата: Казахстан. 1974: Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Чокан Валиханов – великий учёный и мыслитель. Астана: Фолиант. 2015: Илюсизов М.К. Экономические воззрения Чокана Валиханова. М.: Соцэкиз, 1960; Қабдиев Д. Социально-экономические воззрения казахских просветителей-демократов. Алма-Ата: Казахстан. 1966; Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата: Наука КазССР. 1966; Ивлев Н.П. Находки краеведа. Алма-Ата: Казахстан. 1977; Он же. И оживают биографии. (Записки краеведа). Алма-Ата: Казахстан. 1983; Бегалин С.И. Чокан Валиханов (повесть). М.: Детская литература. 1976; Бейсенова А.С. Исследования природы Казахстана. Алма-Ата: Казахстан. 1978; Она же. Чокан Валиханов – путешественник и географ // Чокан Валиханов и современность. Алма-Ата: Наука. 1988; Марков С.Н. Идущие к вершинам. Алма-Ата: Жазушы. 1982; Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер: түсініктеме негізделген иллюстрациялы ғылыми-публицистикалық кітап. Алматы: Өнер. 1985; Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и

Аса көрнекті отандасымыздың ғылыми мұрасын зерттеуге республикамыздың атақты ғалымдары, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Р.Б. Сүлейменов пен профессор В.А. Моисеев<sup>1</sup> те маңызды үlestерін қосты.

Филология ғылымдарының докторы, профессор О.А. Султанъяевтың «Шоқан Үәлихановтың публицистикасы. Ш. Үәлихановтың публицистік шығармаларының тілі мен көркемдік-стиль ерекшеліктері» монографиясын атап өтейік. Егер лингвистика түрғысынан қарастыратын болсақ, бұл – бірегей монография, яғни өзектілігі бүтінге дейін зерттеуші шоқантанушылардың қызығушылығын туғызады. Монографияда Шоқан Үәлиханов еңбектерінің тілі мен көркемдік-стильдік ерекшеліктері зерттеледі, орыс-қазақ тілдік байланыстар мәселесі қаралады. Шоқан Үәлиханов шығармашылығының тарихнамасына арналған мақалалардың бірінде былай депті: «О.А. Султанъяев кітабында Шоқан Үәлиханов өз шыгармашылығында орыс тілін, ғылыми терминологияны тамаша менгеріп қана қоймай, орыс демократиялық публицистика-

---

русская литература: историко-филологические очерки. Алма-Ата: Жазушы. 1987; Алимбаев Н.А. Теоретическая оценка работ Чокана Валиханова по этнической культуре казахов Валиханова // Чокан Валиханов и современность / Сб. материалов Всесоюзной научной конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука. 1988; Аргынбаев Х.А. Общественная деятельность Чокана Валиханова // Там же: Ерофеева И.В. Проблемы истории присоединения Казахстана к России в научном наследии Ч.Ч. Валиханова // Там же: Исмагулов О.И. Некоторые вопросы исторической антропологии в работах Чокана Валиханова // Там же: Масанов Н.Э. Чокан Валиханов об этногенезе казахского народа // Там же; Муканов М.С. Труды Чокана Валиханова в исследованиях А.Х. Маргулана // Там же: Хафизова К.Ш. Чокан Валиханов о китайских грамотах // Там же; Она же. Чокан Валиханов в китайской историографии // Шоқан Үәлиханов және XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым: көрнекті қазақ ғылыми Ш.Ш. Үәлихановтың 175 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. Алматы: Тарих тағылымы. 2010: Она же. Чокан Валиханов и Китай // Казақстан мұрагаттары. 2010. №4 (16); Валиханов Ч. Записка о судебной реформе / Вст. ст. и примеч. д-ра юрид. наук, проф. С.Ф. Ударцева. Алматы: ВШП «Эділет», 1999; Стрелкова И.И. Валиханов. М.: Молодая гвардия (Жизнь замечает людей: сер. биогр.). 2004; Бейсенбайұлы Ж. Шоқан. Алматы: Казақстан. 2009: Он же. Чокан Валиханов. Историко-биографическое повествование. Астана: Фолиант, 2015; Анваров А. История изучения Восточного Туркестана английскими и индийскими путешественниками (1812–1900 гг.). Алматы: Мир, 2013.

1 Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Выдающийся казахский ученый, просветитель-демократ (к 150-летию со дня рождения Чокана Чингисовича Валиханова). Алма-Ата: Общ.-во «Знание» Казахской ССР. 1984; Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Чокан Валиханов – востоковед. Алма-Ата: Изд.-во Наука КазССР. 1985.

сының дәстүрін де сіңірген<sup>1</sup>. Профессор О.А. Султаньяев бұқыл шығармашылық өмірінде Ш. Үәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеумен шұғылданды және 1994 ж. «Шоқан Үәлихановтың шығармаларындағы орыс және қазақ лексикасы мен фразеологиясы» тақырыбында докторлық диссертациясын зор табыспен қорғап шықты.

1965 жылы Алматыда жарық көрген С. Зиманов пен А.Атышевтың «Шоқан Үәлихановтың саяси көзқарасы» монографиясы 2009 ж. қайта басылып шықты. Кітап Шоқан Үәлихановтың саяси көзқарасы мен оның Ресейдегі революциялық және демократиялық үйірмелермен байланысы, патша үкіметінің империя төнірегіндегі мемлекеттік саясатына қарым-қатынасы жайында<sup>2</sup>. Сол жылы петерборлық зерттеушілер М.Ш. Мусина мен Б.Н. Тихомировтың «Шоқан Үәлиханов Санкт-Петерборда» очеркі шықты. Авторлар түрлі дереккөздерді, соның ішінде Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық музейінің, PFA шығыс қолжазбалары институтының, PFA архивінің Санкт-Петербордағы филиалының, PFA орыс әдебиеті (Пушкин үйі) институтының. Ресей үлттық кітапханасының, Томск мемлекеттік университеті Ғылыми кітапханасының және т.б. материалдарын пайдаланды. Бұғандегі бұл отандасымыздың Санкт-Петербордағы өмірі мен қызметі туралы ең толымды очерк. Олардың пікірінше, «Петербордагы кезең Үәлиханов өмірбаянының ең жарқын беттері. Бұл қызықты оқигалар, сүйекті жұмысы, достық қарым-қатынасқа толы уақыт еді»<sup>3</sup>.

2010 жылы, ақырында, Ш.Ш. Үәлиханов енбектері қазақ тілінде жарияланды. Бұл Ш.Ш. Үәлихановтың туғанына 175-жыл толуына орай шыққан таңдаулы шығармаларының синхронды аудармасы. 2012-2014 жылдары Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері грантық жоба бойынша Шоқан Үәлихановтың толықтырылған және қайта өңделген сегіз томдық

1 Егоров В.Л. Чокан Валиханов в современной историографии // История СССР. 1957. № 3. С. 105.

2 Зиманов С. Общественно-политические взгляды Ч. Валиханова. М. Сералина. Алматы: Арыс. 2009.

3 Мусина М.. Тихомиров Б. Указ. соч. С. 62.

шығармалар жинағын шығарумен шұғылданды. 1961-1972 жж. академик Э.Х. Марғұланның редакторлығымен шыққан бірінші бес томдық шығармаларының басылымын негізге алды<sup>1</sup>. 2013 жылы көкшетаулық әріптестер Ш.Ш. Үәлихановқа арналған энциклопедияны жарыққа шығарды<sup>2</sup>. «Ұлы саяхаттар» сериясымен «Шоқан Шыңғысұлы Үәлиханов. Алты шаһар елі. Үістықкөл саяхатының қүнделігі» эксклюзивті басылымы шықты<sup>3</sup>. Құрастыруышылардың ойынша, «бұл кітаптың негізін Шоқан Үәлихановтың басты саяхаттары туралы есептер құрайды. 1856-1859 жылдар арасында жас офицер үш үлкен экспедицияга қатысты. Біріншісі – Үістықкөлге, екіншісі – қытай қаласы Құлжага сапары. Соңғысы, тек отандық қана емес, әлемдік география гылыминың жылнамасына енген ең атақты саяхаты <...>, Алты шаһар елі, ежелгі және алынбайтын қамал іспеті Қашгарияга саяхаты»<sup>4</sup>.

Аса көрнекті ғалым, ағартушының мұрасын насиҳаттау ісіне үлес қосқан Шоқан Үәлихановтың тікелей үрпақтарын атап өттей болмас. Шоқан үрпағының бірі, Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында бөлім мендеңрушісі болып жұмыс істеген тарихшы Едіге Жансұлтанұлы Үәлиханов (1945-2012) бір сұқбатында: «Ш. Үәлихановтың мұрасын қазіргі гылыми ақыл-ой, қазіргі әдіснама, қазіргі әлеуметтану, антропология, саясаттану тұрғысынан кешенді зерттеу өз тарихымызды, әлем тарихындағы өз орнымызды түсінуге және пайымдауга мүмкіндік береді. Осы мәғынадағы Шоқан қашанда өзекті...»<sup>5</sup> деген еді. Тағы бір үрпағы, Шота-Аман Үйдірысұлы Үәлиханов, Шоқанның

1 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 1. Алматы: Дайк-Пресс. 2012. 700 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 2. Алматы: Дайк-Пресс. 2012. 632 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 3. Алматы: Дайк-Пресс. 2013. 625 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 4. Алматы: Дайк-Пресс. 2013. 786 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 5. Алматы: Дайк-Пресс. 2014. 268 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 6. Алматы: Дайк-Пресс. 2015. 565 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 7. Алматы: Дайк-Пресс. 2015. 344 с.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в восьми томах. Т. 8. Алматы: Дайк-Пресс. 2015. 600 с.

2 Шоқан Шыңғысұлы Үәлиханов: Энциклопедия. Көкшетау: «Әрекет» жарнамабаспа компаниясы. 2013.

3 Валиханов Чокан Чингисович. Страна шести городов. Дневник путешествия на Иссык-Куль. М.: Эксмо. 2017.

4 сонда. С. 5.

5 Central Asia Monitor. 20.05.2010.

інісі Мақыжанның немересі, мұсінші ретінде белгілі, Қазақ КСР еңбек сіңірген архитекторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1990), Республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы, Қазақстан Республикасы елтаңбасының авторы. Аса көрнекті туысына арналған бірқатар еңбектерін жариялады<sup>1</sup>.

Кеңес уақытында Шоқан Уәлихановтың мұрасымен шүғылданған зерттеушілердің жұмысы, сөзсіз, ғалымдардың жұмысына түзету енгізбей қала алмаған марксистік-лениндік идеологиясына байланысты дәуірді айшықтайды. Шын мәнінде, кеңестік авторлардың схемасындағы ілгерішіл озық қайраткер, ең алдымен, қаналған таптың еркіндігі үшін құрескен революционер болып шығатын. Шоқан Уәлиханов та бұдан тыс қалмады.

Оз уақытында шетелдік зерттеушілер де Шоқан Уәлихановтың қызыметін назардан тыс қалдырмады. Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы бойынша өз еңбектерімен белгілі профессор К.Л. Есмагамбетов шетел ғалымдарының Ш.Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасына арналған еңбектерін зерттеді<sup>2</sup>.

Сонымен, 1862 жылы А. Эрман мен А. Петерман Шоқан Уәлихановтың Императорлық орыс география қоғамының хабарларынан алған «Жонғария очерктері»<sup>3</sup> мақаласын неміс тілінде жариялады. 1865 жылы ағылшындық Д. мен Р. Митчеллдер орыс саяхатшылары, соның ішінде Ш. Уәлиханов туралы мақаласын жариялаған<sup>4</sup>.

1878-1879 жж. белгілі француз географы және социологы Э. Реклюдің ғалым әрі саяхатшы ретінде Ш.Ш. Уәлиханов туралы мақаласы «La Nouvelle géographie universelle»

1 Валиханов Ш.И. Белые ночи Чокана. Семей: Международный клуб Абая. 2005.

2 Есмагамбетов К. Шетел ғалымдары жөнінде // Жатын. 1994. 11 желтоқсан: Тарих тандактары. Кітап 1. Алматы: «Арыс» баспасы. 2008. 111-112 бет.: Егemen Қазақстан. 2010. 10 караша.

3 Ost-Turkestan oder die chinesische Provinz NanLu. Nach dem Rossischen von Wali-chanow // Archiv für wissenschaftliche Kunde von Russland / hrsg. v. A. Erman. Berlin. 1862. Bd. XXI. P. 605-638.

4 The Russians in Central Asia: their occupation of The Kirghiz Steppe and the Line if the Syr-Daria: Their Political Relations with Khiva, Bokhara, and Kokan: also Descriptions of Chinese Turkestan and Dzungaria. By Capt. Valikhanoef, M. Veniukof, and other Russian travelers. Translated from the Russian by John and Robert Michell. London. 1865.

француздың 19 томдық Жалпы географиясына еніп, Шоқан Қашғария немесе Шығыс Түркістанды зерттеуге үлес қосқан орыс ғалымдарымен қатар аталады<sup>1</sup>.

1960 жылы канадалық профессор Р. Пирс те Орталық Азия туралы кітабында Шоқан Уәлихановты атап өтеді<sup>2</sup>.

Оз пікірін білдірген американцық ғалымдар: профессор С.А. Зеньковский Шоқанның демократиялық көзқарасын<sup>3</sup> жоғары бағалай отырып, оны батысшылдарға қосты, ал доктор Э. Бэкон «Шоқан Уәлиханов орыс әдебиеті арқылы бастыстың идеясын сіңіріп, орыстар мен қазақтар арасындағы өзіндік мәдениет көпірі бола білді» деп жазады<sup>4</sup>. Американдық зерттеуші А. Халид та өз еңбектерінде Ш. Уәлихановқа назар аударады<sup>5</sup>.

Орталық Азия бойынша маман, профессор Эдвард Оллворс өз еңбегінде Шоқан жәдидшілдікті<sup>6</sup> ұстанған деп тұжырым жасайды және қазақ даласы туралы материалдар жинауда бірінші болғанын алға тартады<sup>7</sup>. Колгейт университетінің профессоры М.Б. Олкотт «Қазақтар» кітабында Шоқан Уәлихановты «аса көнекті қазақ этнографы» деп атайды<sup>8</sup>.

М. Фютлер де Шоқанның дүниетанымы туралы қызықты ойын білдіреді<sup>9</sup>. 1989 ж. Эмори университетінің профессоры К. Маккензи «Central Asian Survey» журналына Шоқан Уәли-

1 Реклю Э. Земля и люди. Всеобщая география: девятнадцать томов в десяти книгах. Кн. 4. Т. 6: Азиатская Россия; 7: Восточная Азия: Китайская империя. Корея. Япония. СПб.: Издание т-ва Общественная польза и К., 1895. С. 296.

2 Pierce R.A. Russian Central Asia. 1867–1917. A Study in Colonial Rule. Berkley-Los-Angeles: University of California Press, 1960. 359 p.

3 Zenkovsky S. A. Pan-Turkism and Islam in Russia. Cambridge-Massachusetts : Harvard University Press, 1960. 345 p.

4 Elizabeth E. Bacon Central Asians under Russian rule. A study in culture change. New York: Cornell University Press, 1966. 273 p.

5 Khalid A. The politics of Muslim Culture reform: Jadidism in Central Asia. Berkeley: University of California Press, 1998. 355 p.

6 Allworth E. Central Asia. 120 years of Russian Rule.-Durham. London: Duke University Press, 1989. 615 p.; Allworth E. Changing Intellectual and Literary Community // Central Asia: A Century of Russian Rule / E. All worth (ed.). New-York-London: Columbia University Press, 1967. P. 349–396.

7 Allworth. Edward. ed. Central Asia: A Century of Russian Rule. New York: Columbia University Press, 1967. P. 349–396.

8 Olcott M.B. The Kazakhs. 1st ed. Stanford: Hoover Institution Press, 1987. P. 19.

9 Futrell M. Dostoyevsky and Islam (And Shokan Valikhanov) // The Slavonic and East European Review, 1979. Vol. 57. № 1. P. 16–31.

ханов туралы арнайы мақаласын жариялады. Өз дәуірінің ұлы ойшылы деп санаған Шоқан Үәлихановтың Орталық Азия халықтары мен мәдениетін зерттеудегі үлесі туралы жазды<sup>1</sup>.

АҚШ ғалымы В. Хостлер Шоқан әскери кадет корпусын аяқтаған, Ф.М. Достоевскийдің досы және орыс либерализмі мен бүтін Батыстың үлкен табынушысы болған деп жазды. Алайда, В. Хостлердің ойынша, орыс қызметін аяқтағаннан кейін Ш. Үәлихановтың отансуйгіштігі (немесе үлтшылдығы) қатты дамыды, Даладағы нақты жағдайды көрген оның орыстық идеялары сейіліп сала берген. Сондай-ақ, оны «Манас» қырғыз эпосының алғашқы жинаушысы деп атайды<sup>2</sup>.

2011 жылы Ян Кэмпбелл Мичиган университетінде «Қазақ даласындағы білім мен билік, 1845-1917» тақырыбындағы PhD диссертациясын қорғайды, көлемі 72 бет болатын «Біз барынша транзитті жағдайда тұрмыз: Ш. Үәлиханов, М.С. Бабажанов және 1850-1871 екішті қазақтылық» атты екінші тарауы XIX ғ. қазақ дегдарларының екі өкілінің өмірі мен қызметін толық талдауға арнаған. Автордың негізгі ой екіпіні астаналық орталық, орыс қамал қалалары және қазактың көшпелі кеңістігі айналасында өрбитін екі қазақ интеллектуалы мен екі әлемнің сәйкестігі туралы ойларға дәп келеді<sup>3</sup>.

Үәлиханов туралы дерек Хавьер Халез бен Дениз Болғамыш еңбектерінен де табылады<sup>4</sup>. Жалпы ағылшын және француз тілді алыс шет елдерде Шоқан Үәлихановтың мұрасына құрметпен қарайтынын айта кетейік. Солардың ішін-

1 MacKenzie K. Chokan Valihanov: Kazakh Princelling and Scolar // Central Asian Survey. 1959. № 8. P. 1-30.

2 Hostler W.C. The Turks of Central Asia. London. 1993. P. 99.

3 Ian Wylie Campbell Knowledge and Power on the Kazakh Steppe. 1845-1917. A dissertation submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (History) in the University of Michigan 2011 Ссылка доступа <http://deepblue.lib.umich.edu/bitstream/handle/2027.42/86561/icampbel.1.pdf?sequence=1&isAllowed=n>

4 Xavier Hallez G.N. Potanin et l'intelligensia kazakhe: entre politique et traditions orales», Cahiers d'Etudes sur la Méditerranée Orientale et le monde Turco-Iranien. № 34. 2002. P. 13-40; Balgamis, Ayse Deniz Ph.D. The Origins and Development of Kazakh Intellectual Elites in the Pre-Revolutionary Period. The University of Wisconsin-Madison. 2000. 259 p.

де француз тарихшысы Г. Имар<sup>1</sup>, Каролина университетінің профессоры С. Сабол<sup>2</sup>, американдық ғалым П. Роттиер<sup>3</sup> және т.б.

2010 жылы Вашингтондағы Смитсон университетінің Азия мәдениеті бөлімінің директоры, доктор П. Тейлор АҚШ-тағы қазақ мәдениетінің фестивалі аясында өз институтының сайтындағы көрме үшін материалдар жинау мақсатында, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылындағы Шоқан Үәлихановтың мемориалдық музейі мен оның әжесі Айғаным және әкесі Шыңғыстың қонысында болып қайтты.

Вирджиния Мартиннің «Қазақтың төрелері, XIX ғасырдағы жері мен саяси билігі: Сырымбет кейс-стади» мақаласы қазақтар арасындағы жер қатынастарын қалыптастыруға және Үәлихановтар отбасының рөлін талдауға арналған<sup>4</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеу қытай тарихнамасынан да орын алады. 2010 жылы Алматы қаласында Ш.Ш. Үәлихановтың 175-жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияда сөйлегені сезінде профессор К.Ш. Хафизова ҚХР тарихшылары алғаш Шоқан Үәлихановтың мұрасына «мәдени революция» кезеңі мен кеңес-қытай қарым-қатынасының шиеленісуі кезінде назар аударғандықтан, бұл қорытынды жасауға әсер етпей қоймады деді.

Мысал ретінде, «Шицзе лиши» (Бүкіләлемдік тарих)<sup>5</sup> журналында жарияланған Шоқан Үәлиханов жайындағы «Оңтүстік Шыңжандағы бірінші орыс тыңшысы» мақаласы. Профессор К. Хафизова өзінің баяндамасында қытай зерттеушілері шетел саяхаттанушыларының қызметін жазарда, оларды «шетелдік ібілістер», «Қытай Шыңжанындағы шет жерлік шайтандар», «Қытайдың мәдени қазынасын тона-

1 Imart G.G. Kirghizia-Kazakhstan: A. Hinge or Fault-Line? // Problems of Communism. Washington. 1990. Vol. XXXIX. № 5. P. 4.

2 Sabol S. Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness. Palgrave-Macmillian. 2003. 233 p.

3 Rottier P. The Kazakhness of sedentarization: promoting progress as tradition in response to the land problem // Central Asian Survey. March. 2003. 22 1 . P. 67-81.

4 Martin V. Kazakh Chinggisids, land and political power XIX century: a case study of Suyumbet // Central Asia Survey. Vol. 29. No.1. March 2010. P. 79-102.

5 Хафизова К.Ш. Чокан Валиханов в китайской историографии // Сб. материалов Всесоюзной научной конференции, посвященной 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука. 1988. С. 79.

ушылар», «шет жерлік қарақшылар» және т.б. деп атағанын мысалға келтірді. Демек, «қытай галымдары Уәлихановты батыс қытайдан құны жоқ мәдени қазыналарды: сирек қолжазбалар, қабырга фрескалары, мүсіндер, монеталар және т.б. алтып шыққан Еуропа галымдарымен бір қатарга қоядьы<sup>1</sup>. К.Ш. Хафизова «әйтсе де Шоқанның атын толығымен елемеуге болмады, кей еңбектері қызметтік пайдалану және библиографиялық тізімдер үшін қытай тіліне аударылды» деп санайды<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың өмірбаянын құрастыру, оның ғылыми еңбектерінің тізімін нақтылау және академиялық толық шығармалар жинағын және замандастарының естеліктерін шығаруға үлес қосқан зерттеушілердің еңбегін атаған кезде, отандасымыздың өте сирек заттай және қолжазба материалдары жиналған мемориалдық музейлер қызметін де ескермей кетуге болмайды. Аңыз бойынша Шоқан Уәлихановтың өзіне тиесілі азғана заттай материалдар ҚР Орталық мемлекеттік музейінде, ал олардың көшірмесі – Уәлихановтардың музей-мекенжайы (Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылы) және Ш.Ш. Уәлихановтың «Алтын Емел» музейі (Алматы облысы Кербұлақ ауданы Шоқан ауылы) мемориалдық музейлерінде жинақталған.

---

1 Сонда. С. 81.

2 Сонда. С. 85.



## II ТАРАУ

### Орыс қызметіндегі дала ақсүйектері

*2.1. Уәлихановтар отбасы. Полковник*

*Ш.Ш. Уәлихановтың жекеи қоғамдық қызметі*

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ даласындағы Шыңғысханның тікелей үрпағы. Ол 1740 жылы орыс бодандығын қабылдаған қазақтың ұлы ханы Абылайдың (1711-1781) шөбересі. Кенесары хан (1802-1847) мен кейбір аталас туыстарын қоспағанда, үрпақтарының көвшілігі өз тағдырын Ресеймен, оның тарихы мен мәдениетімен байланыстырады. Абылай ханның отыз ұлының бірі – Уәли (1741-1819) 1781 жылы салтанатты түрде Орта жүздің ханы болп сыйланды. Оның екі әйелі болды, бәйбішесінен дала заңы бойынша хан деп танылған Ғұбайдолла, ал тоқалынан – Шыңғыс туған. Патша билігіне қарсы шыққан Ғұбайдолла оппозицияда болғандықтан хан сыйланбады, кейіннен оны жер аударып жібереді, ал Шыңғыс Уәлиханов орыс императорына адаптациямен етеді. Қазақстан империя құрамында болған уақыттың ішінде орыс билігі даладағы хан билігін жою саясатын әдейі жүргізді. Бұған 1817 жылы Бекей хан мен 1819 ж. Орта жүздің ханы Уәлидің қайтыс болуы септігін

тигізді. Белгілі қазақ хандарының өмірден озын пайдаланып, Қазақ даласындағы хан билігін таратуға, алдағы уақытта жаңа хандарды сайламау жөнінде шешім қабылданады.

1822 ж. М.М. Сперанский әзірлеген «Сібір қырғыздары туралы жарғысы» (осы жерде және бұдан әрі – қазақтар) бекітілді. Осы Жарғыға сай Сібір қырғыздарының облысы атаптаған Орта жүз қоныстанған жерлері мен Ұлы жүз қоныстанған жерлерінің бір белгінің орталығы алдымен Тобылдан, ал 1839 ж. бастап Омбыдан басқарылатын Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Қазіргі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарының, Қостанай, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары белгігінің аумағында тұратын жергілікті халықты басқару үшін Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы құрылды. Жаңа басқарманың құрамына кірген қазақ ауылдары болысқа, ал соңғылары округке бірікті. Патша шенеуніктері қазақ әлеуметінің дәстүрлі рулық-тайпалық құрылымын ескеруге тырысты, «десе де акцент біртіндең әкімшілік үй-ымының аумақтық принциптеріне ауыса берді»<sup>1</sup>. Округтық басқарманың немесе мекеменің (приказ) басында, әдетте подполковник шеніндегі аға сұлтан мен екеуі орыстан, екеуі қазақтан құрылған қосшы билер тұрды. Приказдың қазақ мүшелері сайланбалы, бірақ облыстық генерал-губернатор арқылы бекітілетін. 1836 жылы Омбы облысында 7 сыртқы округ (Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Үшбұлақ, Аманқарағай)<sup>2</sup> бар болатын. 1854 жылы солтүстік-шығыс қазақтарының далалық округина екі облыс: орталығы Омбыда орналасқан Сібір қазақтарының облысы және Семейден басқарылатын Семей облысы кірді.

Ары қарай, Ресейдің Циндік Қытайдың және ортаазиялық хандықтармен тікелей шектесуінен, империяның шығыстағы шекарасының кеңеюіне байланысты, басқару орталығын орыс билігінің ойынша, тұрақты әскери және әкімшілік назарға мұқтаж аумақтарға жақындау керек болды. Осыған байланысты, 1839 жылы билігі Ақмола, Семей

1 Ремнев А.В. История образования Омской области // Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII–XX вв.). Омск: ОмГУ. 1998. С. 10.

2 Исторический архив Омской области далее – ИАОО . Ф. 3. Оп. 2. Л. 1630. Л. 44-45.

және Жетісу облыстарына тарайтын Далалық генерал-губернаторлықтың орталығы Омбыға жайғасты. Осылайша, 1839 жылдан Омбы қаласы ресми түрде шекарасы Верныйға (Алматы) дейін жайылған Батыс Сібір генерал-губернаторлығының орталығы бол жарияланды.

1882 жылы ол таратылғаннан кейін, Омбыда билігі Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына жүретін Дала генерал-губернаторлығы орналасты. Шоқан Үәлиханов дүниеге келген XIX ғасырда Қазақстандағы саяси жағдай осындай болатын.

Үәлихановтар отбасының шежіресі туралы сөз болғанда, Үәли ханның ата-бабасы жайындағы деректерді Г.Н. Потанин жиғанын айта кеткен жөн: «Абылайдың екі қыстауы, бірі Көкшетаудың шығысындағы Хан көлінде, тағы бірі Сырымбетте болды. Бірінші әйелі Сайманнан тұған үрпақтары қазір де сол жерде; Айғанымның балалары – Сырымбетте тұрады»<sup>1</sup>. Ә.Х. Марғұлан жазғандай, Үәлихан мен оның үрпақтарына мұраға қалған басты орда Бурабай көлінде болатын және түрлі атаулармен (Орда, Хан-қон, Ханның Қызыл-Ағашы және т.б.)<sup>2</sup> белгілі еді.

Үәли ханның кіші әйелі Айғаным өз уақытындағы білімді, көреген әйел болды. Замандастарының айтуынша, ол бірнеше шет тілін менгерген, бар жаңалықтан хабардар болған, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментімен және Санкт-Петербургдағы Сібір комитетімен хат жазысып тұрған, қазақ жүртүнің арасында беделді еді. П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің деректері бойынша, «Шоқаннның әжесі, Үәли ханның жесірі Айғаным өз балаларымен Ресейге адап болып қалады, ал Үәли ханның бірінші әйелінен тұған балалары мен бауырлары, басқа да ағайыны Үәли ханның орыс бодандығын қабылдаганын мойындағасы келмеген-ді. Александр I Үәли ханның жесіріне құрметпен қарап, қазақ даласында оған арнап Қыргыз үйін тұрғызыуга әмір берді, Шоқан Үәлиханов сол үйде дүниеге келген»<sup>3</sup>.

1 Научная библиотека Томского государственного университета. Архив Г.Н. Потанина. № 52 ж. Л. 3144.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. 1. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 1961. С. 10.

3 Семенов-Тян-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 гг. М.: Дрофа. 2007. С. 51.

Айғаным ханымның тұлғасы орыс әкімшілігіне қанша-лықты маңызды болғанын, оған казактардан құрылған ар-найы қүзет тағайындағанынан көруге болады. Сібір желілік казак әскерінің атаманы, генерал-сайор С.Б. Броневскийдің 1828 жылы Омбы облысының бастығына жазған рапортында: «...Үәлидің ханшасы мен старшина Тоқтамыс Жанұзақовқа көрсетілген қамқорлыққа байланысты, Көкшетау сыртқы округындагы қонысында көшіп-қону кезінде біраз уақыттан бері казактар жасагы тұрақты қүзетеді»,<sup>1</sup> – дей-ді. Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архивінде Шоқан Шыңғысұлы қалдырған жазба бар: «...1853 жылғы 19 қараша бейсенбіде... намаз уақыттында... тұмысында Саргалдаққызы... Қырғыз-қайсақ Орта жүзінің ханы Үәлидің жесірі Айғаным 70 жасында дүние салды. Жер қойнына... жұма күні... 20 адам тапсырды. 9 ұлының 2-і сәби кезінде, ал екеуі 20 жасында қайтыс болған»<sup>2</sup>.

Шоқанның әкесі – Шыңғыс Үәлиулы Үәлиханов (1811–1901) Сырымбетте дүниеге келді. Ұлының тағдырын ойлаған Үәли ханның жесірі Айғаным ханым Омбы училищесіне қабылдау туралы өтініш береді, 1831 жылдың басында Сібір желілік казак әскері училищесінің Азия аудармашылар мектебіне қабылданып, онда 1934 жылға дейін оқиды.

Бұны Айғанымның ұлын Омбы аудармашылар мектебіне қабылдауы туралы Көкшетау округтың приказына берген өтінішіндегі «ол орысша оқып, жаза алатын»<sup>3</sup> деген сөздері айғақтайды.

Қазақстанның Ресей империясының құрамына кірген уақыттан бастап патша әкімшілігі үшін төрелер тұқымын орыс қызметіне баулу барынша тартымды болатын. 1829 жылы Омбыға Сыртқы істер министрлігінен вице-канцлер К.В. Нессельродттан хат түсті, онда: «Азия елдерімен шектесетін жерлерде шығыс тілдерін белетін және менгерген адамдар қызмет еткені жөн, тілді менгеру үшін уақыт пен еңбек керек, сондықтан бұған көбісі өзін арнағысы келмейді. <...> Сыртқы істер министрлігі Ресей бодандарының ара-

1 ЦГА РК. Ф. 335. Оп. 1. Д. 483. Л. 1.

2 Российский государственный архив литературы и искусства (далее – РГАЛИ). Ф. 118. Оп. 1. Д. 469. Л. 9.

3 ЦГА РК. Ф. 335. Оп. 1. Д. 690. Л. 2.

сында көптеген татарлар мен қырғыздардың (осы жерде және бұдан әрі – қазақтар. – Ж.Е.) бүтін тайпасы болғанына құрметпен қарайды, демек, сол өлкелердегі басқарудың түрлі бөліктерінде жергілікті адамдардың тілін білетін адамдар керек, қызметтің едәуір пайдасы үшін жастарды шығыс тілдерін үйренуе ынталандыру қажет деп санайды»<sup>1</sup>.

Сібір желілік казак әскері училищесінің жанындағы Азия мектебі жалпы білім беру бағытына ие. Осындағы аудармашылар мен топографтар дайындаға арналған шығыс тілдерінің арнайы сынныбында Шыңғыс орта білім алып, орыс тілін жақсы меңгерген аз қазақтың бірі болды. Шыңғыс Уәлиханов училищені бітірген соң, 1834 жылғы 30 тамызда ашылған Аманқарағай округтік приказының аға сұлтаны болып тағайындалды<sup>2</sup>. Шындығында Аманқарағай округтік приказы 1835 жылы түрғын және шаруашылық ғимараттарын салып біткен соң ашылды, бірақ Аманқарағай округы 1845 жылды Құсмұрын бекінісіне көшкеннен кейін Құсмұрын округы аталды<sup>3</sup>. 1834 жылды Шыңғыс Уәлиханов Зейнеп Шормановаға үйленіп, Құсмұрында отбасымен он тоғыз жыл, яғни 1853 жылға дейін тұрады.

Омбы облысы Аманқарағай округтік приказының лауазымды тұлғалар тізімінде 1834 жылды Шыңғыс Уәлиханов аға сұлтан болып тұрды, қосшы билері титулярлық кеңешшілер Батагов пен Шубенко, қазақтардан старшын поручик Язы Янов пен старшын Игіней Іstemіров, хатшысы алқа билер тіркеушісі Тоқжіліков болды<sup>4</sup>.

Түрлі ресми құжаттардан Шыңғыс Уәлихановтың Аманқарағай округтік приказының аға сұлтаны лауазымында қызмет еткені туралы деректерді тауып алуға болады<sup>5</sup>. Полковник Шыңғыс Уәлихановтың формуляр тізімінде былай жазылған: «З жыл қызмет етіп, орнына басқа адамды алғаннан кейін бұл лауазымнан босатылды. 1853 жылғы

1 Цит. по: Малышева М., Познанский В. Чингис Валиханов как этнограф. собиратель казахской истории // Первые этнографы Казахстана. Алматы: Білім. 2002. С. 14–15.

2 ЦГА РК. Ф. 338. Оп. 1. Д. 317. Л. 79–79 об.

3 Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска / Сост. есаул Н.Г. Путинцев. Омск: Тип. Окр. Штаба. 1891. С. 180.

4 ИАОО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 1362. Л. 20 об.–21.

5 Месяцслов и общий штат Российской империи на 1835. Ч. 2. СПб.: Имп. Академия наук. 1835. С. 183; Месяцслов и общий штат Российской империи на 1836. Ч. 2. СПб.: Имп. Академия наук. 1836. С. 290.

18 қаңтар»<sup>1</sup>. Осы құжаттан Батыс Сібір генерал-губернаторы Шыңғыс Уәлиұлы Уәлихановты алты рет қатарынан Құсмұрын округтік приказының аға сұлтаны лауазымына сайлағаны және бекіткені көрініп түр<sup>2</sup>. Сібір қырғыздарын шекаралық басқару журналының 1849 жылғы 2 қарашадағы санында Батыс Сібір губернаторы 1849 жылғы 22 қазандығы бүйрекшімен Құсмұрын сыртқы округының аға сұлтаны ретінде бекітілгендер арасында майор Шыңғыс Уәлиевті де атап өтеді<sup>3</sup>.

Шыңғыс Уәлихановтың формуляр тізімінде оған: майор (1838 ж. 8 маусым), подполковник (1853 ж. 14 тамыз) және полковник (1855 ж. 8 желтоқсан) әскери атақтары берілгені және әскери іс-қимылдарға қатысқаны үшін марапаттары туралы деректердің де барын айта кетеік. Дереккөздерден үзінді келтірейік: «Бұлікшіл сұлтан Кенесары Қасымовқа қарсы экспедицияларга қатысып, әскери жасақтардың жеңісіне қолдау білдіргені үшін аса рақымды сұлтан Александр лентасындағы алтын медальмен (1843 ж. 30 желтоқсан) және мұсылмандарға белгіленген 2-дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталды (8 декабря 1855 г.)<sup>4</sup>.

Архивтерде Шыңғыс Уәлиұлының атапған лауазымдағы қызыметі туралы кейбір мәліметтер сақталған. Сонымен, оның 1835 жылғы 8 маусымда Батыс Сібір генерал-губернаторының атына берген № 2275 өтініші қалыпты, мұнда былай жазылған, «Арғын, Уақ, Керей, Қыпшақ, Кендірагалы болыстарының қыргыздары өз есебінен Санкт-Петербургдагы депутаттардың Аса зәулім сарайына билер арасынан аса құрметті бес адамды менімен бірге жіберуі туралы қолдауhat жазуымды сұрайды; Аса мәртебелі билеушінің аяғына жығылу үшін және атапған болыстар халқының атынан Бүкілресейлік тағына шын бағынған адалдығын білдіріп; Өзінің асқан жоғары қамқорлығына қабылдаганы және 1834 жылы қоныста Аманқарагай атапған Сыртқы округтік приказын ашқаныңыз үшін Аса мәртебелі императорға

1 Российский государственный исторический архив (далее – РГИА). Ф. 1343. Оп. 18. Д. 125. Л. 16.

2 Сонда. Л. 12-18.

3 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 4386. Л. 9 об.

4 РГИА. Ф. 1343. Оп. 18. Д. 125. Л. 14-15, 17-18.

алғыс айтамыз. Бұл жөнінде Жогары Мәртебелім өзінізге жеткізуді құрмет санаймын және аталған депутаттардың Санкт-Петербург қаласына бару үшін Аманқарагай округының қыргыздарына қолдау білдіруіндейді басымды ип сұраймын. Ага сұлтан Шыңғыс Үәлиханов»<sup>1</sup>.

Аға сұлтан Ш. Үәлихановтың өтініші бойынша Омбы жалпы облыстық басқармасы басқарушысының Батыс Сібір генерал-губернаторына 1835 жылы 26 қарашада жолдаған №4997 хабарламасы бар, онда «Сұлтан Үәлиевтің жазғаны халық тілегі деуге еш дәлел жоқ, демек, күмән келтіреді, хақы аз болса да сыйлық пен шенген дәмесі бар деп пайымдаумен өтінішті жеке тілегінен шықты деуіме себеп болып тұр <...> Енді Үәлиевтің сұранысын сипайы сылтаумен қайтарып, алдағы уақытта депутат жіберуге қолдау білдірмеген жөн деп ойлаймын»<sup>2</sup>.

Батыс Сібір губернаторының 1835 жылғы 5 желтоқсанда Омбы облысының басқарушысына жолдаған құпия хатында: «Үәлиевтің сұранысынан бас тартаңымызды жұмсартып жеткізу үшін сипайылап сылтау айтып қайтаруыңызды өтініп сұраймын...»<sup>3</sup> жазды. Сонда да, Ш.У. Үәлиханов депутаттар құрамында патшаның аудиенциясында болып қайтады, бұны қазақтар атынан полковник Үәлихановтың Сібір қырғыздары облыстық басқармасының кеңесші қызметі туралы формуляр тізімі айғақтайды: «Ұлы Мәртебелімнің рұқсатымен 1855 жылдың қаңтарынан 1 маусым аралығында депутаттармен бірге Санкт-Петербургда болдым»<sup>4</sup>.

Шыңғыс Үәлиханов жергілікті әкімшіліктің жетекшісі ретінде шаруашылықты жайластыруға, өз округінде егін шаруашылығын кеңінен таратуға көңіл аударды. Бұған айғақ Сібір қырғыздарының шептік басқармасының 1848 жылғы 6 сәуірдегі хабарламасы, онда «Құсмұрын округының ага сұлтаны майор Үәлиев 1847 жылғы 17 ақпандагы №28 өтінішімен сол округке тиесілі, ешкім қоныстанбаған Есіл өзенінің бойындағы Аз nabai Сай және Қызыл Шұбар шатқалдарында мешіт пен училище орналасатын ағаш үй

1 НАО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 1470. Л. 1-1 об.

2 Сонда. Л. 3-3 об.

3 Сонда. Л. 4.

4 РГИА. Ф. 1343. Оп. 15. Л. 125. Л. 17.

турғызыға ниеттенгені туралы приказга жүгінеді...»<sup>1</sup> делінген. Мәселені қарап шыққан Сібір қырғыздарының шептік басқармасы, сондай-ақ Құсмұрын округының болыс басшылары, старшиндары, билері мен сыйлы қырғыздары Шыңғыс Үәлихановтың өтінішін қанағаттандырады және Қызыл Шұбар шатқалына ағаш үй, мешіт пен училище салуға өз келісімдерін береді<sup>2</sup>.

Әдебиетте мынадай пікір айтылады: «Шоқанның әкесінің ілгерішіл мақсаттары ол отставкаға кеткен соң да анық қалыптасып, «Сібір сепаратистерінің» үстінен қозгалған саяси процесс уағында айқын көріне бастады». 1865 ж. Омбы кадет корпусында «Сібір патриоттарына» атты үндеуінің таратылуына тікелей байланыста болуына, Үәлихановтардың достары – Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, Ф.Н. Усов және басқаларының тұтқындалуына байланысты Шыңғысқа саяси айып тағылады<sup>3</sup>.

Сібір облыстықтары қогамдық-саяси ағым ретінде 1850 жылдары пайда болғаны белгілі. Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев және С.С. Шашков оның көрнекті өкілдері болды. Облыстықтықтар Сібірді Еуропалық Ресей отары санап, Сібірге қылмыстық жер аударуды алып тастау, метрополияға экономикалық тәуелділікті жою, Сібірде университет ашу және б. жақтап шықты<sup>4</sup>.

Омбы облысының тарихи архивінде (ООТА) 1867 жылғы 25 тамыздағы №1868 «Сұltан полковник Шыңғыс Үәлихановтың билікке қарсы білдірген қылмыстық ойлары туралы» істе: «Сұltан полковник Шыңғыс Үәлихановтың билікке қарсы білдірген қылмыстық ойларын білдірген баяндау хатын Жоғары мәртебелім, өзіңізге қайтара отырып, түсініктеме беру үшін оны Омбыға алдыруыңызды өтініп сұраймын»<sup>5</sup>. Осы құжатқа қарап отставкадағы полковник Шыңғыс Үе-

1 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 2038. Л. 1-1 об.

2 Сонда. Л. 3-4.

3 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 19–20; Он же. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1994. С. 15–16.

4 Вибе П.П.. Михеев А.П.. Пугачева Н.М. Омский историко-краеведческий словарь. М.: Отечество, 1994. С. 249.

5 ИАОО. Ф. 3. Оп. 13. Д. 18509. Л. 2.

лихановтың Сібір облыстықтарымен байланысы болғанына сену қыын, бірақ, соларға жаны ашып, рухани қолдаудан басқа ешнәрсе көрсетпеген болу керек. Шыңғыс Уәлиханов Сібір облыстықтарын танығанмен, аса жақын болмаған, сондықтан Батыс Сібір генерал-губернаторы тарапынан ешқандай қатал шара қабылданбаған. Ауызша ескертумен шектелген.

Шыңғыс Уәлиұлы Уәлиханов жан-жақты дамыған, қайраткер адам болған. Мәдениет мен кәдімгі салт-дәстүр мәселелерінен хабардар, өлкетанушы энтузиаст, қазақ этнографиясы бойынша материалдар мен коллекция жинаушы ретінде белгілі болды. 1830 жылдары ол ағайыны, қазақ да-ласының белгілі қайраткері, Баянауыл сыртқы округиңиң аға сұлтаны, сонынан Батыс Сібір генерал-губернаторлығының қазақтар жөніндегі кеңесшісі, полковник Мұса Шормановпен (1818–1884) бірге жырларды жазып алғып, орыстың шығыстанушы ғалымдарына жолдан отырған. Ал 1850 жылдардың аяғында қазақ ауыз әдебиетін жинауға оның ұлы Шоқан да қосылды.

1876 ж. полковник ШУ. Уәлиханов Көкшетау уездік басшылығының кіші көмекшісі болып істейтін ұлы Жақыппен бірге Санкт-Петербургдағы Ориенталистердің үшінші халықаралық конгресіне ұлттық тұрмыс заттарын, соның ішінде құны 100 рубль жібекпен кестеленген шұға чамдары; құны 50 рубль кестеленген тақия; құны 50 рубль түлкі тымақ; портупеясы бар қылыш, шағын мылтық, садақ пен оқтары бар қорамсақ; қара темірмен жиектелген қамшы; мүйізді патруска; сағатқа арналған ағаш футляр және б.<sup>1</sup>. 1878 жылғы 13 қаңтарда Императорлық орыс география қофамының Батыс Сібір бөлімі, иелерінің келісімі бойынша Ориенталистердің үшінші халықаралық конгресіне жолданған бағалы коллекциялардың бір бөлігі – «қызықты ғылыми магынасы бар, соның ішінде Ақмола облысының түрлі тұлғаларына тиесілі заттар» құрылды жатқан Сібір музейі үшін Омбыға жөнелтілгені дұрыс болар еді деген етінішпен жоғары инстанцияларға жүгінді<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> ЦГА РК. Ф. 369. Оп. 1. Д. 6934. Л. 34.

<sup>2</sup> Сонда. Л. 263–264.

Кейіннен, 1881 жылы, Ш.У. Уәлихановтың осы коллекциясының бөлігі Императорлық орыс география қоғамынан Антропология және этнография музейіне берілді. Алайда, В.А. Прищепова өз кітабында атап кеткендей, жоғарыда аталған экспонаттардан «пышақ Ақмола облысы Көкшетау уезінің тұмасы полковник Шыңғыс Уәлихановқа тиелі болған» деп жазылған этикеткасы бар, металл тіліктерімен әшекейленген тек қана тері қынап сақталып қалған<sup>1</sup>.

Ш.У. Уәлихановтың меценаттық саласындағы және қазақ халқының тұрмыстық заттарын насиҳаттаудағы еңбегі туралы 1876 жылы Петерборда еткен Ориенталистердің үшінші халықаралық конгресіне орайластырған этнографиялық көрмесі бойынша досының бірі, суретші, этнограф, археолог Михаил Степанович Знаменскийге (1833–1892) жазған хатындағы сөздері айғақтап түр: «Өкінішке орай, қазіргі кезде менде көпшіліктің назарын аударарлық, қайсақтардың (қазақтар – Ж.Е.) облысын мекендереген адамдардың қазіргі және ежелгі тұрмысымен таныстыратын ешқандай зат қалмады, өйткені ежелгі қайсақтардың тамаша және қызықты костюмдерін, әсіресе, бұрынғы хан, марқұм әкем Уәлиханның киімдерін, сауытын, дұлығасы мен басқаларын 1865 жылы қазақ даласына комиссиямен келген генерал-майор Гейнске табыстадым; одан басқа да қызықты және құнды заттарды 1867 жылы еткен Мәскеу көрмесіне жеткіздім»<sup>2</sup>.

1867 жылы Мәскеудегі этнографиялық көрмеге Шыңғыс Уәлиханов жинап алған Солтүстік Қазақстан қазақтарының тұрмыстық заттар колекциясы, жүзден аса атауымен Румянцев музейінің қорына берілді. Кейінірек, 1867 жылғы қазанда, Жаратылыстану әуесқойлары императорлық қоғамының кеңесі қоғам марапаттаған үш награданың күәлігін тағайындалған жеріне, полковник Уәлиханов пен Уәлиханов тарту еткен коллекцияны Мәскеуге алып келген оның көмекшілері, Майқы Сарымсақов пен Тұнғат Сәүкенбаевқа жеткізу үшін Батыс Сібірдің бас басқармасына жөнелтті<sup>3</sup>.

1 Прищепова В.А. Коллекции заговорили: История формирования коллекций МАЭ по Средней Азии и Казахстану: 1870–1940. СПб.: МАЭ РАН, 2000. С. 25.

2 Матышева М., Познанский В. Указ. соч. С. 22.

3 Сонда. С. 22–23.

Түрлі орыс қөмөлөріне әскронаттар жинау процесі Шыңғыс Үәлихановтың зерттеушілік қабілеті, жіктеу, этнографиялық түсіндіру бойынша, қазақтың материалдық мәдениетінің түрлі заттарының құнын анықтау жөніндегі тенденсіз еңбегі айғақтап түр. Шыңғыс Үәлиханов ары қарай да, көптеген жылдар бойы Қазақстанның солтустік-шығысындағы Ресейдің ғылыми мекемелеріне арналған экспонаттардың жалғыз «жеткізушісі» болып жүрді<sup>1</sup>.

Шыңғыс Үәлиханов Құсмұрын округында жұмыс істеген уағында түрлі шенеунік, ғалым, офицерлермен жиі кездесіп тұрады, академик Ә.Х. Марғұлан атап өткендей, олардың арасында А.А. Сотников, А.К. Гейнс, И.И. Ибрагимов, А.К. Крохалев және басқалары болды. Қазақтардың әдеттегі салт-дәстүрін зерттеу, геодезиялық материалдар жинау үшін оларға көмектесіп, кеңес беріп жүрді<sup>2</sup>. Ғалымдар Ғылым академиясынан, Императорлық орыс география қоғамы мен оның Батыс Сібір бөлімінен Шыңғыс Үәлихановпен кездесу үшін Құсмұрынға келді. 1840 жылы мұнда «Қозы Қерпеш-Баян Сұлу» халық поэмасына қызығушылық танытқан академик А.И. Шренк болды. Элбette, Ш.У. Үәлиханов соңында Ресей ғылым академиясының Этнографиялық музейіне тап болатын заттық коллекцияларды жинау үшін ғалымға көмектесті. Ғылым академиясының архив материалдарында 1856 жылы жазылған жазба сақталған: «...Доктор Шренкten 1) Алтай таулары мен Қазақ даласының ежелгі ескерткіштер жинағы және 2) қазақ, моңгол және қытай этнографиялық заттары жинағы...», және Шренктің жинағы «Алтай және Жоңгар-Қазақ даласының ежелгі чудь ескерткіштерін» қамтиды<sup>3</sup>.

Омбы басшылығы Ш.У. Үәлихановтың қоғамдық жұмысы туралы біле тұрып, оны басқа да бағыныштылар қатарында қазақ заңы мен фольклоры бойынша материал жинауға жиі жіберетін. Сонымен, 1840 жылдың басында Сібір қырғыздарының шекаралық басшысы, полковник

1 Малышева М., Познанский В. Указ. соч. С. 23–25.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 17.

3 Малышева М., Познанский В. Указ. соч. С. 15.

М.В. Ладыженский оған қазақ әндері, ертегілері, аңыздары мен мақалдарының мәтіндерін екі бөлек дәптерге жазу, тастағы және ескі құрылымдың қирандыларындағы жазбаларды жеке есепке алу және топонимикаға байланысты аңыздарды жазып алу арқылы фольклорлық материалдардың жіктелімін әзірлеуді бүйірады<sup>1</sup>.

Орталық Азия мен Сібірдің орыс зерттеушісі Г.Н. Потанин қазақ халқын басқаруда жергілікті әкімшілікке және тарих, мәдениет және этнография бойынша материалдар жинауда орыс зерттеушілеріне көрсеткен көмегі үшін Шыңғыс Уәлиұлы мен оның жақындарының қызметін жоғары бағалады: «Кемінде жарты гасыр бойы Омбы әкімшілігі – Шыңғыс сұltтан мен ұлы Шоқан және бажасы Мұса Шорманов – дала халқының әдет-түрлілік жақсы білетін осы үш тұлғаның кеңесі мен олардың дала халқына ықпаты мен беделін пайдаланып келді. Омбы кеңесесінің архивтерінде Шоқан құрастырган, жеке өзі жинаған деректер немесе Мұсаның айттымен жазып алғынған қазақ шаруашылығы немесе қыргыз сот тәртібі және т.б. туралы трактаттар мен жазбалар аз емес. Уәлихановтар отбасы, бір жагынан, жергілікті әкімшілердің облысты басқарудағы таптырмайтын көмекшілері, екінші жагынан – орыс мұддесіне шын берілген осы отбасының өнегесі дала халқының жогары табына, сұltандар, билер мен байлар табына ықпал етпей қойған жоқ»<sup>2</sup>.

Шыңғыс Уәлихановты қазақ аңыз, ертегі, мақал, мәтілдерін жинаушы, далалықтардың дәстүрі мен ғұрпының білгірі ретінде еңбегін атай келе, түрлі мекемелердің қоғамдық тапсырмаларын бір емес, әлденеше рет орындағанын айтпай кетуге болмайды. Оның Мәскеу көпшілік және Рұманцев музейлерін сипаттамаларымен қоса этнографиялық экспонаттармен толтыруға көмектескені белгілі. 1865 жылғы маусымда Мәскеуге «Көкшетау округының аға сұltаны, полковник Уәлиханов құрастырган этнографияға қаңысты мәліметтер» атауымен материал жөнелтілді.

Шыңғыс Уәлиханов күйеу жігіттің көмелетке жеткенге дейін қалың мал төлей алмауынан атастырылған жастар-

<sup>1</sup> сонда. С. 17.

<sup>2</sup> Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича. Из поездки в Кокчетавский уезд // Русское богатство. 1896. № 5. С. 78.

дың бірге тұру жағдайы туралы мәліметтер, жесірдің екінші рет тұрмысқа шығу ережелері туралы «Қазақтардың үйлену салты» очеркін жазды<sup>1</sup>.

Ресей ғалымдары М. Малышева және В. Познанский Шыңғыстың осы саладағы қызметтің зерттей келе, «Соңғы кездері архивтерден табылған, Шыңғыс Уәлихановтың қала-мынан шыққан құжаттар, дәстүрлі көзқарасқа түзетулер енгізуге және басқа ғалымдар жүргізген зерттеуге атсалысып қана қоймай, өзіндік этнограф болды деп айтуда мүмкіндік береді», – деп тегіннен-тегін жазбайды<sup>2</sup>.

Шыңғыс Уәлихановтың қызметі, негізінен 1722 жылы Император Петр I қабылдап, 1917 жылға дейін өмір сүрген Дәрежелер тізімдігіне сәйкес өтті. Шыңғыс Уәлиханов Дәрежелер тізімдігіне сай, кезекті әскери атақтарын лауазымына сәйкес біртіндеп алып отырған. Оның үстіне, Ресей империясында мемлекеттік қызметте болған қазақ сұлтандары мәртебесіне қарай орыс дворяндарына теңестірілген. Шыңғыс Уәлиханов мұны пайдаланбай қала алмаған. Оны ата-бабадан келе жатқан ақсүйектік құқығын беру жөнінде-гі өтініші туралы архив материалдары айғақтайды.

Омбы облысының тарих архивіндегі (ООТА) «Ага сұлтан Уәлиевтің дворяндық құны бар дипломды ізденіп алуы туралы» істе 1849 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Шекаралық басқармасының өтініші белгіленген: «...Құсмұрын округының ага сұлтана, майор Шыңғыс Уәлиевке Ресей империясының ата-бабадан келе жатқан ақсүйектік дипломын ізденіп алуы туралы»<sup>3</sup>.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Шекаралық басқармасының өтінішімен қолдап, құжаттарды астанаға жөнелтті, алайда Петербурдан дворяндық құны бар диплом беруден бас тарту туралы «Уәлидің балаларының заңды ата-тегі мен түү туралы метрикалық куалігін ұсынбаган»<sup>4</sup> жарлығы келді.

1857 жылды «Сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың дворяндық атақты ізденіп алуы туралы» жаңа өтініші жолданды. Ба-

1 Малышева М., Познанский В. Указ. соч. С. 21.

2 Малышева М.П., Познанский В.С. Казахский этнограф Чингис Валиханов // Советская этнография. 1991. № 5. С. 70.

3 НАОО. Ф. 3. Оп. 2. Д. 2631. Л. 1.

4 Сонда. Л. 4.

тыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорттың 1857 жылдың 18 мамырында Билік етуші сенатқа берген рапортында былай жазылған: «...Сұлтан Ұәлиханов хан әүлетінің үргазы және оған Аса рақымды мәртебелім 1838 жылы майор шенін тарту еткен..., Құқық туралы заңының IX т. 19 бабы негізінде Ресей империясының ата-бабасынан келе жатқан дворяндықты құрметпен ұсынамын және Билік етуші сенаттың өз еркіне формуляр тізімдемесі мен полковник Ұәлихановтың құжаттарын Жарғының X т. 618 бабы 2 ескертпесіне сай келесідей екі жұз үш рубль күміс ақшамен бірге Сұлтанга ата-бабасынан келе жатқан дворяндыққа диплом беруді қолдаймын»<sup>1</sup>.

1858 жылғы 11 қазандың Билік етуші сенаттың балалардың туу туралы метрикалық күәлігін ұсыну туралы кезекті талағына Ішкі істер министрі С. Лански өз рапортында: «Сенат сұлтан Шыңғыс Ұәлихановтың шыққан тегі туралы құжаттармен бірге балаларының туу туралы күәлікттерін аталған күәлікттердің дұрыстығы туралы мәліметтерді жеткізу-ді, сондай-ақ олар мұсылмандық дін басқармалары беретін метрикалық күәлікттерді алмастыра алғанының сұрады. Осыған байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторына жолыққанымда, ол сұлтан Ұәлихановтың балаларының туу туралы күәлікттері Орынбор мұсылмандық дін мажілісі берген метрикалық кітапқа енгізілмесе де, күәлік ретінде болыс басқармасы мен құрметті қыргыздардың қолдары қойылып, генерал-губернатордың айтудынша, Сібір қыргыздары облысының әскери губернаторының лауазымына тең Ахунның қолымен, мөрімен бекітілген, <...> олар метрикалық күәліктің күшіне ие, демек шыққан тегінің дұрыстығын білдіретін құжат ретінде журуі тиіс, оның үстіне қыргызы даласындағы мұсылман діни тұлғалардың аздығынан және көшпелілердің өмір салты метрикалық кітаптарды дұрыс толтыруды қыындаатады»,<sup>2</sup> – деп көрсетті.

1861 жылдың ақпанында герольдмейстер полковник Шыңғыс Ұәлихановқа герб жобасын ұсынды, онда: «Ұәлихановтың гербі: қызыл ақкістің бетіндегі жарты ай. Қалқан-

1 РГИА. Ф. 1343. Оп. 15. Л. 125. Л. 1.

2 Сонда. Л. 4-4 об.

ның үстіне ақсүйектер дұлғыгасымен және тәжімен көмкерілген. Дұлғығаның тәбесінде: имек күміс қылыш ұстап тұрған қызыл жене қол. Күмістелген қызыл белгі. Гербтегі жарты ай сұраушының мұсылман екенін белдірсе, дұлғыга әскери атақтың, ақкіс Сібірдің белгісі<sup>1</sup> деп жазылған. 1861 жылғы 28 сәуірде Ресей Әділет министрлігі полковник Ш. Үәлихановқа герб жобасын әзірлеген герольдмейстерге: «...белгіленген жобалар қаралып, дұрыс деп танылды» деп хабарлама жіберді<sup>2</sup>.

1853 жылы мынадай шешім қабылданды: «Құсмұрын округтық приказы таратылып, құрамындағы бес болыс Көкшетау округына қосылсын» және «Таратылған Құсмұрын приказының орнына Атбасар станицасынан Атбасар округтық приказы деген атаумен жаңа округтық приказы ашылсын»<sup>3</sup>. Осылайша, Құсмұрынның орнына Ақмола приказының солтустік-батыс жағында орналасқан Атбасар станицасы жаңа әкімшілік орталығы болды.

Ә.Х. Марғұланның айтуынша, Атбасар округы бірден пайда болған жоқ, алты жылдан соң, яғни 1859 жылы ашылды, сондықтан аға сұлтан лауазымына үйғарылған Шыңғыс Үәлихановтың кандидатурасы керек болмады<sup>4</sup>. Патшаның жарлығы: «Құсмұрын округтық аға сұлтаны приказ жабылған күннен Сібір қыргыздары облыстық басқармасының кеңесшісі лауазымына кіріседі, бірақ бұдан былай айрықша өкім шыққанға дейін өз қонысында қала алады»<sup>5</sup>.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордтың (1794-1874) 1854 жылғы маусымдағы бүйректер Ш.У. Үәлихановтың жаңа лауазымға тағайындалғаны туралы хабарлайды: «...Құсмұрын округтық приказының бұрынғы аға сұлтаны подполковник Шыңғыс Үәлиев қыргыздардың атынан Сібір қыргыздары шептік басқармасына кеңесші вакансиясына тағайындалды <...> ...Подполковник Үәлиевтің өз міндеттерін атқару үшін дерек аттануы жөнінде Үәлиев мырзага хабар-

1 РГИА. Ф. 1405. Оп. 59. Д. 375. Л. 2 об.

2 Сонда. Л. 5.

3 ИАОО. Ф. 3. Оп. 3. Д. 4257. Л. 13-30.

4 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова / Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 14.

5 ИАОО. Ф. 3. Оп. 3. Д. 4257. Л. 13-14.

лансын»<sup>1</sup>. Патшалық Ресейде шенеуніктер: «қасық қаным қалғанша ішімді аямай қызмет етемін және бәріне бағына-мын» деп айт беретін. Орта жүз қазақтарының атынан Батыс Сібір шептік басқармасының кеңесшісі лауазымына тағайындалған Шыңғыс Уәлиханов 1854 жылғы 15 қыркүйекте айт берді<sup>2</sup>.

Шыңғыс Уәлиханов жаңа лауазымға тағайындалғанға дейін, 1853 жылы отбасымен Құсмұрыннан көшіп, жаз жайлалауға шығып, қыс түссе қыстайтын анасы Айғанымның атақонысы Сырымбетке (қарағай орманы қоршаган Сырымбет шоқылары Көкшетау қыратынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан) кеп қоныстанды. Бұл туралы Сібір қыргыздарының шептік басқармасының құжаттарында айтылады, ондағы Құсмұрын округиғиң аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың 1853 жылғы 3 сәуірдегі баяндау хатында: «Төлеңгіт жігіттерімен бірге Көкшетау округиңа көшүі туралы <...> [Шыңғыс Уәлиханов] Ол анасы Айғанымның бұрынғы қонысы, атап айтқанда, Ораз-Байымбет болысының Андагұл қыргыздарының 3 ауылы: Қарашілік, Қарқаралы және Сарыөзекке қоныстанғысы келеді...». Ары қарай «мәслихатшы Голицын 1853 жылғы 28 қыркүйекте дайындаған №8127 Көкшетау бұйырығы Сұлтан Уәлиев Қарашілік, Қарқаралы және Сарыөзек жерінен қоныстануға және сонда жазылуға сұраган жерлер туралы, бұл жерде: біріншісінен Көкшұлы және Ораз белімдерінің билері мен қыргыздарының ортақ келісімі бойынша Қарқаралы мекені Уәлиевке берілгені, ал қалғаның өзара бірдей белікке беліп алу жөніндегі ризалығын ұсынады» делінген<sup>3</sup>.

Қоныстың тарихы туралы айтып өткен жөн. Айғаным 1821 жылы күйеуі, Орта жүздің ханы Уәли қайтыс болған соң, ұлдарымен бірге Сырымбеттегі бұрынғы ордасын мұрагерлікке алады. Сол кездегі Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М. Капцевич, Айғаным ханым Орта жүздің қазақтары мен ақсүйектері арасынан алғашқы бол Ресей бодандығын қабылдап, Ресеймен жақындасуға талпынғанын ескере отырып, 1823 жылғы тамызда хан жесірінің хатын негізге алып

1 ЦГА РК. Ф. 345. Оп. 1. Д. 1687. Л. 2-2 об.

2 Сонда. Л. 6-7.

3 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 2729. Л. 1.

қазына есебінен шағын үй мен мешіт тұрғызып беру жөніндегі өтінішпен Сібір комитетіне жүгінген.

Ханшаға деген мұндаи қаморлық пен ризашылық актісінің астарында саяси мұдде бар еді. П.М. Капцевич Омбы облысының құрылуына байланысты, марқұм Уәли ханның ұлдарының бірімен қазақ даласында тұңғыш округ құрып, осылайша басқа да сұлтандар мен қарамағандағы руларын отырықшылыққа тартпақ болды. 1823 жылғы 19 желтоқсанда Сібір комитеті генерал-губернатордың өтінішін қарап, 1824 жылғы 28 ақпанда император Александр I «Уәли ханның жесірін өзі таңдаган жерге орналастыру және бағасы бес мың рубль болатын үй мен мешіт тұргызу туралы» жарлыққа қол қойды<sup>1</sup>.

Патша жарлығы шыққаннан кейін көп ұзамай, әскери инженер Ермолаевтың басшылығымен қоныстырың құрылысы басталып кетті. Алайда бәрі жоспардағыдай болмады. Колда бар архив құжаттарынан үй мен мешіт және аула-дағы қора-қопсының құрылысы бірнеше жылға созылғанын көруге болады. Эрине, Айғаным ханым құрылыс барысын бақылап жүрді, 1825 жылғы 21 мамырда императордың тапсырмасы бойынша Батыс Сібірді тексеруші сенаторларға жүгінген хаттарының бірінде, оған Билік етуші Сенаттың Атығай, Құдайберді, Уақ және Керей болыстарының жерлерін бөлгені туралы жарлықтың көшірмесін алғанын хабарлайды. Сонымен бірге: «...көңіл көншітіндей ештеңе болмады, мешіт пен үйімді салуга бөлінген қаржы әлі де пайдаланылмаган болар деп сенемін»,<sup>2</sup> – деп жазды. Ары қарай ол қазақ даласын басқаруға қатысты өз өтінішін айтпақ болып, императордың аудиенциясына жіберуді өтінді. Ханша, әсіресе, «болысты қара халықтан шыққандар басқармау үшін, сонымен бірге біздің жерімізге балық аулауды кәсіп еткен орыстарды жбермеу үшін» болыстарды басқаруға тек хан тұқымынан шықкан сұлтандары тағайындауды ұсынды. Сонымен бірге, ол: «... Жоғары мәртебелі Император осы өтінішке қандай өкім шыгарса да... толығымен орындауга үәде беремін», – деп сендірді<sup>3</sup>.

1 ИАОО. Ф. 3. Оп. 1. Д. 422. Л. 1.

2 Сонда. Л. 28-29.

3 Сонда.

сияқты киінген. Бұл XIX ғасырдың аяғындағы қыргыз сәні болса керек»<sup>1</sup>.

ООТА Көкшетау уезді басшысының кіші көмекшісі Жақып сұлтан Шыңғысұлы Уәлихановтың 1875 жылғы қызметі туралы формуляр тізімі сақтаулы, онда ол мұсылман, 38 жасар, оқу мекемесінде оқымаған, шені жоқ, Аннинск лентасындағы күміс медальмен және омырауда тағып жүретін Станислав лентасындағы алтын медальмен марапатталған деп жазылған. Мәну мен Айсараға үйленген. Бірінші әйелінен: ұлы Махмет (9 жасар) және қыздары – Шәуія (8 жасар), Бибі Бәтима (4 жасар), Зұбайра (3 жасар), Газиза (1 жасар). Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторының 1868 жылғы 5 желтоқсандағы №66 бүйрүғымен 1869 жылғы 1 қаңтардан бастап Көкшетау уезі басшысының кіші көмекшісі болып белгіленді<sup>2</sup>. Жақып үрпақтарының шежіресі «Қазақ хандары мен олардың үрпақтары» кітабында берілген<sup>3</sup>.

Г.Н. Потанин Уәлихановтардың ауылынан Шоқанның інілері Махмұт пен Мақыны да көреді: «Шыңғыс сұлтанның қалған екі ұлымен таныстым. Оның бірі – Махмұт... <...> Мен арнайы салем беруге бардым, кейін де жи көрісіп тұрдық. Танысқаным қуанышты болдым, өйткені ол орысша жақсы сөйлейтін. Махмұт сұлтан Шоқан сияқты кадет корпусының курсын тәмамдаган, сосын біраз уақыт Петерборда оқыды, поручик шеніне дейін әскери қызметте болып, отставкага шықты, енді ауылда тұрады, жаз жайлай, қыс қыстауга шыгады, ауыл шаруашылығымен шұғылданып жүр...»<sup>4</sup>.

Мақы туралы былай жазады: «Мәке салт атпен қарсы алдымыздан шықты. Оның отауы қоныстан бірнеше сажын жерде, аққайыңдар тогайының шетінде тұрды. Мәке (ол керен-мылқау еді) Петербordaғы Гороховая көшесіндегі керен-мылқауларға арналған мектепте білім алды, кейіннен Петербор мен Омбыдагы кеңселерде қызмет етті (Петербorda он бір жыл тұрды), сондықтан ол Шыңғыстың ұлдарының ішіндегі ең орыстанғаны сол болатын. Қыста Көкше-

1 сонда. С. 69.

2 ИАОО. Ф. 3. Оп. 6. Л. 440–441; Ф. 3. Оп. 5. Л. 132-41. Л. 105–106.

3 Табұлдин Г.Ж.. Омурзаков Р.К. Оловинцев А.Г. Казахские ханы и их потомки. Кокшетау: Мир печати. 2013. С. 191.

4 Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича... . С. 75.

тауга соққан сайын, оны орыс клубында өз адамындаи қарсы алатын; ондагылар оның ашық әрі сыйпайы мінезін жақсы көретін дейді. Өкінішке орай, мен саңыраулар тілін білмеймін, сондықтан Мәкені жақыннан тани алмадым, бірақ Көкшетаудан шығып Үәлихановтар ауылын іздең шыққанда, көзі тірі төрт бауырымен ашық сұқбат құрап болсам, дәл осы Мәкемен әңгімелесемін деп ойладым<sup>1</sup>. Мәкенің Санкт-Петербургға қалай тап болғаны туралы Сібір комитетінің төрағасы кінәз А. Чернышевскийдің 1888 ж. 6 сәуірдегі патшаның алдында Мақыны саңырау-кереңдерге арналған училищеге орналастыру жөнінде өтінгені туралы ақпарат бар: «С.-Петербургра келген Орта жүз қыргызы-қайсақтарының ішіндегі жасы үлкені, Сібір қыргыздары облыстық басқармасының кеңесшісі, подполковник Шыңғыс сұлтан Үәлиханов 10 жастағы ұлы Әбіл-Мақыжанды ала келді және оны қазына есебінен тәрбие алу үшін керең-мылқауларга арналған училищесіне орналастыруды сұрайды <...> Сұлтан Үәлихановтың С.-Петербургда не танысы, не туысы жоқтығын айтада келе, керең-мылқаулар училищесіне түскеннен кейін, оның ұлын қамқорлыққа алу үшін Сібір комитеті істері басқармасына жүктеді сұраймын»<sup>2</sup>.

Мақы Петербордағы керең-мылқаулар көркем училищесінде 1855 жылдан 1864 жылға дейін оқиды, сосын Г.Н. Потанин атап кеткендей, 1866 жылға дейін Санкт-Петербургдың түрлі кеңселерінде қызмет етеді. Ресей империясының астанасынан оралғаннан кейін Батыс Сібір генерал-губернаторлығының кеңсе менгерушісі болып жұмыс істейді, құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударады. Көркем әдебиет шығармаларын оқуды, сурет салуды үннatty. Сақыпкерейдің (Қозыке) шөбересі М. Асфандиярова оның ата-анасы Мақыжан салған пейзаж, анасының, бауырлары мен басқа да туыстарының портреттерін көрген деп еске алады. Ол сәндік-қолданбалы өнермен шұғылданды. Оның қолынан шыққан бұйымдар 1876 жылы Петербор қаласында өткен Ориенталистердің III конгресін-

1 Сонда. С. 76.

2 Ходатайство кн. А. Чернышева перед царем об устройстве сына Чингиса Валиханова Макы в Петербургское училище глухонемых // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1968. С. 179-180.

дегі көрмеге қойылды. Магмура Асфандиярованың еске алуынша, анасында қазақтың оюы түскен әртүрлі көлемде бірнеше ағаш қобдишалар сақталған, ал Мақы жасаған қос түпті палисандр жәшігі, немересі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген архитекторы Шота Ыдырысұлы Уәлихановта сақтаулы. Бұдан басқа, Мақының өзі жасаған оюолы апликациялар мен салған суреттерінің әскізі бойынша кестеленген фотосуреттер де сақталған<sup>1</sup>.

Сонымен қатар, М. Асфандиярованың қолында Шоқаның бауырлары – Махмұт пен Сақыпкерей (Қозыке) және қарындасы Нұрида туралы кейбір мәліметтер бар<sup>2</sup>. Тарихшының мәліметі бойынша, Сырымбет жеріне Петербор мен Омбыдан географиялық қофам мүшелері мен инженерлері Махмұтқа қонаққа келген. Оның үйінде кадет корпусы бойынша досы, Императорлық орыс география қофамының Батыс Сібір бөлімінің құрылтайшысы, Сібір казак әскерінің тарихшысы, елкетанушы, генерал-лейтенант Георгий Ефремович Катаев (1848–1921) жи болатын. Ф.М. Достоевскийдің 1856 жылы Шоқанға жазған хатын 1906 жылы Санкт-Петербургдағы Императорлық көпшілік кітапханасына (қазіргі Ресей ұлттық кітапханасы) табыстаған осы Махмұт болатын. Оның орыс және шетел әдебиеті классиктерінен тұратын бай жеке кітапханасы жайында жақындары мен таныстары айтатын. Махмұт отставкаға шыққаннан кейін әкесінің қонысына жақын жерге жайғасып, ауыл шаруашылық жұмыстарымен шұғылданады. Шоқанның бауыры кедейлердің мүддесін жи қорғайтындықтан, сенімсіз тұлға ретінде полиция бақылауында болды. Кадет корпусында бірге оқыған Г.Е. Катаев оны тұтқындаудан алып қап жүрді. Махмұт қайтыс болғанда, 1916 жылғы 22 ақпандағы «Қазақ» газетіне азана-ма жарияланып, оның халық алдындағы еңбегі, сондай-ақ осыдай дарынды және әділ балалар тәрбиелеген ата-анасы туралы жазылды.

Шыңғыстың ұлы Сақып-Керей (Қозыке) де табиғатынан дарынды еді, өз өлеңдері мен әуендерімен жақындарын, таныстарын баурап алды. М. Асфандиярованың әкесінің ана-

1 Асфандиярова М. Круг близких Чокана // Вести Казахстана. 1995. 1 августа.

2 Сонда.

сы, қызы Бабыгүл-Жамалдың еске алуынша, Қозыке өзінің және ауыл балаларын орманға, тауға Сырымбеттің көл басындағы қамыстарға өзімен бірге жи алып баратын, оларға арнап қобыз, сыйбызғы (қамыстан жасалған сыйбызғы) және домбырада ойнайтын. Оның шығармаларының арасындағы ең белгілісі ағасы Шоқанға арнаған «Қозыкенің аманаты» еді. Елдің айтуынша, Қозыке жас кезінде оның әндері мен шығармаларын шабытпен орындаған, атақты әнші Ақан серімен дос болыпты. Қозыке жастай дүние салды, өзінің ғажап әндері мен әуендерімен халықтың есінде қалды.

М. Асфандиярованың айтуынша, әкесі оның барлық әндерін жатқа білетін, пианино, аккордеон мен гитара да орындаітын. Өкінішке орай, Қозыкенің музикалық мұрасы әлі күнге қазақ музикатанушыларының назарынан зерттелмей тыс қалып келеді.

Нұрида Шоқанның қарындастарының арасында ерекшеленіп тұратын, ол өжет әрі батыл болды деп еске алады М. Асфандиярова. Бала кезінен аттың құлағында ойнайды. Улы жыландарды қорықпай қолымен ұстайтын. Орайы келгенде, елірген еркектерді де тоқтатып, ұлтып тастайтын. Ол табиғи сұлұлығымен де ерекше, сымбатты, ашаң бойлы, бұрымы тобығына түскен, ат жақты, үлкен қой көзді, қыр мұрын, ақша қардай аппақ ару екен. Мінезі де аға-інілері мен апа-сіңділірінен өзгеше еді. Бұған Нұриданың анасы Зейнеттің інісі, Мұса Шормановтың ұлы Сәдуақасқа деген махаббаты куә. Тағдырыңың тәлкегімен, Нұрида оны алғаш рет атастырылған жігіті кеп құда түскен күні көреді, бір көргеннен Сәдуақасқа ғашық болып, оған деген сезімін жасыра алмайды. Апасының қызынан мұндай мінез күтпеген Сәдуақастың ата-анасы, жастарға бастапқыда аса мән бермейді, бірақ Нұриданың ғашығына деген таза әрі пәк сезімін түсінген соң, туыстары ризашылығын беріп, екеуін бір-біріне қосады.

Шоқанның замандастарынан оның балалық шағы өткен, Солтүстік Қазақстанның ең әсем Сырымбет жері мен Үэлихановтар қонысы туралы көп естеліктер қалды. «Шыңғыс сұлтанның қонысы үш қосалқы үйі, қамбасы мен мешіті бар шоңжардың үлкен үйінен тұрады. Қыс мезгілінде үлкен үйде Шыңғыс сұлтан кіші ұлы Көкіштің отбасымен қыстаиды,

қосалқы үйлерде – Мәке, Жақыптың ажырасқан әйелі (бірінші Шоқанның әйелі болған) балаларымен және молда тұрады. Сұлтанның қонысы шығысында Сырымбет тауы көрінетін тараптан қарагайлы орманмен көмкерілген, батысында қоныспен арасын сұы аққайың діңгектерінің арасынан жылттылт көрінген үлкен көл бөліп тұрган аққайыңды тогайы бар ашиқ жерге орналасқан»<sup>1</sup>, – деп жазады Г.В. Потанин.

Уәлихановтар отбасы қонысына ағаштардың жаңа түрлерін отырғызып абаттандырды. Шоқан әкесімен бірге аққайың аллеясын отырғызды. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде (КР ОМА) «Сібір желілік казақ әскерінің З батальон казактарына ШУ. Уәлиханов сұлтанға тиесілі Сырымбет қонысындағы орманды кесуге тыйым салу туралы іс»<sup>2</sup> бар. Истің мазмұнында облыстық басқармадағы қазақтар атынан кеңесішісі подполковник Шыңғыс Уәлиханов өз басшылығына Сібір желілік казақ әскерінің қарағайлы құрылыш орманын (1700 сажын) рұқсатсыз кесуіне қарсы шағыммен жүгінгені және бүндай әрекетті болдырмау шараларын қабылдау туралы деректер бар<sup>3</sup>. Отініш қанағаттандырылып, Батыс Сібір генерал-губернаторы, инфanterия генералы Г.Х. Гасфорд бұдан былай қарағай орманын рұқсатсыз кеспене жөнінде бүйрық шығарады<sup>4</sup>.

1831 жылы Сырымбет қонысында егіншілікпен шұғылдана бастады. Ол үшін Айғаным ханым қажетті тұқымдар мен жер жырту құралдарын және нені қалай істеу керек екенін «көрсететін» тәжірибелі адам жіберуді сұрайды. Омбы облысының басшысы төрт соқа, сегіз тырма, 12 орақ, 40 пүт қарабидай сатып алуға қарожат бөледі. Бұған қоса, қонысқа жақын жерден бидай егуге жарамды жер тауып, төрт десятина тың жерді көтеріп, жергілікті казактардың көмегімен құздік егін себу үшін казак Антон Лачыгинді жіберді. Бұның бері үйден үш шақырым жerde орындалды. Бұдан басқа, Айғаным қоныста үн тартатын жел диірменін орнатып, үй мен мешіттегі олқылықтарды жөндеңдер беруін өті-

1 Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича.... С. 76.

2 ЦГА РК. Ф. 345. Оп. 1. Д. 1934.

3 Сонда. Л. 1-2.

4 Сонда. Л. 18-18 об.

неді. Архив материалдарына қарағанда 1835 жылы «Үәлиева ханымға арнал үн тартатын диірмен салу үшін» орманнан «165 дана агаш» дайындалып, 60 руб. қаржы бөлінді<sup>1</sup>.

Бас штабтың офицері, генерал-лейтенант, Императорлық орыс географиялық қоғамының, Императорлық жатылыстану және этнография әуесқойлары қоғамының толық мүшесі А.К. Гейнс (1833-1893) былай деп жазады: «Шыңғыстың қыстауы қоныс орнынан он шақырым жерде. Орманмен көмкөрілген екі әсем тау қонысын сырт көзден жасырып тұр; тасты соқпақпен көтеріліп түскенде орта тап помещиктердің талғамымен салынған бірнеше үйді, ортасындағы мешітті көрдік. Шыңғыс әйелі екеуі отырган үйдің ортасындағы жабдық та помещиктің үйіндегідей. Залда он екі пъесага дейін ойнайтын орган; аралық қабырғада айна; хрусталь салпыншақтары бар қола шырагдан, дәл сондай қабырға шамдары; жұқа бірақ енді аgramantpen тігілген шағын жібек перделер. Қонақ бөлмесінде гарднер немесе корнилов құмырасының орнына қытай құмыралары; үстел үстінде шам, диван және басқалары. Едениң барлығында тәшкен және парсы кілемдері; жиназдың үсті жолбарыс, барыс және аю терілерімен жабылған. Жалпы көрінісі жанга жайлыш<sup>2</sup>.

Сондай-ак, Шоқанның отанына экспедициямен барып қайтқан Ж. Досқараевтың пікірін келтірейік: «Сырымбет – табигаттагы бір жақсы, көрікті жер. Оның айналасы агаш, көл, алаң, алқап, сай-сала, неше түрлі өсімдік, көкорай шөп <...> кілемнің түрінегі құлпырып, маңайындағы <...> ауылдары табигат көркімен де түрленуде»<sup>3</sup>.

Үәлихановтардың қонысы сол кездегі Қазақстанда тұрғын үй кешенінің бірегей әрі әдеттен тыс үлгісі болды. Құрылыс типі (мешіт пен медіреседен басқа), үй-жайды жоспарлау (тұрғын және шаруашылық аймағына бөлу), өзен-көл мен орманға жақын орналасуы бойынша XIX ғ. орыс дворяндарының қонысымен бірдей. Сырымбет қонысы қазақ даласына ағартушылық идеялары мен мәдениетін таратуда маңызды рөл атқарды. Көбіне Шоқанның жеке

1 ЦГА РК. Ф. 338. Оп. 1. Д. 690. Л. 231, 235.

2 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. С. 265.

3 Досқараев Ж. Указ. соч. С. 74-75.

тұлға бол қалыптасуына да ықпал етті. Бұл жерде ақындар айтысы, әншілер мен музиканттардың жарысы жи өтетін, атақты суырып салма ақындар Біржан сал мен Ақан сері, атақты қобызшы Құрымбай Қанғожин, әнші Көке Әлжанов өнер көрсетті. Мұнда орыс саяхатшылары, жер аударылған ғалымдар, инженер-геодезистер де жи қоғамдың әдебиеттік жылдары Сібір қазақтарының шекара басқармасында жұмыс істеген декабристер, ақын-петрашевшіл С.Ф. Дуров, Императорлық Қазан университетінің студенттері және басқалары қонақ болған.

Ұзақ уақыт Шоқан Үәлихановтың сақталып қалған және кеңінен танымал 1853 жылғы деп белгіленген суреттерде Айғаным қонысының сыртқы түрі мен қора-қопсысының жоспары бейнеленген деп саналып келді. Алайда, ол уақытта қоныстың орны да қалмаған, оны Кенесары Қасымовтың көрілісшілері жағып жіберген болатын. 1989 жылы Сырымбет жеріне архитекторлар Т.Н. және Н.В. Төреқұловтарға Үәлихановтар қонысын қалпына келтіру жобасын орындауға мүмкіндік беретін кешенді архитектуралық-археологиялық зерттеу жүргізілді. Жоба авторлары тұрғын үй кешені ғимараттарының қалдықтары, не жоспары, не көлемі, не өзінің жергілікті орналасуы жағынан Шоқанның эскиздерімен сәйкес келмейтінін анықтады. Бұл оның әкесі Шыңғыс сұltан қонысының құрылышының жобасына жасалған эскиздер болуы ықтимал<sup>1</sup>.

Айғаным дүние салған соң (1853 ж.), Сырымбетке оның үлкен ұлы Шыңғыс көшіп келеді. Тағудаған анасының қонысы болған жерге жақын өзіне үй салып алды, кейіннен Сырымбет жеріне мешіт тұрғызыу үшін қаражат бөлуін сұрап Шекара басқармасына жүгінеді. Шекара басқармасы жобасы алдын ала ұсынылуы тиіс деген шартпен құрылышқа келісімін береді. Жаңа қоныстың жобасын жасауға архитектура, сызу және топография курсын оқыған Омбы кадет корпусын ендіған аяқтаған ұлы Шоқан көмектескен болуы да мүмкін. Архитекторлар Т.Н. және Н.В. Төреқұловтардың

1 Ермекбаев Ж.А. Музей-усадьба Чокана Валиханова «Сырымбет». // От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана: в 3-х томах. Т. 1. Алматы: Казахский научно-исследовательский институт по проблемам культурного наследия народов. 2011. С. 2-16.

оыйнша, эскиздердің кейбір детальдары Шоқанның жаңа иелікті балалық шағымен тығыз байланысты Айғаным қонысына үқсатқысы келген тілегінен туған.

1929 жылды Сырымбеттегі ата-тек қонысының ғимараты бұзылып, облыстың түрлі аудандарына әкетілді. Сонымен, Володар ауылында (қазіргі Саумалкөл) түрғын үй болды, онда әр уақытта пошта мен басқа да мекемелер орналасты. Қазірге дейін Сырымбет ауылында Шыңғыстың қонысынан сарай, Шоқарағайда мешіт, сарай, монша тұр.

1977 жылды Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы қоныс болған жерді топографиялық түсіру жүргізіліп, қора-қопсыларының жақсы сақталған іргетасын түсіріп алды. Ал 1985 жылды Шоқан Үәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай Мемориалды музей кешені құрылып, ақыр соңында, 1991 жылды архитекторлар Т.Н. және Н.В. Төрекұловтардың жобасы бойынша Сырымбет мекенінде қазіргі кезде музей орналасқан Шыңғыс Үәлихановтың қонысы қалпына келтірілді.

Үәлихановтардың жергілікті халықпен мал жайылымын пайдалану мәселелерінде ара-тұра түсініспеушіліктер болып тұранмен, негізінен байсалды қарым-қатынаста еді. Бұл туралы архив материалдары айғақ болады. Сырымбет мекеніндегі жайылымдарды Үәлихановтар мен қазақ дала-сының басқа ықпалды сұлтандары, билері мен старшындарының басып алу жөніндегі дау-шарлар ондаған жылға созылып келді. Омбыдағы Сібір қырғыздарының шекара басқармасы мен Көкшетау округтық сыртқы приказы көптеген жылдар бойы қыстау жерін бөлу бойынша келіссөздер мен хат алмасып тұрды. Сонымен, Көкшетау округтық сыртқы приказы Омбыдағы сібір қырғыздарының шекара бастығына «Былтырғы 1837 жылғы қыркүйек айында Айғаным Үәлиева ханым рапорты мен 2 (екі) өтініші арқылы Жарқынқамыс және Саз жеріндегі өзіне тиесілі қыстаудан қырғыздарымен қоса сұлтан Сартай Шыңғысовты қуып жіберу туралы приказдан сұрады» деп баяндады»<sup>1</sup>.

Айғаным ханым сол кездегі Сібір қырғыздарының шекара бастығы полковник Ладыженскийге 1839 жылғы 8

<sup>1</sup> ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 331. Л. 3.

мамырда жазған хатында: «...Ұлы мәртебелі Императордың әмірімен маган берілген қыстау жері шеңбер бойынша 25 шақырымнан аспайтынын түсіндіріп кету құрметіне ие болып отырмын. Осы жерді бізбен келіспей Яқшыл болысының қыргыздары өз сұлтандарымен бірге басып алып отыр және олардың сұлтаны Сартайдың Павел Яковлевич пен марқұм ага сұлтан Қашқынбайға бұдан былай маган тиесілі жерді басып алмау, басып алмақ түгілі, тіпті осы жердің ең шетіне қойылған бағанға дейін жақындау турагы берген жазбаша міндеттемесіне қарамастан, мені таңқалдырганы осы жер жайында соның бәрін өзі иелену ниетімен менімен дау-шарға түсіп отыр. Осыған орай, қыс мезгілінде жеке малымызды жауга арналған жем-шөптен айрылып қалам деп қауіптен-гендіктен, маган тиесілі жерден оларды қызып шығып, алдагы кездे осылайша өз бетімен рұқсатсыз әрекет жасауға тыйым салу турагы әмір етуіңізді Өзіңізден басымды іп өтінемін»,<sup>1</sup> – деп жазды.

Сартай сұлтан Шыңғысов та полковник Ладыженский-ге жазған өз хатында былай шағымданады: «Мен ежелден өзіме қарасты халқыммен бірге, бүтін саны 60 киіз үймен қыстау үшін Жарқынқамыс және Ана Су жерінде көшип-қонып жүрдім, енді осы жерді бізден старшын Елшар Байтекім мен Айғаным Уәлиева ханымга, құдды осы жерді мәртебелі Сенаторлардан Жарлық арқылы тиесілі дей келе алып қою ниетінде...»<sup>2</sup>.

1844-1873 жылдар арасында Айханым ханша ұлы Шыңғыспен және Көкшетау приказының жергілікті қазақтары Сібір қыргыздарының шекара басқармасы және Батыс Сібір генерал-губернаторы арасында мал жайылымына жер бөлу жөніндегі бітпейтін келіссөздер мен хат алмасулар жүрді. 1844 жылғы 28 сәуірде Көкшетау округтың приказы жергілікті қазақтардан Айғаным Уәлиханова мен оның ұлы, Құсмұрын округының аға сұлтаны полковник ШУ. Уәлихановтың олардың жерін заңсыз басып алуы турагы шағым түскені турагы Омбыға баяндайды<sup>3</sup>. Екі жылдан кейін, 1846 жылды Омбыдан Көкшетауға жер дауларын

1 Сонда. Л. 15-15 об.

2 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 331. Л. 18.

3 ЦГА РК. Ф. 371. Оп. 1. Д. 1021. Л. 11.

шешу үшін Сібір қырғыздарының Шекара биң кәрмасының кеңесшісі Коченов арнайы жіберіледі<sup>1</sup>.

1816 жылғы 18 қарашада тілмаш Дабшинский Сібір қырғыздарының шекара басқармасының бастығы генерал майор Вишневскийдің атына жазған №50 рапортында Уәлихановтар мен жергілікті қазақтар арасындағы дау-шілдесінің-тегжей сипаттайды. Соның ішінде: «Біз ханшаның келісімімен шекара межесін белгіледік... бұған ханша Айғаным Уәлиева <...> разы болып қалды ...» деп атап өтеді<sup>2</sup>.

Сібір қырғыздарының шептік басқармасының бастығы генерал-майор Вишневскийдің 1847 жылғы 18 ақпанда Кокшетау округтық приказына жазған №486 хатында: «Уәлиева жерді осылай бөлгөнгө разы болды, мен сол жерді тексеру туралы өкімімнің күшін жоямын және Уәлиева мен қырғыздарга берілген жер бөлінісі қалай бөлінсе, сол қалпындағы күшінде қалдырамын»<sup>3</sup> дейді.

Жер дауы бейбіт келісіммен аяқталғанына қарамастан, Айғаным ханым Уәлиханова Сібір қырғыздарының шептік басқармасының бастығы генерал-майор Вишневскийге 1847 жылғы 21 мамырда берген өтінішінде: «Жоғары мәртебелім, былтыргы күзде маган балаларыммен бірге барлық малымызға жер бөлу үшін Үндеровичтің қосшы би ретінде шенеунік Дабшинскийді іссапарға аттандырып едіңіз, әміріңіз орындалды және бөлінген жерге мен разы қалдым, бірақ осы шенеуніктерден кейін қыста бізге кеңесші Тұрдыбек Коченов келіп, алға шенеуніктердің белгілеген жерін ауыстырып кетті, бұл істі қолайсыз деп санап, мені қысылтаяң жағдайда қалдырығаны үшін ренжулімін. Сол себепті, Дабшинский мен қосшы би Үндерович бөлгөн жерді біздің атымызға бекітуіңізді сұраймын. Жоғары мәртебелім, өзіңізден қарымы мол қарар күттемін»,<sup>4</sup> – деп хабарлайды.

ООТА-да 1871-1873 жылдары полковник ШУ. Уәлихановтың аласы Айғаным ханымға мешіт пен үй тұрғызыу үшін 1824 жылғы 30 сәуірде бөлінген жерді иеленуінің заңдылығы туралы мәселе талқыланғаны туралы материалдар

1 Сонда. Л. 26-27.

2 Сонда. Л. 26-26 об.

3 Сонда. Л. 40.

4 Сонда. Л. 46.

бар<sup>1</sup>. Сақталған архив материалдарының ішінде қызықтыратыны полковник Ш. Үәлихановтың 1873 жылдың 21 мамырында Батыс Сібір генерал-губернаторы А.П. Хрущовқа жолдаган жеке хатында: «Билік етуші Сенаттың 1824 жылғы 30 сәуірде Тобыл және Томск генерал-губернаторы, инфантегия генералы Капцевичке жолдаган жарлығымен, менің анам Айғаным ханым Үәлиева отбасымен тұрақты отырып, сол жерде 5000 рубльге үй мен мешіт тұрғызыу үшін пайдалануга жер берілді <...>. Анама бастапқыда бөлінген жерлердің бір бөлігі басқа қыргыздарға пайдалану үшін берілді, бұл жөнінде анам мен отбасымыздың мүшелері Қокшетау округттық приказының бұрынғы қосшы біи Үндеровиң пен Шекара басқармасының шенеунігі Дабшинскийдің қатысуымен 1846 жылғы 19 қазанды қолхат бердік. Бүгінде, Батыс Сібір бас басқармасының 1872 жылғы қарашаның 8 күні өткен кеңесінің №48 журапы негізінде анам мен отбасыма бөлінген жерлер Үәли хан ұрпақтарының жекеменшігі деп танылмай отыр, өйткені Билік етуші Сенаттың 1824 жылғы 30 сәуірдегі жарлығында жердің Үәлиева ханшаның меншігіне берілген туралы айтылмаган және бұл жерлер тек пайдалануға берілгені айттылады. Батыс Сібірдегі дала облыстарын басқару туралы Ережелер 1868 жылғы 21 қазанда бекітіліп 1869 жылды енгізілген кезде жерді мұрага иелену үшін ұсынылмаганымды ескере отырып, басқа ага сұлтандар жерлерді мұрага иеленгенде, Билік етуші Сенаттың жоғарыда атап маган жарлығына сай, анам Айғаным ханым Үәлиева атынан бөлек актімен маган тарту етілгені туралы Облыс басшылығы білген болуы ықтимал. Жаңа ережелерді енгізгенде, ата-бабасы ешқашан жер иесі болмаган және хандар тегінен шықпаган, Ақмола мен Баян ауыл округтарының бұрынғы ага сұлтандары полковник Ибраһим Жақынбаев пен Мұса Шормановтар халықтың сайлауымен бірнеше жыл Ақмола жен Баянауыл округтарының ага сұлтандары болып қызмет еткендіктен гана жерді иеленіп отырганына тағы бір көзім жетіп отыр, ал атам заманнан келе жатқан әuletтің үрпагы, ата-бабасы Орта жүздің хандары болған, 36 жыл бойы Қокшетау және Құсмұрын округтарының ага сұлтаны бол Уқіметке қызмет еткен мен соңғы жағдайга байланысты

1 ИАОО. Ф. 3. Оп. 3. Д. 9390. Л. 135, 139, 139-140, 152, 177-180.

Үкіметтен Білік етуші сенаттың 1824 жылғы 30 сәуірдегі жалығымен ұсынылған және қосшы би Үндерович пен шенеунік Каченов жасаган бөлек актіде көрсетілген жерді менің атыма бекіту туралы Үкіметтен сұрауга толық құқық береді. Осы жағдайды Жоғары Мәртебелім Өзінізге баяндай келе, жоғарыда түсіндіріп өткен жағдайларга назар аудара отырып, 36 жылдық қызметім үшін, дәл осындағы қызметі үшін Жақыпбаев және Шорманов сұлтандар секілді құқығым болғандықтан, менің отбасыма анам Айғаным ханымга берілген жерлерді мұрага иелену туралы қолдау көрсетуіңді басымды іп сұраймын»<sup>1</sup>.

Ш. Уәлиханов өмірінің соңына дейін Сырымбеттегі жерді отбасының меншігіне беру туралы мәселені шешуін өтініп Ресей билігіне жүгінумен өтті. ҚР ОМА «Полковник Шыңғыс Уәлихановтың нұсқауымен Ақмола облысы Кекшетау уезіндегі 2-3 мың десятина көлеміндегі жер телімінің жоспарын түсіру және осы жерді Уәлихановтың меншігіне беру туралы» істе Шыңғыс Уәлиұлының өтініші мен осы мәселе бойынша Омбы әкімшілігі мен мемлекеттік мүлік басқармасы арасындағы хаттар айғақ.

Сол кездегі Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский Уәлихановтар отбасына оң көзқараста болып, 1886 жылы Ш. Уәлихановтың арызына байланысты Мемлекеттік мүлік басқармасына жүгініп: «Білік етуші Сенатқа сұлтан Уәлиханов пен оның отбасының Үкіметке көрсеткен еңбегін марапаттау үшін 2-3 мың десятина көлеміндегі жерді меншігіне беру туралы өтінішпен кіруді ұйгара отырып, алдын ала осы жерді белгілеп, жоспарын сыйып алууды қажет деп санаимын, сондықтан Басқармага келер жылдың көктемінде полковник Шыңғыс Уәлихановтың көрсетуімен, 1824 жылғы 30 сәуірде Білік етуші Сенаттың жарлығы негізінде, қазір оның иелігіндегі жоғарыда атапланыру үшін өкім шығаруды ұсынамын, ...көшірмелерін қоса жөнелтемін»<sup>2</sup> деді.

Әдеттегідей, орыс шенеуніктеріне тән бюрократиялық сөзбүйдә басталып, Уәлиханов отбасының меншігіне жер

1 ИАОО. Ф. 3. Оп. 3. Д. 9390. Л. 149-151.

2 ЦГА РК. Ф. 8. Оп. 1. Д. 196. Л. 1.

телімін беру туралы мәселені шешу ісі ұзақ уақытқа созылды. Сонымен, 1895 жылы орыс шенеуніктері қазақ жерлері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп санайтын Дала облыстарын басқару туралы ережелердің 11 бабына сүйене отырып, Билік етуші сенаттың 1824 жылғы 30 сәуірдегі жарлығы тек «өзіне қарасты қыргыздармен бірге Есіл өзені бойындағы көшіп-қонуга арналған жер, сонымен бірге жердің өзі оның, яғни Айғаным ханымның меншігіне берілмегенін...», білдіреді, сондықтан «Полковник Шыңғыс Үәлихановтың анасының көшіп-қонуы үшін берілген жерді иелену туралы өтініші Монархтың рақымымен қанағаттандыруға жатуы мүмкін» деп сендірді<sup>1</sup>.

Осы бір кінәратшыл мәселені шешудегі бюрократиялық сөзбүйдаға қарамастан, айрықша жағдайда жер телімін сұltан Ш. Үәлихановтың меншігіне беру нұсқасы естен шықлады. Осылай, Ресей империясының жерді игеру және мемлекеттік мүліктер министрі «Үәлихановқа мәңгі және мұрага иелену үшін 2000 десятина жер телімін беру жөнінде Жовары мәртебелімнің рұқсатын сұрауга негізделеме таппадым»<sup>2</sup>. Алайда жергілікті орыс әкімшілігі қайтпастан, полковниктің өтінішін қанағаттандырмады. 1898 жылғы 8 қарашада Ақмола облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Санников Үәлихановқа жер телімін беру туралы баяндаманы келесі түрде бекітті: «...Сұлтандар әулеті Үәлихановтардың айрықша пайдалануына жер телімдері берілген жоқ... және Үәлихановтардың шағымын негізсіз деп есептейміз»<sup>3</sup>.

Осы дау-шардың қорытындысын Г. Потанин жасады: «Сырымбет помещиктері Үәлиханов қонысы деп атайдын Сырымбет мекені Шыңғыс сұлтанның анасы, қыргыздың соңғы ханы Үәлидің екінші әйелі, Айғаным ханымға сыйлықта берілген. Сыйга тарту құжатында жер Айғаным ханым мен балаларына және атығай және қарауыл руларына даусыз пайдалануға беріледі деп жазылған. Сонында Үәлихановтар-

1 Сонда. Л. 51.

2 Сонда.

3 Сонда. Л. 73.

дың осы даусыз иеленүіне әкімшіліктің өзі қарсы шығып отыр. Осы жерді жарты гасырдан астам пайдаланып келгендер оны өз меншігі санай бастады; жергілікті әкімшілік кейінгі уақытта гана (алпысыншы жылдары болса керек) Сырымбеттіктердің жер құқығын қалай түсінуді талқылай бастады және олар меншік иесі емес, Сырымбет мекенін тек уақытша пайдаланушылар деп шешті»<sup>1</sup>.

Осылайша, қазақ рулары мен төрелердің арасындағы өзара қарым-қатынастарға тән жер дауы ұзакқа созылып, жергілікті әкімшілік осы даудың төрешілері рөлінде болды.

Үәлихановтардың осы мекенді таңдауы кездейсоқ емес, Сырымбеттің әсем көрінісі осы жерге келгендердің бәрін баурап алатын. Шоқан Үәлихановтың балалық шағы осында өтті, Омбыдан жазғы демалысқа осында келетін.

## 2.2. Шоқанның балалық және жастық шағы: тәрбиесі мен білімі

Шоқан Үәлиханов 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекінісінде туған, толық есімі – Мұхаммед-Ханабия, ал Шоқан анасы Зейнептің еркелетіп қойған аты, кейіннен барлық құжаттар мен формуляр тізімдемеге енді<sup>2</sup>.

Шоқан бала кезінде Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқыды, арабша хат танып, сурет салуды үйренді. Г.Н. Потаниннің естеліктерінен оның бала кезіндегі құштарлығын, мысалы, құсты аңға салумен әуестенгенін білдік: «Шоқан көптеген қазақ байбатшалары секілді бала кезінен қырғыздардың саятшылығымен әуестенген болуы керек, сұңқар құсты күтіп баптаудың қырсырын, жалпы қазақтардың саят өнерін жақсы білетін. Ол айта беретін, мен жазып ала беретінмін, сосын ол мен жазып алған текстерді томага, тұғыр, оқшан-

1 Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича... С. 77.

2 Архив внешней политики Российской империи (далее - АВПРИ). Ф. Департамент дипломатического состава и хозяйственных дел. Оп. 404. Д. 554: РГИА. Ф. 1343. Оп. 1. Д. 125. Формулярный список о службе и достоинствах прикомандированного к полку Сибирского линейного казачьего войска, состоящего по кавалерии поручика Валиханова. Октября 31 дня 1854 года.

тай, мылтық және б. патрус суреттерімен бейнелеп беретін. Осы кезден бастап біз достасып көттік те, біздің ойымыз бір жерден шықты, екеуімізді де қызықтыратын бір нәрсе – Қазақ даласы мен Орта Азия еді»<sup>1</sup>.

Шоқанның Құсмұрын мен Сырымбетте өткізген бала кезгі жылдары жайында Ә.Х. Марғұлан Шоқан Үәлиханов туралы очерктерінде жазды<sup>2</sup>. Шоқан Башқұртстандағы Стәрлебаш аулының медресесінде діни білім алды деген ақпарат бар. Шоқан өміріндегі осы дерек туралы М. Махмұдовтың кітабынан білеміз<sup>3</sup>. Қазақстан, Орынбор, Самара, Төменгі Новгород, Мензинск және Ресей империясының басқа да жерлерінен ауқатты отбасының балалары келіп оқытын медресе Орынбор губерниясының Стәрлебаш ауылында еді. М. Махмұдов Стәрлебаш медреселерінің бірінде үш жылдан артық оқып, он жасында арабша хат таниды деп жорамалдайды, алайда автор ешқандай дереккөздерге сілтеме жасап бұл деректерді растамайды.

Досының сырт келбетін Г.Н. Потанин былай сипаттайды: «Шоқанның бет алпеті моңгол текстес, оның өзі сұлтандар табы, яғни «ақ сүйектер» бет алпетімен бүкара халық «қара сүйектерден» ерекшеленіп тұрады дейді. Бүқараның бет алпеті алуан түрлі, өйткені қаны аралас, түрлі рудан құралған, түрі жағынан батыс түріктериңе жақын. Ал, сұлтандар Шыңғысхан тұқымы, моңголдың қаны бар, сондықтан бет алпеті үқсас және нағыз моңгол текстес келеді. Алайда, ол үскінсyz емес; жүзі жылты деуге болады; өйткені оның сүйегі асыл еді. Еуропалық күімі мен еуропа мәнеріндегі шаш қою үлгісі «Моңголияны» біржола» бағындырды»<sup>4</sup>.

Публицист-жазушы, Сібір және Орталық Азия зерттеушісі, Сібір облыстырының негізін қалаушылардың бірі,

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.: Тип. гл. упр. уделов. 1904. С. XVI.

2 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 23–25; Он же. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1954. С. 17–20.

3 Махмұдов М. Стерлибашево. горжусь твоей судьбою! Уфа: Белая Река. 2000. С. 35.

4 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXX.

Орхон өзеніндегі ежелгі түрік ескерткіштерін алған ашқан Н.М. Ядринцевтің (1842-1894) Шоқан туралы мынадай сөздері бар: «Бет пішиңі қазақта тән келбетімен, жіңішке мұртымен ол моңгол текстес үсқынсыз емес еді, жүзі жылты, білімді қытайды еске салатын. Есесіне сымбатты тұлғасымен, мәнерімен ерекше көрінетін; мінез-құлқы қыздай сипайы, самарқау қымылты еуропа сибариты мен сәнқой денди ді елестеді. Осының бәрі жақсы асер қалдырады, қысқы; көздері шоқтай жаңып, ақыл-оый үшқындаң тұратын, жіңішке еріндері мысқылмен езу тартқанда, құдды бір Лермонтов пен Чарльз-Гарольдқа тән әлденені еске түсіретін. Сөз тапқыр шешен, байқампаз әрі қуақы мінезінен оның тегінің, сықақшыл қазақтардың ерекшелігін көруге болады, бірақ Үәлихановтың алған білімі осы қабілеттің кемелдене түсүіне ықпал етті. <...> Сонымен қатар бұл ақынжанды әрі шығысқа тән қиялга бай адам еді. оған араб өлеңдері қатты үнайтын және ол ұстазы Костылецкиймен бірге сол өлеңдермен ма-саттанып отыратын»<sup>1</sup>.

Атақты орыс ғалымы, зерттеушісі П.П. Семенов-Тян-Шанский өз естеліктерінде: «Омбыда мені қатты ынтықтырған бір адам Шоқан Үәлиханов еді. <...> Үәлиханов аса қабілетті болғандықтан, Омбы кадет корпусын табыспен аяқтады, кейіннен, Петерборда, менің ықпатьыммен университет дәрістерін тыңдалап, француз және неміс тілдерін жап-жақсы меңгеріп алды, Шығыс тарихы, әсіресе қыргыздармен рулас-тагдырлас халықтардың тарихы бойынша гажап әрудит болды»<sup>2</sup>.

Шыңғыс Уәлиұлы 1847 жылы ұлын өзінің орыс таныстары мен достары К.К. Гутковский, А.А. Сотников және В.И. Дабшинскийдің кеңесі бойынша Батыс Сібірдегі тәуір әрі белгілі оқу орны болып есептелетін Омбы кадет корпусына берген болуы ықтимал. Шыңғыс Уәлиұлы кезінде Батыс Сібір генерал-губернаторлығында түрлі әкімшілік лауазымдарды иеленген және ауылына жиі қонақ еткен бұл адамдармен жақсы таныс болғанын айта кетейік.

1 Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.: Тип. гл. упр. уделов. 1904. С. XXXVI-XXXVII.

2 Семенов-Тян-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 гг. С. 51.

К.К. Гутковский (1815-1867) бір мезгілде Сібір қырғыздары облыстық басқармасының басшысы әрі Омбы кадет корпусында фортификация, артиллерия және тактикадан сабак берді. Г.Н. Потанин ол жайында былай деді: «Гутковский терең және жан-жақты білімді адам еді...»<sup>1</sup>. К.К. Гутковский Шоқанның сабағына көмектесті, оқуға кітаптар беріп, үйіне жиі шақыратын. Гутковский Шоқанның тағдырында маңызды рөл атқарғанын айта кеткен жөн, дәл соның өзі 1858 жылы Ш.Ш. Уәлихановтың Қашғар экспедициясын ұйымдастыруға атсалысты.

Шоқан Уәлиханов қайтыс болғаннан кейін К.К. Гутковский оның еңбектерін жарыққа шығару жөнінде Императорлық орыс географиялық қоғамына ұсыныс жасайды. Алайда, төтеннен келген ажалдан істі аяғына дейін жеткізе алмайды. И.И. Стрелькованың мәліметі бойынша, Гутковский Тезек аулына «Шоқанның ғылыми және әдеби мұрасының соңғы парагына дейін алып кетуді мақсат етіп келгенде, марқұмның қағаздары өте аз болып шықты. Аман қалғанын Гутковский бірден Орыс географиялық қоғамына П.П. Семеновке береді. Қалған қолжазбалары мен хаттары өзінде сақталған. 1920 жылы Гутковскийдің қызы оларды Ғылым академиясының архивіне тапсырады»<sup>2</sup>. КСРО Ғылым академиясының архив материалдарын шолып шыққанда, Ш.Ш. Уәлихановтың қолжазбалары шынында да 1920 жылы архивке қабылданған, 23 қорда сақтаулы және оның Қашғар саяхатына қатысты<sup>3</sup>.

Г.Н. Потанин атап кеткендей, А.А. Сотников та Шоқан Уәлихановтың тағдырына зор жігермен атсалысты: «Корпусқа оқуға түсken алғашқы қыс бойы демалысында шенеунік Сотниковке барып түрді. Сотников қыргыз даласының басқармасында қызмет етті, бұл ориенталист, Қазан университеті шығыс факультетінің студенті, бүтін казак жасагының бастығы ретінде қырга барып жүрді, Шоқан айтқандай бір әдеби газетке «Қыргыз ауылындағы бір күн» мақаласын басып шыгарған. Құсмұрында, Шоқанның әкесі Шыңғыс Уә-

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. IX.

2 Стрелькова И.И. Валиханов. М.: Молодая гвардия. 2004. С. 285-289.

3 Архив Академии наук СССР. Обозрение архивных материалов. Л.: Изд-во АН СССР. 1933. С. 157-155.

лиұлының ауылдында өткен күн сипатталған-мыс. Бұл қабілетті, бірақ асау адам еді, осы мінезі тубіне жетті»<sup>1</sup>.

Атақты қазақ этнографы Э.А. Масановтың ҚР ОМА материалына сүйенген деректері бойынша А.А. Сотников 1812 жылы туған, 1836 жылы Г.Н. Потанин айтқандай Қазан университетін емес, Одесса шығыс тілдері училищесін аяқтаған. 1839 жылы А.А. Сотников өз бастамасымен Омбыға ауысады, мұнда кеңсе хатшысының көмекшісі, әскери бөлім жөніндегі іс басқарушысы және айрықша тапсырмалар шенеунігі лауазымында жұмыс істейді. Қазақ Орынбор қазақтары мен Сібір ведомствосы арасындағы дауды шешүге және шекарасын жүргізуге атсалысады, жеке өзі Көкшетау, Аманқарағай және Үшбұлақ округтарынан жинаған материалдар бойынша қазақ заңдарының жинағын құрастырады, Шыңғыс Үәлиұлы Үәлиханов аға сұltан болған Аманқарағай приказында ревизия өткізеді, шенеунік Барковскийдің ісі бойынша Аманақарағай приказында тергеу жүргізеді және сұltан Кенесары Қасымовқа қарсы әскери жорықтарға қатысады. 1842 жылы А.А. Сотников Шыңғыс Үәлихановтың аулында болып, Одессаға сол жерден «Одесса жаршысына» шыққан «Орта жүздің марқұм болған ханының ұлы сұltан Шыңғыс Үәлихановтың ауылы» атты хатын жазады<sup>2</sup>.

Шоқан Үәлихановты Омбы кадет корпусына орналастыруға В.И. Дабшинский барынша атсалысады. Бұрынырақ түрлі лауазымдағы шенеунік: басында Сібір қырғыздарының шептік комиссиясының губерниялық хатшысы, 1846 жылы Құсмұрын округтық приказының қосшы биі, сосын Сібір қырғыздары облыстық басқармасының титуляр кеңесшісі, аудармашысы болып тағайындалады<sup>3</sup>. Г.Н. Потанин былай еске алады: «Шоқан Омбыға 1847 жылы келді. Оны Шептік басшы, яғни Сібір ведомствосын басқаратын генерал жанындағы қыргызы тілінің аудармашысы В.И. Дабшинский әкеледі. Мен Шоқанды алғаш рет корпусқа түспей

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XIII.

2 Масанов Э.А. Некоторые материалы о Ч.Ч. Валиханове // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. Вып. I. 1964. С. 76-77.

3 Масанов Э.А. Некоторые материалы о Ч.Ч. Валиханове. С. 77; РГИА. Ф. 472. Оп. 35. 13'950.. Д. 3. Л. 42-44.

тұрып, дәл осы Дабшинскийдің пәтерінде көрдім. Қалай болғаны есімде жоқ; бұған дейін мен ешқашан Дабшинскийдің үйінде болған емеспін. Мен бұл уақытта корпуста тұратынын, сондықтан, Шоқан корпуста қалдырган кезде, өзін жалғыз сезінбесін деп адеіті таңдаған сияқты. Шоқан бір ауыз орысша білмейтін, сол кездің өзінде қарындашпен сурет салуды ұнататын; Дабшинский Шоқан Омбыга келгенде салған суретін көрсетті; орыс қаласы балага қатты етпі және онда қала көріністерінің бірі бейнелеген<sup>1</sup>.

Г.Н. Потанин Омбы кадет корпусы туралы былай жазады: «Әскери казак училищесі Шоқан түсер алдында гана қайта құрылған болатын. 1846 жылға дейін бұл казак бурсасы болды; мұғалімдердің, әсіресе тәмененгі сыныптарда урядники; тәрбиеценушілерге дөрекі қарайтын; тәрбиеленушілер ағаш қасық, қалайы табақпен түскі ас ішетін: барлық сынныпта бәрі «осыдан бастап және алі күнге» негізделген; үлгермегені және тентектігі үшін қатты дүрелейтін. Қайта құру Петербордан офицер-тәрбиешілер жіберілген кезден басталды; ескі ыдыс фаянспен ауыстырылды, қасықтары күмістен, тамағы едәуір жақсарды, тәрбиеленушілерге «сіз» деп айта бастады. Бірақ, ең бастысы, реформа сынныптарда жүргізілді; Кавказда сапта қызмет еткен жас артиллерия капитаны Ждан-Пушкин сынныптардың инспекторы болып тағайындалды. Ол мекемеге жаңа рух әкелді<sup>2</sup>.

XIX ғ. екінші жартысында Сібірдегі ең озық оқу орындарының бірі Омбы кадет корпусында, тәрбие мен оқуға қатысты Шоқан Уәлихановқа қатты ықпал еткен педагогтар Н.Ф Костылецкий, Г.В. Гонсевский, К.К Гутковский, К.П. Померанцев және б. Оқудан бос уақытында Шоқан тәлімгерлерінің үйінде жиі болатын, жеке кітапханаларынан кітаптар оқитын, кейіннен қазақтардың тарихы мен этнографиясы бойынша материалдар іздестіру жөнінде өз педагогтарының өтініші мен тапсырмаларын орындаپ жүрді.

Шоқанға жақын оқытушылардың бірі, Қазақ университетінің шығыс тілдері факультетін бітіріп, араб, парсы және татар тілдерін жақсы меңгерген Н.Ф. Костылецкий (1818-

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. VI.

2 Сонда.

1869) болды. Шоқан Уәлихановты соңынан ежелгі жазба ескерткіштеріне қатысты бірқатар мәселелер бойынша белсенді түрде хат алмасатын Петербор университетінің еңбек сінірген профессоры, шығыстанушы И.Н. Березинмен таныстырылған да осы Н.Ф. Костылецкий еді. Академик Э.Х. Марғұланның ойынша, дәл осы «Н.Ф. Костылецкий Шоқан-ның ең жақсы тәлімгері болды. Қатарынан бірнеше жыл бойы үлкен маҳаббатпен қазақ халық эпосын зерттеумен шұғылданды және олардың осы саладагы бірлескен жұмысы өте жемісті болды. Олар бірінші рет «Қозы Қөрпеш пен Баян Сұлудың» ежелгі нұсқасын орыс тіліне лайықтады»<sup>1</sup>.

Г.Н. Потанин де кадет корпусындағы тәлімгері жайында бір ауыз сөз айтпай қала алмады: «Кадеттер үшін Костылецкий маңызды адам еді; ешкімге багынбайтын тәуелсіз мінезі бар, тілге шешен; әдепсіздікке қыршақы мысқылмен жауап беретін; Белинский идеяларына бас ііп, Гогольдің таланттын құрметтейтін; өз шыгармаларында Белинскийдің мақалаларын басшылыққа алатын, соңынан осы үшін корпусқа тексеру жүргізген генерал-инспектордың бірі оны жазғырады»<sup>2</sup>.

Қазақ зерттеушісі Э.А. Масанов Шоқанның үстазының өміріндегі соңғы жылдардағы жағдайын анықтап зерттейді. Э.А. Масанов Элкей Марғұланның тұжырымына күмән келтіріп, «Н.Ф. Костылецкий ақырында азаттық идеяларын ашиқ насихаттаганы үшін кадет корпусынан жұмыстан шыгарылып, мұқтаждықта қайтыс болады»<sup>3</sup> дейді. И.Н. Березиннің «Н.Ф. Костылецкий» атты мақаласына сүйеніп, Н.Ф. Костылецкий өмірінің соңғы жылдары басқаша сипатталғанын алға тартады: «Н.Ф. Костылецкийдің ең жақын досы И.Н. Березин 1877 жылы былай жазды, 1857 жылы «ол түрлі жағдайларга байланысты 12 рубль жалақыга түсірілді... оның осы мүшкіл халі үш жылга, 1860 жылға дейін жалғасады. Сол уақытта ол өз пәні бойынша бас оқытушының орны мен бұрынғы сыйыптарын алады. Содан бастап оның жолы болады. 1867 жылы әйелдер гимназиясына орыс әдебиетінің үста-

1 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 36.

2 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. VII-VIII.

3 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 37.

зы, ал 1869 жылы прогимназияда татар тілінің оқытушысы болады. Дәл осы жыл оның өмірінің соңғы жылды еді<sup>1</sup>.

Әлкей Марғұланның ойынша, «Н.Ф. Костылецкийден кейін Шоқанның өй-өрісінің кеңеюіне ықпал жасаған педагог, тарих пәнінің оқытушысы, гылыми қызметкес дайындалып жүрген аса білімді адам – Гонсевский еді»<sup>2</sup>. Г.В. Гонсевский Минск губерниясының дворяндар әuletінен, Виленск университетінде оқыған, ал 1849 жылы Қазан университетінде аяқтаған. 1850 жылдың 12 тамызында Сібір кадет корпусына саяси тарихтан сабак беретін аға оқытушы болып қызметкес тұрады<sup>3</sup>. Г.Н. Потаниннің айтуынша, «бұл көп оқыған ұстаздарымыздың бірі еді; көптеген кітаптар жаздырып алып, өз гылымын зерттеп журді, сірә, шалғайдагы орташа оқу мекемесінде сабак бергеннен ғорі, байсалды мамандыққа дайындалып жүрген болар»<sup>4</sup>.

Шоқан Үәлихановтың кадет корпусында оқыған жылдары білім алу жағынан да, тұрмыс жағынан да мазмұнды да жемісті болды. «Шоқан тез дамыды, орыс жолдастарын басып озды. Жексенбі күндері туыстары мен таныстары бар кадеттерді қалага жіберетін. Шоқанның қалада не туысы, не танысы болған жоқ. Қыргыз баласына көп адамдар назар аударды, оның қабілеттілігі сондай, тіпті оқуга түспестен бүрын сурет сала бастаған еді. Сондықтан, осындай ерекшелігін бағалағандар, оны өздерімен бірге ала кететін», – дейді Г.Н. Потанин<sup>5</sup>.

Табиғатынан дарынды, басқа кадеттерден ерекшеленіп тұратын төрелер түқымын көрген оқытушылар жексенбі сайын Шоқанды өз үйлеріне шақыратын. География мен геодезиядан сабак беретін К.К. Гутковский Шоқан Үәлихановты Омбының атақты адамдары жиналып жүретін Капустиндер отбасымен таныстыруды. Г.Н. Потанин: «Гонсевский кеткен соң, корпусstagы соңғы жылды Шоқан сібір шенеунігі Капустин отбасымен туыстығы бар Гутковскийдің үйіне баратын болды. Осы екі үйде Шоқанның мектептен тыс-

1 Масанов Э.А. Некоторые материалы о Ч.Ч. Валиханове. С. 77.

2 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 35.

3 Вибе П.П., Михеев А.П., Пугачева Н.М. Омский историко-краеведческий словарь. М., 1994. С. 63.

4 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. VIII.

5 Сонда. С. XII.

өмірі аяқталды. Капустиннің үйінде көптеген бойжеткендер болатын, сондықтан жастарды осы жағы еліктірді. Бұл омбылық таңдаулы зияттылардың шағын клубы еді, ал оның жарық жүлдізызы Карл Казимирович Гутковский болды. Мұнда Омбының алдыңғы қатарлы жастары жиналатын; бірде-бір жолаушы осы үйде болмай кетпейтін<sup>1</sup>.

Г.Н. Потаниннің басқа бір мақаласында Шоқанның орыс ортасымен қарым-қатынасы туралы қызықты мәліметтер бар: «Өзара туыс болып келетін Капустиндер мен Гутковскийлер отбасы Омбы зиятты қауымының орталығы болды, білімді шенеуніктер мен жас офицерлер осы екі үйде жиналатын; Бас штабтың офицерін, суретшіні немесе әдебиетші шенеунікті, Орталық Азияга бара жатып жолай Омбыға соққан саяхатшы ғалымды, болмаса «еріксіз жиһанкез» ретінде тап болған ақынды осы жерден кездестіруге болады. Шыңғыс құлтанның ұлы Шоқанды Гутковскийдің отбасы өз ұлындағы қабылдады, бұл, құдды, осы екі отбасы, бірі орыс – Гутковскийлер және қыргыз – Уәлихановтар туыстасып кеткендей көрінетін»<sup>2</sup>.

Капустиндер отбасының бәйбішесі – Екатерина Ивановна – орыстың көрнекті ғалыми, химик Д.И. Менделеевтің туған апасы болатын. Екатерина Ивановнаның ері – Я.С.Капустин – Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесшісі және К.К. Гутковскийдің қайын атасы еді. Шоқан 1861 жылы Петерборда болған кезінде Д.И. Менделеевпен кездескен-ді. Кездесу, біріншіден, Ш.Ш. Уәлиханов оның көптеген туыстарын Омбыдан танитындықтан және Екатерина Ивановна оны өз үйінде үнемі жылы қарсы алып жүргендіктен достық сипатта өткен сияқты. Ш.Ш. Уәлихановтың профессор А.Н. Бекетовқе 1861 жылдың 2 қаңтарында Сырымбеттөн жіберген хатында мынадай сөздер бар: «Дмитрий Ивановичті көргенде менің сәлемімді жеткізерсіз»<sup>3</sup>.

Г.Н. Потанин Капустиндер жайында көп жазды: «Омбыда қаланың ішкі өмірі үшін маңызы зор Капустиндер үйі болды. Осы үй жайында География қоғамы Петерборда басып

1 Сонда. С. XIII–XIV.

2 Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича... С. 77–78.

3 Письма Чокана Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. V. Алматы. 1985. С. 147.

шығарған, Шоқан Үәлихановтың шығармалар жинағының алғысөзі ретінде Н.И. Веселовский кіргізген Шоқан Үәлиханов туралы биографиялық мақаламда да айтып өткем. Капустин Батыс Сібір Бас басқармасы кеңесшілерінің бірі, демек, Омбыдағы көрнекті шенеуніктің бірі. Ол екінші рет үйленген әйелімен тұратын, екі әйелінен балалары болды. Осы үйдегі ең тартымды тұлға Капустиннің әйелі, тұмысында Менделеева Екатерина Ивановна болатын. Петрашыл Дуров оған аса зор құрметпен қарап, оны «әулие адам» дейтін. Үй ішін жылтырыққа бөлейтін... мұнда білімді, қызықты және либералды қогам жиналатын. Бұл үй Омбыдағы қогамдық пікірдің қалыптасуына зор ықпал етті. Мен Капустиндер үйіне болған емеспін, бірақ үйдің тынысын сезетінмін, оның үстінен, бізді байланыстырып тұрған, бірде Капустиннің, бірде Гутковскийдің үйінде кезектесе түскі ас ішіп жүретін Шоқан болды»<sup>1</sup>, – дейді Г.Н. Потанин.

Григорий Николаевич Потанин бірқатар хаттары мен түрлі шығармаларында Шоқанның Омбыдағы кезеңін сипаттаپ өткенін айта кетейік. Соның бірінде былай жазады: «Ақыры, ол кадет корпусындағы соңғы жарты жылда полковник Гутковскийдің отбасына қабылданады. Осы таныстықтың арқасында, Шоқан орыс құрдастарына қарғанда тез дами бастады, өз идеяларымен өзінен екі жас үлкен бүкіл сыныпты басып өзды. Эсіресе, оның дамуына, жалпы бүкіл тағдырында зор ықпал еткен Гутковскийлер мен оларға түйс бол келетін Капустиндер (әйелдері сібірдің Менделеевтер зулетінен) отбасы болды. Бұл сол кездегі Омбының ең білімді отбасылары болатын; осы үйлерде ең білімді жастар жиналатын. Бірде бір саяхатшы галым осы үйлерге соқпай кетпейтін...»<sup>2</sup>.

Я.С. Капустинның ұлы, Қазан университетінің түлегі Семен (1828-1891) де Шоқанмен достық қарым-қатынаста болды. Бұл жайлы С.Я. Капустиннің өзі былай деп еске алады: «Менің багыма оның қогамдық (тар магынада) өмірін, оның үй ішіндегі тұрмысын, оның өз достары, әріптестері мен таныстары арасындағы таза адами қарым-қатынасын білген-

<sup>1</sup> Потанин Г.Н. Омский кружок [и новые веяния] // Ватиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1965. С. 651.

<sup>2</sup> РГАЛИ. Ф. 395. Оп. 1. Д. 322. Л. 13 об.-14.

діктен, ол туралы жазу бүйірды. Менің ойымша, Шоқан өте тартымды, тіпті бет әлпеті таза моңгол тектес болғанына қарамастан сұлу болды деп айтар ем... оның бойындағының бәрі сымбатты болды, өзіне тартатын... Онымен сөйлемескенде алдыңызда қыргыз тұрғанын ұмытып кетесіз. Шоқан Үәлиханов – бүкіл жүріс-тұрысымен өзін бауырым деп атауга еріксіз баурайтын. Мен Шоқанды кездестірдім, жан-жақты білімді адам таптым...<sup>1</sup>. Шоқан Үәлихановты жақсы білетін, омбылық ортасынан танитын адам ғана осылай жазады деген М.М. Громыконың пікірімен келісуге тура келеді<sup>2</sup>.

Капустиндер үйінің омбылықтарға ықпалы туралы айтқанда, осы отбасының Менделеевтерден мұраға қалған кітапханасы жайында айтпауға болмас, оны Г.Н. Потанин де еске алады: «...Менделеевтердің әкесі Тобылда қызмет етті, Сібірде оның ең үлкен жеке кітапханасы болды»<sup>3</sup>. Эрине, Шоқан көркем және ғылыми әдебиеті, мерзімді басылымдары мен басқа да бағалы кітаптары бар осы кітапхананың қорын пайдалана алды. Капустиндер үйінде декабрист И.А. Анненковтың қызы О.И. Иванова мен оның күйеүі, әскери инженер К.И. Ивановпен танысты. Шоқан Үәлиханов Омбыда (1854-1855 жж.) каторга жұмысынан босанғаннан кейін Капустиндер мен Ивановтардың үйіне жиі келетін петрашевшіл-жазушы Ф.М. Достоевский мен ақын С.Ф. Дуровпен кездескенін атап өтейік.

С.Ф. Дуров (1816-1869) Ресейдің озық ойлы адамдары кіретін Петрашевский үйірмесінің мүшесі болды. Петрашевский үйірмесіне қатысқаны үшін С.Ф. Дуров тұтқынға алынып, кейіннен екі жыл солдат болып, Сібірге айдалған төрт жылдық каторгамен ауыстырылған өлім жазасына кесіледі. С.Ф. Дуров 1849 жылы Ф.М. Достоевский және басқа да петрашевшілдермен бірге Омбы каторга абақтысына жабылды. Көкшетаудағы Жеке Сібір корпусының үшінші желілік батальонында бір жыл солдат болғаннан кейін С.Ф. Дуров денсаулығына байланысты Сібір қырғыздарының

1 РГИА. Ф. 853. Оп. 2. Д. 179. Л. 25-27.

2 Громыко М.М. Чокан Валиханов и дом Капустиных // Сибирские знакомые и друзья Ф.М. Достоевского. 1850-1854 гг. Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние. 1985. С. 155.

3 Потанин Г.Н. Омский кружок [и новые веяния]. С. 651.

Омбы облыстық басқармасына азаматтық қызметке ауыстырылды. Қатарына Шоқан Үәлиханов та кіретін Сібір зиялы қауымы жиналатын Омбыдағы Капустиндер мен Ивановтардың үйінде Шоқан петрашевшіл Дуровпен танысты. Г.Н. Потанин: «Достоевский дің қамауда бірге болған жолдасы Дуров та «Өлі үйдегі» өз мерзімін өтеп шықканнан кейін еркіндікке шығып, Ресейге оралу құқығынан айрылып, Омбыда тұрган кезінде Капустиндер үйіндегі кештердің тұрақты қатысушысы болды»<sup>1</sup>.

Үәлиханов пен Дуровтың таныстыры достыққа ұласты, зерттеуші М.И. Фетисовтың ойынша «олардың достығы идеялық көзқарастарының ортақтығында, қазақ халқының өміріне деген қызығушылықтарында жатты. Белинский мен петрашевшілдер бекіткен ұлтаралық достықтың дәстүрінде тәрбиеленген Дуров Шоқан Үәлихановты лайықты бағалаій білді, ал Шоқан құғындағы ақынның бойынан беделді ұстаз берілгенде көрді»<sup>2</sup>.

Күнделікті өмір мәселелері туралы сырлы сұхбаттар Ш.Ш. Үәлиханов пен С.Ф. Дуровты жақыннатқан болуы ықтимал. Петрашевшіл Дуров батыл көзқарасты ұстанғандықтан, бұл Үәлихановтың дүниетанымына ықпал етпей қоймады. Сергей Федоровичтің Көкшетауға қонаққа шақырылуы арадағы жақын жолдастық қарым-қатынастың айғағы. Олардың қарым-қатынасын сипаттай келе Г.Н. Потанин: «Дуров Шоқанга қатты ықпал етті. Ол жайында Шоқан гажап идеялардың адамы деп, қалай да екеуімізді жолықтырмақ болды»<sup>3</sup> дейді.

1857 жылы Г.Н. Потанинді петрашевшіл С.Ф. Дуровпен таныстырған дәл осы Шоқан болатын. Бұл жөнінде Григорий Николаевич былай еске алады: «Бір күні Шоқан маган келіп, Дуровқа жолықтыратының айтты. Біз жүріп кеттік. Шоқан мені Дуровпен таныстыруды, бірақ, өзі ол жерде ұзақ уақыт қала алмай, сол күні таңертең болған күлкілі жағдайды айттып беріп кеттің қалды. Дуровтың жанында кешке дейін болдым. Ол маган қатты әсер етті, нағыз төңкеріс болды. Бұрын бірде бір адам маган олай әсер етпеген-ди. Басқа

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XIV.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана.... С. 263.

3 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXIV.

адамның сезімімен ойнамай, абаилап және адамгершілікпен қараганы, бірден осы адамга деген сенім ұлатты. Менің алдында 45 жастан асқан, ауру әбден мендең, жартылай өлікке айналған, тек екі көзі гана жылт-жылт еткен адам тұрды. Оның үстіне, Ресейдің болашағы мен адамзаттың да мұнына сенетін өз сенімімен де әсер етті. Мен одан Шоқанның мудделесі болып шықтым да арамыздагы дау-шар тоқтады. Бұл кеш Шоқанның емес, менің өмірімінің бір парасы болса да, оны келтіріп отырган себебім, Дуров, сөзсіз, Шоқанның тәрбиесіне де зор ықпал етті. Бір кештің өзінде менің өзіме соншалықты әсер қалдырыды; Шоқан болса бір жылдай үақыт үнемі соның ықпалында (Дуровтың түрмеден шыққан сәтінен Омбыдан кеткенге дейін) жүрді<sup>1</sup>.

Г.Н. Потаниннің С.Ф. Дуровтың саяси көзқарастары туралы айғақ беретін басқа да естеліктері бар: «Әңгіменің ауыны Сібір әкімшілігінен енді мен үшін орыс тарихының ең даңқты беттері деп ойлаган отызжылдықтың (Бірінші Николай патшалық құруы – Ж.Е.) жаңа аяқталған ішкі саясатқа ауысты. Дуров, әрине, осы отызжылдықтың мәні туралы басқа пікірде еді. Ол асығыс, шабыттана сөйлемді... <...> Енді гана отыз жылды өткен режимнен қысым көрген адамның қызыу қарсылығын тыңдауга тұра келді және егер бұл дер үағында тоқтамаганда, дәл сол көшкіннің астында менің де қаларымды түсіндім. Тарихтың осы бір даңқты беттерін әшкерелеу Дуров екуіміздің әңгімеміздің басында болғанда қалай қарап едім, білмеймін, алайда, қазір, кеш аяғына қарай мен басқа тақырыпқа оңай ауыстым, өйткені мен бұрын дұрыс көрген және оны теріске шығарудың арасында, енді жүргіме жақын сезінген прогресстің апостолы тұрған еді<sup>2</sup>. 1913 жылы Томскінің «Сібір өмірі» газетінде Потанин: «Шоқан таныстырылған петрашевшіл Дуровпен кездесуден кейін, мен өзімнің саяси пікірімді өзгерттім <...> мен петрашевшіл бол шыға келдім» деп еске алады<sup>3</sup>.

Академик В.А. Обручев бұл жөніндегі ойын былай білдіреді: «Ол Николай режиміне жан-танімен қарсылық көр-

1 Сонда. С. XXIV-XXV.

2 Потанин Г.Н. Встреча с С.Ф. Дуровым // На славном посту (1860-1900): Литературный сборник, посвященный Н.К. Михайловскому. СПб.: Типография Н.Н. Клюбукова. 1901. С. 263-264.

3 Попов И. Воспоминания Г.Н. Потанина // Голос минувшего. 1913. № 9. С. 275.

семін, сол үшін ауыр соққы алған Дуровтан нағыз патриотты көреді. Потанинның жалғыз Николайга ғана емес, жалпы монархизмге деген көзқарасы өзгерді<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов, С.Ф. Дуров және Г.Н. Потанинның өміріндегі осы және басқа да деректер жер аударылған петрашевшілдің Шоқан Шыңғысұлы мен оның досы Григорий Николаевичтың идеялық-мәдени дүниетанымының дамуына ықпал еткенін білдіреді.

Ш.Ш. Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусындағы оқу курсын аяқтаған соң, кавалерияға қабылданып, корнетке көтерілді және Сібір желілік казак әскеріне қызметке алынды. Архивтерде осы деректер туралы құжаттық айғақтар бар. Бірінші Николайдың оған корнет атағын беру туралы жарлығы сакталған. Сонымен бірге, онда: «Біздің, Сібір кадет корпусының тәрбиеленушісі Шоқан Уәлихановты бір мың да сегіз жұз елу үшінші жылдың сегізінші қарашасында Корнеттер қатарына аса рақыммен қабылдаганымыз және жария салғанымызды бәрі білсін, бәріне айтамызың және солай болмақ... Адал әрі рақымды Офицерге тән қасиетпен, Біз тарту еткен шенге адаптация әрі ұқыпты болады деп сенеміз»<sup>2</sup>. Әскери министр, генерал-адъютант кінәз Долгоруков Сібір қырғыздарының шептік басқарма бастығына жазған хатында «Сібір кадет корпусы эскадронының тәрбиеленушісі, қыргызы султаны майор Уәлихановтың ұлы, 5-ші жалпы сыныптың гылымдар курсын аяқтаған және емтихан бойынша лайық деп танылған Шоқан Уәлихановты кавалерияға қабылданып, корнетке көтерілгені және ережелерге сай Сібір желілік казак әскеріне оқуын бітіріп нағыз әскери қызметке офицер бол тағайындалғаны туралы Ұлы мәртебелі императорымыздың мұрагері ханзадамыздың назарына жеткіземіз»,<sup>3</sup> – дейді.

Ресей әскери-тариҳ архивінде «Сібір кадет корпусы эскадронының тәрбиеленушісі Шоқан Уәлихановты 1853 жылы 23 қазанда корнетке көтеру туралы Аса жоғары әмірі туралы Әскери министрліктің Инспекторлық департаментінің Әскери министрліктің Әскери қонысы департаментіне қа-

1 Обручев В.А. Григорий Николаевич Потанин. Жизнь и деятельность. М.-Л.: АН СССР, 1947. С. 39.

2 Санкт-Петербургский филиал архива РАН. Ф. 23. Оп. 1. Д. 19. Л. 24.

3 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 2812. Л. 1-2.

тынасы» атты іс бар»<sup>1</sup>. 1853 жылғы 19 желтоқсанда Омбыда корнет Шоқан Үәлихановты әскери штабқа іссапармен жиберу туралы Сібір желілік казак әскерінің бүйрығы шықты<sup>2</sup>. Ресей империясының сыртқы саясат архивінде (РИССА) штабс-ротмистр Ш.Ш. Үәлихановтың қызметі мен атағы туралы формуляр тізімі бар, онда: «Бір мың да сегіз жұз елу үшінші жылдың сегізінші қарашасында, тұмысынан он сегіз жастағы... Сібір кадет корпусы тәрбиеленушісінен корнетке көтеріліп, кавалерияга қабылданып, Сібір желілік казак әскерінің қызметіне кіресті»<sup>3</sup>. Ары қарай формуляр тізімінде былай жазылған: «1856 жылғы 25 наурызда қызметі бойынша үздік болғаны үшін поручикке көтерілді. 1858 жылы 1853-1856 жж. согыстың естелігі ретінде Владимир лентасындағы қола медальмен марараптатды...»<sup>4</sup>. Омбы қаласында оқыған және қызмет еткен жылдардан естелік ретінде аса көрнекті отандасымыз Шоқан Үәлихановтың құрметіне аталған көшеге қола мүсіні қойылды. Постаментінде: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтан Омбы қаласына тарту. 2004 жыл».

1 Российский государственный военно-исторический архив (далее – РГВИА). Ф. 395. Оп. 45 (1853 г.). Д. 105. Л. 2-2 об.

2 ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 2949. Л. 267.

3 АВПРИ. Ф. Департамент личного состава и хозяйственных дел. Оп. 404. Д. 554. Л. 5 об.

4 Сонда. Л. 6.



*Бар майдандың дүрүс, дән*

### III ТАРАУ

## Омбыңағы әскери қызметі. Ш.Ш. Уәлихановтың әскери экспедициялары

### 3.1. Генерал-губернатордың адъютантты. Орталық Қазақстан, Жетісу, Ыстықкөл және Құлжық экспедициялары

Офицер Ш.Ш. Уәлихановтың мансаптық өсүін бізге жеткен архив құжаттарынан байқауға болады. 1854 жылғы 6 наурызда Ш.Ш. Уәлиханов формуляр тізімінен көргеніміздей, «Жеке Сібір корпусы командирінің өкімі бойынша жеке Сібір корпусының бастығы, генерал-лейтенантты Яковлевтің жаңындағы адъютант лауазымына тағайындалды»<sup>1</sup>. Ал 1854 ж. 17 қазанда ол «осындағы өкім бойынша жеке Сібір корпусының командирі, инфanterия генералы Гасфорпттың жаңындағы осындағы лауазымга тағайындалды»<sup>2</sup>. Қызметтік құжаттарда жас офицердің ке-

1 РГИА. Ф. 1343. Оп. 18. Д. 125. Л. 47; АВПРИ. Ф. Департамент личного состава и хозяйственных дел. Оп. 404. Д. 554. Л. 6 об.

2 Сонда. Л. 47-48.

лесідей мінездемесі ұсынылған: «Үәлихановтың ұлы поручик Шоқан Үәлиханов. Кавалерия құрамында тұрады. Жиырма бір жасында. Қазақтың Орта жүз сұлтандарынан. Мұсылман. Жауга қарсы жорықтар мен істерге қатыспаган. Осы міндеттеріне қоса, аса Жоғары мәртебеліммен өз бастығы тарапынан айрықша тапсырмалар алмаган. 1856 жылы 25 наурызда қызметте үздік болғаны үшін поручикке көтерілді. Басшылықтан ордендер, айрықша белгілер, аса жоғары ізгіліктер, аса рақымды рескриптер мен мадақтау қағаздарын алмаган. Сотты болмаган. Демалыс алмаган. Сот бойынша және сотсыз айыпты болмаган, сондай-ақ тергелмеген. Мерзімін өтеп болмаса да, айрықша белгімен марапаттауга кедері болатын жағдайлар ұшыраспаган. Бойдақ»<sup>1</sup>.

1854 жылғы қазанда Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортың адъютанты қызметін бастарда, Ш.Ш. Уәлиханов бір мезгілде айрықша тапсырмалар жөніндегі офицер ретінде Сібір қырғыздары облыстық басқармасының бастығы, полковник К.К. Гутковскийдің экспедициясының құрамында Қапал бекінісіне барады. Келер жылы Орталық Қазақстан, Жетісу мен Тарбағатайға саяхат шекті. Оның сапары Омбы арқылы Семейге, ары қарай Аягөзге, сол жерден Қапал арқылы Іле Алатауына жалғасты. Ш.Ш. Уәлихановтың саяхаты Омбы-Семей-Қапал-Верный маршруты бойынша Семей облысын инспекциялау жөнінде Г.Х. Гасфортқа еріп жүрген 1855 жылғы жазда басталды. Жетісуда қалған Ш.Ш. Уәлиханов Ұлы жүздің қазақтары мекендерген осы өлкे тура-лы мәліметтер жинады, сондай-ақ Ыстықкөл қырғыздарының тарихы мен мәдениетін зерттеді. Ұлы жүздің қазақтары 1840 жылдары-ақ Ресей бодандығын қабылдаған-ды, мұнда Қапал бекінісі салынды, ал Солтүстік Қырғыз бен Тянь-Шань тауларында көшіп-қонып жүрген қырғыз рулары Ресей бодандығын енді қабылдамақ еді.

1855 ж. күзде Ш.Ш. Уәлиханов Жоңғар қақпасына, Алакөл мен Тарбағатайға, сосын Қарқаралы-Баянауыл-Көкшетау маршруты бойынша Орталық Қазақстанға саяхаттап Омбыға оралады. Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеев, «1855-1856 жж. қыста өзінің қызметтік міндеттерін ұқыпты атқара

<sup>1</sup> Сонда. Л. 45-49.

жүріп, Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша түрлі де-реккөздерді зерттеумен шұғылданады, шежіре құрастырады, қазақ хандары мен сұлтандардың генеалогиялық кестесін жасап, өзі жинаған Ұлы жүз қазақтарының мақал-мәтедерін орыс тіліне аударады, Ұлы жүзді басқарудың жаңа жүйесінің жобасын әзірлеуге көп уақытын арнайды<sup>1</sup> деп орынды ескерtedі. Саяхаттан оралған Ш.Ш. Үәлиханов жиналған материалдарды жинақтаумен шұғылданады, сондай-ақ өз басшылығының тапсырмасымен Сібір қырғыздары шептік басқармасының архивінде жұмыс істейді. Омбыда қазақтар тарихы бойынша аяқтай алмаган кітабының мәтінін дайындаі бастайды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорт үшін Ұлы жүз қазақтарын басқару жобасын әзірледі, Сырдaryaдағы Перовск фортынан (бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда) бастап Іле өлкесіндегі Верное (Алматы) бекінісіне дейінгі орыс шептік желісіндегі жағдайға егжей-тегжей шолу жасайды. Жоғарыда атап өткендей, 1856 жылғы 25 наурызда үздік қызметі үшін Ш.Ш. Үәлиханов поручикке көтеріледі, ал сол жылдың 26 тамызында 1853-1854 жж. согысты еске алуға орай Владимир лентасындағы қола медальмен марарапатталады. Г.Н. Потанин бұл уақытты былай еске алады: «Ол маган басында полковник Гутковский өзіне жүктеген қызықты жұмыс тауып берді. Бұл облыстық архивтен бірінші актілері ХVІІІ ғасырдың жартысына жаттыын үзінді көшірмелер. Архивте орыс шекара басшыларының қырғыз ру басшылары мен көрші Жоңгар хандығының кінәздарымен қатынасы, сондай-ақ Сібір мен Жоңгар хандығының қалалары арасындағы сауда туралы қызықты мәліметтер көп. Мен көшіріп алып, оларды Шоқанга табыстадым, ал Шоқан Гутковскийге апарып берді<sup>2</sup>.

Бұғы руынан шыққан қырғыз манабы Бұрымбайдың Ресей бодандығын қабылдау туралы өтінішіне байланысты, 1856 жылы көктемде поручик Ш.Ш. Үәлиханов Солтүстік Қырғыз аумағын, Ыстықкөл бассейнін зерттеп, қырғыздарға ант бергізу үшін полковник М.М. Хоментовскийдің әскери-ғылыми экспедициясына жіберілді. «Қырғыздар ту-

1 Сулейменов Р.Б.. Мойсеев В.А. Выдающийся казахский ученый.... С. 6.

2 Потанин Г.Н. Чокан Валиханов. его жизнь и служба в Омске // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1965. С. 340.

ралы жазбалар» атты жұмысында Ш.Ш. Үәлиханов экспедицияның белгіленген мақсаты туралы жазды: «Жабайы тас қыргыздарының өтініші бойынша ант бергізіп, Ыстықкөлді картага түсіру үшін подполковник Хоментовский приставтың басшылығымен казак жасағы тағайындалды. Экспедиция екі ай бойы көлдің солтүстік шығысынан бастап Ақсу және Зәукі өзендеріне дейін шолып шығып, жергілікті жердің екі шақырымдық масштабтағы жоспарын түсіріп үлгереді. Біз осы экспедиция құрамында болу құрметіне ие болып, жабайы тас қыргыздарының арасында екі ай бойы олардың аңыздары мен тілін зерттей жүріп түрлі жақсы мәліметтер жинап үлгердік»<sup>1</sup>.

Ш. Ш. Үәлиханов «Жоңғар очерктері» еңбегінде де бұлай деп жазады: «Саяхатымды жүріп өткен жердің ерекшелігі бойынша екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең Жоңгарияга, яғни Жетісү, Иле өлкесі мен Ыстықкөлге дейінгі сапарымды қамтиды. Бұл жерлердің табиги сипаты Сібір штабы түсірген деректер бойынша жақсы таныс әрі Шренк, Влангали, Семенов және Голубевтер ғылыми тұрғыдан зерттеген еді. Дегенмен, бұл хабарлар физикалық география пәндерімен ғана шектелген және этнографияга түк қатысы болмады. Мен Жоңгарияда алғаш рет 1856 жылы болдым, полковник Хоментовскийдің Ыстықкөлге жасаған бірінші экспедициясына қатыстым. Сосын Құлжада үш ай тұрдым. Жоңгарияда бас-аяғы бес ай болып, бұл өлкені олай да бұлай, Алакөлден Тянь-Шаньга дейінгі аймагын түгел көріп шықтым, ал Тянь-Шаньга сол жылы Жыргалаң өзенімен көтерілдім»<sup>2</sup>.

1959 жылы қырғыз ғалымы С. Өмірзақов Орта Азияның әлі зерттеле қоймаған аумағына жасаған осы экспедицияға ғылыми баға бере отырып: «Қыргызданды географиялық зерттеудегі Үәлихановтың еңбегі жаңа кезеңнің зерттеушілерінің ішінен алғаш болып Тянь-Шаньның бүкіл жүйесін солтүстігінен оқтустігіне дейін кесіп өткендігін-

1 Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 304.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 45-46.

де, елдің саяхатшыларға әлі белгісіз іштегі жабайы аймақтарын жүріп өтіп, гылым әлемін оның табиғатымен, халқымен таныстырыды<sup>1</sup>.

М.М. Хоментовскийдің экспедициясы ғылымидан басқа қырғыз рулатының бір бөлігін Ресей бодандығына қабылдауға байланысты дипломатиялық мазмұнға да ие болды. Қырғыз зерттеушісі Ч. Түрдәлиеваның ойынша, «1856 жылы Ыстықөл маңында атақты саяхатшылар, орыс гылымының өкілдері П.П. Семенов-Тян-Шанский мен Ш.Ш. Уәлиханов болып қайтты. Егер П.П. Семенов-Тян-Шанский 1856-1857 жж. Солтүстік Тянь-Шанга жасаган саяхатында казактар жасагы саяхатши галымга тек қана еріп жүрсе, Ш.Ш. Уәлиханов Ресейдің жаңа бодандары, қыргыз-бұғыларды қолдау мақсатында Ыстықкөлге жасаган алғашқы орыс экспери-ғылыми экспедицияга қатысты. Ш.Ш. Уәлихановтың 1856 жылы Ыстықкөлге сапары қарсаңында Ресей бодандығын қыргызыңың жалғыз руы – бұғылар гана қабылдаган болатын»<sup>2</sup>.

Шоқан Уәлиханов Хоментовскийдің экспедициясы арқылы Ыстықкөлмен және атақты Тянь-Шанмен алғаш танысты. Экспедиция алдымен Алакөлдың бойымен өтіп, сосын Жонғария, Іле Алатауы, Ыстықкөл мен Орталық Тянь-Шань шындары болды. Ш.Ш. Уәлиханов Жетісу мен Ыстықкөлдің тау жыныстарын, өсімдік және жануарлар әлемін зерттеді, Ыстықкөлдің топографиялық түсіріліміне қатысты, гербарий жасап, орнитологиялық және энтомологиялық коллекциясын жинағы. «Мен Ыстықкөлде кішігірім орнитологиялық және этнологиялық коллекция жинадым. Бұл жыныстық мен жоқта таныстарым арқылы Дрезденге жіберілген болатын, алайда бұл жөнінде әлі хабар алғаным жоқ»<sup>3</sup>, – деп жазды Ш. Уәлиханов.

Уәлиханов «Ыстықкөл сапары күнделігінде» болған жерлерін егжей-тегжей суреттеп береді. Алдымен ол Семей облысының аумағын сипаттайды: «...18 сауірде Семейден Аяғөзге аттандық. Аяғөз шағын станция, найман рулатын басқаратын округтық приказ да сонда. 1824 жылы құрылған. Мен

1 Үмүрзаков С. К 100-летию Кашгарского путешествия Ч. Валиханова // Известия Киргизского филиала географического общества СССР. Вып. 1. Фрунзе. 1959. С. 104.

2 Түрдәлиева Ч. История и культура кыргызов в трудах Ч.Ч. Валиханова. Бишкек:Эркин-Тоо. 2000. С. 51.

3 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 46.

Аягөзді өте жақсы көремін және сүйсінемін, Баян Сұлудың алтын айдарлы Қозы Қөрпешке деген мағаббаты туралы аңыздың оқиғасы осы жерде өткені де бұған аз себеп болмаса керек<sup>1</sup>. Сонымен бірге, құнделіктे Ш.Ш. Уәлихановтың Семей, Аягөз, Лепсі, Ақсу арқылы жүріп өткен жолы да көрсетілген: «Ақсұдан біз Алатаудың қарлы шыңдарын көрдік. Бұл тау сілемдері көгілдір тартып аспанга ұласып кеткендей. Кей жерлерде шыңдар бұлттан асып көрінеді; Қотеріліп келе жатқан күн оларға қызығылт түсті сәуле шашады. Ғажайып көрініс»<sup>2</sup>. Х. Айдарованың ойымен де келіспеуге болмас: «Уәлиханов құнделігінде кездескен өзен атауларын түгел көрсөтіп, олардың ағысы мен таситын уағын сипаттап, ауыл және мал шаруашылығындағы тиімді маңызын егежей-тегжей баяндаган. Геогарфиялық сипаттамасымен қоса жергілікті тұргындардың әңгімесінен тарихи оқиғаларды мазмұндалап, өзен, тау, жер атауларына түсінік береді. Көне заман іздерін мұқият қойын кітапшасына жазып отырған»<sup>3</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың осы сапарын академик Э.Х. Марғұлан да толық сипаттап өткен: «Ыстықкөл алқабына аяқ басқан экспедиция атақты көлдің алғашқы топографиялық картасын жасайды. Планшетке Ыстықкөлдің Қарасенғірден бастап Зәукі өзеніне дейінгі Қашгарга баратын үлкен керуен жолы өтетін солтустік-шығыс және шығыс жағаларын енгізді; Тасма тауы мен Жыргалаң өзенінің алқабын қоса алғанда Ыстықкөлдің солтустік-шығысындағы барлық ағыстары қамтылды. Ары қарай Санташ асуынан Қарқара, Шарын, Шілтік өзендері мен Торайғыр жотасына дейін түсірді. Осылайша, 1856 жылғы жұмыстар алдыңғы жылы Шілтік пен Кеген алқаптарында жүргізілген жұмыстың жалгасы болды»<sup>4</sup>. Э.Х. Марғұлан Ш.Ш. Уәлихановтың Жетісү мен Солтустік Қырғызстанның бұған дейін белгісіз бол келген түсын зерттеудегі үлесі туралы ойын дамыта келе былай дейді: «Оны асіресе Ыстықкөлдегі ертедегі қала мәдениеті, сұландыру жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің

1 Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль (1856 г.) // Ч.Ч. Валиханов. Избранные произведения. Атма-Ата: Казгослитиздат. 1958. С. 236–239.

2 Сонда. С. 243.

3 Айдарова Х.Г. Чокан Валиханов. Атма-Ата: КазОГИЗ. 1945. С. 50.

4 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Атма-Ата, 1961. С. 48.

ескерткіштері, эпиграфика (көне ескерткіш жазулар туралы ғылым) және балбал тастан қатты қызықтырды. Бұл ескерткіштерді зерттеу Үәлихановқа өткен замандарады Ыстықкөл алқабы мен бүкіл Жетісу атырабын мекендереген халықтар өмірінің көрінісін мейлінше қалпына келтіруге мүмкіндік берді»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың өзі бұл туралы былай деп жазады: «Орыс Жоңгариясында көшпелі түрмис анағұрлым басым болғанымен, аз да болса отырықшылық болған; бұл туралы алғашқы тарихи мәліметті, атап айтқанда, Чигу қаласы туралы мағлұматты қытай тарихынан табамыз, бұл қала Ыстықкөлдің шығыс жағалауында орналасқан болуы мүмкін және оны үйсін Күнбіне арнап қытай жұмысшылары салды деп шамалауга болады. Орта гасырларда мұнда, әсіресе, Иле алқабында отырықшылық кең өріс алған. Алмалық (қазір Түркістан қыстасы), Қанақай мен Қайнақ (қазір де бар) және Алмату (қазіргі Верный бекінісі) қалалары саудамен аты шығып, генүа көпестерінің Қытайга және қыпшақ елшілерінің ұлы ханға баратын үлкен жолының бойындағы станциялар қызметін атқарған. Тағы бір айта кететін жай, Азияның бұл бөлігінде несториандық және монофизиттік діни конгрегациялар өте көп болған, ал Ыстықкөлде катаандық картта мәліметіне қараганда, сириялық якобиттердің гибадатханасы болыпты. Христиан дінінің мұнда кең таралғаны сондай, ол бірнеше рет құгын-сүргінге ұшыраған. XVI гасырда Ыстықкөлде бірнеше мұсылман мекендері болған. Бұл мәліметтер мені қатты қызықтырды, екінішке орай, үлкен жаңалық аша алмадым, өйткені, қырғыздар оларды лама храмдары деп қабылдап, гимараттардың аман қалған соңғы қалдықтарын да қираптып үлгерді. 1820 жылы Ыстықкөлде болған бір қытай сол жерден тастан қашалған орасан зор мүсінді көргенін айтты, алайда, мен осы ежелгі тайпаның титтей де ізін ашпадым, бірақ бүкіл Орыс Жоңгариясының отырықшылықтың ізін тауып, халық аузындағы олар туралы аңыздарды жазып алдым, сондай-ақ, ежелгі Алмалықтың қирандыларынан табылған бірнеше алтын заттар мен тыындарды қолга түсірдім»<sup>2</sup>.

1 Сонда. С. 51.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 49–50.

Қазақ зерттеушілері Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің пікірінше «Қыргыз сапары Шоқан үшін гылымы тұрғыдан барынша табысты болды. Күнделіктері, суреттері, коллекциялары қазіргі кезде қыргыз халқының тарихы мен тарихи этнографиясын қалпына келтіретін дереккөздер болып отыр, ал Шоқан Уәлихановтың қазақтың гана емес, қыргыз тарихнамасының да негізін қалаушылардың бірі деп атауга болады»<sup>1</sup>.

Ыстықкөл жағалауын, Тянь-Шанның айбынды шындарын зерттеу, қырғыз халқының материалдық және рухани мәдениетінің сипаттамасы Ш.Ш. Уәлихановтың «Ыстықкөл сапарының құнделігі», «Қырғыздар туралы жазбалар» және «Жонғар очерктері» еңбектерінде көрініс табады. Орталық Азияның осы бөлігін зерттеудегі оның үлесі кеңес авторларының бір мақаласында атап өтілген. «Оның еңбектерінен келесідей: қыргыз тайпаларының құрамы, олардың ішіндеғі рұлары мен рубасылары; әсіресе XIX ғасындағы қыргыздар туралы тарихи деректер, олардың экономикасы (егіншілік, мал шаруашылығы, сауда) туралы және алеуметтік қатынастары; тайпалар арасындағы қарым-қатынастар туралы, қыргыз халқының түрмисі мен құқығы туралы, сондай-ақ қыргыздардың басқа да халықтармен өзара қарым-қатынасы туралы мәселелердің жауабын табамыз»<sup>2</sup>.

«Жонғария очерктері» еңбегінде Ш.Ш. Уәлиханов: «Жабайы тас қыргыздарының шығу тегі мен тарихы қытай және шығыс тархшыларын зерттеумен шұғылданатын ғалымдар үшін әлі күнге шешімін таппаган даулы мәселе күйінде қалып отыр. Дегенмен, басым көпшілігі қазіргі жабайы тас буруттар, аз да емес, көп те емес, өткен гасырдың жонғарлар жаңа қонысқа көшіріп әкелген Енисей қыргыздары, сондықтан оларды Тан династиясының хакастарымен және Юань династиясының киликидзаларымен бірдей деп санайды. Рашид-Эддин өзінің моңголдар тарихында қыргыздарды Бархуджин-Тукум елінде тұратын оңтүстік Сібірдің орман халықтарына жатқызады; Оның және Әбілгазы-

1 Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А. Выдающийся казахский ученый... С. 6-7.

2 Кадыров Ш. Видные ученые о Киргизии (Первые путешественники по Киргизии накануне и в период ее добровольного вхождения в состав России). Фрунзе: Киргизгосиздат. 1963. С. 21.

ның қыргыздар берген Кем-Кемжұт атауы сол кезде осы халықтың қоныстары болуы мүмкін Кем (Енисей) мен Кемчук өзенін еске салады. Сібірді бағындыру кезінде казактар Абакан мен Ұсадан да қыргыздарды тауып, XVII ғ. бастап XVIII ғ. басына дейін үздіксіз согыс жүргізіп келді. Содан бері Сібір жылнамасынан осы халықтың атауы кенеттен жоғалып кетті. Фишер оларды жонгар қонтайшылары көшіріп жіберген және сыйыстарга сүйене отырып, олардың жаңа қонысы Тибет пен Индикуш шекарасының маңы болуы тиіс деп шамалайды. Г. Левшин осы оқиганы тарихқа алғаш енгізген швед офицерлері және оларды көшіру орыс билігі мен жонгар қонтайшысы арасындағы айрықша келісімнің натижесі деп сендіреді. Бірақ қытайлар жабайы тас қыргыздарын буруттар деп атайды және олар қазіргі жеріне Тан династиясы кезінде Буллу немесе Пулу деген атпен Куэнь-Дунидегі өз қоныстарынан көшіп келген дейді»<sup>1</sup>.

Шоқан Үәлиханов осы сапарында алғаш рет қырғыздың «Манас» эпосының үзінділерін жазып алады. Оның күнделігінде тиісті жазба бар: «26 май. Бүгін менде қыргыз жыршысы болды. Ол «Манас» жырын біледі. Жырдың тілі қыргыздардың ауызша сөйлеуінен анағұрлым түсінікті. Манас, жырдың кейінкері – ногай. Бұл поэмада үш халық: ногайлар, қайсақтар (қазақтар – Ж.Е.) және қыргыздар Шуда, Тәшкенде, Іле мен Ыстықкөлде ұшырасып қалады. Олардың жақындасуы мүмкін емес сияқты, олардың көлге келгеніне де өздері айтқандай 70 жылдан ары емес. Жабайы тас ордалықтар ногай аңыздарын біледі; олар Едігені біледі және олардың әңгімесі қыргыздың (қазақтың – Ж.Е.) аңызына үқсас»<sup>2</sup>. «Жабайы тас қыргыздарында... «Манас» бір уақытқа және бір адам – Манас батырдың айналасына шоғырланған қыргыздың барлық миф, ертегі, аңыздарының энциклопедиялық жинағы. Бұл дала Илиада секілді бірдене. Қыргыздардың өмір сүру салты, әдем-ғұрпы, дәстүрі, географиясы, дін және медициналық танымдары мен олардың халықараық қатынастары осы бір ұлы әпопеяда көрініс табады»,<sup>3</sup> – деп қорытады Ш. Үәлиханов.

1 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 65.

2 Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль (1856 г.). С. 258.

3 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 71-72.

Қырғыз жыршысынан жазып алған «Манас» эпосының үзіндісі – «Көкетай ханың өлімі және оның асын» профессор Н.И. Веселовский Петерборда Орыс археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің 1902 жылғы 21 наурыздағы мәжілісінде оқып береді<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов үшін 1856 жыл оқиғаға толы болды, оны коммерциялық қатынастарды реттеу мақсатында Ресей империясының атынан реєсми сенімді өкілі ретінде Қытаймен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға жібереді. Қытайдың Шәүешек қаласындағы орыс факториясының өртенуі осыған себеп. Қытаймен келіссөз жүргізу үшін бастапқыда 1851-1856 жж. Ұлы жұз қазақтарының бас приставы, ал 1856 жылы Алатау округының бастығы болған подполковник М.Д. Перемышльскийді<sup>2</sup> жіберу еди. Алайда, Петербор бастапқы шешімін өзгертуіп, қытай тарапымен келіссөз жүргізу үшін өз өкілі ретінде поручик Ш.Ш. Үәлихановты тағайындаиды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорд полковник Хоментовскийдің Ыстықкөлдегі экспедициясын аяқтап, кері оралуға өкім шығарады.

Шоқан Үәлиханов өзінің «Ыстықкөл сапарының күнделігінде»: «... Ыстықкөлден кетуге бел будым» деп жазады<sup>3</sup>. Бұл 1856 жылдың маусымында Верный бекінісіне оралғанын, сол жерден Құлжаға аттану үшін Қапалға бағыт алғанын білдіреді. Бұны растайтын деректі Ресей Сыртқы істер министрлігінің архив материалдарына сүйеніп, 1856 ж. 17 шілдеде М.М. Хоментовскийге жазған хатын мысалға келтірген Э.Х. Марғұланнан табамыз: «Ыстықкөл жасағы Верный бекінісіне аман-есен кірді. Мен өзім Семей облысының әскери губернаторымен кездесу үшін Қапал қаласына шықтым»<sup>4</sup>.

1856 жылғы тамызда Ш.Ш. Үәлиханов Құлжаға бет алады, онда үш ай тұрады. Ресей Сыртқы істер министрлігінің нұсқаулығында Ресей делегациясының басшысы келіссөздерде басшылыққа алуы тиіс бірқатар кеңестері мен нұсқаулары қамтылған. Бұны Сыртқы істер министрінің 1856 ж.

1 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 670.

2 Центральный государственный архив Республики Узбекистан (далее – ЦГА РУз). Ф. 715. Оп. 1. Д. 17. Л. 147–148.

3 Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль (1856 г.). С. 275.

4 Цит по: Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 55.

23 мамырында Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған хатынан білеміз, онда: «...1) Құлжа басшылығына Батыс Сібір бас басшысының хатымен, сондай-ақ алдағы келіссөзде қалай әрекет етуді түсіндіретін нұсқаулықпен жабдықталған айрықша өкілді Құлжага аттандыру;

2) ...біздің заңды талабымыздан ары қараи да бұлтара-тын жағдайда болуы ықтимал жағымсыз салдарга қытай басшылығының назарын аудару керек, нұсқаулыққа атта-натын өкілдің міндеттерін жазып қою керек: а) жергілікті жағдайды жақсы әрі толық білетін Құлжадагы біздің консул-мен барлығын кеңесіп отырып әрекет ету... б) келген шығын-дар үшін едәуір ақшалай сыйақы төлеуді қатты талап етпеу... өйткені, басты мақсатымыз өз қадір-қасиетімізді достық қалыпта сақтай отырып, қытайлармен арадағы істі бітіру және Шәүешекпен үзіліп қалған сауда қатына-сын жылдам қалпына келтіру... в) ...қытайлардың Шәүешекке сапары туралы ұсынысты, яғни біздің Құлжадагы шенеунік сол іс бойынша анық-қанығын білу үшін Шәүешекке атта-нуынан бас тарту... г) Қытаймен біздің шекара бойынша келіссөз жүргізуін қытайлар талап еткен жағдайда... шене-унік бас тартуға тиіс... оған тек қана Шәүешек ісі тапсы-рылғанын.. басқа келіссөз жүргізе алмайтынын айтуы тиіс.

3) Оның сөзі салмақтырақ әрі магыналы шығуы үшін, оны 1851 жылдагыдаидай, шагын жасақпен бірге аттандыру ке-рек, бірақ бұл жасақ, Құлжадагы келіссөз барысы қалай өрбісе де, қытай бекеттерінің шегінен аттамауы тиіс...

4) Құлжага шенеунік аттандырганнан бөлек және бір мезгілде Қытайдың Сыртқы қатынастар трибуналына Білік етуші Сенаттың атынан хат жазып, онда қытай үкіметінің басты назарын осы іске аудара отырып, қабыл-даган шараларымыз, яғни осы істі бейбіт жолмен аяқтау үшін Құлжага өкіл аттандырганымыз туралы хабарлау ке-рек»!

Ш.Ш. Уәлихановтың осы саяхаты туралы оның 1856 жылдың Құлжага сапары туралы айрықша сапарнама күнделі-гінен білеміз. Автор онда өз саяхатын толық, әр күнін си-паттап жазады: «1856 жылдың 1 тамызы. Қытайдың шептік

1 ЦГА РУЗ. Ф. 715. Оп. 1. Д. 17. Л. 145-147.

бекеті Борохуджир. Жағдай мені Қытайга алып келді. Міне, Қапалдан шыққаным 6 күн болды...»<sup>1</sup>. Ары қарай жолда кездескен елдімекендерді, ландшафт, флора, фаунаны, қытай шекарашибарымен кездесуін сипаттайты: «5 тамызда [1856жг.] Күлжага шықтық. Борохуджирдің бірінші қаралытынан Қүлжага дейін созылып қайырысыз, бос, құмды да拉 жатыр. Біздің басымызга, орыстарға мұндай шөлді мекендеу туралы ой келмес еді, бұл жерде, жер ауып келгендерді қалай жоқшылыққа ұшыратпай орналастыруды білмес едік. Бірақ қытайдың шыдамдылығы бәрін жеңді. Осы кеңістіктің бәрінде көптеген түргындар қоныстанған; 8 қала, бірнеше ауыл бар, жолаушы үйлерге кірмей-ақ, орманнан көрінбей түрган қаланың өңін кіргізіп түрган биік агаштардың, пирамида сияқты теректердің көлеңкесінде демалуга болады. Үйлер саз балшықтан салынған, сырт қараганда үқыпты, көше атымен жоқ, бірақ әр үй бүкіл империяны танытып, оның жинақылығы мен араласпаушылығын сипаттал түр. Эрбір үй бүкіл қала секілді саз қабыргамен қоршалған және өз көрісін көрмей, онымен сөйлеспей үшін қоршап алғандай»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов үкіметтің маңызды тапсырмасын орындауды, соның арқасында шекараның осы бөлігінде Ресей мен Цин империясының арасында қалыпты сауда және достық қарым-қатынас орнайды. А.К. Гейнстиң ойынша, поручик Шоқан Уәлихановтың қызметі Тарбағатай шартын жасасып, Құлжа мен Шәуешекте консулдық ашуға да септігін тигізді<sup>3</sup>. Бұл жерде, сондай-ақ, 1858 жылы 1 (13) маусымда қытайдың Тянь-Цзинь қаласында «Ресей мен Қытай арасындағы өзара қарым-қатынасты белгілеу туралы трактатқа» қол қойылғанын атап өту керек және оның төртінші бабында: «Алдағы үақытта құрылықтарғы саудада адам санаина, ондағы қатысушыларға, әкелінетін тауарлар немесе тұтынатын тауар көлеміне ешқандай шектеулер болмауы туіс»<sup>4</sup> деп жазылған.

Ш.Ш. Уәлиханов өзінің тікелей қызметтік тапсырмала-

1 Валиханов Ч.Ч. Западный край китайской империи и город Кульджа : Дневник поездки в Кульджу 1856 г. // Ч.Ч. Валиханов. Избранные произведения. С. 363.

2 Сонда. С. 355.

3 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. С. 353.

4 Сборник договоров России с другими государствами. 1856-1917. М.: Государственное издательство политической литературы. 1952. С. 51.

рын орындаудан басқа, жергілікті халықтың тарихы мен мәдениетін зерттеді, ал сапарнама күнделігінің дағы матерналдары оны Шығыстың, соның ішінде Қытайдың саяхатшысы әрі зерттеушісі ретінде сипаттайды. Жолында кездескен әр мекенді күнде аса қызығушылықпен сипаттап жазып отырды: «Қытайга тереңдеп кірген сайын қайнаған өмір мен қалың жұртшылық көрінді. Сонымен, енді тура алдымыздан және сол жақтан бірнеше қытай қаласы мен ауылдары байқалды. Солардың бірінің, бұырқанған жасыл бақтарға оранған қала – Қорғастың маңынан өттік. Оң жақта 2 шақырым жерде саяхатшыларға арналған қонақүйі бар Чифанзе қаласын қалдырыдық. Оң жақтан, алыстан тау етегінде көптеген жасыл нұктелер көрінеді: бұл солонғар мен сиболардың ауылы – жоғарғы, орта және төменгі Күпчан болатын. Қорғас осы жедің ең басты қаласы; онда өзін қожырттай деп атайдын сибодан шыққан дағы командирі тұрады, ىзяң-цзюн жанындағы Іледе тұратын бригада генералының амбаню (бағынышты) бойынша үлкені. Ол уш үлкен жеке бақтан, яғни бір-бірінің арасын бір шақырымнан бөліп тұрган форштадтардан тұрады. Чифанзеде бау-бақшалар бар. Сол жерден біздің адамдар алма, шабдалы және түрлі көкөністер сатып алды»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың сапарнама күнделігі Шығыс Түркістандағы қытай провинциялары, халықтық таптық белінісі және басқару жүйесі туралы мәліметтерге толы: «Цзянь-цзюнь сол өлкенің вице-королі немесе генерал-губернаторы және осындағы бүкіл әскердің бас қолбасшысы. Хебе-анбя оның әрі жолдасы әрі кеңесшісі. Тарбагатайды губернатор басқарады. Іледе қытай билігінен басқа, жергілікті шенділер – әкім-бектері бар. Мұсылман қаласы ескі Құлжада әкім-бек, Үрімшіде де, Құрымда да солай. Жеті Түркістан қаласын әкім-бектер басқарады, олардың біреуінің ван дәрежесі бар. Бұл Жәңгірді өлтірген кезде қытайлықтарға көмек берген ЫІсқақтан шығады. Торғауыт тайшылары қытай приставы арқылы басқарылады, бірақ ішінде біреуінің мұрагерлік ван титулы бар және өз құқығына ие. Цзянь-цзюннің төрага-

1 Валиханов Ч.Ч. Западный край китайской империи и город Кульджा (Дневник поездки в Кульджу 1856 г.) // Ч.Ч. Валиханов. Избранные произведения. С. 350.

лыгымен Иле бас басқармасы, приставтардың төрагалыгымен сауда алаңы өтеді...»<sup>1</sup>.

Жергілікті халық оны былай сипаттайды: «Жаз бойы күннің астында жүретіндікten бе, немесе жынысына байланысты ма, қалай болғанда да түркістандық алты қаланың адамдары тым қара және африкалық текстес болып келетін. Үңірейген шүңірек көздері, жіңішке имек түрік қылышы секілді мұрны, жіңішке еріндері мен жұқа сандары бас орта азиялықтардан екершеленіп тұратын. Қытайдың ықпалы мінез-құлқымен бірге сыртқы кейпіне де әсер еткендей»<sup>2</sup>. Әңгіме бұрын ата-бабасы тұратын жеріне байланысты атанып кеткен үйғырлар туралы еді. Жергілікті әйелдер туралы былай деп жазады: «Қашгар мінезінің бір жақсы жері әйелдерінің еркін болуында, олар барлық көпшілік жиналыстарға қатысады, тіпті оларсыз мәжіліс өтпей жатады»<sup>3</sup>.

Бұл қунделік алғаш рет Петербордан, КСРО Ғылым академиясы архивіндегі (қазіргі РГА Санкт-Петербургдағы филиалы) Ш.Ш. Уәлихановтың атаулы қорынан табылды, то-лығымен Ш.Ш. Уәлихановтың таңдаулы шығармаларында, ал қысқартылған нұсқасы «Дружба народов» журналында (1958 ж.) жарияланды<sup>4</sup>. Академик Э.Х. Марғұлан осы күнделіктің толық сипаттамасын береді: «Автордың оқырмандарымен тік, емін-еркін тілдесуі (Әрине, Уәлиханов бұны еш көздеңген жоқ) қунделікті ерекше тартымды өтеді. Ал, автордың жасы бар болғаны жиырма бірде, және ол бұл гажайып елге алғаш рет және күтпеген жерден келді. Бірақ, бұл қунделіктің басты емес, бір гана қыры. Жігіт нағыз ғалым екен, ол саяхатының шынайы мақсатын бір минутта естен шығармайды. Қөпірме лирикалық тирадалардан кейін, бірден қатаң гызыыми прозасы басталып кетеді. Уәлиханов ештеңені көзден таса қалдырмайды: даламен жүрсе – ландшафтты толық геоботаникалық сипаттап өтеді, тіпті флораның кейбір түрлерінің латын тіліндегі номенклатурасын келтіреді. Алқапта келе жатса, оның геологиялық құрылышын

1 Сонда. С. 410–411.

2 Сонда. С. 382.

3 Сонда.

4 Сонда. С. 363–443; Валиханов Ч.Ч. Западный край китайской империи и город Кульджа (Дневник поездки в Кульджу 1856 г.) // Дружба народов. М., 1958. № 12. С. 160–183.

сипаттап, қытайдың жеміс шаруашылығы мен бау-бакшалары туралы баяндайды, көзі көрген жемістердің бүкіл ассортиментін, олардың сұрыптары мен тән ерекшеліктерін толық атап көрсетеді. Соңында, консулдық багалар мен тауарлардың ұзынсонар преискурантын тізеді: не қайда сатылады, бағасы қанша, сапасы мен сұрыбы қандай, қытай тілі етістіктерінің тізімін жасайды, бірсыныра қытай тирадаларының татар тіліндегі транскрипциясын, нефриттің сұрыптары мен олардың минералогиялық құрылымының және т.б. сипаттамасын келтіреді. Мұның бәрін ғылыми жаңылтпашпен, дәл әрі анық, номанклатуралық түрде... <...> Косып алатын ештеңе жоқ, Уәлиханов ұғынған детальдар мен ерекшеліктер соншалықты өзіндік, дәл берілген, магыналы. Бұл нағыз галымның қаламы, оның жорық альбомы, егер бақылаушы айрықша маңызды және жалғыз қайталанбайтын бірдеңені көзінен таса қылса, еш мәні қалмайтын, еш артық боямасыз, анатомиялық дәлдікпен салған сол бір суреті»<sup>1</sup>.

### 3.2. П.П.Семенов-Тян-Шанскиймен достығы. Кашгария экспедициясына дайындық

Құлжа экспедициясынан кейін Шоқан Омбыға оралады. Келесі, 1857 жылы ол тағы да Тянь-Шань мен Жетісуға сапар шегеді, ол 1858 жылдың жазына дейін созылады. Бұл саяхат Шығыс Түркістанда, атап айтқанда Қашгардағы болған бірқатар оқиғаларға байланысты болды. 1857 жылы 15 шілдеде Омбыға келген Құлжадағы орыс консулы И.И. Захаровтан қытайлар Қашгариядағы көтерілістен үркіп отыр деген хабарлама келеді. Сыбыс бойынша, сол жаққа Уәли қожа бастаған қайдағы қашқан-пысқандар жиналады және де жергілікті халықты манъчжур билігіне қарсы көтеру үшін Шығыс Түркістанда бірнеше ағылшын пайда болған<sup>2</sup>. Эл-бетте, Ресей империясының астанасы бұл хабарды талқыға

1 Маргулан А.Х. Чокан Валиханов и его Кульджинский дневник // Дружба народов. М., 1955. № 12. С. 159.

2 Юсупов Э.С. Подвиг Чокана Валиханова. Открытие Кашгарии. СПб.: Коста. 2009. С. 20.

салады, сондықтан Шығыс Түркістанға жағдайды сол жерде анықтау үшін сенімді әрі тәжірибелі офицерді аттандыруға шешім қабылдайды. Бұл офицер дипломатиялық тәжірибесі бар, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының бастығы, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортың, Алатау округының бастығы, полковник К.К. Гутковскийдің, подполковник М.М. Перемышльский мен көрнекті саяхатшы, академик П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің қамқорлығымен Ш. Уәлиханов болды. Егер Гасфорту, Гутковский және Перемышльский әскери қызметті бойынша бастықтары әрі қызметтестері болса, Петр Петрович Семенов-Тян-Шанский Шоқанның ғылым жолындағы ұстазы еді.

П.П. Семенов-Тян-Шанский (1827-1914) белгілі географ, геолог, ботаник, энтомолог, статистик, экономист, тамаша очеркші және мемуаршы, өнертанушы және қоғамдық қайраткер ретінде тарихқа енген. Ол әлем мойындаған ғалым, жетпістен аса орыс және шетел ғылыми үйымдардың мүшесі. 1906 жылы П.П. Семенов өзінің Тянь-Шанға сапарының 50 жылдығы қарсаңында тегіне атауды құрметпен қосып алды.

П.П. Семенов-Тян-Шанский мемуарларының екінші томындағы кіріспе мақаласында көрнекті орыс ғалымы туралы былай жазылған: «П.П. Семенов-Тян-Шанский өз замандастары үшін жұмбақ болған Тянь-Шань таулы өлкесіне тереңдеп енген алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Алғаш болып Тянь-Шань жоталарының схемасын сыйзы, Ыстықкөлді зерттеді. Сырдарияның жогарғы жағын ашып, Тәңір тау сілемдері мен Хантәңірінің айбарлы пирамидасын көрді, бірінші бол Тәңір тау тобынан бастау алатын мұздықтарға жетті, Семеновтың замандас ғалымдары ойлағандай. Шу өзені өз бастауын Ыстықкөлден алмайтынын анықтады, А. Гумбольдтың Тянь-Шанның жанартаудан пайда болған деген ойын жоққа шығарады, Тянь-Шанның басындағы мәңгі қарлар өте жогары жатқанын дәлелдейді, Тянь-Шанның тік табиги ендіктерін анықтады, ғылымга белгісіз ондаган жаңа өсімдік түрлерін тапты, тірі арқарларды алғаш көрген ғалым. Алайда, ашқан ғылыми жаңалықтары Петр Петрович Семенов-Тян-Шанскийді әлемдік ғалымдардың алдыңғы қатарына қоймайды. Ол өзінің экспе-

дицияларын географиялық зерттеулердің су жаңа әдістемесі бойынша жасады»<sup>1</sup>.

П.П. Семенов-Тян-Шанский мен Ш.Ш. Уалиханов алғаш рет 1856 жылдың қарашасында офицер В. Демчинскийдің<sup>2</sup> Семейдегі пәтерінде танысады, кейіннен достық қарым-қатынасқа ұласады. П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің беделі Ш.Ш. Уәлиханов пен оның досы Г.Н. Потанинге зор ықпал етеді. Шоқан Григорий Потанинді П.П. Семенов-Тян-Шанскиймен таныстырыған соң, ол «Григорий Николаевичті Петербордагы университетке баруга көндіріп, Омбыдағы корпустың оқу бөлімін тексеруге келмек болған ірі шенеунік агасына кепілдеме хат беруге үәдесін береді. Ол агасы Потанинді казактар туралы заңды бұзбай, астанага ауыстыруға көмек береді деп ойлады»<sup>3</sup>.

П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің ақылы мен кеңесі Ш.Ш. Уәлихановтың 1856-1857 жж. саяхаттын іске асыруға көмектеседі. П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің өзі жас офицер туралы алғыспен пікір білдіреді, бұл жөнінде 1857 жылғы 20 қазандағы Орыс география қоғамының хатшысы лауазымында отырған В.П. Безобразовқа жазған хатынан белгілі: «Жабайы тас және Ұлы жұз қыргыздары арасында жиі болғандығым, осы халықтардың заңымен, дәстүрімен, өмірімен танысудың орайы келді, әсіресе, мен ушін осы жердегі ең жақсы, қыргыздар тұрмысының білгірі, поручик сұltтан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов пен тілмәш Бардашев хабарлаган пайдалы деректер өте пайдалы болды»<sup>4</sup>. 1857 жылды Тянь-Шань мен Ыстықкөл экспедициясына қатысу үшін ол Қазақстан мен Қыргызстан туралы көптеген натуралық сюжеттер қалдырыған, Томск ерлер гимназиясының сурет және сыйзу мұғалімі, суретші Павел Михайлович Кошаровты

1 Семенов-Тян-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах. Мемуары. Т. II. М.: ОГИЗ Государственное издательство географической литературы. 1948. С. 5.

2 Ильин Н.П. Находки краеведа. С. 38.

3 Обручев В.А. Григорий Николаевич Потанин. Жизнь и деятельность. М.-Л., 1947. С. 41.

4 Семенов-Тян-Шанский П.П. Письмо к исправляющему должность секретаря Русского географического общества // Вестник РГО за 1857 год. СПб., 1858. Ч. 21. Кн. 6. С. 126.

(1824-1902) шақырады<sup>1</sup>. П.М. Кошаровтың альбомында барлығы жүзге жынық суреттер бар.

1873-1904 жылдар аралығында П.П. Семенов-Тян-Шанский Императорлық орыс география қоғамының тұрақты тәрағасы болды. Ол Қазақстан, Орталық Азия және басқа да аймақтарды зерттеуге зор мән береді. Оның қолдауымен Пржевальский, Миклухо-Маклай, Потанин, Певцов, Северцов, Богданович, Мушкетов, Комаров, Грум-Гржимайло, Роборовский, Козловтың Шығыс Түркістан, Монголия, Тибет және басқа да елдерге жасаған атақты экспедициялары жүзеге асты.

П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің Қазақстан жайындағы жарқын естеліктері оның мемуарларында берілген. ИОГҚ тәрағасы ретінде ол Орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесін ашу туралы ұсынысты қолдап, қажетті субсидияны сұрап алады. 1902 жылы ашылған ОГҚБСБ Семей филиалы қазақтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу жөніндегі маңызды жұмысты бастаған Қазақстандағы тұңғыш ғылыми-зерттеу мекемесі болды<sup>2</sup>.

Жас ғалым Шоқан Уәлиханов П.П. Семенов-Тян-Шанский мен В. И. Ламанскийдің бастамасымен 1857 жылы ақпан айының 21 күні Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Бұл жөнінде Ресей ғылым академиясының Санкт-Петербург филиалында Шоқан Уәлихановтың атаулы қорында сақталған мына құжат айғақтайты: «Императорлық орыс география қоғамы 1857 жылғы 21 ақпандагы мәжілісінде поручик Шоқан Уәлихановты өзінің толық мүшесі етіп қабылдады»<sup>3</sup>.

Ә.А. Масанов ОГҚ жиналышына П.П. Семенов-Тян-Шанский қатыса алмаған, өйткені 1856-1857 жж. қысын Барнауылда өткізді, ал 1857 жылдың күзіне дейін Жетісұға саяхат жасады деп есептейді<sup>4</sup>.

1 Семенов-Тян-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах. Мемуары. Т. II. С. 12.

2 Очерк деятельности Семипалатинского отдела Государственного Русского географического общества за 25 лет его существования // Записки Семипалатинского отдела РГО. 1927. Вып. XVI. С. 2-3.

3 Санкт-Петербургский филиал архива РАН. Ф. 23. Оп. 1. Д. 19. Л. 21.

4 Масанов Э.А. Некоторые материалы о Ч.Ч. Валиханове. С. 75.

П.П. Семенов-Тян-Шаньский мен В. И. Ламанскийдің Шоқан Үәлихановқа берген жазбаша кепілдеме хаты 1856 жылды жарияланып, ОГҚ жиналышында оқылды<sup>1</sup>. Орыс география қофамы архивіндегі Шоқан Үәлиханов материалдарын зерттеген Т.П. Матвееваның ойынша, «П.П. Семенов пен Қогам хатшысы Е.И. Ламанскийдің ұсыныс хатынан, Үәлихановты Географиялық қогам қатарына қабылдау жәнінде мәселені онымен 1856 жыты, Семеновпен кездесу кезінде талқыланып, Үәлиханов тарапынан Қогамның өмірінде белсенді атсалысуга дайын болғаны көрінеді»<sup>2</sup>.

1856 жылы Императорлық орыс география қофамының тапсырмасымен П.П. Семенов-Тян-Шанский алғаш рет Тянь-Шанға саяхатқа аттанады. Жол-жөнекей Омбыға соғып, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорктан қазақ даласына сапар шегуге рұқсат алады, қарауыл күзетшілер және топографтармен бірге Іле Алатауының тау бектеріне, Тянь-Шан мен Ыстықкөлге аттанып, жәндіктер мен тау жыныстарының бағалы коллекциясын жинап алады. 1857 жылғы сәуірдің басында ол тағы да Омбыға келіп, Батыс Сібір генерал-губернаторымен болған әңгімесінде Тянь-Шань жоталары мен Ыстықкөлді зерттеу қажеттілігі туралы ойын бөліседі. Генерал-губернатордың рұқсатын алғып, ол қайтадан Орталық Тянь-Шанға келіп, алғаш болып беймәлім өлкенің географиясы мен геологиясын зерттейді. 1857 жылдың қазанында Тянь-Шанға жасаған саяхатынан оралған П.П. Семенов-Тян-Шанский поручик Шоқан Үәлихановты ғылыми-зерттеу жұмысы үшін Қашғарияға жіберудің мақсатқа сай екендігі туралы ойын Гасфорктқа айтады. Бұны Г.Н. Потанин былай еске алады: «Осы уақытта П.П. Семенов Батыс Сібір бойынша саяхаттан жүрген; ол алдымен Омбы арқылы Іле өлкесіне өтіп, Ыстықкөл мен Тянь-Шанның ең биік нүктесі Хан Тәңіріне келеді, ал қыста Барнауылга шығады. Омбы арқылы жүрген сапарында Гутковскиймен танысып, соның үйінде Шоқанды көреді. П.П. Семенов Шоқанның Петерборга барып, шығыс факультеті бойынша универси-

1 Вестник РГО. СПб., 1857. Ч. 19. Кн. 1. С. 7-10; Кн. 2. С. 56-59.

2 Матвеева Т.П. Документы Чокана Валиханова в собрании архива Географического общества СССР // Чокан Валиханов и современность. Алма-Ата: Наука КазССР, 1988. С. 214.

төт курсын тыңдауга деген ынтасын қолдайды. Мен Шоқан-ды жаңа гана келіп кеткен саяхатшы туралы шабытпен әңгімелеп отырган жерінде үстінен тұстім. Әлбетте, осы таныстығы үшін Шоқан неге қуанбасын. Шоқан шығыстың тарихына бара-бара ендеп тереңдей берді; қырғыз тайпаларының осы тарихқа қандай да бір жұмбақ қатысы, олардың арасында ежелгі халықтар Үйсін, Керей, Наймандардың аты үрім-бұтагы ретінде жүргені ойландырды, мұмкін, қырғыз халқының ақыз-әңгімелері мен ежелгі деректері арқылы ежелгі шығыс тарихын әйгілеуді армандаган шыгар. Хүннү мен Төке, Жуанъжуандар мен үйгырлар туралы қайталап оқыған соң, кенеттен Омбыяга «Азия жерін тану» томын енді гана аударып, осы пәнді түсіндіріп, түйінін шешуге тырысқан Риттердің аудармашысы келеді. П.П. Семенов аударманың қолжазбасын әкеліп, бір бөлігін Шоқанга оқуға береді<sup>1</sup>. Осы екі адамның ара қатынасы туралы естеліктерінің басқа бір нұсқасында Г.Н. Потанин былай дейді: «П.П. Семенов Батыс Сібірден келген соң, шалгайдың ерекше құбылысы ретінде Шоқанды танығысы келеді. Ол Шоқанның осы шалгайда, Омбының жеткіліксіз кітап байлығын да менгеру мүмкін емес білімдарлығына таңғалады»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың 1857 жылы Тянь-Шанға жасаған сапарына қайта оралып, әрине бұл бұрынғы қашғар қожаларының үрпақтары, соның ішінде Уәлихан төренің басшылығымен жергілікті халықтың антициндік көтерілісі тұтанған Шығыс Түркістандағы саяси оқиғаларға байланысты туындағанын атап өтейік. Патша үкіметінің Қытай империясының батыс провинциясына арнайы экспедициясы дайындығының картинасы дереккөздер базасының негізінде қалпына келтіріледі<sup>3</sup>.

XIX ғасырдың екінші жартысы Цин империясының солтүстік-батысындағы үйғырлар мен дүнгендердің антициндік көтерілісінің басталуымен, Қашғарда тәуелсіз Йеттишер мемлекетінің пайда болуымен, орыс әскерінің Іле өлкесіне

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане. С. XX-XXI.

2 РГАЛИ. Ф. 395. Оп. 1. Д. 322. Л. 14-14 об.

3 Извлечение из дела об отправлении поручника Чокана Валиханова в Кашгар // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 229-347.

енуімен және нәтижесінде Қоқан хандығын жойып, Хиуа мен Бұқараны орысқа бағынышты вассалдық тәуелділікте қалдырыған Ресей империясының Қоқанға, Хиуа мен Бұхараға қарсы экспансиясының басталуымен сипатталады. Ресейдің Шығыс Түркістанға қызығушылығы Ұлыбританияның осы аймаққа саяси және экономикалық назарының күшеюіне қарай жандана түсті.

Ресейдің Шығыс Түркістанға үнемі қызығушылық таңытып жүргені бәріне мәлім және оның өкілдері XVI ғасырдан бастап, осы бір орысқа беймәлім елге ене бастады. Шығыс Түркістанға осы өлкे туралы қызықты деректер тауып әкелетін казак атамандары, офицерлері мен көпестері жіберіліп отырған. XVIII ғ. аяғында Қашғарда болған, сосын Бұқарада тұтқынға тусіп, кейіннен отанына қайту үшін Тибет, Үндістан және Англия арқылы ақылға сыймайтын жиһан кезген унтер-офицер Ф. Ефремовтың тағдыры қызықтырмай қоймайды. 1811 жылы Қазанда оның «Филипп Ефремовтың Қырғыз даласы, Бұқара, Хиуа, Парсы және Үндістанға жасаған саяхаты және сол жақтан Англия арқылы Ресейге оралуы» кітабы жарық көреді. Ф. Ефремовтың кітабында Шығыс Түркістанды әкімшілік басқару және Қашғар, Жаркент, Ақсу және Қотан қалаларындағы сауда-саттық туралы ақпарат ұсынылған<sup>1</sup>.

Архив құжаттары Ресей Қытаймен оңтүстік шекарасында болып жатқан оқиғалар мен деректердің жіті бақылап отырғаны байқалады. Ал, шекараның осы бөлігі Батыс Сібір генерал-губернаторлығының басқармасына кіретіндіктен, оның бастығы Г.Х. Гасфорп Әскери ведомство мен Сыртқы істер министрлігімен үнемі хат алmasып отырған. Гасфорптың 1857 жылғы сәуірде әскер министрі Сухозанетке жолдаған хатында: «Қашғар ұлангайыр және топырағы құнарлы провинция, миллионга тарта түрғыны бар, Қытайдан оп-оңай тосқауыл қоюға болатын Мұса-Даг өткелдері бөліп тұр: оңтүстігін Үндістандагы ағылшын иеліктерінен (таяуда осында шарттармен Англия жаулап алған Лагордан) елеусіз гана таулы кеңістік бөледі; одан ары батысқа қарай Ауганстан және Қоқан иеліктерімен, сонында, солтүстігін

1 Колесников А.А. Русские в Кашгарии... С. 11.

біздің күмәнді Жабайы тас (бурут) қыргыздарының иелігімен шектеседі. Географиялық жағдайы Қашгардың Ресей үшін де, Англия үшін де саяси маңызды екенін білдіреді және бұны екі елдің де сол жерде өз агенттерін жіберуге тырысуымен түсіндіруге болады, бірақ оны осы үаққа дейін қытай үкіметінің сенімсіздігі мен қудікшілдігінен іске асыра алмай келеді. Орыс үкіметі Семейден бастап Ілеге дейін өз бекіністері мен әскери қоныстарын тұргызуын жалғастырып келеді және бұл жол өздері үшін қолжетімдірек етеді...» дей келе: «...Қашгардагы жағдай туралы мәліметтер жинау үшін де, оған аппаратын жолдар туралы деректерді тексеру үшін де барлық құшті салу керек; сол үшін Қашгарга сенімді әрі тәжірибелі официерді аттандыру қажет: оған қол жеткізу көптеңген қызындықтармен үштасады, алайда оқиғалардың маңыздылығы осы шарага тәуекел етуді талап етеді»,<sup>1</sup> – деп кеңес береді.

Әскер министрдің 1857 жылғы 28 тамызда Гасфорктқа жауап хатында: «Жогары мәртебелім, II Екатерина заманынан бері үкіметіміз Қашгармен саяси және сауда байланыстарын орнатууга баса назар аударып келе жатқаны өзіңізге де белгілі және басқармаңыздагы істердің бірінен өзіңіз білетіндей, соңғы кезде (Күлжа трактатын жасасу кезінде) Қашгарда фактория құруды сұрап жүрген едік, бірақ бұл әрекетімізден ештеңе шықпады. Бүгінде Қашгардың Қытайға қатысты жағдайын пайдаланбай қалмауга болмас, бұл туралы сарай кеңесшісі Захаров өзіңізге хабарлаган-ды, сондықтан да үкіметіміз атапган провинциямен, тым болмаса кейбір қатынастарды құру жөнінде әрекетін қайта бастауға шешім қабылдады. Бұл мақсатты іске асыру үшін, алдымен Қашгардагы қазіргі жағдайлды, көтеріліс қүшінің дәрежесі мен маңыздылығын, осы иеліктің табыспен өз алдына өмір сүрудегі кездейсоқтықтардың бәрін және халықтың бүрінші мұсылман династиясына тілекестігін егежей-тегжей әрі толық білу қажет. Осы тұргыдан Ұлы Мәртебелі Император әмір беруге ризалығын берсе: 1) Сонда болып жатқан көтерілістің барысын білу үшін Қашгарга тәжіри-

<sup>1</sup> Извлечение из дела об отправлении поручника Чокана Валиханова в Кашгар. С. 330-332.

белі әрі сенімді адамды аттандыру. Осы мәселені Сыртқы істер министрімен талқылап: сенімді адамды жария қылмай, татарлардан немесе біздің тәшкенліктерден құрылған шағын кереуеннің көпесі немесе көпестің приказщигі ретінде аттандыруды үйгариپ отырмыз»,<sup>1</sup> – дейді.

Тапсырманы орындай отырып, Г.Х. Гасфорт 1857 жылғы 30 қазанда былай деп баяндайды: «Осы тапсырманы орындаитын шенеунікті таңдауда менің жанымдагы айрықша тапсырмалар поручигі Уәлихановқа тоқтап отыр. Бұл офицер беделді қыргызың сұлтаны, бүгінде Көкшетау округының ага сұлтаны, полковник Шыңғыс Уәлихановтың ұлы, Сібір кадет корпусында тәрбиеленген, үкіметке сөзсіз адап берілген, аса талантты және оның ширақтығына толық сенуге болады, оның үстіне ол өзі мұсылман болғандықтан ортаазиялық иеліктердің тарихымен және қазіргі жағдайымен жақсы таныс, орыс шенеунігінен діні бір адамға сенім білдіруі мүмкін. Жүктелген тапсырма бойынша Уәлихановты қолдау үшін мен оны менің тапсыруыммен Жабай тас ордасында тұрақты өмір сүретін, сонау 1824 жылдары Мейнфорд пен Негримен бірге Бұхара мен Зиуада тілмәш болған және тархан атагымен марапатталған, Касимов татары Файзула Ногаевтың қарамагына жіберемін. Алыс Азия елдерінде болып көпті көрген және жабайы тас қыргыздарының арасында ұзақ жылдар өмір сүріп, ара-тұра осы елдерге келіп-кеткен Қашгар көпестерін танитын адам ретінде, Ногаев осы істе өте пайдалы болмақ, оның үстіне жабайы тас қыргыздары ақсақалдарына ықпалымен Уәлихановтың осы бір адудын жабайылардың арасында жүріп-тұруын қауіпсіз ете алады...» және «...Ұлы Мәртебелінің әміріне сай менің жіберілетін шенеунікке беретін ақыл-кенестерім ауызша болмақ, өзімен бірге ешқандай да қағаз-хаты болмайды»<sup>2</sup>. Сыртқы істер министрі мен әскер министрі 1857 жылғы 1 және 2 желтоқсандағы хаттары арқылы Қашгарға поручик Шоқан Уәлихановты жіберу жөніндегі жоспарды мақұлдайды<sup>3</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың 1868 жылы Шығыс Түркістанға барған сапарынан кейін-ақ, Орыс география қоғамы журна-

1 Сонда. С. 332–333.

2 Сонда. С. 337.

3 Сонда. С. 335–340.

лының беттерінде: «1858 жылды, Ресейге бағынышты қыргыз қоныстарына қолайсыз әсер еткен Шығыс Түркістандағы үздіксіз бұліктер мен көтерілістер салдарынан үкіметіміз сол өлкедегі жағдай туралы шұбасіз деректерді алу үшін, сондай-ақ Орта Азияның осы бөлігіндегі сауда жолдарын зерттеу үшін Қашагарга сенімді адам жіберуді қажет деп таныды...».<sup>1</sup> – деп хабарланады.

Академик Э.Х. Марғұлан Шоқан Уәлиханов үшін 1857 жылғы сапар Шығыс Түркістанға жасайтын экспедиция алдындағы дайындық болатын деп дәл атап көрсетеді. Тянь-Шань сапары қазақтармен шектесетін халықтың өмірімен танысуға байланысты аса мазмұнды болды. Шоқан Уәлиханов қырғыздардың тарихы, этнографиясы мен мәдениеті бойынша мол материал жинайды.

1856-1857 жж. саяхаттардан алған әсерін «Ыстыққөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі немесе Құлжа қаласы (1856 ж. Құлжа сапарының күнделігі)», «Қырғыздар туралы жазбалар» секілді қолжазбаларда қалдырайған. Бұл алғашқы қолжазбалары академик Э.Х. Марғұлан-ның редакторлығымен 1960 жылдары жарияланған болатын. Академик: «Шоқан Уәлиханов осы еңбектерімен өзін Тянь-Шань мен Жетісүйдің географиясын, осы аймақтарды бағзы заманнан бері тұратын халықтың тарихын жақсы білетін байқампаз әрі білімді ғалым ретінде көрсете алды».<sup>2</sup> – деп атап өтеді. А.С. Бейсенова және М.Ж. Жапбасбаев бастаған қазақ географтары Ш.Ш. Уәлихановтың 150 жылдығына арналған Бүкілодақтық ғылыми конференциясында жасаған баяндамаларында, ішкі Тянь-Шань бедеріне жасаған зерттеуін, осы аймақтардың картографиясына қосқан үлесін, өзен-көлдердің, флора мен фаунасының сипаттамасын атай келе, оның саяхаттарының әділ бағасын береді<sup>3</sup>.

1 Поездка Ч.Ч. Валиханова в Кашгар // Известия Императорского Русского географического общества. Т. IV. № 4 (23 июля 1869 г.). СПб., 1869. С. 264.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. 1. Алма-Ата. 1961. С. 57.

3 Чокан Валиханов и современность: Сб. материалов Всесоюз. науч. конф., посвящ. 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука КазССР. 1955. С. 219-228.

Қырғыз зерттеушілері сонымен қатар Шоқан Үәлихановтың өз халқының тарихы мен мәдениетін зерттеудегі ғылыми үлесін, жоғарыда жазғанымыздай, лайықты бағалайды.

Ш.Ш. Үәлиханов саяхаттарының шарықтау шегі 1858-1859 жж. Қашғарияға жасаған атақты саяхаты болды. Ол уақытта Қашғария немесе Шығыс Түркістан жабық ел, шетелдіктер үшін қауіпсіз емес болатын. Белгілі географ Адольф Шлагинтвейттің қайғылы тағдыры жергілікті биліктің еуропалықтарға деген қатал көзқарасының дәлелі. П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің сөзінше, «Адольф Шлагинтвейттің шабылған басы Үәлихан төре өзі жазалаган адам бастарынан құрастырган пирамиданың ең басына қойылған еді. Бұның бәрі 1857 жылдың тамызында болды»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың Қашғар сапарына бастама көтерген географ ғалым, саяхатшы П.П. Семенов-Тян-Шанский, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорту және Сібір қырғыздары басқармасының басқарушысы, полковник К.К. Гутковский алдағы шараның бүкіл қауіп-қатерін жақсы түсінді. Семей және Омбыдағы Шоқанмен кездесуде оның Қашғарға сапар шегуінің осы күнге дейін беймәлім өлкені ғылыми зерттеу үшін қажеттілігіне сендерді. Өз мемуарларында былай деп жазады: «Мениң бұл дарынды жасқа генерал Гасфортың ерекше көңіл аударуын өзіме міндет деп санаганым өзінен-өзі түсінікті, сондықтан Тянь-Шань саяхатынан қайтып келгеннен кейін, Үәлихановты қыргызша күндіріп, сауда керуенімен Қашғарга жіберу жайлы ой салдым және Үәлиханов бұл міндетті зор табыспен орындалап қайтты»<sup>2</sup>.

Г.Х. Гасфорту Шығыс Түркістанды зерттеу қажеттілігін түсіне отырып, өз кезегінде П.П. Семенов-Тян-Шанскийді үкімет тарапынан экспедиция ұйымдастыруға қолдау көрсетуін өтінеді. Қашғарияға экспедиция ұйымдастыру қажеттілігін ориенталист ғалымдардан басқа, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің директоры Е.П. Ковалевский де қолдайды. Соңғысы, Г.К. Генстің айтуды Шоқанды

1 Семенов-Тян-Шанский П.П. История полуночной деятельности... С. 276.

2 Семенов-Тян-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 гг. С. 51.

«тамаша галым» және «қыргыз халқының жақын досы және орыс мемлекеттік мұддесінің сақтаушысы» деп атайды<sup>1</sup>.

Е.П. Ковалевский (1809–1868) белгілі шығыстанушы, Петербор ғылым академиясының құрметті мүшесі, дипломат, саяхатшы және жазушы. 1856–1861 жж. Ресей империясының СІМ Азия департаментінің директоры болды. 1849 жылы Қытайдағы орыс миссиясын басқарды, алған әсері негізінде «Қытайға сапар» кітабын жазды (СПб., 1853). Императорлық орыс география қоғамының мүшесі ретінде, А.Е. Влангалимен бірге 1851 жылы Жетісуға сапар шекті, Батыс Қытайға, соның ішінде Құлжа қаласына барды, Құлжа шарттының жобасын жасауға қатысты<sup>2</sup>. П.П. Семенов-Тян-Шанский қолдау көрсету туралы өтінішпен дәл осы Е.П. Ковалевскийге жүгінеді. Егер Петрович 1857 жылғы көктемде Сыртқы істер министрі А.М. Горчаковтың атына баяндау хатын дайындалап, Қашғарға жоспарланған экспедицияның саяси және ғылыми мәнін ашып көрсетеді.

1857 жылғы 22 тамызда орыс үкіметі Әскер министрлігінің баяндамасымен бірге, алдын ала II Александрдің тарапынан келісім алғып Шығыс Түркістанға экспедиция жіберу туралы шешім қабылдайды. Содан соң Петербор мен Омбы арасында түрлі ведомстволардың жоғары шенділері арасында іскери хат алмасулар басталады. Сыртқы істер министрі, вице-канцлер, кінәз А.М. Горчаков пен әскери министр, генерал-адъютант И.О. Сухозанет Батыс Сібір генерал-губернаторымен Шығыс Түркістанға жабдықтар мен сауда керуенін жіберуге қатысты үнемі хат жазысып отырды.

Батыс Сібір генерал-губернаторы мен бір мезгілде Жеке Сібір корпусының командирі Г.Х. Гасфортың әскери министр, генерал-адъютант Н.О. Сухозанетке 1857 жылғы 25 желтоқсанда берген рапортында былай делінген: «Менің жаңымдағы поручик сұлтан Ұәлиханов жабайы тас қыргыздардың қонысына Батыс Қытай болігіндегі жағдайдың барысын, Қашғар көтерілісінің қозғалысын, қытай үкіметінің оны басып-жанушудагы шараларын, Құлжа және Ақсу құ маңайын-

1 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. С. 209.

2 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Атма-Ата, 1961. С. 61.

дагы халықтың рухын, атап айтқанда: маньчжур династиясына наразы қыргыздар мен сарттардың қытай тайпаларын жақыннан бақылау үшін аттанды»<sup>1</sup>.

Экспедиция дайындығымен генерал-губернатор Г.Х. Гасфорт, Сібір қыргыздарының басқарушысы, полковник К.К. Гутковский, Алатау қазақтарының бастығы, подполковник М.Д. Перемышльский және осы уақта Санкт-Петербургда жүрген П.П. Семенов-Тян-Шанский айналысты және Қашғар экспедициясын үйимдастыру үшін барын салады. П.П. Семенов-Тян-Шанский сол кезде Қытай Түркістанында жаңғырығы орыс шегінде де жетіп жатқан бұліктердің себебін түсіндіру үшін, Қашғардың ғана емес, бүкіл Алтышардың қазіргі жағдайы туралы құнды мәліметтер жинау Ресей үшін қажеттілігін мойындағы.

Шоқан Үәлиханов құпия тапсырмамен аттанатының Жетісуда жүргендеге-ақ біледі және алдағы экспедицияның мақсаты мен міндеттері туралы өзінің тікелей бастығымен хат жазысады. Бұл туралы Ресей ғылым академиясы архивінің Санкт-Петербург филиалындағы Ш.Ш. Үәлиханов атаулы қорында сақталған Гасфорт пен Гутковскийдің Шоқанға жолдаған хаттары айғақ<sup>2</sup>. Бұл хаттар алғаш рет 1968 жылы Э.Х. Марғұланның редакторлығымен жарық көрген Ш.Ш. Үәлиханов таңдаулы шығармаларының 4 томында жарияланған<sup>3</sup>.

Хаттың мазмұнынан тапсырманың қаншалықты жауапты болғаны көрінеді. Атап айтқанда, полковник Гутковский поручик Үәлихановқа былай кеңес береді: «Әлбетте, жабдықтар мен жіберілген керуенде жасырып қалуға болмас, демек Құлжа басшылығына ол туралы не Семей тәшкенттіктері, не болмаса біздің әріптестеріміз жабайы тас қыргыздары арқылы алдын аса ескертілуі мүмкін, ал керуенде Зәукі өткелінен асырып өткізіп жіберу қажеттілігі қытай-дың құмәндануына қатысты одан ары қауіп тұгузызады, сондықтан керуенде өткізе ме, жоқ па дәл айтту мүмкін емес. Сондықтан, Сізге керуенмен саяхатқа қатты сенуге болмайды және керуеннің жариялышын пайдаланып, Қашгарга өту-

1 РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 111-111об.

2 Санкт-Петербургский филиал архива РАН. Ф. 23. Оп. 1. Д. 19. Л. 1-5 об.

3 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Атма-Ата. 1965. С. 92-96.

дің басқа жолын іздеу үшін қытайлардың назарын басқага бұрган, ең дұрысы болмай ма, оның үстіне, керуен Семейден 1 мамырдан ерте шықпайды, діттеген жерге күзге қарай жетеді. Алаїда, бәрібір керуенниң мақсаты жөнінде халық арасындағы сыйбысты жоққа шыгарып, егер олай болса, Құлжага басқа керуендер сияқты Тәшкенттен немесе Қыргыздаласына шыгар едім деп батыл сендіру қажет болады<sup>1</sup>. Гутковскийидің хаты Қашғарияға Верный бекінісін, қоқан иеліктері мен тяньшандық қырғыздардың жерін айналып өтіп, қалай қауіпсіз жету жөнінде жас офицерге берген нұсқаулығы сынды. Осы жерде Шоқанға көмекші ретінде «епті әрі зерек» Жақып Жанқұлов деген біреуді ұсынады<sup>2</sup>.

Гутковский Шоқанға: «...Сізге берілген тапсырма қоқандықтармен қатар қытайлардан да жасырын болуы тиіс... сіз жіберген болмашы абаисыздық қоқандықтардың назарын сізге аударады және іске қалай кірісуді және қолайсыз жағдайды болдырмау үшін өзінізді Қоқанда қалай үстап жүруді жақсылап ойланып алған жөн. Жогары Мәртебелімнің пікірінше, егер керуенмен жабайы қырғыздар жеріндегі шатқалдан өту мүмкін болмаса, онда азырақ қауіп тұгызыу үшін Қашгарга, күдікшіл қырагы қытайлар секілді, пайдаланып мен тонауга бейім мінезі аз қауіп келтірмейтін осы жабайы тас қырғыздарының жері арқылы Жақып екеуіңіз гана өткеніңіз ыңғайлы, алда-жалда солай әрекет өткен жағдайда, Өзінің Жабайы тас ордасы жерінде қалып, Жақыптың жалғыз өзін жіберіп, сол арқылы Қашгар өлкесі мен халқының жағдайы туралы мәліметтерді жинауга тұра келеді»,<sup>3</sup> – деп ақыл береді. Алға көз жүгірте отырып, Шоқан Ұәлиханов қырғыздарда қалмай, керуенмен Шығыс Түркістанға қашғар көпесінің ұлы ретінде өтіп, тапсырманы табыспен орындағанын ата өтеміз.

Бәлкім, Шоқанның замандастары бұл саяхаттың қанша-лықты құпия әрі қауіпті болғанын алғаш оның өз аузынан естіген болар. Соның ішінде, Потанин Шоқан туралы өз естеліктерінде бұл жорықты былай суреттейді: «Тапсырма аса қауіпті, оны орындау үшін жігерлі, аңгарымпаз әрі

1 Санкт-Петербургский филиал архива РАН. Ф. 23. Оп. 1. Д. 19. Л. 2-2 об.

2 Соңда. Л. 2 об.

3 Соңда. Л. 4-5.

азиялықтар күімін киіп, татар тілі мен шығыс тәсілдерін білетін адам керек болды. Үәлиханов секілді осының бәріне сәйкес келетін адам табу мүмкін емес-ти»<sup>1</sup>.

Семей көпесі Бұқаш Аупаевтың көмегімен болса керек, Шоқанның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қойылған міндеттерді орындау үшін, Үәлиханов сонау 1830 жылдары Ресейге шығып, әлдебір Саратовта қайтыс болған қашғар көпесінің ұлы деген аңыз ойдан шығарылды. Қашғарлықтың артында қалған ұлы Әлімбай Шоқанмен түйдей құрдас еді, осы аңызben экспедиция үйымдастыруышылары Гасфорп пен Гутковский де келіседі. Осылайша, Шоқанның аты Әлімбай болды, ал Бұқаш жас қашғарлық Қашғардағы туыстарына жету үшін Саратовтан Семейдегі ағайыны Мұсабайға келе жатыр деген сыйбыс таратады. Бұқаш Қоқан хандығында өлген қашғар көпесінің анасы, Әлімбайдың әжесі тұратынын білді. Керуеннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Бұқаш өзінің сенімді адамы, шекараның арғы бетінде туыстары бар, Қашғарияны жақсы билетін көпес Мұсабай Тақтыбаевты керуенбасы сайлайды.

Верныйда жүрген Шоқанмен қызу хат жазыса бастайды. 1858 жылғы 9 қаңтарда генерал Гасфорп поручик Үәлихановқа: «Мәртебелім, керуен Верныйга келіп жеткен кезде және бастығымен мажлістен кейін, кері оралатын керуенде қай кезде күтептініміз жайлы маган хабар беруіңізді өтінемін. Бұл келер жылдың көктемінен ерте болмайтыны ықтимал, сондықтан қыста тау арқылы керуенге еріп жүрү қыын болады. Тауда болған жағдайда және жасақтың оралуына қатысты, өзімен Қашгарга сапарыңыз туралы сөйлесуіңізге болатын, подполковник Перемышльский жасап беретін нұсқауларды дәлмел-дәл қолданыңыз»,<sup>2</sup> – деп жазады.

Істің нақты жағдайын Шоқан Үәлихановтан білген соң, 1858 жылы 12 ақпанда генерал Гасфорп Сыртқы істер министріне хат жазады: «Қашгардагы нақты жағдайға қатысты маліметтер жинау үшін іссапарға жіберген, қарамағымдагы айрықша тапсырмалар поручигі, сұltан Үәлиханов Верный бекінісіне келгеннен кейін, қатты қыстың әлеуметтік жағдайын қар-

1 РГАЛИ. Ф. 395. Оп. 1. Д. 322. Л. 15.

2 Санкт-Петербургский филиал архива РАН. Ф. 23. Оп. 1. Д. 19. Л. 1-1 об.

дың салдарынан, Алатау таулары арқылы барлық жолдар мен өткелдер қараша айында жабылды, ақпан аяғынан ерте ашыла қоймас, сондықтан жабайы тас ордасымен (қыргыздар – Ж.Е.) барлық қатынастар қыс басталғаннан бері тоқтап қалды, сондықтан, дәл қазір, алдын ала жолыгұры тиіс Бұғы руы мен рубасы Бұрымбайдың қонысы қай жерде тұрғаны белгісіз екенін жеткізді»<sup>1</sup>.

### 3.3. Шығыс Түркістан сапары

Керуенниң Алатау тауының өткелі арқылы өтуге қолайлыш ауа райын күте отырып, Ш.Ш. Уәлиханов 1858 жылдың көктеміне дейін Жетісуда болады. Осы уақытта Семейден шыққан сауда керуені Қарамола жотасының етегіндегі Сарыбас ауылына келеді. Нұсқаулыққа сай, Шоқан шашын тақырлап алып, ұлттық киім киіп, Қапалдан шыққан көпес, керуенбасы Мұсабай Тақтыбаевтың туысы Элімбай болып керуенге қосылады. Осы күннен бастап 1859 жылдың 12 сәуіріне дейін созылған атақты Қашғар әпопеясы басталады. «Жоңғария очерктері» еңбегінде Шоқан Уәлиханов өз сапарының басын егжей-тегжей былай сипаттайды: «Мениң сапарым 1858 жылғы 28 мамырда басталды. Осы күні мен Қапалдан 30 шақырым жердегі Қарамола шатқалына тоқтаган сауда керуеніне қосылдым; керуен Семей қаласынан шықты, қоқандық және бұқаралық көпестерге тиесілі. Керуенде 8 жорық киіз үйі, 100 түйе, 65 ат, 34 қызметші және 20 000 құміс ақшага тауар болды. Мені керуендерлер Элімбай деп біледі және керуенбасы, құрметті Мұсабайдың туысы санайды. 29 мамыр қүні керуен жолга шықты. Тамаша ауа райы саяхатымыз үшін қолайлыш болып тұрды, біз алдымен бекет жолдарымен Алтын Емел бекетіне дейін Алатау тау бөктерінің гажайып алқаптарымен жүріп отырдық»<sup>2</sup>.

Сауда керуенінің жолы Алтын Емел жотасы арқылы, Іле өзенінің алқабы, Сүргіт, Торайғыр таулары, Қарқара тау жайлауы, Сәнташ және Қызылқия асулары, Жырғалаң өзені,

1 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 340.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 56.

Ыстықкөл алқабы, Зәукі өзенінің сағасы, Жетім Асу, Тарагай, Шақырқұрым, Келінтайғақ, Көбергенті, Қалмақ-Ұшақ, Шатыртас, Ақсай өзені мен Теректі тау өткелі арқылы етті. Жолдың бір бөлігі Ресей бодандығын қабылдаған бұғы руының қырғыз иеліктері арқылы етті. Осы жерде белгілі қырғыз манабы Бұрымбайдың жылдық асы өтіп жатты, Шоқанның асқа қатысуына тура келді.

Шоқан Уәлиханов керуеннің жүріп өткен бүкіл жолында жергілікті халықтың тарихы мен мәдениеті туралы жолжазбаларын жүргізіп отырды. Оның очеркінде: «Менің қыргыздармен таныстығым, жогарыда жазғанымдай, 1856 жылдың басталған болатын. 1856 жылды Бұғы руының бас манабы Бұрымбай мен қарамағындағы рулармен бірге, саны 1000 тарта киіз үймен Ресей бодандығын қабылдады; кеппер жылдың көктемінде қыргыздардың (қыргыздар – Ж.Е.) өзінің өтінуімен қыргыздармен жақын танысып, осы руга тиесілі жерді картага түсіру үшін полковник Хоментовский-дің басшылығымен казактар жасагы жөнелтілді. Орыстың алғашқы экспедициясы 2 ай ішінде Ыстықөлдің солтүстік бөлігін шолып шығып, оның солтүстік жағасымен Ақсу өзеніне дейін, оңтүстік жағасынан Зәукі өзеніне дейін екі шақырымдық масштабтасы картасын қағазга түсіріп алды. Экспедицияда болған кезімде Бұрымбай ауылына барып, бінеше гажайып ақыз-әңгімелерді жинап, жабайы тас қыргыздары туралы жазба құрастырыдым. Кейіннен буруттардың басқа тайпалармен: сарыбагаштармен, солтулармен қақтығысын көрдім, ақыр соңында осы саяхатта олардың Қашгарга дейінгі қоныстарымен таныстыым»,<sup>1</sup> – деп жазады.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордтың Шығыс Түркістан экспедициясын үйімдастырудагы қызыметін тағы бір атап кетейік. Ол арнайы миссияны үйімдастыруға асқан жауапкершілікпен келді. Бұны оның Ресейдің мемлекеттік жоғары шенеуніктерімен жазысқан хаттарынан көреміз. Сонымен, сыртқы істер министрі, вице-канцлер, кінэз А.М. Горчаковқа 1857 жылды 31 желтоқсандағы хатында Гасфорт: «Мартебелім, сіздің №331 құпия қатынас қағазының берін сонымен бір мезгілде аскери министр-

<sup>1</sup> Сонда. С. 64–65.

ден алган хаттың себебінен, мен келесідей нұсқаулар бердім:

1) Қашгар керуенін жабдықтау үшін Семейге Сібір қыргыздары облысының әскери губернаторы, полковник Гутковскийді аттандырып, оған Семей облысының әскери губернаторы, генерал-майор Пановпен бірлесіп нақты мақсатын білдірмей, пайдасы мол сауда жасау сырттауымен, сол үшін кеден-дік жеңілдіктер ұсыну арқылы осы шараны ұйымдастыруды тапсырым...

2) Қарамагымдагы поручик сұлтан Үәлиханов оңтүстік шегарага жақын Батыс Қытай бөліктеріндегі жағдай ба-рысы туралы; қашгар көтерілісін, қытай үкіметінің кө-терілісті басу шараларын, Құлжа мен Ақсу қалалары маңындағы Маньчжур династиясына көнілі толмай жүретін халықтың рухын жақыннан бақылау үшін жабайы тас қы-ргыздарының қонысына жіберілді. Үәлихановқа осы мәліметтерді жинау үшін көмек беру үшін, бір мезгілде онымен бірге жабайы тас қыргыздарына, Бұғы руының манабы Бұрымбайга, манап айрықша құрмет тұтатын татар Файзулла Ногаев аттанды. Бұдан басқа, Үәлихановқа Бұрымбай мен басқа да старшиндар үшін 160 руб. 75 к. сомага сатып алған сыйлықтар мен ақшалай 200 руб. берілді. Үәлихановтың жа-байы тас қыргыздарына келүі, Бұғы манаптарымен олар-дың Сары бағыштықтарға қарсы көмек көрсету жөніндегі өтінішіне қатысты жеке кеңесу қажетлігі туралы желеуге байланысты. Верныйга жабдықталуға келген кездे поручик Үәлиханов сол жерге қайтып, қыргыз күмін киіп, керуенбасының туысы ретінде керуенге қосылады. Осылайша Қашгарга кірген соң, сол жерде жүріп алдында жабайы тас қыргыздарынан жинап алған мәліметтерді тексереді және мүмкінді-гінше, көтерілістің барысы мен сипаты, құралы, көшбасшы-лары, бұрынғы династия қожалары, осы күнге дейін беймәлім болған елдің өзі туралы дәл және дұрыс мәліметтерді жинайды. Бұл офицердің ынта-жігері мен қабілеті осыған байланысты мен берген ақыл-кеңесім орындалады деп сенемін»,<sup>1</sup> – деп жазады.

1 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 340-341.

Ш.Ш. Уәлихановты сауда керуенінің құрамында Шығыс Түркістанға жіберу туралы Петербор мен Омбы арасындағы хат алмасу тұрақты әрі құпия түрде болды. 1858 жылы 16 қаңтарда әскер министрі И.О. Сухозанет Г.Х. Гасфорктқа жазған хатында: «Аса жоғары мәртебелімнің былтырғы жылдың 25 желтоқсанындағы №64 пікіріне жауап беру құрметіне болып, Қашгар керуенін жабдықтау және поручик Уәлихановты батыс Қытай провинцияларында болып жатқан оқиғалар туралы мәліметтер жинауга жіберу туралы кейбір жарлықтарының осы жылдың 2 желтоқсанындағы №118 қатынас хатында ұсынған мәртебелі нұсқауларынызға сәйкес орындалуда»<sup>1</sup>.

Сыртқы істер министрі А.М. Горчаков өз хаттарында да Қашғарға аттанатын сауда керуенін жабдықтау қажеттілігі туралы хабарлайды. 1858 жылғы 31 наурыздағы сондай хаттарының бірінде ол Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорктқа алаңдаулы көңілмен: «Әскери министр Жоғары мәртебелімнің әмірімен, сіздің 25 ақпандағы №17 рапортыныңда көтеріліске байланысты қытай үкіметі қабылдаган шараларга байланысты Қашгарга өту қыындан, керуеніміз жергілікті халықтың ары қарай жүргүіне келісім бермеген жағдайда тауар мен мәліметтер жинау үшін ары қарай Құлжага аттанатының хабарлайды. Бұдан басқа, аса рақымды мәртебелім, поручик Уәлиханов керуенмен болсын, жалғыз болсын Құлжадан Қашгарга өтүге тырысатының қоса жазылсыз»<sup>2</sup>. Хаттың мазмұнынан Ресей билігі Қытайдың батыс провинциясындағы жағдайлар болжап білмейтін сипатта және шекарадан аман-есен өтүге ешқандай кепілдің болмауынан мұндай да нұсқаны қарастырғаны анық.

Шығыс Түркістан туралы нақты ақпарат алуға мүдделі Ресей үкіметі алдағы экспедицияның аман-есен аяқталатынына сенди. Бұл туралы әскери министрдің Гасфорктқа жазған жоғарыдағы хатының мазмұнынан анық көрінеді: «Мәртебелі Император осы мәліметке айрықша назарын аударып отыр. Қытай үкіметі азиялықтардың Қашгармен сауда қатынасына рұқсат бергенін құрметпен қабылдай

1 ЦГА РУз. Ф. 715. Оп. 1. Д. 19. Л. 55.

2 Сонда. Л. 153.

отырып, Жоғары мәртебелім қазіргі жағдайда керуеніміз, егер ақылмен және тұрақты әрекет ететін болса, егер керуенбасы бұл шара сауда жасау тұргысынан емес, саяси әрекет екенін естен шыгармаса, тауарларын жылдам сатудың қамын жейтін көпестер ашқездікке салынбаса, бір сөзben, мемлекеттік пайда үшін жеке бас пайдасын құрбан етсе осы өлкеге татар керуені ретінде кіріп үлгереді деп сенеді. Егер керуенге Қашгарға кірудің сәті түспесе, тек тауар сату үшін Құлжага баруы біздің болжамымыз үшін өзінен өзі пайдасыз болмақ. Мәртебелі Император бәріміз үшін осынша маңызды істе оның әмірін бүкіл ықыласызызben орындауга дайын екеніңізге шубә келтірмейді»<sup>1</sup>. Хаттың мазмұнынан министрлер ғана емес, тіпті, император II Александрдың өзі де алдағы экспедициядан хабардар болғаны белгілі.

Қындықтар Семейдің өзінде-ақ басталған. Гасфортың 1858 жылдың 31 тамызында Санкт-Петербургға жолдаған хаттарының бірінде Бұрымбай манаптың өлімінен туындаған қырғыздар арасындағы бүліктер туралы тараған сыйыстарға және Семейге дейін жетіп керуен жабдығына қатысқан көпестерді мазалауына байланысты мазасыздануы айтылған. Көпестер бұл шараға қатысадан бас тарта бастады. Сол кезде Семейге Омбыдан керуенде жасақтаған көпестерді білетін полковник Гутковский аттанады. Шығыс Түркістанға баратын сауда керуенін жабдықтауға қосымша 120 руб. беруіне тұра келді<sup>2</sup>. Сыртқы істер министріне 1858 жылы 28 қазанда жазған келесі хатында Гасфоркт: «Бұқаш үкіметтің талап-тілегін орындау үшін, өзі мен жолдастарының капиталын тауекелге тігіп, керуенде ешқандай да қамтусыз жабдықтауға тілек білдірді»,<sup>3</sup> – деп баяндайды.

«Көreuенде темір кереуетте жататын, самаурыны бар орыс офицері жүрген секілді», – деп қырғыздар арасында тараған сыйыс та үрей туғызды. Шамасы, бұндай сыйыс рас болуы мүмкін, өйткені шығыс керуеншілері жорық темір кереуетінде үйіктамайтын, сапарда самаурын пайдаланбайтын. Эрине, бұл деректер де, Ыстықкөлге апаратын

1 Сонда. Л. 153-154.

2 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 341-342.

3 Сонда. С. 342.

жолда жергілікті халық тарапынан жасалатын шабуылдың болу қаупі де Шоқанның мазасын алды. Алайда ол қауіп-қатерге қарамай, өзінің Қашғарға саяхатын жалғастыру үшін белін бекем буды. Оның үстіне, оларға Шығыс Түркістанға шыққан үш татар және қашғар сауда керуендерінің қосылуы сенімділік берді.

Ресей Сыртқы істер министрлігінің құжаттарынан белгілі болғандай «керуенде жабдықтау жөніндегі біздің тараптың шығыны 2 486 р. 55 к., оның 2111 р. 66 к. әскери министрдің рұқсатымен, әскери министрліктің сомасынан орнын толтыру үшін жергілікті көздерден (Жеке Сібір корпусының штабынан) қарызга алынды; бірақ кейіннен Мемлекеттік қазына сомасынан өтелді. Керуен жабдығын үйымдастыруды өз мойнына алған көпес Бұқаш Аунаев өз қаржысы жетпеген соң, біrnеше бұқара саудагерлерін шақырады. Соның ылждағаттылығының арқасында 100 түйе, 50 атан, жеткілікті адамдар саны, сомасы 18 300 руб.11 к. тұратын тауары бар керуен жасақталды. Керуенде 8 сауда қожайыны болды. Бұқаштың өзі жасының егделігіне байланысты керуенге ермей қалып қойды. Керуенбасы Қапалда тұратын тәшкендік Мұсабай болды. Ұәлиханов керуенге Элімбай болып қосылды. Оған 550 р. ақша берілді, Верный бекінісіне дейін 126 р. 88 к. және Верныйдан Қапалға дейін 33 р. 18 ¾ к. Керуен үшке бөлініп жүріп отырды және 25 маусымда Қараталда бірікті, сол жерден Алтын Емел арқылы Сенташ өткеліне жүргу керек болды»<sup>1</sup>.

Шоқанның жолы Ыстықкөл мен Зәукі өзенінің алқабы арқылы өтеді. Ары қарай Қашғарға үш жол ашылады: біріншісі – Үш-Түрфан қаласы, екіншісі – Үлкен Ақсай, үшіншісі – Атбаш-Арпа арқылы. Ұәлихановтың есебінен, «ұзақ ойласқаннан кейін басқа керуен жолдарымен салыстырғанда қыындығы аздау Ақсай жолымен жүруді шештік. Ақсай жолы Ыстықкөлдің тегіс әрі құнарлы алқабынан басталып, тар және тік, екі альпілік көлдері терраса құрайтын өткелі бар таулармен ауысады. Құздың сынықтары үйіліп қалай болса

<sup>1</sup> Сонда. С. 342-343.

солай жолды бөгөп шашылып жатыр. Аңгар (Зәүкі) биіктігі шамамен 800 сажын болатын тік өрмен аяқталады»<sup>1</sup>.

Керуенге көптеген кедергілерді, әсіресе, Зәүкі аңгарындағы біз атап кеткен шатқалдағы өрді еңсеруге тұра келді. «Керуен бір күннің ішінде көтеріле алмады, сондықтан бір бөлігі Зәүкі өткелі аяқталатын жердегі шагын бастпақты тау қырқасында түнесе, қалғандары бұрынғы түнемеде қалды. Мол жауган қар өрге шығуды едәуір қызындатты. Тенден жүк артылған аттар, әсіресе түйелер сұлы таста тайганап, арасында жүріп бара жатып, салдыр-кулдір төмен қарай, ары-бері согылып барып құлап жатыр. Осылайша, бес түйе мен екі ат өлді. Сапарластарым әбден сасқандай болды. Эркім өз теңі мен көлігін аман есен өрге шыгаруды ойлада келді»<sup>2</sup>, – деп жазады Уәлиханов.

Уәлихановтың есебінде жазылғандай, «Зәүкі аңгарынан Қашгарга дейін Сырт (арқа) бойымен жүргенде 150 шақырым, аты айтып тұргандай жогары жатқан, дөңесте жатқан ел болғандықтан солай аталағы. Қыргыздар оны мәңгі қар патшалығында түсінеді»<sup>3</sup>.

Ресей Сыртқы істер министрі А.М. Горчаковке жолданған есептің басқа бір нұсқасында, Ш.Ш. Уәлиханов жолдың осы қауіпті тұсы туралы келесіні жазады: «15 қыркүйекте керуен осы бір қонақжай емес, қарлы мекенге келді. Жагалай жолы бар көлдің бетін мұз басқан. Керуен таудан екінші рет өткенде, кеш қараңғысында құзга құлаган 200-ге жуық қойдан айрылды»<sup>4</sup>.

Тау өткелінің қаншалықты қауіпті болғанын, жол-жөнекей қанша мал жоғалтқанын Уәлихановтың есебінен көреміз, онда: «Тең артылған бір мал жи өткелдер мен сүйкітан қатты зардал шекті, Қашгарга 101 түйенің 36-сы гана жетті»<sup>5</sup>.

1 Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручника Валиханова // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 349.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 77–75.

3 Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручника Валиханова. С. 349–350.

4 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-3. Оп. 120. 1857–1865 гг. Д. 1. Л. 79.

5 Сонда. Л. 79 об.

Шоқан саяхат кезінде күнделігіне жолжазбалар қалдырып жүрді, бұл жазбалардың құндылығы сол, бұған дейін бір де бір зерттеуші осы таулы өлкеге аяқ баспағандығы. «Жонғария очерктерінде» Уәлиханов: «Саяхатымның өтеп қауіпті болғанына қарамай, жол үстінде де, Қашгардың өзінде тоқтаусыз күнделік жазып жүрдім. Жергілікті тұрғындармен, галымдармен, шенеуніктермен достық қарым-қатынас орнатып, төңірегін емін-еркін арапап жүруімнің арқасында осы бір ғажайып елді толық шолып шығуга мүмкіндік алдыым<sup>1</sup>. Туралиқ үшін айта кетейік, Тянь-Шанға саяхаттаған П.П. Семеновтің өзі тек Нарын өзенінің жоғарғы жағына дейін жетіп, Ыстықкөлге қайтады.

Ш.Ш. Уәлихановтың жазбаларынан Тянь-Шанның табиғи және климаттық ерекшеліктерін, орография, флора және фаунасымен бірге таулы өлкенің географиялық сипаттамасын табуға болады. Орыс география қоғамының архивінде Шоқан Уәлхановтың Қашгарға сапары туралы күнделігі сақтаулы, онда: «Бүгін Зәукіден асып, бұрын-соңды көрмеген, білмеген елге кіргелі отырмыз. Бұл белгісіздік менің күнделікті негүрлым анық және дұрыс жазуымды талап етеді. Керуеніміз қос пен шатырларын жаңа гана тігіп болды... Айналада ақ басты таулар, төменде шатқал қарауытады, оның түбінде кішкене көл көрінеді. Қар жауып тұр, күн – суық. Мен бұл жолдарды қостың ішінде, оттың жарығында жазып отырмын», – деп жазды Шоқан<sup>2</sup>.

Тау асуларын еңсеру адамдар үшін де, мал үшін де қындық туғызды, ауаның сиреуі мен оттегінің жетіспеуінен тұншыға бастады. Алайда жолда кезіккен қауіп-қатерге қарамастан, керуен Зәукі асуынан Нарын өзенінің жоғарғы жағына, Сырдарияның негізгі тармағына өтті. Орталық Тянь-Шанның теріскейінен күнгейіне дейінгі сапарымыз 12 күнге созылды да, 1858 жылғы 26 қыркүйекте Теректі-Дауап асуында аяқталды. Бұл асу Орталық Азия, дәлірек айтсақ, сол кездегі Қоқан хандығы мен Шығыс Түркістан арасындағы шартты шекара болатын. Қашгарға дейін 151 шақы-

1 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 53.

2 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 66.

рым, ал бірінші қытай шекара бекетіне дейін 60 шақырым бар. Тянь-Шаньның оңтүстік жотасы жолаушыларды жазғы шуағымен қарсы алды, ландшафт елді мекендері, егістіктері, бау-бақшалары бар оазисімен көз тартып тұрды. Эрине, бұның бәрі Шоқаннның жолсапар құнделігіне тұсіп, елдімекендердің орналасуы, өндөлген егістік, бау-бақшалары, жергілікті тұрғынның онсыз құнделікті өмірін елестету қыын суару жүйелері егжей-тегжей жазылды. Қытай бекетіне жақындаған сайын Шоқан Үәлиханов құнделігін жасыруға мәжбүр болды: «Асығыспын, құнделікті қазір жерге көмемін, егер құдай бізді тірі әрі саулықта кездестірсе, сыйдан бұлінбесе, жарық дүниеге тағы да көрсетерміз. Аллага тапсырамын, кездескенше»<sup>1</sup>.

Қалың жауған қар, көктайғақ, жел, жауын-шашын секілді кедергіден басқа, тау бөктерінен асқан кезде керуенге біраз қыындықтар мен тосқауылдарды еңсеріп, ауылы жолай орналасқан жергілікті қырғыздардан қорғануына тұра келді. Үәлихановтың есебінен белгілі болғандай, «Қыргыздар (қыргыздар – Ж.Е.) бірде-бір рет керуеннің мазасын алмады, бірақ, Теректі шатқалынан төмен тұсіп келе жатқан саяхатшыларды татарлар деп ойлад шабуыл жасады. Дегенмен олар алдагы керуеннің түйелеріне түрлі қару-жарақ тиеп алған 200-ге жуық орыс алыс жолдан келе жатыр деп таратқан сыйбыстың арқасында, ең аз құн алумен шектелді. Осы сыйбыстар жол жиегіндегі ауылдардың көшип кетіп, керуеннің мазасын алмауына себеп болды. Сол арада, қыргыздар (қыргыздар – Ж.Е.) еш жерден орыс жасағын көрмеген соң, алданғанын тұсініп, керуеннің артынан қуып жетіп, алға шашып озып, соңғы өткелдің (Кекция) аузын бөгеп тұрып алды. Керуен (керуенбасы) қарсылық көрсетудің мүмкін емесін тұсініп, пайдасыз келіссөзге кіріс бергенде, Қашгардан қарсы жіберілген қоқан сипайларынан 5 адам жасақ көмекке келді. Саудагерлер мен қарулы адамдардың біріккен күші қыргыздарға (қыргыздар – Ж.Е.) тойтарыс берді»<sup>2</sup>.

Керуен 1858 жылдың 27 қыркүйегінде қытай шекара-сындағы қамалға жақындағы, тексергеннен кейін қалаға

1 Сонда. С. 67.

2 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-3. Оп. 120. 1857-1865 гг. Д. 1. Л. 79 об. -80.

кірді. Бұл туралы Ш.Ш. Үәлиханов быладай жазады: «Тағы бі-раз тексеруден өтіп, заңдысы бар, заңсызы бар баж салығын алған соң, керуенді биік саз балшық дуалмен қоршалған қа-лагаса кіргізеді. Бұрыш-бұрышында қытай архитектурасы-ның жеңіл мұнаралары тұр. Биік дуалдан не бау-бақшалар, не гимараттар көрінбейді. Шығыс Түркістанның бүкіл қаласы осындаиді. Сарайларымен қоса саздан тұргызылған қалалар үзақ жауган жауын-шашыннан шайылып бұзылуы мүмкін, жергілікті тұргындар да осыдан қорқады»<sup>1</sup>.

Керуенсарайда оларды қоқан өкілдері күтіп тұр еді. Қашгарға келген сауда керуені туралы қырғыздар керуенде жойқын қару бар, ал керуенбасының өзі орыс деген сыйыс таратты. Үәлиханов бұны: «Багымызга орай, қоқан консулы біздің керуенбасы мен басқа бірнеше жолдастарымызды та-нитын; осылайша, қоқандықтардың ара түсүімен бізді қа-лагаса кіргізені үшін борышты бол қалдық»<sup>2</sup>.

Шоқан Үәлихановтың биографтары ол Шығыс Түркістанда 1858 жылдың 1 қазанынан бастап 1859 жылғы наурыздың ортасына дейін болды дейді. Бұған Шоқанның есебі дәлел, онда: «Поручик Үәлиханов Қашгарда 5 ай болды, маңайындағы қалаларға барып, көп нәрсені біліп, зерттеп үлгерді»<sup>3</sup>. Шоқан Қашгарда болған уақытта ақсақал Насреддин, сосын Нұр-мағамбет датқа болған еді. Олар Семей керуенін қошаметпен қарсы алып, Шоқан Үәлиханов пен оның жолдастарын кез келген қолайсыз жағдайдан қорғау үшін өз қамқорлығына алады. Қоқандықтар Үәлихановты шығыс қонақжайлышымен қарсы алғанын, түрлі ойын-суық ұйымдастырып, тіпті жер-гілікті салт бойынша ақсүйек отбасынан шыққан қызға (шәу-кен) уақытша үйлендіргенін айта кету керек.

Шоқан Үәлихановтың есебінде осыған қатысты жазба бар: «Бірнеше күннен кейін жат жерден келген шетелдік-тердің бәрі сол Қашгарда тұрган кезінде уақытша үйленуі парыз болып есептеледі. Бұл дәстүр барлық шетелдіктерге жарамайды. Белгілі бір мерзімге тұрмысқа шыққысы ке-летеңдер айрықша базарға шығып, уақытша үйленгісі ке-

1 Выписка из отчета о путешествии в Кашигир поручика Валиханова. С. 351–352.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 45.

3 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-3. Оп. 120. 1857–1865 гг. Д. 1. Л. 55 об.–59

лөтіндермен келіссөз жүргізетін. Үйленушілер заңды түрде некелеседі және күйеуден тек өзінің әйелін киіндіріп отыру ғана талап етіледі<sup>1</sup>. Уақытша әйелі кейде Шоқанға орынды кеңес беріп, оның жергілікті салт-дәстүрмен жан-жақты танысуына жәрдемдесті. Бұл Шығыс Түркістанның саяси және экономикалық құрылышын зерттеуге, аталған алты қалада тұратын жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті және этнографиясы бойынша материалдар жинауға септігін тигізді.

Еркін өмір сүретін қашғарлық шәуken-әйелдердің тұрмысын баяндаған құжатты зерттеушілер КСРО Ғылым академиясы архивінің (қазіргі РГА архивінің Санкт-Петербург филиалы) материалдары арасынан тауып алды. Ш.Ш. Уәлиханов қашғар шәуkenдері туралы очеркін 1856 жылғы Құлжа сапарынан кейін жазып, сол алғашқы жазылған нұсқасында қалса керек. Бұл еңбектің атауы жоқ (оны академик Ә.Х. Марғұлан берді) және Қытай империясының Батыс өлкесінің жалпы сипаттамасына кіреді. Зерттеушінің бұл еңбегі алғаш рет 1963 жылы «Простор» журналында жарық көрді.

Шоқан өз очеркінде былай жазады: «Қашғар – халқы көп қала, басым көпшлігі мұсылмандар. Түрлі халықтың ағылып келуінен, қала түргындарының мінез-құлқы да таза өнегелі бола бермейді. Негізінен, Жеті қала түркістандықтар өте еркін және соқыр нағымнан, ырымшылдықтан адаболып келді. Мұсылман бола тұра, ашықтан-ашық шарап, боза ішіп, әйелдерін жасырын ұстамайды. Қашғар туралы айтсақ, қашғарлық әйелдер бүкіл Орта Азияда сұлулығымен даңқы шыққан деп айта алмаймыз. Қашғарда гажайып дәстүр бар, соган сай, Мұхаммед пайғамбардың өсіметін бұзбастан ма-хаббаттың ләzzатына тояттайды. Қысқасы, шеттен келген әр адам мүтие туралы заңына сүйеніп, уақытша, бірақ заңды некелесіп әйел ала алады (мүтие салтына сай, шеттен келген әр көпес немесе саяхатшы қалым төлемей. қашғарлық шәуken әйелдерге уақытша үйлене алады – ред.)»<sup>2</sup>.

Шоқан Уәлихановтың миссиясы сапар алдында берілген нұсқауға сай, Шығыс Түркістан туралы толық мәлімет жи-

1 Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручника Валиханова. С. 352-353.

2 Валиханов Ч.Ч. О Кашгаре и его прекрасных чауkenах // Простор. 1963. № 1. С. 102.

нау. Уәлихановтың есебінде: «Менің әрекеттерімे қатысты, Қашгарда болған уақытымда барымды салып, өлкө туралы, асіресе, Кіші Бұқараның саяси жағжайы туралы мүмкіндігінше толық мәлімет жинауга тырыстым, сол үшін барлық ұлт өкілдерімен, қоғамдағы тап өкілдерімен, партия мүшелерімен танысып, бірінен алған мәліметті басқасының мәліметімен салыстырыдым; оның үстіне, қожалар иелік еткен кезеңге жататын бірнеше тарихи кітап сатып алдым, кейбір ғалым ахундардың достығын пайдаландым. Қожалардың ықпалынан жонғар үстемдігіне дейін және кейінгі елдің құлап Қытайга бұғауына қатысты мәліметтерді осы дереккөздерден алдым»<sup>1</sup>.

«Жоңғар очерктерінен» де мынаны оқуға болады: «Осылайша, саяхат кезінде жиналған мәліметтер, біріншіден, өзімнің жеке бақылауымнан; екіншіден, балкім құрметке лайық адамдардан алынған және басқа жауаптармен тәксерілген мәліметтер енген материалдардан және ақыр соңында, көпестер, шенеуніктер, жергілікті ресми құжаттар мен кітаптардан алынған жазба дереккөздерден тұрады»<sup>2</sup>. Шоқан осы енбегінде Шығыс Түркістанға келгенге дейін болған саяси оқиғаларды да толық сипаттайды: «Қашгарда соңғы кезде орын алған бірнеше қанды көтерілісті өз пайдасына шешіп жүрген алдыңғы қашгар иеленушілерінің қазіргі үрпағы қожалар, қытайлармен қоса өз клиенттері – қашгарлықтарды да, бірін, мәселен, Қытай үкіметі уағында шенеунік болғаны үшін, екіншісін есінегені үшін, үшіншісін қаратаулық болғаны үшін бауыздал жатыр. Қытайлар қожаларды қуып шыққаннан кейін, өзінің әскери қуатына қарамай, ең алдымен қаланы тонап, бидай егістігін қазыналық табынымен таптарап, әйелдерді үстап, мешіт пен мазарды бұзып жатыр...»<sup>3</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанда болған уағында Қашгария мен оның Алтышар аталған Қашғар, Ақсу, Үш-Тұрған, Яныасар, Жаркент және Қотан қалаларын әбден

<sup>1</sup> Описание пути в Кашгар и обратно в Ататавский округ // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 396.

<sup>2</sup> Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии С. 53-54.

<sup>3</sup> Сонда. С. 44.

зерттеді. Бұл жөнінде есебінде былай жазады: «Алты қала мен оның жергілікті тұргындарының аумағына жататын деректер қашгар бектерінен, шейхтарынан, ахундарынан және осы істен хабары бар менің қашгарлық туыстарымнан алынды. Қоқандықтармен тұрақты әрі қысқа қатынас жасай отырып, осы хандықтың жағдайы, әсіресе, Құдияр ханың құлауына себеп болған соңғы оқиғалар туралы көптеген мәліметтер алдым»<sup>1</sup>.

Зерттеушілердің ойынша, аталған алты қала Қоқан хандығының атаулы саяси ықпалында болды және Орталық Азияның шектесетін елдері және Қазақстанмен коммерциялық байланыс үшін ашылған болатын. Бұл қалаларда әндіжан, бұқара, тәжік, парсы, ауған, ұндіс және армяндардың ңсауда керуендері тоқтайтын керуенсарайлар болды. Мұнда XIX ғ. бірінші ширегінен бастап тауарларымен орыс, татар, қазақ және грузин коммерсанттары келе бастады<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың ойынша, қоқандықтар қытай билігі тарапынан берілген кейбір артықшылықтарға ие болды. Қытай билігінің келісімен Шығыс Түркістанда Қоқан ханының өз шенеунігі – ақсақалы болды, ол сонымен бірге әрі ңсауда консулы және саяси резиденті болды және жат елден келгендерің тауарынан баж салығын жинауға құқылы еді.

Жалпы, Шығыс Түркістан Қытай империясының юрисдикциясында болды. 1857 жылғы оқиғалардан кейін Қашғария аумағына халықтың, оған қоса келген шетелдіктердің журіп-тұруына шектеулер енгізілген болатын. Ш.Ш. Үәлиханов өз есебінде осыған қатысты былай дейді: «Қытай билігінің бүкіл назары Қашгарга орыстарды, әсіресе ағылшындарды кіргізбеуде болды. Бұл жерде ағылшындар тіпті көмек беремів деп үәде беріп, қожаларды көтеру үшін агенттерін жібереді деген сенім бар»<sup>3</sup>.

Шығыс Түркістан халқы сауда мен жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты енгізілген шектеулі артықшылықтарға қарамай, қытай билігінің ұstemдігінен жапа шегіп отыр. Негізінен қытай әкімшілігі Шығыс Түркістанда қатал саясат жүргізді. Шоқан Үәлиханов бұны байқамай қалған жоқ;

1 Описание пути в Кашгар и обратно в Алатауский округ. С. 396–397.

2 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Ватиханова. С. 68.

3 Сонда.

«Жергілікті халықтың қытайларга деген өшпенділігі ымырасыз еді, өйткені: қытай шенеуніктепі халықты торап, қорлайтын тауарын тартып алатын; әрбір қытай көшеде кездесіп, аттан түспеген қашгарлықты ұрып-согуга құқылы санайтын. Жалпы Шығыс Түркістанның жағдайы аянышты, оған қоса, жек көрінішті биліктің үстемдігін құлату үшін халықтың бірігуіне мүмкіндік бермейтін түрлі партияның алауызыдығының арқасында амалсыз, лажсыз болатын»<sup>1</sup>.

«Жоңғария очерктері» еңбегінде Ш.Ш. Ұәлиханов Қытай империясының батыс шетінде ол келген кезде қалыптастықтар жағдайды толық сипаттал жазады: «Біз Қашгарга келгенде, қытайлар өздерінің алудан түрлі жазалауын енді гана аяқтаған болатын, қала қақпасының кіреберісінде жіңішке сиректардан жасаган ұзыннан-ұзақ аллеядагы торларда олар жазага тартқан жергілікті түргыштардың саргайған бас сүйектері ілініп тұрды. Қала саябырсы бастигап. Қытайлар қойған жаңа билік мандариндердің бас киімімен ары-бері жүріп, жол беріп үлгермегенің бәрін сабады»<sup>2</sup>.

Шығыс Түркістандағы сауда-саттығы турасында Ұәлиханов есебінде мынаны жазады: «Сауда-саттық қоқандықтардың қолында. Бірақ, Ресей Шығыс Түркістанмен тікелей қарым-қатынас орнату арқылы оны (яғни, сауданы) тез иеленіп алады, өйткені қоқандықтарды малмен қамтамасыз ету орыстардың қолында»<sup>3</sup>.

Оз керуенінің сауда қызметі туралы Шоқан Ұәлиханов есебінде мынаны атап өтеді: «Қашгарда 5 айға жуық тұрдық. 1 қазаннан 13 наурызға дейін. Бұл қаладагы біздің керуенің сауда операциялары қанагаттанарлық еді. Керуен басылардың маган хабарлаган шоттарынан керуен жабдығымен бірге 19 мың руб. күміс сомага тауар болды: Улken қыргыздар (қазақтардың Ұлы жүзі – Ж.Е.) мен Жабайы тас ордага 3026 қой (соның ішінде, бір-екі жасар тоқтыларды санаганда) болатын тауар сатылған; осы қойлар мен қалған тауарлар Қашгарда 4.068½ қоқан алтынына сатылды. Тауарлардың жылдам күміс пен алтынга сатылғанын айрықша қолайлы жадайға жатқызуға болады. 1857 жылғы көтерілістен кейін

1 Сонда.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 44.

3 Выписка из отчета о путешествии в Кашигар поручика Валиханова. С. 354.

Кашгар мен Қоқанның қатынасы үзілді, едәуір сомага тауар алып келген біздің керуен бірінші болды»<sup>1</sup>. Бұдан әрі: «Қашгардан әкетемін басты зат-шәй. Әсіресе, бізде сатылмайтын көк шәй болды; басты тұындылар: дабы, мақта қазақ, жібек...»<sup>2</sup>.

Жергілікті қытай билігінің саясаты Қоқан хандығы мен Шығыс Түркістан арасындағы өзара сауда қатынасын кедергі жасамау еді. Қожалар көтерілісін басып-жаншығанан кейін «Қоқанмен қарым-қатынас қайта жаңғырды, қоқан консулы Қашгарда бір айдан астам тұрды, бүкіра және қоқан керуендері бос жатқан керуенсарайларды күн асқан сайын толтыра бастады»<sup>3</sup>.

Шоқан Үәлихановтың Шығыс Түркістанға сапарына арналған жарияланымдардың бірінде, былай делінген, «Біздің керуен Қашгардан 27 ямб. күміс алып кетті. Барлық осы шығында есепке ала отырып, керуеніміз айналымына көңілі толмады деп ойлаймыз»<sup>4</sup>. «Тұрлі тайпалар мен түрлі елдердің көпестерімен таныс болуым, көп жол бағыттарын білуіме, көрші елдер жөнінде этнографиялық, статистикалық және сауда мәліметтерін алуға мүмкіндік берді. Үнемі көпестердің ортасында болып, керуенсарайда тұрып, әсіресе ортаазиялық саудамен, керуен саудасының затымен, жалпы, әсіресе Қашгардагы ортаазиялық көпестікпен, олардың коммерциялық түсініктерімен және экономикалық ұғымдарымен жақсы таныс болым, – деп жазды Үәлиханов<sup>5</sup>.

Шоқан Үәлихановтың Қашгарда қалуы қауіпті бола бастады. Бұл Шығыс Түркістандағы тұрақсыз саяси жағдайға да, оны орыс агенті деп тараған сыйбысқа да байланысты туды. Үәлихановтың өзі былай дейді: «Қашқарда бұдан әрі қалуымыз мүмкін болмады: керуенде орыс агенті бар деген сыйбыс қаланы қатты тынышсыздандыра бастады және шеттен келгендерді бақылауға алды»<sup>6</sup>. Өз есебінде Шоқан: «Қаңтардың аяғында Қашгарга Құлжадан бірнеше қашгар-

1 Описание пути в Кашгар и обратно в Алатавский округ. С. 394.

2 Сонда. С. 395.

3 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 44.

4 Поездка Ч.Ч. Валиханова в Кашгар // Известия Императорского Русского географического общества. Т. IV. № 4 (23 июля 1868 г.). СПб., 1868. С. 257.

5 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 53.

6 Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручика Валиханова. С. 354.

лық және бізден кейін Семейден шыққан тәшкендік көпестер келді. Олар арқылы керуенде орыс агенті бар деген сыйыс тарады. Нұрмагамбет біздің бәрімізді аздаң танығандықтан, бізден осы сыйысты ақтап шығатын ешқандай мәлімет таппагандықтан, күлді де оны соншалықты шындықса сәйкес келмейтінің айтты. Қоқанда саудагерлер арасында да осындағы қауесет шығып, оған орыс агенті қалада емес, түйелерімізді ұстап түрган ауылда деген сез қосылды. Қоқан мұхтары Қашгарга жіберген өз шенеунігіне ауыл мен біздің жұмысшыларды тексеруге тапсырма берді<sup>1</sup>. Осы оқиғалардан кейін, Шоқанның бұдан әрі мұнда қалуы қауіпті еді. Шығыс Түркістаннан тездетіп кетуге тұра келді, оның үстіне қектем басталғандықтан таудағы жолдар ашық болатын. Бұл жөнінде есепте мынандай жазба бар: «...11 наурызда ақсақалдың үйінен бізді өзі бастаған қашгарлықтар тобы шығарып салды. Қайтар жолымыз Тойын өзенінің ағысымен қарауыл Тесік-тасқа қарай жатты, бірақ билетіміз Іслық арқылы болғандықтан, бізге тұра жолға тұсу үшін, біраз айналып өтуге тұра келді»<sup>2</sup>.

Елге қайтар жол жеңіл болған жоқ, асуларында әлі қалың қар жатқан Оңтүстік Қырғызстан арқылы өтті. Жол бойы түрлі бекіністер, ғимараттар және Шоқаннан бұрын орыс саяхатшысы болып кеткен тау көлі Шатыркөл кезікті. «Керуен көлдің мұзымен жүріп, қалың омбы қардан әрең өтті, алқапты солтүстік жағынан қоршаган Тас-рабат тауында түнеді. Шатыркөлдің ені 10 шақырым, ұзындығы 20 шақырымға жуық, өте биік жатқан көлдің абсолют биіктігі 7000 футтан кем емес»<sup>3</sup>.

Ш. Үәлиханов барлық көрген-білгенін өз есебінде баяндап отырды: «Рабат деп шығыста саяхатшыларга баспаңа беру үшін үлкен жолдың бойына түргышылған ғимаратты атайды. Олар шөлдегі мешіт, училище, керуенсарай және құдық секілді құдайга жағыну үшін салынады»<sup>4</sup>. Шоқан Үәлиханов байырғы құрылыштың ежелгі қалдықтары бойынша қазіргі Қырғызстанның аумағында түрган байырғы түрғын-

1 Описание пути в Кашгар и обратно в Алатавский округ. С. 379.

2 Сонда. С. 380.

3 Сонда. С. 381.

4 Сонда. С. 381-382.

дар туралы пайымдады. Ол былай деп жазды: «Сырттың таулы қыратында тек Атбас, Арна және Нарынның ойпаты мен жылы алқаптарында гана бидай мен арпа өседі. Ежелгі кезде бұл жерде отырықшы және жартылай отырықшы халық мекендереген деп ойлауга болады, өйткені қыргыздар айтқандай, Атбастан төмен қарай үлкен қаланың қирандышы, Нарында өзіміз көрген байыргы егін шаруашылығының іздері бар»<sup>1</sup>. Қыргыздардың шаруасы туралы мынаны байқаған: «Керуен қырғызы ауылдары мен егістіктердің ортасымен өтті. Қыргыздар жер жыртумен айналысқан»<sup>2</sup>.

Оңтүстік Қыргызстан арқылы жүріп өткен жол, жоғарыда атап өткендей, оңай болған жоқ, Әсіресе, керуенге манаптары аумақтарынан өткені үшін пара алатын қыргыз қоныстары арқылы өту қыын болды. Бұл жөнінде Шоқан өзінің есебінде былай жазады: «Шатқалдың (Зәукі) бір шығаберісінде шамамен 530 шақырым жасап Қашгардан соң 23 өткелден кейін керуенде поручик Үәлихановтың барын білетін қыргыздар (қыргыздар. – Ж.Е.) қарсы алды. Керуен сол үшін қолданын келгенше қорлаган қыргыздарға 300 руб күмістен сыйлық берді және олар әркімнің шығынан ұнаган шапанын шешіп алды; керуенде тонаймыз, ал Үәлихановты Қоқанга әкетеміз деп қорқытты. Багымызга орай, алдымыздан шыққан орыс жасагы керуенде қыын жағдайдан тағы да құтқарып қалды»<sup>3</sup>. Бұдан басқа, ол: «Қыргызы рубасыларында уақыт өткен сайын құрметтеп келген жүйелі қағида пайда болды, соган сәйкес қыргыздар (қыргыздар. – Ж.Е.) керуенде өз заңымен, ежелгі дәстүрі мен заны бойынша тонайды»<sup>4</sup>. Алайда, жолда кездескен қыындық пен қауіп-қатерге қарамай, керуен діттеген жеріне аман-есен жетеді, бұл туралы ержүрек саяхатшының есебінде жазылған: «12 сәуірде Үәлиханов, 10 ай және 14 күнге созылған қыын саяхаттан кейін Верный бекінісінде болды»<sup>5</sup>.

Шоқан Үәлихановтың Шығыс Түркістанға сапарына бастамашы болғандардың бірі оның қызметіне лайықты бағасын береді: «Қашгарда 5 айга жуық болып келген Шоқан Үә-

1 Сонда. С. 353.

2 Сонда. С. 355.

3 Сонда. С. 354.


4 Сонда. С. 355.

5 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-3. Оп. 120. 1857-1965 гг. Д. 1. Л. 92.

лиханов Верныйга бай да қызыың мәліметтерімен бірге 1859 жылы сәуірде оралды, ал Петерборга 1860 жылы келеді, мұнда Географиялық қоғамның мүшесі болып қабылданып, П.П. Семеновтың, басшылығымен Қыргыз даласының географиясы, этнографиясы және тарихы бойынша молынан жинал алған материалдарын зерттей бастайды, сонымен бірге өзінің мәліметтерін С.-П. университетіндегі дәріс тыңдаумен толықтыруға тырысады. Француз және неміс тілдерін үйренген Уәлиханов Орталық Азияга қатыстының барлығы бойынша көремет әрудицияга ие болады. Уәлихановтың тамаша «Жонғар очерктері» (40 бет) және «Алтышардың жағдайы туралы» (44 бет) мақалалары 1861 жылғы Имп. Орыс Геогр. Көг. Жаз. жарияланады [Императорлық орыс география қоғамының жазбалары]за 1861 ж....»<sup>1</sup>.

---

1 Семенов-Тян-Шанский П.П. История полу векаовой деятельности... . С. 276.



## IV ТАРАУ Санкт-Петербургда

### 4.1. Империя астанасындағы ұмытылмас кездесулер

Ресей шығыстанушысы А.А. Колесников XIX ғ. 50 жылдары Қашғарияға барған түңғыш Ресей өкілі қазақтың көрнекті ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов болды деп әділ санайды. «Замандастары орыстың еана емес, әлемдік шығыстануга да қосқан маңызды үлесі деп бағалаган оның зерттеулері гылыми еңбектерге қосылды. Ш.Ш. Уәлихановтың Шығыс Түркістан, әсіресе Қашгарда (1858 ж. қазан – 1859 ж. наурыз) болған кезеңі бойынша жинаған материалдары қазіргі кезде де үлкен гылыми құндылыққа ие...», – деп көрсетті А.А. Колесников<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың Шығыс Түркістаннан отанына аман-есен оралуы әсіресе, осы соншалықты қауіпті саяхатты дайындаған адамдар үшін жағымды жаңалық болды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордтың Сыртқы істер министрі, вице-канцлер, кінэз А.М. Горчаковқа 1859 жылы 13 шілдеде жазған хатында: «Өткен жылдың мамырында Қашгарга жіберліген керуен өзінің сауда істерін та-быспен аяқтап, Семейге оралды. Сонымен қатар, осы керу-

<sup>1</sup> Колесников А.А. Русские в Кашгарии... С. 11.

енде болған, аса жогары мәртебелімнің әмірімен жогары мәртебелім, өзіңізге мәлім құпия тапсырма жүктелген поручик сұлтан Шоқан Ұәлиханов та Омбыға келді. Сол офицердің сөзінен белгілі болғандай, кейбір саудагерлердің танып қоюы ықтимал, біздің керуенің бастырымауына байланысты аса қауіпті жағдайда болғанына қарамай, үкіметке пайдалы әрі қажетті мәліметтерді жинап үлгерген»<sup>1</sup>.

Атап өткендей, Шоқанды танып қою қаупі үнемі болды, өйткені керуен Қашғарға жеткенге дейін-ақ, саудагерлермен бірге елге орыс агенті келеді деген сыйыс тарайды. Шоқан Ұәлихановты орыс офицері ретінде кімнің танып қоятынын, бәлкім, қоқан бодандарының бірі оны Қашғарға шыққанға дейін Верныйда көрген болуы да мүмкін немесе олардың жолда темір кереует пен самаурынды пайдалануы жергілікті көпестер мен қырғыздардың жат елдік ретінде назарын аударды ма, айту қыны. Жалпы, Шоқан Ұәлихановты Қашғарға сапарын ресмилендіру үшін ойлад тапқан азыз оның сол өлкеде болуының соңында ғана іске қосылды, қауіп-қатерді сезген ол Шығыс Түркістан аумағын тастап шығуға бел буады.

Шығыс Түркістанға жасаған ұзақ та қауіпті сапар ержүрек саяхатшының денсаулығына әсер етпей қоймады. Оның үстінен, Қашғарда болған кезі туралы толық есеп жасау үшін де уақыт керек болды. Жоғарыдағы Сыртқы істер министріне жазылған хатында Гасфорт былай деп жазды: «Мен поручик Ұәлихановқа оларды жогары мәртебеліме ұсыну үшін айқын ретпен қазаға түсіруін бұйырдым. Бірақ барлық көрғен-білгеніңді көшіріп жазу мүмкін емес, сондықтан атап гана офицерді Азия департаментінде ауызша түсіндіру үшін С.-Петерборга жіберуді пайдалы деп үйгәрдым және ол жазбаны дайындал болған соң орындаімын, ал, ол жыл бойы көрген қыындығынан бұзылған денсаулығын түзеуге аттанады»<sup>2</sup>. Дәл осы хатта, Ұәлиханов әскери атағы бойынша поручик, әлеуметтік мәртебесі бойынша сұлтан екені аталаған өтеді. Әскери министрліктің Инспекторлық департаментінің

1 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 343; РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 207.

2 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 343.

өтінішіне сай 1859 жылы 31 шілдеде Билік етуші сенаттың герольдмейстері мырзаның атына және Жеке Сібір корпусының командирінің қолдау хаты негізінде поручик Шоқан Уәлихановқа сұлтан атағы берілді<sup>1</sup>.

Сыртқы істер министрлігі Шығыс Түркістан сапары туралы есепті Ұлы мәртебелі императорға уақтылы ұсыну үшін де жылдам алуға мүдделі еді. Жеке Сібір корпусының командирі мен Батыс Сібір генерал-губернаторы сыртқы істер министрінің сауалына былай жауап берді: «Уәлихановтың менің тікелей бақылауыммен және Сібір қыргыздары облыстық әскер губернаторының лауазымын атқарушы мен полковник Гутковскийдің қолдауымен жасалып жатқан Қашгарга сапары туралы есебі аяқталып қалды және таяу арада жеткізілетін болады, өйткені поручик сұлтан Шоқан Уәлихановтың осы бір қыындығы мол сапарда бұзылған денсаулығы түзеле бастады, енді ол өз жазбаларын бар күш-жігерімен аяқтауга кірісті»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов Омбыға оралған соң, дімкәстігіне қарамастан, Ресей империясының жоғары мемлекеттік ведомстволарына арнал жолда жинаған мәліметтердің өзектілігін сезіне отырып, бар күш-жігерін салып есепті жазуға кірісті. Бұны жасау оңай болмады, өйткені жиналған бүкіл материалды өндеп, жүйелі түрде ұсыну қажет еді, бұған аз уақыт кеткен жоқ.

Денсаулығына қарамай, Шоқан Уәлихановтың Қашғария сапары туралы есепті жылдам жасағаны туралы генерал Г.Х. Гасфортың Санкт-Петербургға жіберген хабарламасының бірінен оқуға болады. Батыс Сібір генерал-губернаторының 1860 жылы 24 қаңтарда Сыртқы істер министріне жазған хатында ШУәлихановтың Шығыс Түркістанға жасаған сапарының бүкіл маңыздылығын толық сипаттайды. Соның ішінде, хатта: «Әскери министр мырзаның маган хабарлаган былтырғы, 1857 жылғы 28 тамызда №10 қупия жарлығындағы Аса жоғары мәртебелі императордың әмірін орындау үшін, менің үкіміммен және сендіруіммен ташкендік Семей көпесі Бұқаш өз есебінен Қашгарга тауар керуенін

1 РГИА. Ф. 1343. Оп. 18. Д. 125. Л. 44-44 об.

2 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 343-344.

жасақтады, ал оның бастығы (керуенбасы) ретінде Қапалда тұратын тәшикендік Мұса бейді сайладым. 15 маусымда Семейден шыққан және 1858 жылғы қыркүйектің басында Зәукі тау өткелінен өткен осы керуенмен менің қарамағымдағы поручик сұltан Шоқан Ұәлиханов (Орта жүздің соңғы ханының үргасы) азиялық киім киіп, керуенбасының туысы атанағып құпия агент ретінде аттанды. Қөптеген сынақ қындықтар мен қауіп-қатерден кейін бұл керуен осы жылдың 12 сәуірінде Верный бекінісіне аман-есен оралды. Осы жерден шығарып әкетілген тауардың бөлігі Қашқарда күміске сатылып, жартысы шайга және кейбір жергілікті жібек материалга айырбасталды, тапқан пайдамыз аз болғанымен, Бұқашқа женілдікпен баж салығы берілгеннің арқасында шығындардың орны жабылды. Керуенмен оралған агент, поручик Ұәлиханов ұзаққа созылған саяхаттың, ауыр еңбектің, қолайсыздықтар мен өмірін қатерге тігіп қауіп-қатерден шеккен күйзелістің салдарынан оның нағыз атагы белгілі болғанда, ол туралы кейбір күмәнді ойлар айттылғандықтан, Омбыға келген соң, қатты сырқаттанып қалды, оның табиги әлсіз дене бітімінен бұл ұзаққа созылған аурудың соңын анықтау мүмкін емес. Өзі жасаган бақылаулар мен жинаған мәліметтері бойынша есеп жазуды баянлатқан осы себептерге байланысты, мен Сібір қыргыздары облыстық әскери губернатор жолдасқа, полковник Гутковскийге поручик Ұәлихановтың жазбаларын өңдеуге жәрдемдесуін тапсырдым. Осы мәліметтерді жинау бойынша олар менің бақылауыма атынып, жүйелі тәртіпке келтірілді, мен осы баяндаманы Ұлы Мәртебеліме ұсыну құрметіне ие болып отырмын. Бұл баяндама барлық жағынан үкімет үшін де, ғылым үшін де қызықты да пайдалы, өйткені ол беймәлім елдің әскери, саяси және сауда-саттық жағдайымен жеткілікті түрде айқын таныстырады және осы уаққа дейін біраз географтардың басшылыққа алып жүрген тақырыптарының әлсіз әрі бұрыс екенін билдіреді. Осы жазбаларды редакциялау кезінде, әрине, баяндаудың, сөйлемнің толықтылығын, реттілігін сақтауга болар еді, бірақ Ұәлиханов мырзаның сырқатының баянлаганына байланысты, уақыт ұту үшін есептің қаншалықты асығыстықпен жасалғанына кешіріммен қаруауга болады деп ойтаймын. Дегенмен, қөптеген және жақсы

баяндалған жағдайларды Үәлихановтың өзі С.-Петерборда ауызша толықтыра алады. Егер гылым мен мемлекеттік құрылыштың барлық саласына қатысты алушан түрлілікті, таяуда гана Сібір кадет корпусында тәрбиеленіп шыққан әрі қыргыз. Бұлардың арасынан әдеттегі бастауыш білімі бар адамды кездестіру барынша қының жас адамның анық құрастырганын ескеретін болсақ, осы мәліметтерді ұзақ үақыттау қымет тартып, тіпті масқара өлімге ұшырауы ықтимал жағдайда жиналды; бұдан әрі осы баспада жарияланған мәліметтер гылым алемінде құрметті атақ, иғі атаққұмарлық үшін мәшһүрлікті алып беред еді...»<sup>1</sup>.

Гасфорп Шығыс Түркістан экспедициясына қатысушыларды марапаттау жөнінде министрден өтініш жасады «Үәлихановқа штабс-ротмистр шенін, З дәрежелі әулие Анна орденін және аттанар алдында берілген 257 руб. ақшадан бөлек, Қашгар мен Жаркентте болған уағында керуенбасы Мұсабейден несиеғе алған 900 руб. осы экспедиция бойынша қазына есебінен болған жалпы шығындар қатарына қабылданап, бір рет берілетін 500 рубль күміс ақша; Семей көпесі Бұқаш Аупаевқа (шығындарды өзіне алып өз есебінен керуенді жабдықтауга жалғыз тілек білдірген адам) – владимир лентасындағы алдын медаль мен хорунжий шенін. Керуенбасы Мұса бей Тоқтыбековқа – стнаислав лентасындағы алтын медаль. Керуенді жабдықтау туралы қамқорлық жасаган Полковник Гутковскийге – 687 руб күміс ақшамен бір рет берілетін жылдық жалақы»<sup>2</sup>.

Кейіннен Шоқан Үәлиханов император II Александрдің жеке өкімімен штабс-ротмистрге көтерілді, 4 дәрежелі Әулие Владимир орденімен (ұраны «Пайда, намыс және даңқ»)<sup>3</sup> марапатталды және бір реттік жәрдемақы 500 руб күміс ақша. Осыған байланысты журналист И.И. Стрелкова өз кітабында былай жазады: «II Александр басынан бастап Үалихановтың экспедициясына, Гасфорптың аттестациясынан тамаша өткен, бұратанадан шыққан офицердің жеке басына үлкен қызығушылық білдірді. Гасфорптан Үәлихановты Әулие Анна орденіне ұсынған өтінішін алған II Александр

1 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 344-346.

2 Сонда. С. 346.

награданы жеткіліксіз деп санап, өз қолымен мына жолдарды жазады: «Ұәлихановқа Владимир ...». Орден алған кезде Шоқан сарайда болды»<sup>1</sup>.

Ресейдің әскери-тариҳи архивінде поручик Шоқан Ұәлихановты 4 дәрежелі Әулие Владимир орденімен марапаттау туралы 1860 жылғы сәуірдегі Ресей императорлық және патша ордендерінің капитуласы император II Александрдің жарлығының көшірмесі сақтаулы: «...кейбір шептік Орта Азия иеліктерін тексеру үшін жүктелген міндетті орындау кезінде көрсеткен өте жақсы ыңдағатты және аса ықыласпен атқарған қызметтің құрметтеу үшін»<sup>2</sup>. Осы архивте поручик сұltан Шоқан Ұәлихановты өте жақсы қызметі үшін штабс-ротмистрге көтеру туралы 1860 жылғы 7 сәуірдегі Аса жоғары бүйректың типографиялық баспа-таңбасы бар<sup>3</sup>.

Кейіннен Ш.Ш. Ұәлиханов пен жорықтың басқа да қатысушылары қолдау хат бойынша наградаларын алады: «Касимов татары Гильдеев – мойынга тағатын анненск лентасындағы алтын медаль. Тәшкендік Ер Назар – жагага тағатын владимир лентасындағы алтын медаль. Тәшкендік Мұхамет Рзық Пірназаров – жагага тағатын владимир лентасындағы алтын медаль. Ұлы жұз Абдан руының қыргызы (албан – Ж.Е.) Жексенбі – мойынга тағатын владимир лентасындағы құміс медаль. Тәшкендік Әзім Жан Сарымсақов – мойынга тағатын анненск лентасындағы құміс медаль. Қыргыз Жұсіп Ағысов – жагага тағатын анненск лентасындағы құміс медаль. Тәшкендіктер Әбdi Керім Шәріп Баев пен Мырза Мұқсин Сагытов – жагага тағатын станислав лентасындағы құміс медаль. Қыргыздар Жолай Матаев, Сары Қажы Итемғенов, Мұхаммед Жан Құлжанов, Құтлышбай Қасымов, Мырза Мақпыйр, Қара-Құли, Қенже Сары Қажым, Қожа Қойгелдин, Қуан Әлі Mіr Әзімов – құрметті шапандар. Қыргыздар: Шалқыбай, Майқы Қабылов 25 руб. құміс ақша; Қабыл Байров, Қашгар Бай-Қитятов, тәшкендік Бір Молда Құлбаев – 20 руб. құміс ақша»<sup>4</sup>. «Ыңдағаттығы үшін» үкіметтік

1 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 195.

2 РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 242.

3 Сонда. Л. 244.

4 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 346-347.

наградалармен және медальдармен марапатталған Қашғар экспедициясы қатысушыларының тізімі Ресейдің мемлекеттік әскери-тарихи архивінде сактаулы<sup>1</sup>.

Шоқан Үәлихановтың алдағы Петерборға сапарына қайта оралып, оның алдында Омбы мен Ресей империясының астанасы арасында хат алмасулар болғанын атап өтейік. Семей әскери губернаторы, инфanterия генералы, ИОГҚБСБ бірінші төрағасы, Батыс Сібір бойынша өзінің геодезиялық және астрономиялық жұмыстарымен белгілі И.Ф. Бабковтың (1827–1905) естеліктерінде былай дейді: «Сыртқы істер министрлігінде Үәлихановтың осы уаққа дейін беймәлім Қашгарға сапары туралы толық ақпаратты сабырсыздықпен және қызыу әуестікпен күтті... Бәрінен де бұрын асыга күткен осы істің бастамасышы және қабілетіне қарай ориенталист Е.П. Ковалевский болды. Қашгарда жүрген біздің агенттіміз және Шығыс Түркістан немесе Кіші Бұқара туралы ол жинаған қызықты мәліметтер туралы сыйыс Е.П. Ковалевскийдің жақын танысы граф Блудовспен бірге Петербордың жогары саласына да жеткен. Оның үстінен, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігіне белгілі болғандай, Үндістаннан ағылшын агенті Адольф Шлагинтвейттің Қашгарға аттанғаны туралы хабар да бұның әсерін одан ары қүшетті, ал ағылшын агенті артынан Қашгарда өлтірілгені мәлім»<sup>2</sup>.

Зерттеушілердің Шоқан Үәлихановтың Петерборға келген уақытына байланысты ойы әр түрлі. Сонымен, Х. Айдарова өз еңбектерінде 1860 жылдың наурызы деп көрсетсе, академик Э.Х. Марғұлан 1859 жылдың аяғы десе, М. Мусина мен Б. Тихомиров – 1860 жылдың ақпаны дейді<sup>3</sup>. Ш.Ш. Үәлиханов Омбыдан Санкт-Петербургға Шығыс Түркістан сапары туралы есебін аяқтаған кезде ғана шыққан фактіні атап өткен жөн. Бұл жөнінде қол қойылмаған келесі хабарлама дәлел: «СПб шаруасымен келген Батыс Сібір генерал-губернаторының қарамағындағы поручик Ш. Үәлиханов медициналық көмекке зәру, өйткені оның қалада таныстары жок,

1 РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 282–282 об.: Л. 300–301 об.

2 Бабков И.Ф. Записки о моей службе в Сибири. СПб.: Типография В.Ф. Киршбаума, 1912. С. 1–36.

3 Айдарова Х.Ч. Чокан Валиханов. С. SS; Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 75; Мусина М.. Тихомиров Б. Указ. соч. С. 5.

сондықтан сіздің айрықша қамқорлыққа алуыңызды тапсырамын. Поручик Үәлиханов сыртқы істер министріне қызметке пайдалы офицер ретінде таныс және Иван Матвеевич оны сізге айрықша табыстап отыр. 1860 ж. 14 наурыз, №981»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов Петерборға келген соң, Ресей империясы СІМ Азия департаментінің директоры Е.П. Ковалевский-ге баяндама жасап, сыртқы істер министрі, көрнекті орыс дипломаты және мемлекет қайраткері, вице-канцлер кінэз А.М. Горчаков (1798–1883) пен оның жолдасы (орынбасары), граф И.М. Толстойға таныстырылды. Жоғарыдағы, 1860 жылғы 14 наурыздағы қол қойылмаған хабарламада аталып кеткен осы Иван Матвеевич Толстой еді.

Ресей империясының ықпалды мемлекеттік және әскери қайраткерлері, ғалымдары, жазушылары мен ақындары ержүрек саяхатшы, дала аристократының өкілі, өзінің білімдарлығымен және мәдениетімен жақсы әсер қалдырган жас офицерді өте жақсы қарсы алды. Оларды Ш.Ш. Үәлихановтың саяси, агентуралық, экономикалық, ғылыми және басқа да ізденімпаздығы қызықтырылды және олар өз сұрақтарына толық жауап алуға тырысты.

Сонымен, И.И. Стрелкованың ойынша, сыртқы істер министрі А.М. Горчаковты, «Үәлихановтың қытай батыс отарындағы маньчжур династиясының ұстанымының босаңсусы, Шығыс Түркістан халқының отаршыларга өшпенілігі, Азия нарығына орыс тауарларының табыспен енүі, Шығыс Түркістаннан мақта алу мүмкіндігі туралы сеніммен жазылған қашгарлық есебі қатты қызықтырылды. Үәлиханов жеткізген мақта туралы мәліметтер көп ұзамай одан да құнды болады, өйткені Солтүстік Америкадагы азаматтық согыс Еуропага американлық мақтаның әкелінуінің қысқаруына алып келеді»<sup>2</sup>. Ш.Ш. Үәлихановтың Қашгарға саяхаты туралы есебін оқыған А.М. Горчаков мынадай жазба қалдырады: «Егер де Сіз осының берінен мүмкін деп тапқанның барлығын Географиялық қоғамға хабарласаңыз, разылтық алғысымды білдірер едім»<sup>3</sup>.

1 Извлечение из дела об отправлении поручика Чокана Валиханова в Кашгар. С. 347.

2 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 197.

3 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-3. Оп. 120. 1857-1865 гг. Д. 1.

Шоқан Уәлихановтың есебі, шын мәнінде патша үкіметі үшін айрықша құнды болды. Бұл туралы Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортың 1860 жылғы 4 қаңтарда әскери министр генерал-адъютант Н.О. Сухозанетке жа-саған рапортында дәл былай жазылған: «...бұл баяндама барлық жағынан үкімет үшін де, ғылым үшін де жоғары дәрежеде аса қызықты және пайдалы... <...> ...беймәлім елдің әскери, са-яси және сауда-саттық жағдайымен жеткілікті тұрде анық таныстырады және кейбір географтардың бұған дейін бас-шылыққа алған мәліметтерінің әлсіз және бұрыс болғанын білдіреді...»!

Патша ағзам II Александрдің ресми аудиенциясынан, жоғары орденмен және ақшалай сыйлықпен марапаттаудан, сондай-ақ әскери атағы көтерілгеннен кейін штабс-рот-мистр Шоқан Уәлиханов А.М. Горчаковтың қолдауымен Ресей империясының СІМ Азия департаментіне қызметке тағайындалады.

Ресейдің сыртқы саясат архивінде Сыртқы істер мини-стрлігі мен Әскери министрліктің арасындағы Шоқан Уәлихановтың Ресей империясының СІМ Азия департаментіне қосу мәселесі туралы хаты сақтаулы. Соның ішінде, Сыртқы істер министрінің орынбасары И.М. Толстой мен Ресей СІМ Азия департаменті директорының Әскери министр Н.О. Сухозанеттің атына жазған 1860 жылғы 3 сәуірдегі хатында: «Жоғары мәртебелім, алдың ала Сіздің ауызша келісіміңіз-бен, басымды иіп жүгінуді өзіме құрмет санай отырып, штабс-ротмистр Уәлихановты Азия департаментіне қосуга байланысты Әскери министрліктің тарапынан Сыртқы істер министрлігінен алатынан жалақысынан тыс Әскери ведомстводан алатын жалақысы мен шені бойынша төле-нетін соманың сақталуына қатысты кедергі болмайтыны туралы маган хабарлауыңызды өтінемін. <...> Штабс-рот-мистр Шоқан Уәлихановқа әскери министрліктің тара-пынан алдағы экспедиция бойынша қандай да бір тапсырма жүктелген жағдайда, Сыртқы істер министрлігі іссапарға байланысты ешқандай кедергі болмайды»<sup>2</sup>. Әскери министр

Л. 77.

1 РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 209 об.

2 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-2. Оп. 119. Д. 8. Л. 2-2 об.

Н.О. Сухозанеттің 1860 жылғы 7 мамырдағы жауап хатында: «...Әскери министрліктің тарапынан Азия департаментінің штабс-ротмистрі Уәлихановты қосу үшін кедергі болмайтынын хабарлауды өзіме құрмет санаімын»,<sup>1</sup> – деп жазады.

Архивте канцлер және Ресей Сыртқы істер министрінің А.М. Горчаковтың II Александрге Шоқан Уәлихановты Ресей СІМ Азия департаментіне қызметке шақыру жөнінде өтінген баяндамасының көшірмесі сақтаулы. 1860 жылы 18 мамырда II Александр министрдің өтінішіне «орындалсын» деп жазады<sup>2</sup>. Ал 1860 жылы 15 маусымда бүйрық шығарды, онда келесідей сөздер бар: «Армия кавалериясында тұратын штабс-ротмистр сұлтан Шоқан Уәлиханов – Армия кавалериясында қалдыру арқылы Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне қосылсын»<sup>3</sup>.

Осылайша, Шоқан Уәлиханов екі жерде – Эскери министрлік Эскери-ғылым комитетінің Орта Азия және Шығыс Түркістан карталарын құрастыруға қатысты, және Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде қызмет істеді, директоры генерал-лейтенант Е.П. Ковалевский. Ол жаңа кезеңдің басқарушысы, көзқарасы бойынша либерал, қаррамағындағылармен, арызданушылармен қарым-қатынастағы мінезі бойынша демократ<sup>4</sup>.

Шоқан Уәлиханов «Жонғар очерктерінде» Шығыс Түркістаннан мазмұны бойынша сирек және құнды шығыс қолжазбаларын ала келгенін айтты: «Тазкирян Сұлтан Сүтүқ Бөгра-хан» («Сүтүқ Бұғрахан тарихы»), «Тазкирян Туғлуқ Темір хан» («Туғлуқ Темір хан тарихы»), «Тазкирян Ходжаган» («Қожалар тарихы»), «Абумұслим Маурузи» және б. Сондай-ақ, шағын нумизматика коллекциясын, тау жыныстарының коллекциясын, мәрмәр, хрусталь, нефрит сынықтары, гербарий, алтын құмын, қашғар нарығында кездесетін жергілікті мануфактура туындылары мен ағылшын тауарларының үлгілерін алып келді<sup>5</sup>. Сапар барысында, оның Шығыс Түркістанның алуан түрлі тұрғындарын, олардың

1 Сонда. Л 3-3 об.

2 Сонда. Л. 4.

3 Сонда. Л. 9 об.

4 Мусина М., Тихомиров Б. Указ. соч. С. 12-13.

5 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 55-56.

кәсібін бейнелейтін қарындашпен суреттері зерттеушілер үшін бірегей материал болып отыр.

Алайда Ш.Ш. Уәлиханов саяхатының ең маңызды нәтижесі оның «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу (Кіші Бұхара) провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» атты үлкен іргелі еңбегі болды.

Ә.Х. Марғұланның пікірінше, «бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен географиясына, әлеуметтік құрылышына арналған, Ш. Уәлиханов заманындағы ғылым жетістіктеріне орайластыра жазылған алгашқы ғылыми еңбек еді. Жаңа материалдарды қамту және оларды терең талдау жағынан оның еңбегі отандық ғылымға қосылған үлкен үлес болды. Ол күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ»<sup>1</sup>.

Бұл еңбектің ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық маңызы бар. Ш.Ш. Уәлиханов бұған дейін беймәлім болып келген халық пен ел туралы жазған алгашқы зерттеуші болды, сонысымен ғылымға ауқымды үлес қосты. Туынды жалықтырмайтын, керісінше оқырмандарды фактілермен, оқиғаларымен елікіріп әкететін уәлихановша сез саптауымен және лексикасымен ерекшеленеді. Ә.Х. Марғұланның пайымдауынша, аталған еңбектің түрлі архивтерді сақтаулы бірнеше қысқартылған нұсқалары бар. Солардың бірін П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің жалпы редакциялығымен Ф.Р. Остен-Сакен жарыққа шығарды. (Поездка Валиханова в Кашгар. По материалам Валиханова. ИРГО. Т. 4. 1868. С. 278–287)<sup>2</sup>.

Санкт-Петербургдағы Орыс география қоғамының архивінде осы жұмыстың бір бөлігі сақтаулы. Ол «Уәлиханов. [Шығыс Түркістан]» деп аталады. Қолжазба толық емес, 292 беттен – «Халық» деп аталатын III бөлімнен басталады. Қолжазбада барлығы автордың қолтаңбасымен қосқанда 97 парап<sup>3</sup>. Осы архивте сонымен бірге «Алтышардың немесе Қашғардың сипаттамасы. 1859 ж.» қолжазбасы бар – 53 бетте<sup>4</sup>. Бұл еңбектер Ш.Ш. Уәлихановтың өз қолымен жазыл-

1 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности ЧЧ. Валиханова. С. 73.

2 Сонда. С. 75.

3 Архив Русского географического общества. Разряд 65. Оп. 1. Д. 21. Л. 1-97.

4 Сонда. Разряд 65. Оп. 1. Д. 19. Л. 1-53.

маған, бітікшілер жазған. Қызметтік пайдалану үшін жа-зылған болуы ықтимал, академик Э.Х. Марғұлан да, «Екі жылдың ішінде Уәлихановтың қолжазбасы көптеген ғалымдардың, жоғары тұрған шенеунікттер мен әскерілердің қолынан өтті. Оны Бас штаб офицерлері, Әскери министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің басшылары, Мемлекеттік кеңес мүшелері мен министрлер комитеті оқып шықты. Наменгерлер мен генерал-губернаторлардың өтінішімен қолжазба провинцияларда, мысалы Орынборда болды»<sup>1</sup> деп есептейді. Ресей әскери-тарих архивінде тағы «Поручик Уәлиханов құрастырған Қашғария немесе Алтышар сипаттамасынан қысқаша мазмұндама» бар [1859 г.]<sup>2</sup>.

Шоқан Уәлихановтың биографтары оның Петерборда өмір сурген кезеңін барынша баяндауға тырысты. Х. Айдарова, Э.Х. Марғұлан, М.И. Фетисов, И.И. Стрелкова, М. Мусина, Б. Тихомиров және басқада авторлардың еңбектерінен Шоқанның Петербордағы өмірінен қызықты деректер табуға болады.

Академик Э.Х. Марғұлан Шоқан Уәлиханов әскери ғылыми комитеттің тапсыруымен, Орта Азия мен Шығыс Түркістан картасын жасады. Оның редакторлығымен «Балқаш көлі мен Алатау жоталары аралығының картасы», «Іле өлкесінің батыс бөлімін рекогносцировкалау» (1856 ж.), «Құлжа қаласының сыйбасы», «Ыстықкөл экспедициясының нәтижелері туралы есепке қосымша карта» (1856 ж.), «Қытай империясының Батыс өлкесінің картасы» және т. б. жасалды. Ол әрқылы тілдердегі ескі карталарды зейін сала зерттеді деп пайымдайды<sup>3</sup>. Шоқан Уәлихановтың өзі: «...жоғары мәртебелі генерал-квартирмейстер мырзаның тапсыруымен Топографиялық депода сақталып келген су жаңа түсірілімдер мен сол бай материалдардың негізінде Орта Азия картасы жасалды»<sup>4</sup>.

Атап кеткендей, Ш.Ш. Уәлиханов Сыртқы істер министрі А.М. Горчаковтың ұсынуымен СІМ Азия департаментінің штатына алынады. Азия департаментіне Ш.Ш.

1 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 73-75.

2 РГВИА. Ф. 447. Оп. 1. Д. 4. Л. 1-15 об.

3 Сонда. С. S1-S2.

4 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 54.

Үәлиханов Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның Ресейге қосу жөніндегі мәселелерді шешуде пайдалы болуы мүмкін еді. Бұл Ресейдің ортаазиялық хандықтарды иеленудегі қарқынды іс-қимылы кезеңі болатын, нәтижесінде құрамына оңтүстіктегі қазақ жерлері кірген Қоқан хандығы жойылған болатын.

Ш.Ш. Үәлихановтың Петерборда өмір сүрген кезеңі Ресей империясының түрлі мемлекеттік қайраткерлерімен таныстыққа толы болды. 1860 жылғы 9 тамызда ата-анасына жазған хатында: «Петерборда болған кезімде өзімді бұрынғыдан жақсы сезіне бастағым... Бұны менің әріптестерім, таныстарым мен осы жерде танысқан бастықтарым, соның ішінде әскери министр Милютин, барон Ливен, граф Толстой, сенатор Любшов және көптеген басқалары біледі. Оларға қонаққа барып тұрамын»,<sup>1</sup> – деп жазған.

Петерборда Ш.Ш. Үәлиханов граф, дипломат, бұдан әрі көрнекті орыс мемлекеттік қайраткері Н.П. Игнатьевпен (1832–1908) танысты. Н.П. Игнатьев Шоқанға Петерборға келгенге дейін, Бұқара дағы әскери-дипломатиялық миссияның бастығы (1858) ретінде бұрыннан таныс болу керек. 1860 жылы Н.П. Игнатьев Ресей империясы үшін пайдалы Пекин шартын жасасты. Қытайлармен шартқа қол қойғаны үшін Игнатьевке генерал-адъютант атағы берілді. 1861–1864 жж. Ресей СІМ Азия департаментінің директоры болды. И.И. Стрелкованың ойынша, «олардың [Шоқан мен Игнатьевтің] арасында ең жақсы достық қатынас орнаған. Министр Сухозанеттің тапсыруымен Қашгарда фактория салу туралы жазбасын жасай жүріп, Шоқан Игнатьевпен кеңеседі, сонымен бірге Игнатьев фактория салу туралы ұсынысты қолдайды»<sup>2</sup>.

Петербордағы жаңа таныстары туралы Шоқан Үәлихановтың ата-анасына жазған хаттарынан білеміз. Солардың бірінде Үәлиханов Орынбордан келген қазақ сұлтандары депутатиясының келгені туралы хабарлап, пристав Плотниковты атап кетеді<sup>3</sup>. Депутаттар құрамында келген Лев Нико-

1 Валиханов Ч.Ч. Второе письмо родителям // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Атма-Ата. 1968. С. 50.

2 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 197.

3 Валиханов Ч.Ч. Второе письмо родителям. С. 51.

лаевич Плотников, ол кезде Орынбор қазақтарының при-  
ставы болатын, кейіннен Бекей ордасы қазақтарының басар-  
рушысы болды. Л.Н. Плотников Шоқан Үәлихановпен кездесулерін еске алғанда, онымен Петерборда жеке танысқанын  
және «бірнеше жылышырайлы» кештерді бірге өткізгенін  
айтты. Л.Н. Плотников: «Шоқан Шыңғысұлы – қыргыздар ара-  
сындағы және біздің Орынбор даласындағы жалғыз феномен,  
бәлкім осындағы құбылысты әлі ұзақ күтүміз мүмкін»<sup>1</sup> дейді.

Ш.Ш. Үәлихановқа консультативтік достық қемегін ұсынған сол уақтағы Орыс география қоғамының вице-президенті, Жетісу және Қазақстанның басқа да аудандарында (1856-1857 жж.), сондай-ақ Қырғызстанда, Ыстықкөл мен Тянь-Шанда болған екі жылдық тәжірибесі бар П.П. Семенов-Тян-Шанский болды деп үйаруға болады. Жас Шоқан Үәлиханов пен белгілі ғалым саяхатшы П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің өзара қарым-қатынасы туралы жоғарыда жаздық. «Семеновтің Үәлихановпен достық және іскерлік өзара қарым-қатынасы 1860-1861 жылдары да жалгасты. Петерборда болған кезінде Шоқан әсіресе, Семеновтың үйінде жиі болатын, оны ғылыми қауымдастықтың арасына қосты, оның ғылыми сабактарына басшылық жасады, белгілі бір дәрежеде оны астананың қогамдық-әдеби ахуалымен таныстырыды», – деп пайымдаған М.И. Фетисов дүрыс айтады<sup>2</sup>.

Петерборда Ш.Ш. Үәлиханов белгілі орыс ғалымы, профессор А.Н. Бекетовпен, «Орыс география қоғамының жазбаларының» редакторы, шығыстанушылар В.В. Григорьев, Г. Гомбоев, Ф.Р. Остен-Сакен, А.К. Казем-Бек, В.П. Васильев, И.Н. Березин, В.В. Вельяминов-Зернов, Х. Фаизханов; Петербор университетінің профессоры, Құлжадағы бүрінші консул И.И. Захаров; Д.И. Менделеев және б. танысты. Ш.Ш. Үәлихановтың белгілі орыс шығыстанушылармен танысу құрметіне ие болу дерегі Г.Н. Потанин және Н.М. Ядринцевтің естеліктерінде де бар. Потанин: «Әлбетте, келе салысымен ориенталистермен танысты, Березиннің, Казем-бектің, Ва-

1 Плотников Л.Н. [Моя встреча с Валихановым в Петербурге] // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1968. С. 536.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана.... С. 325.

сильевтің үйінде болды»,<sup>1</sup> – деп жазса, ал Ядринцев: «Шоқан Уәлихановты мен Петерборда офицер кезінде ұшырастырыдым, бұл оның даңқы шығып тұрған кез еді. Ол жуырда гана Қашгарга саяхаттан келген, ориенталистер онымен танысуга ұмтылды, мен оның Шығыстың көне заманғы жазбаларымен және карталарымен жұмыс істеп отырған үстінен тап болушы едім»,<sup>2</sup> – дейді.

А.Н. Бекетов (1825-1902) белгілі орыс ботанигі, Ресей өсімдіктер географиясының негізін қалаушы, Санкт-Петербург университетінің еңбек сіңірген штаттағы профессоры. 1861-1863 жж. Андрей Бекетов «Императорлық орыс география қофамының жаршысының» редакторы, 1876-1883 жж. Петербор университетінің ректоры. М.И. Фетисов тауып алған Шоқан Уәлихановтың А.Н. Бекетовке жазған хатын еске алып кеттік. Ш.Ш. Уәлиханов 1862 жылғы 2 қаңтардағы осы хатында Сырымбетте отырып, А.Н. Бекетовке былай жазады: «...Қаңғылан тұрмыста еш пайдасыз, Қашгардағы кейір туындымды Императорлық орыс география қогамына сатқым келеді», сондықтан профессор мырзаны редактор ретінде қоғам қандай шартпен оның «Қашғарын» сатып алатынын хабарлауды сұрайды: «Егер мүмкін болса, Қогамга өзімнің Қашгар туралы мақалаларымды бүтін сатқым келеді. Петербордан кетерде ақшасын төлеген тарауларды қоспағанда, бағасы ең ынсанты – баспа табағы 50 руб. болмақ»<sup>3</sup>. Бұндай өтініш, екеуінің арасында Орыс география қофамында бірігіп жұмыс істеген кезден достық қарым-қатынас орнағанын білдіреді, және М.И. Фетисовтың ойынша, оларды орыс шығыстануының ортақ мұддесі біріктірді. Бекетов студенттік жылдары Шығысты зерттеумен шұғылданды, тіпті Қазан университетінің шығыс тілдері факультетінде оқыды<sup>4</sup>.

М.И. Фетисов XIX ғ. 50 жж. аяғында А.Н. Бекетовтің Ресей империясы халықтарының өміріне ғылыми қызығушылығы қатты артқан деп пайымдайды. «Бекетов Уә-

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXVII.

2 Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове. С. XXXV.

3 Валиханов Ч.Ч. Андрею Николаевичу Бекетову // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1965. С. 58.

4 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... С. 335.

лихановпен кездескен үақытта елдің жалпы сипаттамасы және Кавказ өлкесінің этнографиясы секілді екі бөлімнен тұратын «Кавказ наменгерлігінің баяндамасы» атты үлкен еңбекті бастаған еді», – деп жазады ғалым<sup>1</sup>. А.Н. Бекетов Шоқан Петерборда болған үағында «Императорлық орыс география қофамының жаршысы» көрнекті ғылыми журналының редакторы ретінде, Ұәлихановтың 1861 ж. «Жонғария очерктері» және «1858-1859 жж. Алтышар немесе Нан-Лу (Кіші Бұқара) қытай провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы туралы» еңбектерінің алғашқы үш томының жарық шығуына септігін тигізгені сөзсіз. Г.Н. Потанин де олардың таныстығын растайды: «...Шоқан П.П. Семеновтан басқа, Бекетовтың да үйінде болып жүрді»<sup>2</sup>.

Ұәлиханов Петерборда шығыстанушы В.В. Григорьевпен (1816-1881) де кездесті. Василий Васильевич Санкт-Петербург университетінің филология факультетінің шығыс тілдері бөлімі бойынша курсын аяқтады. Оның қызметтік мансабы Қазақстанмен байланысты. В.В. Григорьев 1851 жылы Орынбор өлкесінде хандықтармен қарым-қатынас және қазақтарды басқару жөніндегі іске топтастырылған Шептік экспедиция бастығы лауазымында жұмыс істейтін. 1854-1859жж. Орынбор Шептік комиссиясының төрағасы болды, ал 1859-1862 жж. – Орынбор қырғыздары облыстық басқармасының бастығы. Ш.Ш. Ұәлиханов 1862 жылы 9 тамызда ата-анасына жазған хатында: «Петерборда қыста болғанымда Орынбор қазақтары облысының губернаторымен тығыз достық орнаттым. Ол менің үйімде жиі болатын»<sup>3</sup> деп жазды. Григорьев пен Ұәлиханов екеуі де Қазақстаннан және бір-біріне айттар әңгімесі болғандықтан тығыз қарым-қатынас орнатса керек. И.И. Стрелкованың пайымдауынша, Григорьевтің архивінде Ұәлихановтың ғылыми мұрасының бір бөлігі болды: «Ғылымда көп нәрсе жақындастырады. Ұәлиханов Григорьевтің Рұсь тарихы бойынша нақты мәліметтерді шығыс жазушыларынан іздеу керек деген ойын құптаі кетті және Григорьевтің қазақ аңыздарын зерттеу әдісін қолданды»<sup>4</sup>.

1 Сонда. С. 336.

2 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXVIII.

3 Валиханов Ч.Ч. Второе письмо родителям. С. 51.

4 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 202.

В.В. Григорьев ыбырай Алтынсаринді жақсы танитын. Сол себептен И.И. Стрелкова: «Григорьевтің көрнекті қазақ ағартушысы ыбырай Алтынсариннің (1841-1889) өмірінде қандай рөл атқарғаны белгілі. Орысша білім алудына көмектесті, Орынбор Шептік комиссиясына аудармашы етті орналастырды, өзінің гажайып кітапханасындағы кітаптармен қамтамасыз етті. 1860 жылы Григорьев Үәлихановпен Петерборда кездескенде он тоғызы жасар Алтынсарин кіші аудармашы ретінде қарамагында істейтін, және Григорьев келешегінен зор үміт күттірген бозбала туралы Үәлихановқа мақтанышпен айтып берді. Досына өзінің жастық шағын, Ресей шығыстануына мол еңбегі сіңген бурят Доржи Банзаров турады әңдімеледі»<sup>1</sup>.

Шоқан Үәлихановты Ресей империясының бірқатар көрнекті мемлекеттік шенеуніктерімен және ғалымдарымен таныстырған В.В. Григорьев сияқты. Бақытимызға орай, В.В. Григорьевтің Ш.Ш. Үәлихановқа жазған шағын хаты сақталған, онда Василий Васильевич: «Әзіреті синод обер-прокуроры, граф Александр Петрович Толстой Сізбен танысқысы келеді және ертең сагат 4-те өз үйіне түскі асқа шақырады»,<sup>2</sup> – деп хабарлайды.

М. Мусина мен Б. Тихомированың ойынша, Үәлихановты Императорлық ғылым академиясының Азия музейіндегі қолжазбалар сақтаушысы, ориенталист ғалым, әдеби тіл және Шығыс мұсылмандары тарихының білгірі П.И. Лерхпен (1827-1884 жж.) дәл осы Григорьев жолықтырған.

П.И. Лерхтің өзі де, шығыстың құнды манускриптері жиналған музейі де жас жігітке қандай әсер қалдырғанын шамалауға болады. Өз кезегінде Ш.Ш. Үәлиханов Азия музейіне сыйлық тарту етті. Үәлихановтың сыйлығы туралы француз тілінде шығатын Императорлық ғылым академиясының бюллетенінен белгілі: «Вельяминов-Зернов орыс әскерінің офицері Үәлиханов мырзаның атынан Академияның Азия музейіне қайырымдылықпен тарту еткен 18 шығыс

1 Сонда.

2 Письмо В.В. Григорьева сultanu Valixhanovu // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Атма-Ата. 1965. С. 103.

тинының және Хақан диуанының парсы қолжазбасын тапсырды»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов Петербор ғылым академиясының жұмысона қажетті сирек фолианттар бар кітапхана қорында да жұмыс істеді. Уәлихановтың биографтарының айтуынша, «ол Ғылым академиясы кітапханасының 1 белімінің кітапханашысы Арист Аристович Куникпен жақсы қарым-қатынаста болды»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың Императорлық орыс география қоғамының 1857 жылдан толық мүшесі ретінде жұмысына атсалысқанын да атап кеткен жөн. «Русский инвалид» газетінің 1860 жылғы 4 мамырдағы санында мынадай хабарлама басылып шықты: «Императорлық орыс география қоғамына мүше мырзалар бүгін 4 мамыр сарсенбі күні сагат 7 ½ талтүсте, Қоғамның пәтерінде, Певческий көпіріне таяу, бүрынғы Пущиндер, қазіргі Утиннің үйінде болатын Қоғамның әдептегі жиналысына шақырылады. Бұл жиналыста Қоғамның толық мүшесі Уәлиханов өзінің Кіші Бұқараға саяхаты туралы мақалаларын хабарлайды»<sup>3</sup>.

И.И. Стрелкова Уәлиханов сөз сөйлеген аудиторияның атмосферасын дәл бере алды: «Оны Петербордың ғыльыми әлемі тыңдады. Географтар, этнографтар, жаратылыстынуышылар, тарихышылар, шығыстанушылар... Федор Михайлович Достоевский келді, сібірлік Потанин мен Ядринцевтер келді, Шоқан кафедрадан көзімен шолып өзінен кейін көп ұзамай Жетісу мен Ыстықкөлде болған Александр Федорович Голубев пен Михаил Иванович Венюковты тапты. Бас штаб академиясының профессоры Макшеев осында, Орта Азияның аса ірі білгірі Дуровтың досы Әскер хан»<sup>4</sup>.

Ол Императорлық орыс география қоғамының жиналыстарында бірнеше рет сөз сөйлеген болса керек. ИОГҚ негізін қалаушылардың бірі, құрметті мүшесі, Орыс энтомология қоғамының президенті, эмбриологияның негізін қалаушы, академик Карл Эрнст фон Бэрдің (1792–1876) бастамасымен Шоқан Уәлиханов саяхатқа шығарынан біраз

1 Мусина М., Тихомиров Б. Указ. соч. С. 40.

2 Сонда. С. 35.

3 Русский инвалид. 1860. 4 мая.

4 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 205.

бұрын көшпелі халықтардың әдеби тілі туралы, олардың тілінің орыс тілімен байланысы туралы хабарлаған болатын.

Шоқан өзінің әкесі Шыңғыс Үәлиұлын ИОГҚ мүшесі бол қабылдануына өтініш жасаған сияқты. Бұл туралы оның 1860 жылғы З мамырдағы қолдау хатының бірінші қолжазбасы дәлел, онда полковник Шыңғыс Үәлиханов «Қоғамга этнографиялық мәліметтер жинау жөнінде өз қызметін ұсынады», «сондықтан оны Толық мүшесі ретінде қабылдауды пайдалы деп есептейміз»<sup>1</sup>.

Шоқанның 1860 жылы 4 мамырда ИОГҚ мәжілісінде жасаған баяндамасы оның атақты «Жоңғар очерктерінің» негізі болды.

147 жылдан кейін, 2007 жылдың 23 маусымында, Орыс география қоғамында (Санкт-Петербург қ., Грибцов түйік көшесі, 10 үй), осы атақты ғылым мекемесінің толық мүшеслерінің, көрнекті саяхатшылар мен ғаымдардың портреттері тұрган даңқ галереясына Шоқан Үәлихановтың портреті ілінді. Бұл көрнекті қазақ қайраткеріне үрпақтарының құрмет көрсетуі еді.

Ш.Ш. Үәлиханов Петерборға келгенге дейін университеттің шығыс факультетіне дәріс тыңдауды үйарды. Г.Н. Потанин: «Шоқан, біз екеуіміз алдымен Петербор университетінің дәрісін тыңдауга барамыз деп жоспар құрды...»,<sup>2</sup> – деп жазды. Алайда, Императорлық Санкт-Петербург университетінде сол уақытта Ш.Ш. Үәлихановтың қызықтыратын тарих, философия және қоғамдық даму тарих курстары оқылмайтын<sup>3</sup>. Н.М. Ядринцевтің еске алуы бойынша, «60 жылдары Үәлиханов орыс өмірінің өзгеруін, жаңағұын бақылады, ол ең жақсы журналдарды оқыды, Костомаров сол кезде ең жақсы көретін профессоры еді, Үәлиханов соны тыңдау үшін университетке баратын»<sup>4</sup>. Шығыс тілдерінің факультетінде оқып жүрсе де, Шоқан Үәлиханов сонда жиі соққан секілді. Оны тыңдаушы ретінде емес, әріптес-ориенталист деп қабылдады.

1 Мусина М.. Тихомиров Б. Указ. соч. С. 22.

2 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXI.

3 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 82.

4 Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове. С. XXXVII.

Профессор И.Н. Березин Шоқаннан «Энциклопедиялық сөздіктің» бірінші томына өзінің атақты атасы Абылай туралы мақала жазуды сұрады. Демек, Уәлихановтың шығыс факультетінің басқа профессорлары және оқытушыларымен жақсы, кәсіби қарым-қатынас орнаған сияқты.

Ш.Ш. Уәлиханов университете шығыстанушы ғалым, этнограф, фольклор жинаушы бурят Галсан Гомбоевпен (1822–1863) танысты. Шоқан Уәлихановты 1904 жылы жарияланған «Қырғыздардағы шамандықтың іздері» еңбегін жазуға дәл осы Галсан Гомбоев итермеледі. Уәлиханов университетке келген кезде, Г. Гомбоев шығыс тілдері факультетінде моңғол тілін оқытты. 1859 жылы Петерборға ауысып келгенге дейін ол Қазан университеті Шығыс факультетінің моңғол тілі кафедрасында жұмыс істеді. Ш.Ш. Уәлиханов бәлкім, белгілі синолог, буддолог, санскритолог, тоғыз жылдан аса қытай, тибет, моңғол, маньчжур тілдерін үйрену үшін Бейжінде тұрған профессор В.П. Васильевпен (1818–1900) Г. Гомбоев арқылы танысқан.

М. Мусина мен Б. Тихомированың ізімен, біз де Гомбоев пен Васильевтің ықпалымен Шоқан Уәлиханов моңғол тілі мен ойрат жазуын үйрене бастады деп ойлаймыз. «Уәлихановтың қагаздарының арасында оның қолымен моңғол әріптері жазылған, олардың транскрипциясы (олардың айтылуын орыс және араб алфавиттерінің әріптерінің дыбыстыруына жатқызды) келтірілген дәптері сақталған. Уәлиханов жоңгар билеушілерінің аттарын екі нұсқада – ескі моңғол және ойрат тілдерінде оқып жазуға жаттықсанын көреміз. Осы жазбаны оқып үйрену Жоңгар және Қазақ хандықтарының текетіресі кезеңіне жататын жазба ескерткіштерімен жұмыс істеу үшін қажет болған сияқты. Шоқанның шет тілдеріне феноменалды қабілеттін біле тұра, моңғол сауатын да (ең болмаганда бастапқы деңгейде) менгереп алатын еді деп ойлаймыз<sup>1</sup>.

Императорлық Санкт-Петербург университетінде Ш.Ш. Уәлиханов татар ориенталист ғалымы, ағартушы Құсайын Фаиз-хановпен (1828–1866) жақын танысты. Қ. Файзханов шығыс тілдері факультетінде татар, түрік және араб

<sup>1</sup> Мусина М., Тихомиров Б. Указ. соч. С. 50–51.

тілдерін оқытты, ал Петерборға дейін ол Қазан университетінің шығыс әдеби тілінің адъюнкті болып істеді. 1858 жылы біраз уақыт Мәскеуде Сыртқы істер министрлігінің архивінде жұмыс істеді, «Татар тілінің қысқаша грамматикасы» зерттеуін жазды. 1858 жылы Касимов қаласы мен Орынбор өлкесіне сапар шегіп, қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсаринмен танысады. Фаизханов пен Үәлиханов арасындағы өзара қарым-қатынас достық, жолдастық сипатта болды, олар бір біріне ақыл-кеңеспен көмектесті, материалдармен алмасты. Бізге Қ. Фаизхановтың Шоқан Үәлихановқа жолдаған екі хаты жетті, мазмұнынан олардың бір-біріне қаншалықты жақын болғанын білеміз.

Галым ориенталист ретінде Қ. Фаизханов Ш. Үәлихановқа пайдалы болды. Фаизханов университеттің тапсырмасымен қазақ тілінің грамматикасына арналған материалдар жинады. Қазақстанда Шоқанның үйіне қонақта болуды армандағы. Материалдар жинауға қатысты 1863 жылы 7 сәуірде Шоқанға жазған хатында Құсайын: «Университет былтыр маган грамматикага (қазақ тілінің) арналған материалдар, яғни грамматикалық сөздер, сөйлемдер, мысалдар, әңгімелер (ертегілер) мен өлеңдер жинауды тапсырды. Екі мыңға жуық сөз жинадыш, оның көвшілігі – сөз тіркестері, сондай-ақ әңгімелер, мысалдар, әндер және басқа да ауызшадан жазып алған материалдар. Бүкіл материалды биыл өндеп біттім. Элбетте, мұндай жұмысты бірден нақтылау мүмкін емес. Сондықтан Сізге барып, кеңесін қайтқым келді. Өкінішке орай, мен ойлагандай болмады. Енді жазғы уақытта осы жұмысты мүқият тексеріп, кей жерін пысықтап, толықыруға ниеттімін»,<sup>1</sup> – деп жазды.

Ш. Ш. Үәлихановтың ұлы орыс ғалымы, химик, Петербор университетінің профессоры Д. И. Менделеевпен байланысы айрықша пазар аударуды қажет етеді. Екі көрнекті адамның таныстыры үйіне барып тұратын А. Н. Бекетовтың үйінде болған сияқты. Д. И. Менделеев те барлық петерборлықтар секілді ержүрек саяхатшы Үәлиханов туралы естіген еді, және оған беймәлім Шығыс Түркістан туралы оз аузынан естіген қызықты болды. Сондай-ақ, Омбы кадет корпусында

1 Первое письмо Хусаина Фаизханова Чокану Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1965. С. 107.

оқыған жылдары, Шоқан жоғарыда жазылғандай, Менделевтің туған апасы Е.И. Капустинаның отбасында жиі болғаны аз рөл ойнаған жок.

## 4.2. Ф.М. Достоевский және Ш.Ш. Үәлиханов

Санкт-Петерборда Ш.Ш. Үәлиханов мемлекеттік қайраткерлер, ғалымдардың арасында да, шыгармашылық интеллигенция арасында да тез танылды. Ең алдымен, Шоқан Үәлихановтың орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевскиймен (1821-1881) кездесуін атап кеткен жөн. Тағдыр оларды алғаш 1854 жылы Омбыдағы Ивановтар үйінде тоғыстырды. Ол кезде Шоқан 19 жаста еді, олардың достығы мен хат алмасуы 1862 жылға дейін созылатынын жобалау қыын еді.

Ф.М. Достоевскийдің өмірбаянынан, ол 1849-1850 жж. қыста соттың үкімімен С.Ф. Дуровпен бірге Омбы әскери-каторга түрмесіне жіберіліп, онда төрт жыл жазасын өтегені белгілі. Екі ұлы адамның таныстығы мен достығы С.Ф. Дуровтың қолдауымен өтті, онымен Достоевский де, Үәлиханов та жақсы таныс болатын. Сонымен бірге, М.И. Фетисовтың ойынша, Достоевский мен Үәлиханов идеялық сенімі бойынша «бір-бірінен алыс болатын»<sup>1</sup>.

Кейіннен Ш.Ш. Үәлиханов Семейдегі Ф.М. Достоевскийге барған. Бұл оқиғаны А.Е. Врангель былай еске алады: «Соңғы кезде бізге келіп-кетіп жүрген аз гана адамдардың ішінен Ф.М. Достоевскиймен көрісу үшін өте сүйкімді жас қырғызы офицері, Омбы кадет корпусында тәрбиеленген Мұхаммәд Ханафия Үәлихановтың жолай соғып кеткені есімде... Ол Ф.М. Достоевскиймен Омбыда, Ивановтардың үйінде танысып, оны өте жақсы көрді»<sup>2</sup>. М.И. Фетисов «Үәлиханов Достоевскиймен кездесіп әңгімелесу үшін Семейге арнайы соққан және бұл сол кезде екеуінің арасында осындай жылы достық қарым-қатынас болғанын білдіреді»<sup>3</sup>, – деп есептейді.

1 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана.... С. 294.

2 Врангель А.Е. Воспоминания о Ф.М. Достоевском в Сибири (1854-56 гг.). СПб.: Тип. А.С. Суворина, 1912. С. 95-96.

3 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана.... С. 296.

Орыс жазушысы Семейден Тверьге шығып, жолай осы қалада екінші рет болғанында, Ф.М. Достоевский мен Ш.Ш. Уәлиханов Омбыда қайта кездесті. Бұл туралы Достоевскийдің 1859 жылы 23 қазанды Семейде тұратын бүрінші рота командири, А.И. Гейбовичке Тверьден жазған хатында жазған: «Мен Омбыда уш немесе төрт тауліктей болдым... ескі таныстарыма бардым... Уәлиханов оны Петерборга шақырганын және бір айдан кейін сонда баратынын айтты. Сол арқылы өте жақсы отбасымен, Капустиндермен таныстым...»<sup>1</sup>. Бір-бірін өте қатты құрметтейтін екі адамның кездесуі қандай болғанын тек аңғаруға болады. М.И. Фетисов екі дос адамның кездесуін былай суреттейді: «Олар кездесіп, терезесі төң адамдай әңгімелесті. Жас Уәлиханов, әлбетте, орыс жазушысына өзінен ғөрі тәжірибелі адам ретінде қарап, өзінің тәлімгері болатында моралдық құқығын мойындаады. Достоевский де психолог жазушы, сұқбаттасының сирек кездесетін табигатына тәнні болды»<sup>2</sup>.

Ф.М. Достоевский өз хаттарында Шоқан Уәлиханов туралы жақсы пікірде болды. Сонымен, Достоевский Тверьге келгеннен кейін, 1859 жылы 31 қазанды Врангельге жазған хатында: «Сіз сыйга тартқан яғдташ пен кішкентай қанжарды (шамаданда жатыр) өзімнің жеке затымдай санағым, былайша айтқанда, кетіп бара жатып қанжарды Шоқан Уәлихановқа сыйладым. Ол ушін кешірім сұраймын. Уәлиханов өте сүйкімді, өте тамаша адам. Шамасы, қазір ол Петерборда болса керек? Мен сізге ол туралы жаздым гой деймін? Ол – География қогамының мүшесі. Ұақытыңыз болса, Уәлиханов жайлы сұрастырып, біліңіз. Мен оны өте жақсы көремін және оның қал-жайын білуге өте құштармын<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Достоевский Ф.М. Письмо А.И. Гейбовичу // Исторический вестник. Т. XIX. СПб., 1855. С. 125.

<sup>2</sup> Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... С. 297.

3 Достоевский Ф.М. Письмо А.И. Гейбовичу // Полное собрание сочинений Ф.М. Достоевского. Т. I. Биография, письма и заметки из записной книжки с портретом Ф.М. Достоевского и приложениями. СПб.: Тип. бр. Пантелеевых. 1SS3. С. 13-4.

евскийдің эпистолярлық құжаттарының бір бөлігі жоғалып тұнған немесе әлі архивтерден табылмады деген сенімде. Бұл туралы Шоқан Үәлихановтың 1862 жылы 15 қазанды Достоевскийге жазған хатынан аңғаруға болады: «Күрметті досым, Федор Михайлович! Жақында шетелге барамын деген хабарыңды алғаныма біраз болды, содан бері әні-міне жауап жазамын деп жүрдім, осы жолы сәті түсті... ». Өкінішке орай, Достоевскийдің шетелге шығатыны туралы жазған хаты әлі табылған жоқ.

М.И. Фетисовтың ойынша, Ш.Ш. Үәлихановтың эпистолярлық-публицистикалық мұрасы «орыстың ең озық демократиялық дәстүрлерінің» ықпалымен Қазақстанда эпистолярлық өнердің публицистика жанры ретіне қалыптасуының үлгісі<sup>2</sup>. Биографтар Үәлиханов пен Достоевскийдің хаттары ойын қарапайым әрі айқын жеткізе алатын публицистикалық мазмұнымен ерекшеленеді деп санайды. Сонымен, Ш.Ш. Үәлихановтың Достоевскийге Семейдегі кездесуден кейін Омбыдан жазған бірінші хатында: «Өзіме жақын адамдардан ажырау және өзіме жақсы ниет білдірген адамдармен айырытысу маган өте ауыр тиді. Сізben бірге Семейде өткізген az гана күн маган сондай ыстық, ендігі менің бар ойым – сізben тағы да кездесу. Мен адамның сезімдері мен жай-куй туралы жазуга шебер емеспін, бірақ оның қажеті де жоқ қой деймін: менің Сізге қандай берілгенімді және Сізді қалай жақсы көретінімді, әрине, білесіз»,<sup>3</sup> – деп жазады.

Федор Михайлович жауап хатында: «Мейірбан досым менің, Сіздің хатыңызды маган Александр Николаевич (Цуриков. – Ж.Е.) табыс етті. Сіз мені жақсы көрем деп жазыпсыз. Ал мен Сізге қысылтмай-ақ тұра айтайын – мен Сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да және ешкімге де, тіпті, тұган бауырыма да, тап Сізге көңілім түскендей жақындықты сезген емеспін... Бұл жерде көп нәрсені айтуга болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем! Сіз менің ақ ниетімे дәлелсіз-ақ сенетін шыгарсыз, қымбатты Үәли хан, бұл туралы 10

1 Валиханов Ч.Ч. Федору Михайловичу Достоевскому // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Атма-Ата. 1969. С. 63.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... . С. 299.

3 Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. С. 107.

кітап жазсаң да, ештеңе жаза алмайсың. Сезім мен құштарлық дегенді түсіндіруге болмайды... Сізben күймеде тұрып қош айттысқанда, бәріміз күні бойы көңілсіз болдық. Сізді бүкіл жол бойы еске алдық. Бізбен бірге жүргенізде керемет болар еді! Барнауылда бәріне құшті әсер қалдыраң едіңіз. Кузнецкіде (онда жалғыз болдым) (N. В. Бұл құпия) болғанда, өзі әрі ақылды, әрі сүйкімді, жаны мен тәні таза, жан досымдаі бір әйелге сіз туралы көп айттып бердім. Көп айтқаным сонша, ол Сізді көрмей-білмей, ашық тұстерьмен бейнелеген сөздерімнен-ақ. Өзіңізді ұнатып қалғанын түсіндірді»,<sup>1</sup> – деп хабарлайды.

Үәлиханов пен Достоевскийдің арасындағы ерекше сыйластықты XIX ғасырдағы екі көрнекті тұлғаның арасындағы рухани жақындықпен түсіндіруге болады. Шоқан Үәлихановтың достарының арасында орыс қоғамына белгілі әрі талантты адамдар аз болмаса да, оны осынша жақсы көріп құрметтейтін басқа дос пен жолдасты табу қын. Ф.М. Достоевский жас жігітті жан-тәнімен жақсы көріп қалғанын және оған барлық жақсылықты тілейтінін өзі де мойындаиды. Сонымен, Семейдегі кездесуден кейін ол Шоқанға: «Мен сізді жақсы көретінім сондай, Сіз және Сіздің тағдырыңыз туралы ойланам. Әрине, қиялдарында Сіздің тағдырыңызды ойластырып, әлпештеймін»,<sup>2</sup> – деп жазады.

Үәлиханов пен Достоевскийдің арасындағы хаттарда ешқандай тұрмыстық және қызметтік құпия болған жоқ, сондықтан Шоқан өз ойын ашық жазды. Сонымен, 1856 жылғы 5 желтоқсанда: «Омбының өсек-аяқынан, әзәйіл әрекетінен жалықканым сондай, одан кетуоді ойлат жүрмін. Бұл жөнінде не ойлайсыз? Федор Михайлович, ақыл қосыңыз, бұны қалай жақсартуға болады»,<sup>3</sup> – деп жазады.

1856 жылғы 14 желтоқсанда Семейден жазған жауап хатында Федор Михайлович Үәлихановқа былай деп кеңес береді: «Омбыдан жалықтым деп жазыпсыз, әлбетте! Қызметтіңізді, жалпы болып жатқан жағдайларды қалай әрекет етем деп ақыл сұрапсыз. Менің ойым былай: қолга алған ісіңізді тастай көрменіз. Сіздің материалдарыңыз өте көп. Дала туралы мақала жазыңыз... Оны басып шыгарады

1 Сонда. С. 113.

2 Сонда. С. 115.

3 Сонда. С. 107.

(есінгізде ме, бұл туралы сөйлескенбіз). Дағаның тұрмысы, жа-сынызды және т.б. туралы жазбаларыңыз сияқты бір нәрсе жаза алсаңыз жақсы болар еді. Бұл барлығын қызықтыратын жаңалық болар еді. Жаңалық болғаны сондай, Сіз не жазатыныңызды (мысалы, есінгізде болса, Пушкиннің аударған Джон Теннер сияқты), әрине, білесіз. Сізге Омбыда көңіл аударды, Петерборда да аудараады. Қолыңыздагы материалдарыңыз-бен бүкіл География қогамын қызықтыраар едіңіз. Бір сөзben, Омбыда да Сізге басқаша қарай бастар еді. Сол кезде, тіпті туыстарыңызды да Сізді күтіп тұрган жаңа мүмкіндіктеге сендіре алар едіңіз. Егер қаласаңыз, келер жазда да лада болуды үйгарсаныз, онда ұзақ күтүгеге тұра келеді. Бірақ, келер жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Ресейде өткізу үшін бір жылдық демалыс сұрап алар едіңіз. Соңда бір жыл тұрып, не істейтініңізді түсінер едіңіз <...> Сібірге оралғаныңызда, туыстарыңызды сендіретіндей қорытындыңыз бер тұжырымдарыңызды ұсынып, шетелге шығуға, яғни екі жыл Еуропага саяхат жасауға рұқсат алар едіңіз. 7,8 жылдан кейін, Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызга өте пайдалы болатындаи бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, дағаның не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қандай қатысы бар екенін Ресей халқына түсіндіру үлы мақсат, қасиетті іс емес пе?»<sup>1</sup>.

Әдебиеттанушы М.И. Фетисов: «Достоевскийдің Үәлихановқа жазған хаты, әрине, орыс-қазақ қогамдық-әдеби қарым-қатынасы тарихының үздік дерегі» деп санады<sup>2</sup>. Шоқан Үәлихановтың әдеби-әпистолярлық мұрасын зерттеудегі М.И. Фетисовтың аса көрнекті үлесін атап өткен жөн. М.И. Фетисовтың «Қазақ публицистикасының пайда болуы» кітабының алғысөзінде қазақ әріптестері ғалымның тамаша зерттеу жұмысын жүргізгенін атап өтеді. Соның ішінде, М. Каратаев пен А. Брагин былай жазады: «Шоқан Үәлихановтың әпистолярлық мұрасын зерттей келе, Михаил Иванович архивтен табанды ізденістер жүргізген. М.А. Бекетованың архивінен Үәлихановтың Петербор университетінің профессоры, көрнекті қогамшыл ғалым Андрей Николаевич Бекетовке жазған белгісіз хатын тауып

1 Соңда. С. 114–115.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... . С. 304.

алды. Хат Уәлихановтың түрмисы мен оның зерттеу жұмыстарының кейбір қырларын ашып қана қоймай, қазақ агартушысы мен саяхатшысының орыстың ұлы галымы Д.И. Менделеевпен достық қарым-қатынасын көрсетеді»<sup>1</sup>.

Қазақтың ұлы жазушысы М.О. Әуезов сонау 1956 жылы Достоевский мен Уәлихановтың қарым-қатынасына, олардың шексіз достығына мынадай жолдарды арнайды: «Достоевский Шоқан Уәлихановтың бойынан келешегі жарқын әрі гажайып адамды, өз халқының жұлдызы болатын қозғам қайраткерін көрді... М.Ф. Достоевский арқылы ол А. Майковпен, Полонскиймен, Вс. Крестовскиймен танысты; Менделеевті, Добролюбовті танитын, Чернышевскийдің «Современник» журналының редакциясында болды. <...> Достоевский мен Шоқанның арасындағы хаттардан нағыз, шынайы, адап достықты көреміз»<sup>2</sup>. Ары қарай өкінішпен «соңғы жылдары кейбір Шоқан Уәлиханов өмірі мен қызметін зерттеушілер, әсіресе жазушылар... неге екенін қайдам, Шоқанды орынсыз, ебедейсіз түрде Достоевскийден қоргауга тырысып жүр, құдды өір, осы байланыс қазақ халқының прогрессившіл қайраткерінің бейнесін көмекілендіретіндегі қорқады», – дейді»<sup>3</sup>.

Уәлиханов 1862 жылғы 14 қаңтарда Достоевскийге жазған хатында өзінің денсаулығы мен алдағы жоспары туралы былай жазады: «Мен сізге осы уаққа дейін түрлі себептерге байланысты жазбадым, енді соларды баяндайын. Біріншіден, мен өзім қазан айында Петерборда боламын деп ойладым. Сосын сырқаттанып қалдым да, бұл ниетімді желтоқсанга дейін қалдырып. Өйткені, менің денсаулығым желтоқсанда да түзеле қоймаган соң, Сібір дәрігерлерінің қысстасы қырда өткізу туралы кеңесіне құлақ астым, енді менің денсаулығыммен Петерборда үнемі түргуга болмайды деген қорытындыға келдім. Сондықтан, мен Қашгардағы консулдың орнын алғым келеді, керісінше болған жадаيدа отставкага шығып, өзіміздің Ордада сайлауга қатысқым келеді. Қашгарда жақсы күтім алар едім, климаты қолайлы, мүмкін

1 Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата: Казгосиздатхудлит. 1961. С. 9-10.

2 Ауэзов М.Ф.М. Достоевский и Чокан Валиханов // Дружба народов. М., 1956. Март. С. 154-155.

3 Сонда. С. 155.

сауығып кетер ме едім. Егер олай болмаса, қырда да жаман болмасын. Шаруашылықпен, саудамен айналысамын, халық сайлаган жағдайда адап шенеунік боламын, олардың сауатсыз және жабайы сұлтандарына қараганда өз еліме көөбірек пайдалы болар едім. Бір-екі жылдан кейін Петерборда болып, мейірбан достарыммен бірнеше жақсы айларды өткіземіз, жаңа кітаптар, жаңа иеяларды жинап алып, Ордага қыргыздарга қайтамыз. Бұл тіпті де жаман болмас еді гой, қымбаттым, Федя? Егер менің денсаулығым біршама жақсарса, бұның бері жақсы болар еді, әрі мүмкін болатын жағдай»<sup>1</sup>.

Омбы мен Семейдегі қысқа кездесулерден кейін, Уәлиханов пен Достоевский, бірі қызмет бабымен, екінші айдаудан кейінгі тағдырдың талайымен бір жылдай Петерборда араласты. Осы Петербордағы кездесулер мен сұхбаттар туралы М.И. Фетисовтың ойынша «ешқандай толық материалдар жоқ, тек біржақты қысқаша және жаңсақ мемуарлық жазбалар гана бар»<sup>2</sup>. Сонымен, Г.Н. Потанинің қысқа жазбасы бар: «Әдебиетшілерден ол көбіне Достоевскиймен және Крестовскиймен жиі кездесіп жүрді...»<sup>3</sup>. Бұл ойды Ш.Қ. Сэтбаева да қуаттайды: «Олар Петерборда кездесті. Алайда Петербордагы кездесулер мен сұхбаттар туралы ешқандай нақты деректер сақталмаган»<sup>4</sup>.

И.И. Стрелкова тұра былай деп жазады: «Бірақ, Петерборда Шоқанға бәрінен Достоевский жақын болды. Ол үшін де жас қыргыз – сонау бақытты уақыт ретінде есте қалған, Достоевскийдің сендеріуімен кейіннен тек дамыта білген идеяларды берген Сібірдің бір бөлігі»<sup>5</sup>.

Әдебиеттанушы, мемуаршы және сценарист В.А. Мануйлов өз еңбегінде былай дейді: «Уалихановтың қазақтар және көшпелілердің тұрмысы туралы әңгімелері Достоевскийдің санасында Сібірге жер аударылған кезі туралы естеліктерді жандандырды және оның «Өлі үйдің жазбалары» дала пейзаждарында көрініс тапты»<sup>6</sup>.

1 Валиханов Ч.Ч. Федору Михайловичу Достоевскому. С. 59–62.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... . С. 295.

3 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXVII.

4 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 62.

5 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 219.

6 Мануйлов В.А. Друг Ф.М. Достоевского Чокан Валиханов // Труды Ленинградского

Шоқан Үәлиханов өмірінің Петербордағы кезеңіне арналған таяудағы жарияланымнан мынаны оқымыз: «Олардың қашан және қандай жағдайда кездескені белгісіз. Бәлкім, Достоевскийдің Тверьге ауысқаны туралы Үәлихановқа оның тікелей бастығы генерал Е.П. Ковалевский айтқан болар... Достоевский бұл уақытта Измайлов полкінің 3 ротасында Н.А. Палибиннің үйінде тұрды. <...> Алғаш кездескеннен кейін-ақ Шоқан осы үйдің жиі қонағы болды. Жазушының әйелі Мария Дмитриевнамен ол Семейде танысқан болатын. Енді Достоевский сібірлік досын өзінің үлкен агасы Михаилмен таныстырады, Петербор әдебиеттанушыларының тобына қосады»<sup>1</sup>.

Шоқан Үәлихановтың Ф.М. Достоевскийдің бірінші әйелі – Мария Дмитриевнамен жақсы қарым-қатынасы туралы оның хаттарда жолдаған сәлемдері дәлел: 1859 жылғы 18 маусым, Петропавловскіден – «Мария Дмитриевнага сәлем айтыңыз...»<sup>2</sup>, 1862 жылғы 15 қазан, Қекшетаудан – «Мария Дмитриевнага менің құрметімді білдіріңіз»<sup>3</sup>. И.И. Стрелкова Ф.М. Достоевский мен Ш.Ш. Үәлихановтың қарым-қатынасы туралы былай деп жазады: «Ф.М.Достоевскийдің әңгімелері бойынша Шоқанды жақсы көріп қалған және оның жан-тәнімен қабылдаган Мария Дмитриевна үшін, Семейдегі үйіне безгектен кейін тықырлап алып тастанған басында енді шығып келе жатқан шашы бар және тұра ауруханадан немесе одан да жаманы каторгадан шыққандай, күйеуінің осы бір сібірлік досы басқа достарынан, астаналықтардан да жақын болды. Мария Дмитриевна да өзіне тән сүйінішпен ол сүйік Петерборга келген кезінде, Шоқаннан қамқорлығын аямады»<sup>4</sup>.

М.Д. Достоевская 1864 жылы 15 сәуірде қайтыс болды, И.И. Стрелкованың ойынша, «Ш.Ш. Үәлихановтың оның қайтыс болғанын білгені туралы ешқандай материал жоқ...»<sup>5</sup>.

библиотечного института имени Н.К. Крупской. Т. V. Л. 1959. С. 35-4.

1 Мусина М.. Тихомиров Б. Указ. соч. С. 25.

2 Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. С. 105.

3 Сонда. С. 113.

4 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 226.

5 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 81.

Федор Михайловичтің 1867 жылдың ақпанында некелескен екінші әйелі Анна Григорьевна Достоевская (Сниткина) (1846–1918) жазушының стенографисі, көмекшісі, библиографы және еңбектерін жариялаушы ретінде белгілі. Ф.М Достоевский соңғы әрі ең күшті романы «Ағайынды Карамазовтарды» өзінің сүйікті әйеліне арнады. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін, дәл осы Анна Григорьевна оның барлық қолжазбаларын, құжаттарын, хаттарын, фотосуреттерін бар күшін салып жинай бастады, 1906 жылы Мәскеудегі Тарих музейінде Федор Михайловичке арналған бөлмені ашты.

Анна Григорьевна өз естеліктерінде Ф.М. Достоевскийдің досы туралы мына сөздерін келтіреді: «Мына үлкен палисандр жәшікті көрдіңіз бе? Бұл – менің сібірлік досым Шоқан Үәлихановтың сыйлығы, сондықтан ол маган өте қымбат. Мен қолжазбаларымды, хаттарым мен қымбат естеліктерімді осында сақтаймын»<sup>1</sup>.

Академик Э.Х. Марғұлан Шоқан туралы очеркінде мынадай ой айтады: «1861 жылғы реформадан және революциялық әдебиетті оқығаннан кейін Үәлиханов мистицизм ұстанымына ауысып, самодержавиемен қрестен бас тартқан жазушының қызыметі мен көзқарасына сынни көзбен қараї бастады»<sup>2</sup>. Бұл пікірмен келісу қыын, өйткені, біздің қолымызда бұған қатысты ешқандай мәлімет жоқ. Мүмкін, мұндай трактовка кеңес уақытында, Шоқан Үәлихановтан қандай да бір революционер жасамақ болған әрекеттен оның ұстанымын «демократияландыру» аясында пайда болған шығар. Осылайша, екеуінің арасындағы кедергі қолдан жасалды. Зерттеуші М.И. Фетисов: «Ресейдегі реакция революциялық демократияға өте қатаң шабуыл жүргізген кезде, Үәлиханов пен Достоевский арасындағы идеялық қайшылық ерекше еткірленіп, семейлік достардың хат жазысады тоқтатуына алып келді»,<sup>3</sup> – дейді.

Ш.Қ. Сәтбаева М.И. Фетисовпен пікір таластыра келіп: «Ш.Ш. Үәлихановтың Ф.М. Достоевскиймен хаттарын белгілі бір ретпен талдау бір кездері олардың Семей кезеңіндегі достығын XIX г. алпысыншы жылдардағы қаурыт және қызы

1 Достоевская А.Г. Воспоминания. М.: Художественная литература. 1981. С. 87.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 80.

3 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана... С. 309.

қоғамдық оқиғалар алдындағы сынақтан өте алмады деген секілді негізсіз түсіндірмесін жоққа шығаруға мүмкіндік бареді. Ш.Ш. Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийдің хаттары бізге сол жылдардың тынысын жеткізеді және олардың өмірбянындағы дерек қана емес, халықтар мәдениеті тархындағы мәлімет болған шынайы достығының картинасын бейнелейді...»<sup>1</sup> деп пайымдайды. Біз осы беделді қазақ ғалымының ойын қуаттаймыз.

Жазушы М.О. Әуезовтың кейбір зерттеушілер мен жазушылар Ш.Ш. Уәлихановты Ф.М. Достоевскийден «тасалау» туралы жоғарыда көлтірілген ойы кеңес кезеңіндегі Достоевскийді патшалықтың жақтаушысы, ал Уәлиханов – демократ деген ерекшеліктермін түсіндірілуі мүмкін. Олардың алауыздығын растау үшін М.И. Фетисов Ш.Ш. Уәлихановтың Достоевскийдің жақын досы, ақын А.Н. Майковқа жазған хатына сүйеніп, хаттың мазмұны Федор Михайловичке белгілі боларын Уәлиханов білгенін айтады<sup>2</sup>. 1862 жылы 6 желтоқсанда Шоқан Уәлиханов Майковқа: «Енді Сіздер туралы, Петербор жайлы, менің петерборлық достарым жайында айтайық! Достоевскийлер не істеп жур? Олар сирек жазатын болды, бірақ оған өзім де кіналімін, өйткені сирек жауап қайтaramын. Журналдарының жағдайы қалай? «Жалгасы бар» деулеріне қараганда, жақсы болу керек. Өз арамызда айтқанда, мен солардың негізін, халықшылдығын жөнді үқпаймын, бірсесе славяншылдықтың ісі аңқиды, бірсесе шектен асқан батысшылдықтың ісі шыгады. Бітісу байқалмайды немесе бітісу қолдарынан келмей жур. Менің ойымша, екінің бірі, не батыс үлгісімен түбірінен қайта құру керек, не ескіден айрылмай, тіпті ескі сенімнің өзін де пайдалану керек. Қытайлар секілді «ортаны ұстану» енді жарамайды»,<sup>3</sup> – деп жазады.

Хаттың мазмұнынан Уәлиханов пен Достоевский арасындағы идеялық алауыздықтың мәні туралы қорытынды жасау қыын. Ресей қоғамының күнделікті ішкі өміріне көзқарастарында айырмашылық шын мәнінде, болған сияқты, бірақ неден тұратынын айту қыын. Осы кезеңде ағай-

1 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 62.

2 Фетисов М.И. Литературные связи России и Казахстана.... С. 309.

3 Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. С. 118.

ынды Достоевскийлер меншікті қофамдық «Время» журналын шығарумен жүріп, уақыттың тапшылығынан және арақашықтықтың ұзақтығынан, мүмкін Уәлихановпен хат жазысу тоқтаған болар. Шоқанның өзі де А.Н. Майковқа жазған хатында Ф.М. Достоевскийдің сирек хаттарына уақтылы жауап бермегенін айтады. Ш.Қ. Сәтбаеваның «Уәлихановтың Достоевскийге Петербордан кейін жазған хаттары, бұрынғыдаи достық сезімге толы» деген пікірі әділ көрінеді<sup>1</sup>.

В.А. Мануйловтың пікірінше «Федор Михайловичке деген құштарлығы Достоевскийдің публицистикалық мақалаларына парасаттылықпен және сын көзбен қарауга Уәлихановқа кедергі болға жоқ. Уәлихановтың саяси тұғырнамасы айқындығымен және жүйелілігімен ерекшеленген жоқ, бірақ ол біршама революциялық-демократиялық ойдың ықпалында болғаны сөзсіз және Достоевскиймен салыстырганда 60-жылдардың басында жас демократиялық құштерге тілектес бола жүріп, анағұрлым түбегейлі көңіл күйде болды»<sup>2</sup>.

Шоқанның замандасы Григорий Потанин, оның қофамдық-саяси көзқарасы туралы пайымдай келе: «Ол 60-жылдардың қозғалысымен әуестенді, либералдар құрамында болды»,<sup>3</sup> – деп жазады.

### 4.3. Эдебиетшілер ортасында

Шоқанның Петербордағы өмірінің кезеңі жазушы-ақындармен кездесулерге, таныстықтарға толы болды, соның ішінде Е.П. Ковалевский, ағайынды Н.С. және В.С. Курочкиндер, Ф.М. Достоевскийдің ағасы Михаил Михайлович, ағайынды ақындар А.Н. және Л.Н. Майковтар, Я.П. Полонский, сыншы Н.Н. Страхов пен В.В. Крестовский. Кейбір петерборлық жазушылармен, ақындармен және сыншылармен беделі мен ықпалы, әсіресе, шығармашы интелигенцияның арасында жоғары болған Ф.М. Достоевский таныстырыды деп үйінде болады. Шоқан Уәлиханов бұдан әрі, ол кеткеннен кейінде хат

1 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 72.

2 Мануйлов В.А. Друг Ф.М. Достоевского Чокан Валиханов. С. 362.

3 РГАЛИ. Ф. 395. Оп. 1. Д. 322. Л. 17 об.

жазысып тұрды. Шоқанның жоғарыда аталған, 1862 жылғы 14 қаңтардағы хатында мынадай жолдар бар: «Михаил Михаиловиче, Николайга және біздікілерге түгел сәлем айтыңыз. Майков пен оның әйеліне ыстық сәлемімді жолдаңыз. Полонский мен Страховқа да. Егер Николай Курочкинің көрсөніз, хат жолдайтынымды айттыңыз. <...> Өзіңіздің фотографиялық карточканыңды салып жіберің және үәде берген менің жақсы таныстарымнан, Майковтан, Полонскийден, Крестовскийден де жинал алышыңыз!»<sup>1</sup>.

Шоқан Уәлихановтың биографтары, Г.Н. Потанинның естеліктеріне сүйене отырып, оның Петерборда Тургеневпен кездесуі ықтимал дейді, ал ол бір кездері былай деген еді: «Тургеневпен танысты ма білмеймін, есімде жоқ. Солай болған сияқты»<sup>2</sup>.

Шоқаннның достық қарым-қатынаста болған петерборлық жаңа таныстары кім еді?

Е.П. Ковалевскийді жоғарыда Ресейдің белгілі мемлекет қайраткері, ғалым саяхашы ретінде атап өткенбіз. 1825-1828 жж. Харьков университетінде оқыды. 1832 жылдан ақын ретінде жарияланды, сосын роман, повестер жазды, ал Орталық Азия, Оңтүстік Еуропа, Шығыс Африка және Шығыс Азияға сапары туралы очерктердің авторы ретінде қеңінен танылды. Оның роман-повестерінен «Құндіз-тұңгі Петербор» (1845), «Майорша» повесі (1849) және б. атап өтуге болады. Е.П. Ковалевский мұқтаж әдебиетшілер мен ғалымдарға жәрдемақы беру үшін әдеби қор ретінде белгілі қоғамның құрылтайши мүшелеңдерінің бірі және өмірінің сонына дейін оның төрағасы болды. Ш.Ш. Уәлихановтың Петерборда болған уағында ол аталған қайрымдылық қоғамның басшысы ретінде 1860 жылғы 2 қараашадағы хатында: «Мұқтаж әдебиетшілер мен ғалымдарға жәрдемақы беру үшін Қоғамның 30 қазандагы жиналыста Қоғам комитетінің ұсынысы бойынша Мейірбанды мырза, сіз осы қоғамның мүшесі болып тағайындалдыңыз. <...> Қабыл алышыз Мейірбанды мырза, құрметтеп Е.П. Ковалевский»<sup>3</sup> деп жазды.

Шоқан ақын, аудармашы және публицист Н.С. Курочкинмен (1830-1884), оның інісі, ақын, 1861-1863 жылдары «Зем-

1 Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. С. 110.

2 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXVII.

3 Мусина М.. Тихомиров Б. Указ. соч. С. 15.

ля и воля» қофамына жақын болған В.С. Курочкинмен (1831-1875), сондай-ақ жазушы және «топырақшылдардың» басты органы «Время» журналының (1861-1863) шығарушы М.М. Достоевскиймен (1820-1864) таныс болды.

А.Н. Майков (1821-1897) – ақын, Петербор Ғылым академиясының мүше корреспонденті. Оның інісі Л.Н. Майков (1839-1900) орыс әдебиетін зерттеуші, Орыс география қофамының толық мүшесі, ал 1872-1886 жж. ОГҚ этнография бөлімінің тәрағасы және оның бірнеше басылымының редакторы. ШУәлихановтың биографтары мен ғылыми мұрасының зерттеушілері Л.Н. Майков ОГҚ этнография бөлімінің басшысы ретінде Шоқанның қолжазбаларын жинауға және басып шығаруға қатысқанына сенімді.

Сондай-ақ, Шоқанмен таныс болған, 1860 жылдан ақын және прозаик Я.П. Полонскийдің (1819-1898) Петербордағы пәтерінде ғалымдардың, мәдениет пен өнердің қайраткерлері «Я.П. Полонскийдің жұмалары» атанған кездесулер өтіп жүрді.

Н.Н. Страхов (1828-1896) философ, публицист және әдеби сыншы ретінде белгілі. Ол үшін сананың жоғарғы нысаны дін болды, ол материализмге сынмен қарайтын, топырқашылдар идеясын қолдайтын.

Шоқанның тағы бір әдеби сыншы, ақын және прозаик В.В. Крестовскиймен (1840-1895) жақын таныстыры туралы Н.М. Ядринцев былай жазады: «Ол сол кездегі танымал ақын Всеволод Крестовскийге тақырыптар берді, шығыс өлеңдеріне арналған тақырыптар, және Крестовский достық сұхбат арасында өлеңдерді дереу шығаратын. Расында, тақырыптар көбінесе жеңіл тақырыптар болатын, бірақ солардың өзінен Үәлихановтың тапқырлығы мен шешендігі көрініп қалатын<sup>1</sup>.

Ш.Қ. Сәтбаевың пікірінше, Петерборда Ш.Ш. Үәлихановтың сол жылдары Ресей империясының астанасында жүрген ақындар М.Л. Михайлов пен Т.Г. Шевченкомен кездесуі болған секілді, бірақ бұны дәлелдейтін құжаттар табылмаған<sup>2</sup>. Осы пікірге И.И. Стрелкова да қосылады. Ол: «Николай Курочкинмен дос боп жүріп, «Искра» редакциясында болғанда про-

1 Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове. С. XXXVII.

2 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 110.

грессшілт әдебиетшілер мен журналистердің ең көп тобымен танысты. Ақын М.Л. Михайловпен де кездесуі ықтимал». Т.Г. Шевченкомен болуы мүмкін кездесу туралы ол: «Үәлихановтанушылар Шоқанның Петерборда Тарас Шевченкомен кездескені жайында, әзірге ешқандай нақты дәлел тапқан жоқ. Бірақ Үәлихановтың Шевченкога қызығушылығына мына деталь дәлел. «Жоңгария очерктеріндегі» жабайы тас қырғыздары туралы жазғанда, ол «әнши» сөзінің орнына бұрын ешқашан пайдаланбаган «кобзарь» сөзін қолданады»,<sup>1</sup> – деп жазады.

Шоқанның Тарас Шевченкомен болуы мүмкін кездесуі туралы айтқанда, сондай-ақ оның сол кездегі белгілі орыс революциясының қайраткері Н.Г. Чернышевскиймен таныстыры туралы мәселені айналып өтуге болмайды. Николай Гаврилович Чернышевский (1828-1889) XIX ғ. 60 жылдары Петербор ортасына философ, жазушы, публицист, әдеби сыншы және «Современник» журналының басшысы ретінде танымал.

Шоқантанушылардың бірқатары Николай Гавриловичтың немере қызы Нина Михайловнаның Шоқанның тәмендегі сөзін келтірген кітабына сілтеме жасай отырып, Үәлихановтың Н.Г. Чернышевскиймен таныс болғанын жоққа шығармайды: «Чернышевский қандай гажап адам және орыстан басқа халықтардың да өмірін жақсы біледі! Онымен әңгімелескеннен кейін, Ресей болмаса, орыстар болмаса, біз тек Азия бол қаламыз және басқаларга да қыын болады, оған көзім анық жетті. Чернышевский – біздің досымыз»<sup>2</sup>.

Әлбетте, ол орыс астанасының белгілі де танымал әртүрлі қайраткерлерімен таныса отырып, шынында да Н.Г. Чернышевскиймен кездеспей қалуы мүмкін емес. Сөйті тұра, біз оның қолжазба мұраларынан Чернышевский туралы ештеңе таптаймыз. Қазақ зерттеушісі тарих ғылымдарының кандидаты Я.К. Духин былай деді: «Шоқан Шыңғысұлының Чернышевскиймен кездесуіне қатысты біраз күмән келтіре отырып, болуы мүмкін деп есептейміз. Ал, әдебиеттанушы М.И. Фетисовтың екеуінің арасындағы болуы мүмкін сұхбаттар жайындағы ойы қарсылық тұгызады. Өйткені,

1 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 224.

2 Чернышевская Н.М. Летопись жизни и деятельности Н.Г. Чернышевского. М.: Гос. изд-во худож. лит-ры. 1953. С. 232.

Чернышевский абайлап танытатын сақ адам, ашыла бермейді, сондықтан өзі тани бермейтін офицермен жақын таныстық орната қоймас еді»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың ең жақсы қайраткерлері Петерборда тұратын, орыс қоғамының шығармашылық интелигенциясын кездесуі және достыры, әрине, оның дүниетанымын байытты. Бір жағынан, ол қазақ даласы мен Азиялық Ресейдің атағы шыға қоймаган өкілі ретінде өз әріптестеріне белгілі бір ықпал жасады. Ш.Ш. Уәлихановтың Петербордағы өмірін толық зерттеген Э.Х. Марғұлан бұның бағасын берді: «Осы әдеби және гылыми ортада, Шоқан өзінің әрудициясымен жарқырап көрінді. Ол гылыми және әдеби журналдармен жұмыс істеді, энциклопедияга арналған мақала жазды»<sup>2</sup>.

Петерборлық шығармашыл ортасы Шоқанның дүниетанымына оң ықпалы туралы айта келе, белгілі кеңес әдебиетанушысы В.А. Мануйлов: «Өкінішке орай, петерборлық әдеби таныстарының бәрі бірдей Шоқанга жақсы әсер етеп алған жоқ. Уәлихановтың алгашиқты биографтарының бірі Н.М. Ядринцев айтқандай, «Вс. Крестовский сияқты quasi-bilimdi жазушылар жас жатжерліктің құмарлығын қостады; ол солармен өркениетті адамдарды іздей жүріп табысқан еді, бірақ поэтикалық түрде азгындық жүргізген адамдады тапты»<sup>3</sup> дегенді орынды санайды.

Ш.Ш. Уәлиханов Петерборда сонымен бірге өзінің жерлестері сібірлік Григорий Потанин, Николай Ядринцев және басқаларымен кездесті. Потанин былай еске алады: «Өзінің сібірлік жолдастары, кедей студенттер үшін Шоқан айрықша кештер жасады. Осында кештерде оншақты адам жиналатын. Сол жerde омбылық Анненков пен бас штабтың официері, Қашгардагы орыс консулы ретінде тағайындалмақ болған және Жетісуга астроном ретінде саяхат жасаған Голубевті кездестірдім»<sup>4</sup>.

Шоқан Петерборда жоғары мемлекеттік қайраткерлермен, шенеуніктермен, ғалымдармен, қызметтестермен, Сібірлік жерлестермен кездесіп танысқаннан бөлек,

1 Духин Я.К. Русское окружение Чокана Валиханова // Вопросы истории. 2002. № 1. С. 142.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 54.

3 Мануйлов В.А. Друг Ф.М. Достоевского Чокан Валиханов. С. 354.

4 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXVII-XXVIII.

Санкт-Петербордағы керең-мылқауларға арналған училищеде оқытын інісі Әблі-мақыжанға немесе Мақыға барып тұрды. Үәлихановтарды отбасылық шежіресінен белгілі, Мақы жеті жасында керең бол қалады да, арнайы оқусыз ол дами алмады. Шыңғыс Үәліұлы Орта жүз қазақтарының делегациясы құрамында Санкт-Петерборға барған сапарында кінәз А. Чернышевті патша ағзамнан ұлын Петербордағы керең-мылқауларға арналған училищеге орналастыруын өтінуді осы себептен сұраған және оны 1855 жылы орналастырады. Бұл училище императрица Мария Федоровнаның жеке бастамасымен 1810 жылы ашылған еді және Ресейде ол керең-мылқау балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі ең озығы саналды.

Ағайындылардың кездесуі сөзсіз жылы әрі әсерлі өтетін. Ағайындылар қарындаш пен дәптердің көмегімен сөйлесетін, Мақы ата-анасы, бауырлары, туыстары туралы сұрақтарын жазатын, ал Шоқан дәл осылай жауап беретін. Шоқан Үәлихановтың биографтары бауырлардың арасы соншалықты жақын болмаса, жас айырмашылығына және ағасының қолы бос болмауына байланысты болуы мүмкін дейді. Эйтсе де, Шоқан інісін Көркемсурет академиясының тыңдаушысы ғып орналастырады, қамқорлығын аямайды. Бұл Шоқан Үәлихановты Көркемсурет академиясының президенті, белгілі мусінші, кескіндемеші Ф.П. Толстоймен таныстырыған досы, зоолог ғалым Н.А. Северцовтің (1827-1885) көмегімен іске асса керек.

Бұл уақытта Мақының көркемөнерге деген қабілеті ашылады, оны Ф.П. Толстой да байқайды. Мақы Көркемсурет академиясының шеберханасына барып жүреді, кейіннен өзін қолданбалы өнерде көрсете бастайды, әсіресе құпия жәшіктері бар түрлі ағаш қобдишалар жасайды. 1864 жылы училищені аяқтаған соң, Мақы екі жылдай Петербордағы губернијалық басқармада жұмыс істейді, ал 1866 жылы елге оралады.



## V ТАРАУ Тағы да қазақ даласы

### 5.1. Тұыстармен кездесу. Генерал Черняевтің әскери экспедиясына қатысу

Шоқан Ұалихановтың биографиялық Петерборд климатының денсаулығына теріс әсерін айтады. Өзінің денсаулығы туралы 1860 жылы 4 қарашада ата-анасына жазған хатында баяндайды: «Бір айдан асты сырқаттанып жүрмін, кеудемдегі ескі сырқат қайта қозды. Петербордың климаты ауа-райы құргақ дала тұргынына жақпайды екен. Дәрігерлер қысты шетелде өткізуге кеңес берді!». Шоқан 1861 жылдың көктемінде сырқатының қозуына байланысты, таза ауамен, қымызбен денсаулығын түзету үшін туған жеріне оралуға мәжбүр болды.

1 Валиханов Ч.Ч. Третье письмо родителям // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата, 1965. С. 53.

Болашаққа жоспар жасап, әңгіме-дүкен құрып, дауласып жүретін жолдастарымен, әріптестерімен, жерлес сібірліктермен және достарымен қоштасқан болар. И.И. Стрелкова Шоқанның інісі Мақымен соңғы кездесуін көркем баяндайды. Осылайша, қоштасу рәсімі өтті. И.И. Стрелкова: «Кетерінде Николай Павлович Игнатьевтің үйінде болып, Батыс Сібірдің жаңа генерал-губернаторы Александр Осипович Дюгамельге хат жазып келісімін алады». Игнатьев «штабс-ротмистр сұлтан Ұәлиханов қымызбен емделіп, туган елінде бұзылған деңсаулығын түзеу үшін Сібір қыргыздары облысына аттанады...<...> Жогары мәртебелім, қарым-қабілетін, қогамға әкелетін пайдасын білгендейдіктен осы жас офицерді қарамағыңыдагы қызметке ұсынамын. Игі ниетпен қарсы алуыңызды, қажет болса қамқорлық көрсетуіңізді өтініп сұраймын»,<sup>1</sup> – дейді.

Түрлі мәліметтер бойынша Ұәлиханов ауылына достарымен бірге келеді, олардың арасында жақын досы И.И. Ибрагимов, сонымен қатар құрт ауруын қымызбен емдеу үшін келген белгісіз мәскеулік жас жігіт бар<sup>2</sup>.

И.И. Ибрагимовтың естеліктерінен Шоқанның ата-анасына келген кезін білуге болады. Иван Иванович Ибрагимов (шын аты-жөні Шахимардан Міриясұлы) 1841 жылды туған, дипломат, аудармашы, этнограф, Түркістанның орыс және ұлттық баспасының қызметкері болған. Оның өмірбаянынан билетініміз Омбы кадет корпусында оқыған, Омбы әскери кантонист-аудармашылардың жартылай батальонында татар тілінің аудармашысы болып қызмет еткен. 1856 жылы Көкшетау округтың приказының сұлтандық хат жазушысы болып істеген, Ұәлихановтар отбасын жақсы танитын. 1870-1878 ж. «Түркістан үәләятінің газетін» қазақ және өзбек тілдерінде редакциялаған. 1880-1881 жылдары Бұқарадағы орыс елшілігін басқарды. 1890 жылы Жиддадағы (Саудия Арабиясы) бас консул болып тағайындалған, бірақ 1891 жылы жол үстінде холерадан қайтыс болады. Шоқанның Сырымбетке келуін жазған И.И. Стрелкованың публицистикалық

1 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 227.

2 Ибрагимов И.И. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XL; Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 54: Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 229.

баяндағасы толығымен И.И. Ибрағимовың естеліктеріне не-  
гізделген.

Шоқанның ата-анасымен кездесуін И.И. Ибрағимов бы-  
лай баяндағы: «Әкесі анасымен бірге киіз үдіе, әдеттегідей  
өз орындарында еденде отырған. Эке отауының есік сыр-  
тындағы киізді Шоқанның өзі түрү тиіс еді (курмет көрсету  
белгісі) есікке дейін жетіп қалған еді, інсі Жақып киіз есікті  
туріп, ағасын алдымен жіберді. Бір топ қыргыз дерек жазғы-  
рып: «Көрдіңіздер ме, ол өз қолымен түргісі келмейді, бұзылған  
екен, бұзылғаны көрініп түр», – деп бір-біріне айта бастады.  
Шоқан алдымен әкесіне жақындал, тізесін бұкті, әкесі мол-  
дасоқынып отыр; әкесі қос қолымен құшақтап, маңдайынан  
сүйді. Осы кезде күйеуінен 2-3 адым жерде отырған етжеңді  
әйел, анасы Зейнеп баласын құшагына алуға асығып: «Шоқан,  
Шоқаным, балам, кел, кел» деді дауыстап, баласы анасы-  
на жақын келгенде, көзіне жас алып, бетінен шөпілдете сүйе  
берді. Сосын, әкесі өзінің оң жағынан орын ұсынғаны сол еді,  
дерек дастарқан жайылып, қымыз әкелінді, жол болсын ай-  
тып, амандақ-саулық сұраса бастады»<sup>1</sup>.

Этнограф ретінде И.И. Ибрағимов Шоқанның суырып  
салма ақын Орынбаймен кездесуін бейнелемей тұра алма-  
ды, ақын «жас сұлтанның әкесінің аулына келуін, оның Ақ  
патшага жасаған сапарын (II Александр – Ж.Е.), патшаның  
жас сұлтанды атақтыған тұқымы ретінде құрметтейтінін  
әспеттеп, жақсы сөзін аямай жырга қосудан бастады, оның  
ақылы мен білімін, тағысын тағыларды айтып мақтауын  
жеткізді»<sup>2</sup>. Ибрағимовтың естеліктерінде тарихшылар мен  
этнографтардың назарын аударатын ақпараттар жеткілікті.

Академик Ә.Х. Марғұлан өз очеркінде, сол кездегі Кек-  
шетау облысындағы жергілікті қазақтардың естеліктерінен  
мәліметтер келтіреді. Ол Шоқан қобызшы Құрымбай Қанғо-  
жинди, әншілер Қеке Элжановты, Шәкенді, жырау Қарықені  
тындағанды, акробатшы Әбі Тоғжановтың өнерін барып  
көргенді ұнататын деп жазады<sup>3</sup>. Мұмкін, бұндай мәлімет-  
тер Сырымбетте болған зерттеушілердің жорық материал-  
дарынан жиып алынған болар. Сонымен, 1949 жылы Әл-

1 Ибрағимов И.И. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XLI–XLII.

2 Сонда. С. XLII.

3 Маргулан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 55.

кей Марғұланның тапсыруымен Уәлихановтардың тұрған жерлеріне экспедиция жасаған Ж. Досқараев: «...Шоқанның ауылдагы өмірі әлі зерттеліп болған жоқ <...> Шоқанның өмірін жаксы білетін кейбір туыстарының, естіген-білген адамдардың, айтуды бойынша мынадай әңгімелерді жазып алдыым»,<sup>1</sup> – дейді.

1864 жылдың көктеміне дейін, генерал М.Г. Черняевтың әскери экспедициясына шақырылғанда Шоқан Уәлиханов Сырымбетте еді. Қандай жоспары болғанын, немен шүғылданғанын оның А.Н. Бекетовке, Ф.М. Достоевскийге, А.Н. Майковқа және К.К. Гутковскийге жазған хаттарынан жоруға болады. 1862 жылы 2 қаңтарда А.Н. Бекетовке жазған хатында: «Ауылдагы жұмыстарым табысты өтүде. Көптеген ертегі, әпикалық жырлар, әндер жазып алдым, енді Шыңғыс ханның заң жинақтарымен байланысы бар қыргыз заңдарын зерттеумен шүгілданып жатырмын. Қоғамға арнал «Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақаласын жазуды баставым, бірақ кейбір анықтамалықтардың (кітаптардың) болмауынан ол аяқсыз қалып отыр»,<sup>2</sup> – дейді.

Қазак дала заңдарын зерттеуге қатысты, Шоқан Уәлиханов алдағы сот реформасы жобасы бойынша пікір жинау жөніндегі комиссия жұмысына қатысуымен түсіндіруге болады. Уәлихановты комиссияға 1861-1866 жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О. Дюгамель шақырған болуы ықтимал. Сот реформасының жобасы туралы халықтың пікірін жинау жөніндегі комиссияны И.Е. Яценко басқарды. Алдағы сот реформасының бірқатар құқықтық кезеңдері, соның ішінде билер соты бойынша Уәлихановтың түсініктеп туралы әңгіме төменде өрбитін болады. «Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақаласын Шоқан Императорлық орыс география қоғамының өтінуімен жазса керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, Уәлиханов 1862 жылғы 14 қаңтарда Ф.М. Достоевскийге жазған хатында Қашғарияда консул болғысы келетінін хабарлаған<sup>3</sup>. Бұл ойы негізсіз емес

1 Досқараев Ж. Шоқан Уәлиханов туралы есте қалған әңгімелер // Тапсырған Казак ССР ғылым Академиясының мүшес-корреспонденті А.Х. Марғұлан // Вестник АН Казахской ССР. 1950. № 9 65 . С. 73.

2 Валиханов ЧЧ. Андрею Николаевичу Бекетову. С. 59.

3 Валиханов ЧЧ. Статьи. Переписка. С. 109.

еді: 1857 жылы ол Құлжада қытайлармен келіссөзге қатысуың, ал 1858-1859 жылдары – Шығыс Түркістанға барудың сәті түскен. Бұл әдеттегі мансаптық саты болар еді. И.И. Стрелкова: «Оның Қашгарга консул болғысы келген ниеті орындалмайтын арман бол шықты. Ұәлихановтың кей өмірбаянында саяси сенімсіздік себебінен оны консул гып тағайындаудан бас тартты делінген. Олай емес. Ресейдің Қашгарда консулдық пен фактория ашу әрекеті табыссыз аяқталды»<sup>1</sup>.

Ұәлихановқа туған даласында шаруашылықпен, саудамен айналысу жат нәрсе емес. Біз Шоқанның әкесі, Шыңғыс Үәлиұлы мен ұлдарының өз қонысында шаруашылықты жайластырудагы іс-әрекеті туралы деректер келтіргенбіз.

1862 жылы 15 қазанды Достоевскийге жазған тағы бір хатында: «Мен сұлтан болып өз отандастарыма пайды келтіріп, оларды шенеунікттер мен қазақ байларының озырылышынан қоргайын деп ойладым. <...> Осы мақсатпен Атбасар округының аға сұлтаны бол сайлануга келісім бердім, бірақ түрлі шенеунікттердің қитүркы қылышынсыз сайлау болмады. Облыс маңындағы осы мырзалар да, приказдықтар да бұған қарсы шықты... <...> Өтінемін, ары қарай не істеп көрек, кеңесінді бер. <...> Мен Петербордагы кей биліктегілерге жаздым, ал сен осыны жария қылышп, достарыңа айт, қалага жайылсын»<sup>2</sup>. Көрініп тұрғандай, істің мәнін баяндаған Үәлиханов Федор Михайловичтен кеңес сұрайды.

Атбасар округының аға сұлтаны лауазымына сайлау кампаниясына қатысу туралы пайымдай келе, К.К. Гутковскийдің өзі Уәлихановқа сайлауда қолдау жасауға уәде берген. Алайда Кури, Ивашкевич, Нестерев сияқты сыйбайлар жемқор Омбы шенеуніктерінің қолдауы мен генерал-губернатор А.О. Дюгамелдің қамқорлығын пайдаланған Байғұлы және Ерден Сандыбаевтар сияқты оппоненттері Ш.Ш. Үәлиханов 25 дауыс, ал Ерден – 14 дауыс жинағанымен, Атбасар окурығының аға сұлтаны болуына мүмкіндік бермейді. Шоқанның әділдік орнату жөніндегі кейінгі әрекеттері де, өкінішке орай, Омбы әкімшілігі басшысының шешіміне ықпал ете алмайды.

1 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 239.

2 Валиханов Ч.Ч. Статьи. Переписка. С. 110-112.

Шоқан жақын досы ретінде А.Н. Майковқа отбасындағы кикілжің туралы, соның ішінде болмай қалған үйленуі туралы 1862 жылы 6 желтоқсанда жазған хатында: «Мениң Ордадагы адам қызықпайтын жағдайымды түсіну үшін, менің әкеммен және анашыммен арадағы кейбір кикілжіңді келтірійін. Не үшін? Экем Орынбор даласындағы сұлтандардың бірімен дос болып, құда болуга уағдаласады. Мен байгүс келген соң, әкем мен анашым мені үйлендірмек болды. Маган әпермек болған қалыңдық менің ініме гашық болып, осы кезде оған жиі хат жазып түрганын айта кетейін. Мен, әрине, үйленуден бас тарттым, әсіресе, мынандай жағдайда, сөйтіп үйлену туралы көзқарасымды білдірдім. Бұл менің ата-анамды қатты састырып, зәресін алды. <...> Экем бұл жағдайга ренжігені сондай, бұдан былай балаларын европаша тәрбиелеуге ниеті жогын салтанатты түрде жариялады<sup>1</sup>. Уәлиханов Майковқа жазған хатының сонында: «Мен «С.Петербург ведомостыларының» Орта Азия және Қыргыз даласы бойынша тілшісі болғым келеді... <...> Орыс ертегілеріне ұқсас қазақ ертегілерін және қыргыздардағы шаманизм туралы зерттеулерімді «Отандық жазбаларда» жариялауга бола ма сүрап білуге бомас па еken»,<sup>2</sup> – деп жазады.

А.Н. Майковқа жазған хатынан Уәлихановтарда қандай отбасылық мәселелер туындағанын көруге болады. Шоқан Ахмет Жантөріннің қызына үйленуге қарсы болады, өйткені сол уақта ол өзінің қызметші қызын ұнатып жүрген-ді. Осы жерде атастырылған қыздың шынында оның інісі Жақыпты сүйгенін және Шоқанның екеуін қосуға қолынан келгенін жасағанын еске түсірген жән сияқты. Қызметші қызбен болған жағдай, Шоқанның әкесіне қаскейлері тараپынан шабуылдауға қолайлы себеп болды. Қазақ ертегілері мен қазақ даласындағы шаманизм туралы мақаласын орыс журналында жариялау туралы өтініші Ш. Уәлихановтың халық ауыз әдебиетін зерттеумен шындарап айналысқанын көрсетеді.

Шоқан өзінің тәлімгері К.К. Гутковскийге ойын ашық жазады: «К-лер (?) бізге қарсы батыл согыс жариялат отыр.

1 Сонда. С. 117.

2 Сонда. С. 118.

Әкемнің сөгіс жарияламаган немесе қатанаң түрде бұйрық ал-  
маган хаты жоқ. Нестеров біздің болыста қарақшы секілді  
құтырып, Есенбаевтарды менің әкеме қарсы қойды. <...> Әкем  
таяу күндері Фридрихтан хат алды, онда қыргыз Малтаба-  
ровтың әйелін мен «зорлықпен тартып алғаным туралы»  
арызының көшірмесін келтіріп, әкеме алыстан тұспалда-  
май-ақ, алғи қыргыздың әйелін дереу қайтаруды және оның  
барлық шығындарын өтеп беруді бұйырады, хаттың соңын-  
да әкеме ұлыңының жағымсыз қылтығын қостау үшін ага сұл-  
тан білігін асыра пайдаланып отырсың деп кіна тағады»<sup>1</sup>.

Шоқан 1864 жылы 4 наурызда Омбыдан Гутковскийге  
жазған тағы бір хатында: «Алдында Петерборга барып, жеке  
өзіңізбен көріспек болғам. Сосын жағдайлар өзгеріп, сапарым-  
ды мамыр айына қалдырым. Қазір Омбыда жүрмін және  
таяу күндері үйіме оралуды ойлат отырмын. Мұса Германо-  
вич те осында, екеуіміз сіздің үйде тұрып жатырмыз. Ден-  
саулығым қыста онша жақсы емес еді, қазір тауір болдым.  
Өзімді онша жақсы ұстай алмадым, карта ойнап, клубтарга  
барып, шампан іше бастадым. Төрт айдың ішінде З мыңға  
жуық ұтылтып, қазір оны таставым, өйткені ақшам қалма-  
ды, әкемнен сұрауга арым жібермеді. Егер сіз осында болғанда,  
әрине, бұның бірі де болмас еді. Өзіңіз де білесіз, менің Омбыда  
сізден басқа бірде-бір жақсы танысым жоқ»<sup>2</sup> – деп жазады.

1864 жылы 24 наурызда Гутковскийге жазған соңғы  
хатында Шоқан: «Питерге барам дедім, бірақ жабайы және  
тасбауыр қыргыздардың еліне тап болдым. Шынымды айт-  
сам, шен алу үшін бара жатырмын. Черняев жақсы адам  
сияқты, шенін аямайтын шыгар. Бір жағынан, Ақмешіт  
арқылы Орынборга өтіп кету үшін де барамын. Егер сәті  
түссе, жақсы болар еді»<sup>3</sup> – дейді.

К.К. Гутковскийге ашық жазған хаттары, екеуінің ара-  
сында сенімді қарым-қатынастар болғанын білдіреді. Гут-  
ковский Батыс Сібір шенеуніктерінің арасында Омбы кадет  
корпусында оқыған кезінен бері достық қарым-қатынас ор-  
ната білген жалғыз адам. К.К. Гутковский өмірінің соңына  
дейін өзінің тәрбиеленушісі мен досын қолдады, қамқор-

1 Сонда. С. 122-123.

2 Сонда. С. 124-125.

3 Сонда. С. 129.

лығын аямады. Шоқан Үәлихановтың хаттары мен қолжазбалар түріндегі мұрасын архивке табыстаған да дәл осы Гутковскийдің қызы екенін еске салайық.

Осылайша, Шоқан Үәлихановтың туған жеріндегі 1861 жылдан 1864 жылға дейінгі өмірі, әдеттегі әскери бөлімде қызмет етумен және жақын адамдарына жазған хаттарынан білгеніміздей, күнделікті басынан асатын өмірлік мәселелерге толы өтіп жатты. Сонымен, Шоқан полковник Черняевтің әскери экспедициясына қатысуға келісімін беріп, Омбыдан шығып кетті.

Қоқан хандығы мен Ресей империясының арасында қоқандықтардың ықпалына түскен қазақтар тұрып жатқан Оңтүстік Қазақстан аумағына қатысты өзара қарым-қатынасы тарихын еске сала кеткен жөн. Қоқан хандығы 1709 жылдан 1876 жылға дейін қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан және Шыңжан-Үйғыр автономды ауданының (Шығыс Түркістан) аумағында өмір сүрді. Қоқан хандары сонау 1740 жылдардың басында Ресейдің қарамағына өтуге ниет білдірген Орта жүздің қазақ ауылдарына үстемдік құрудан үміттенді. Олар Ресей империясынан тартып алдып, Қоқан хандығының құрамына кіргізу мақсатымен қазақ ауылдарына шапқыншылық жасап жүрді. Осы жорықтарға қоқандықтардың тарапына өткен Саржан Қасымов қатысты. Екі елдің қарым-қатынасы саяси әрі экономикалық себептерден туындаған конфронтативті сипатта болды. Осылай, қоқан билігі шығынға батқан орыс көпестерін қысымға алды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының оңтүстік шебі тынышсыз болды. Ресей империясы да, Қоқан хандығы да қазақтардың оңтүстік аумағынан дәмелі еді.

1855 жылдан қоқандықтарға бағынған қырғыз және қазақ рулары қоқан наменгерлерінің озбырлығынан Ресей бодандығын қабылдай бастауы екі мемлекеттің қарым-қатынасының ушығуина алып келді. 1860 жылы полковник Циммерманның жасағы Пішпек және Тоқмақ қоқан бекіністерін алады. Қоқандықтар газзауат согысын жарияладап, Верный станицасына 20 мың қол жбереді. Осылайша, қоқандықтар Ұлы жұз қазақтары мен қырғыздарға олармен бірге Кенесары ханның ұлы Садық келгенін түсіндіреді.

Ұзынағаш бекінісінде (Верныйдан 60 км. жерде) сол уақта Алатау округының бастығы болған полковник Г.А. Колпаковский қоқандықтарды талқандайды. Ресей империясы өзінің оңтүстік шебін ығайту үшін Орынбор және Батыс Сібір, кейіннен Сырдария шептік желлерін құрады. 1860 жылы осы желлердің ең шеткі бекеттері – Сырдарияның оң жағасындағы Жаңақорған елдімекені мен Жетісудағы Пішпек (Бішкек) бекінісі Ресей империясының құрамында болды. Орынбор тарапынан Сырдарияның төменгі ағысы бойынан, ал Батыс Сібір тарапынан – Алатауды бойлап бекіністер желісін салу орыс шегарасының ақырындал тұйықталуына, сонымен қатар 700 км жуық кеңістік бос қалып, қоқандықтардың қазақ иеліктеріне басып кіруі үшін өткел болды.

1864 жылы үкіметтің шешімімен Орынбордан бір жасақ, ал екіншісі Батыс Сібірден екінші жасақ; орынборлық – Сырдария бойымен жоғары Түркістан қаласына қарай, ал батыс-сібірлік – Қырғыз жотасы арқылы бір-біріне қарама-қарсы шықты. Құрамында штабс-ротмистр Ш.Ш. Уәлиханов бар полковник М.Г. Черняевтің басқаруымен Верныйдан шыққан жасақ, 1864 жылы 5 маусымда Әулиеата (Тараз) бекінісін басып алды. Полковник Веревкин бастаған Орынбор жасағы Перовск фортынан жылжып 12 маусымда Түркістан қаласын алды.

1865 жылы қайта басып алған өлкеден, Сырдария шебіне қосу арқылы Түркістан облысы құрылып, әскери губернаторы бол генерал Черняев тағайындалады. Орыс әскері Тәшкенді, ал 1865 жылы Қожентті алады. Тәшкеннің әмірі Жақыпбек Қашғарға қашып, біраз уақыт Қытайдан тәуелсіз болған Жетішар мемлекетін құрады.

Ш.Ш. Уәлиханов полковник Черняевтың жасағында бас командование жанындағы аудармашы болып қызмет етті. Ол өзінің қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындал жүрді, орыс және жергілікті халық арасында достық қарым-қатынастың орнауына, сондай-ақ қазақтар мен қырғыздар арасындағы жайылым дауын әділ шешілуіне септігін тигізді.

Ш.Ш. Уәлихановтың Черняев жасағынан кету себебін әр түрлі түсіндіреді. Г.Н. Потанин келесідей пікірін білдіреді: «Пішкек және Әулиеатаны алған кезде, орыс әскерінің Шоқан-

мен діні бір немесе оның руластарына, яғни қыргыздарға (қазақтарға) жасаган айуандығы ренжіткен болар, есімде жоқ. Ол бұдан әрі әскери жорыққа қатыса алмайтынын түсініп, Черняевтан айырылып, Верныйга кетті. Сол жерден Құлжадан батысқа қараң көшіп-қонып жүретін абдандардың (албан – Ж.Е.) басшысы Тентек (Тезек – Ж.Е.) сұлтанның ауытына жетеді<sup>1</sup>.

Кейіннен, 1913 жылы Потанин Шоқанның Черняевпен болған қақтығысын анағұрлым толығырақ сипаттайты: «Омбыдан жорыққа қатысу үшін менің досым, қыргыз (қазақ – Ж.Е.) Шоқан Ұәлиханов тартылды. Алайда, Шоқан Тәшкенді басып алуға қатысқан жоқ; Черняевтан айырылып, жолдан оралды... <...> Петербор әдебиетшілерінің, ақындары мен танымал галымдарының ортасында жүріп, алпысыншы жылдары гуманистік әдебиетпен тәрбиеленген, Достоевскиймен, ботаник Бекетовпен және басқаларымен дос болған Шоқан генералдың шешімін білгеннен кейін, он ниетінен бас тартуга көндіру үшін ұмтылды. Генерал келіспеді, терең әңгіме болды; Шоқан Черняевтан көңілі қалып, жасақты тастап, Верныйга оралды»<sup>2</sup>.

Осы оқиға туралы Н.М. Ядринцев былай жазады: «Тәшкендегі генерал Черняевтың жасагына аттанды деп естідім; мұнда оны адъютант пен аудармашиның керемет мансабы күтті, бірақ Черняевпен екеуінің арасында түсініспеушілік орнал, Ұәлиханов тұган жеріндегі тұysi старына оралды. Осы қайраткер тіл табыса алмай қалды ма, немесе Ұәлиханов тітіркеніп, алда Орта Азияда болайын деп жатқан соғысқа қатысты намысы ояңды ма, ол жағы белгісіз. Эйтепуір, Ұәлиханов кері оралып, ауылына кетеді»<sup>3</sup>.

И.И. Стрелкованың нұсқасы: «Шоқанның Шу жасагынан кетүінің себебі мен жағдайы қандай болса да, Черняев оны бәрібір марапаттайты. Қоқандықтармен болған істе көзге түскені үшін штабс-ротмистр ротмистр шеніне ұсынылады»<sup>4</sup>. Бұл туралы құжатта: «...Армия кавалериясының құрамында тұратын штабс-ротмистр сұлтан Шоқан Ұәлиха-

1 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. XXIX–XXX.

2 Воспоминание Г.Н. Потанина // Сибирская жизнь. 1913. № 257.

3 Ядринцев Н.М. Воспоминание о Чокане Валиханове. С. XXXVIII.

4 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 276.

нов қазіргі шенін 1860 жылты 7 сәуірде алған. 4 дәрежелі Әулие Владимир орденін алған... <...> З. Басшылық сұраган наградасы 1864 жылғы 2 маусымнан бастап жоғары түрган ротмистр шені<sup>1</sup>.

Үәлиханов қызмет ететін Ресей СІМ Азия департаменті Шығыс Түркістандағы үйғыр-дүнгөн көтерілісіне және осы аймақтағы жалпы жағдайдаң күрделенуіне байланысты, оны Черняевтың жасағынан қытай шекарасына ауыстырды. Алайда, зерттеушілердің қолында осыған қатысты жазбаша құжаттар жоқ, тек жорамал ғана. Біздің ойымызша, әскери антына берік Шоқан Үәлиханов Қытай империясының солтустік-батыс провинциясында туындаған жағдайларға байланысты, Петебордан жаңа тапсырма алады. Шоқан Үәлихановтың ешқандай тәртіптік жазаға тартылмағаны осы фактіні раставиды.

## 5.2. Империя шекарасында

Шоқан Үәлихановтың Тезек сұлтаннның ауылында жүріп шұғылданған ісі мен оның мерзімнен бұрын қайтыс болуы әлі күнге зерттеушілер арасында дау туғызып жүр. Тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Ш. Хафизованың пікірін шындыққа жақын деуге болады. Ол «Шоқан Үәлиханов және Қытай» атты байыпты мақала жазды. К.Ш. Хафизованың пікірі: «Шоқаннның моральдік ахуалы, оның Тезектің ауылында жүріп шұғылданған ісі туралы тек оның хаттарын негізге ала отырып пайымдай ала-мыз. Шоқаннның бүгінде белгілі алғашқы хаты 1864 жылы 24 қарашада, ал соңғысы 1865 жылы 19 ақпанда жазылған, бұл хаттың бәрін алушы бір адам – агасындаи болған досы, қамқоршысы әрі Алатау округі мен Ұлы жүз қыргыздарының басшысы Г. Колпаковсий»<sup>2</sup>.

Хаттардың мазмұны Шоқаннның 1864-1965 жылдары Тезек сұлтан ауылында нақты немен шұғылданғанын көр-

1 Список чинов иррегулярных войск, представленных командующим войсками Западной Сибири к наградам за отличия в делах с кокандцами 2 июня и при взятии крепости Аулғи-Ата 4 июня 1864 г. // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. IV. Алма-Ата. 1968. С. 434.

2 Хафизова К. Чокан Валиханов и Китай // Казахстан мұрағаттары. 2010. № 4/16 . С. 127.

сетіп деп тұр ойлаймыз. Тезектің ауылы қытай шекарасына жақын және К.Ш. Хафизованың ойынша, «Орталық Азияда болып жатқан аса маңызды оқиғалар, соның ішінде: орыстардың Әүлиегатаны жаулап алуы, Тарбагатай мен Алтай шекарасын орыс-қытай шептік бөліп алу барысы, қыргыздардың жағдайы, Қытайдагы мұсылмандар көтерілісі және т.б. бүкіл ақпарат осында ағылып жатты. Шыңжаңның Тарбагатай және Құлжа округтарының барлық аса маңызды жаңалықтары өзі де шептік істерде белсенделік танытып, хаттарды Верныйга жеткізіп тұрурга атсалысқан Тезек сұltанның ауылына тез арада тарап кететін»<sup>1</sup>.

Біз Шоқан Ұелиханов Тезектің ауылында Ресей СІМ Азия департаментінің тапсырмасымен жүрген деп жорамалдауға дайынбыз. Өзінің сол жерде жүргенін ресмилендіру үшін Тезек сұltанның немере қарындасы Айсараға әдейі үйленген болуы мүмкін. Б.К. Қыстаубаев «Тезектің ауылына кетуі сырқатына емес, шекара аймагына жаңа қызметке тағайындалуымен байланысты», – деп есептейді»<sup>2</sup>.

Бірінші хаттың мазмұны әскери іс-қимылдар жүріп жатқан Құлжадағы жағдай туралы және Шоқан оны қытай тілінен орыс тіліне аударып жазады. К.Ш. Хафизова осы хат туралы түсініктемесінде былай дейді: «Зерттеушілердің ешқайсысы Мин Сю хатының Тұңжды билігінің 3 жылды 11 айының 28 күні деп жазылған күнге назар аудармagan. Ол 1864 жылдың 26 желтоқсанына тұра келеді. Егер Мин Сюдің хатындағы дата дұрыс көрсетілген болса, онда екі түрлі қорытынды жасау керек: 1) не, Шоқанның Колпаковсийге жазған бірінші хаты осы күннің алдындағы мерзім – 20 қараша деп қате көрсетілген. 2) не болмаса, Шоқанның бірінші шыгармалар жинағының құрастырушылары Колпаковсикідің кінәсінен Мин Сюдің хатын Шоқанның бірінші хатына қателесіп қоса тіркеген. Дегенмен, бірінші жорамал шындыққа анағұрлым жақын көрінеді»<sup>3</sup>. Профессор К. Хафизова синолог ретінде хаттың мәтінін талдай келе, былай деп қорытады: «Шоқанның Тезектің ауылынан жазған бірінші хаты 1865

1 Сонда. С. 125.

2 Қыстаубаев Б.К. Тайна Чокана Валиханова. Историческое эссе. В 3-х ч. Алматы: Историч. лит., 2009. С. 366.

3 Хафизова К. Чокан Валиханов и Китай. С. 130.

жылдың қаңтарынан ерте жазылмаган болуы мүмкін. Ондай болса, жасақты (полковник Черняевтің – Ж.Е.) тастап кеткеннен кейін өзі туралы жарты жылдай хабар бермеген. Және де оның өмірінің осы кезеңі бізге белгісіз бол қалып отыр»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов пен Г.А. Колпаковскийдің хаттары алғаш рет 1904 жылы «Императорлық орыс география қоғамының жазбаларының» 29 томында, сосын 1947 жылы – Х. Айдаровының құрастыруымен «Ш.Ш. Уәлихановтың мақалалары мен хаттарының жинағында» жарияланғанын тағы да еске сала кетейік. 1958 жылы олар «Уәлихановтың таңдаулы шығармаларына», 1968 жылы – Ш.Ш. Уәлиханов шығармалары жинағының төртінші томына, 1985 жылы – академик Э.Х. Марғұланның редакциялығымен шыққан шығармалар жинағының бесінші томына кірген. Шоқан Уәлихановтың Г.А. Колпаковскийге жолдаған үш хатын 1957 жылы Э.Х. Марғұлан тапқанын атап отейік. «Соның біреуі Ш.Ш. Уәлиханов шығармалары жинағының төртінші томында (төртінші том 1968 жылы шықты – Ж.Е.), қалған екеуі баспағер мен редакторға байланысты себептер бойынша осы томга енбей қалған»<sup>2</sup>. Кейіннен, 1985 ж. Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бесінші томында генерал Колпаковскийге 1865 жылы 1 желтоқсанда жазған осы екі хаты жарияланды<sup>3</sup>.

И.И. Стрелкова Ш. Уәлихановтың Г.А. Колпаковскийге жазған хаттары бойынша өз ойын білдіреді: «Колпаковский 1887 жылы Уәлихановтың бес хатын Григорий Потанинге табыстап тұрып, Шоқанның гылыми мұрасын жинаушыға бұл жеke хаттар екеніне назар аударуын айтуды ұмытпады. Есте қаларлықтай ұқыптылық Герасим Алексеевич Колпаковский Шоқан Уәлихановтың рухы мен жарқын бейнесін, есте есінен шығармайтын»<sup>4</sup>.

Профессор К. Хафизова Шоқанның Герасим Алексеевичке жазған төртінші хатына күмәнмен қарайды: «Ол өзі оны Омбыға жолданған үшінші хатым деп жаңылып жазады!

1 Сонда.

2 Марғұлан А.Х.. Ильев И.П. Неизвестные письма Чокана Валиханова // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1970. № 6. С. 61.

3 Письма Чокана Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. V. Атмата. 1955. С. 164–166, 174–175.

4 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 294.

Бұл қытайдың оқиғалары туралы ақпараты бар үшінші хат. Сондай-ақ, осы хатқа. Шоқан аударған Цзян-цзюннің парагы қоса беріледі, бірақ датасы Тұңжы билгінің 5 (!) жылтындағы 12 айдың 24 күні деп жазылған. Бұл дата 1866 жылдың 29 қаңтарына тұра келеді! <...> Қазақ тарихнамасында Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болған деген пікір қалыпта-сқан, сондықтан ол Мин Сюдің 1866 жылты қаңтарда жазған хатын аудара алмайды. Бұл біз үшін өте маңызды, ейткені бұдан Шоқанның жалпыға белгілі қайтыс болған күні бұрыс бол шығады. Бұл жаңсақтық, немесе орыс дереккөздерінің мақсатты түрде бізді жаңылыстыру әрекеті?»<sup>1</sup>.

Зерттеушілердің арасында Түркістан генерал-губернаторының әскер министріне штабс-ротмистр Үәлихановты зиянды сыйыстар таратып, полковник Тезектің қатысуымен Қашғардың билеушісі Жақыпбекпен құпия қарым-қатынас жасағаны үшін империяның ішкі кавалериялық полктерінің біріне жіберуді өтініп жазған хабарламасы туралы кездесетін пікір әр түрлі түсіндіріледі.

К.Ш.Хафизова: «Бұл жерде әңгіме Болатгазы дейтін басқа бір Үәлиханов туралы және оның әлдеқалай себеппен Тезекпен байланысы болуы мүмкін»,<sup>2</sup> – деп жазады. И.И. Стрелкова: «Алайда, жаңсақ пікір бол шықты. Басқа штабс-ротмистр – Газы Болатұлы Үәлиханов. Шоқан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Тезектің қызына асығыс үйленген. Ол I Үәлиханов II Үәлихановқа қарағанда, анағұрлым ықпалды және қадірлі адам екенін жақсы білетін, алайда Тезектің көңіліне Газы жағатын. «Полковник Тезек пен штабс-ротмистр Газы-Болат Үәлиханов сұлтандардың жағымсыз қылыштары туралы» істе көрсетілгендей, бұл екеуіне өз руластарының малын өз бетімен тартып алғып, заңға қайши әрекеті үшін 164 беттен тұратын айып тағылды. Содан кейін гана зиянды сыйыстар таратқаны және Жақыпбекпен байланысы үшін саяси тәртіпте айыпталды. Тергеу ұзаққа созылып, нәтижесінде Тезек полицияның бақылауымен Қапалда тұратын болды, ал Газы болса Ақмола облысына жер аударылды»,<sup>3</sup> – деп сендіреді.

1 Хафизова К. Чокан Валиханов и Китай. С. 132.

2 Сонда. С. 134.

3 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 255.

Әділдік үшін айтар болсақ, Шоқан мен Ғазы Уәлиханов ете алыс туыстар болатын. Мұмкін, бұл Үәли ханның ұлдарының бірі – Ғұбайдолланың хан билігін жоюға бағытталған Ресей экспансиясына қарсы шықса, ал кіші әйелі Айғанымнан туған басқа ұлы – Шыңғыс Үәлиұлы – патша әкімшілігіне адал қызмет етіп, Кенесары ханның көтерілісін басуға белсенді атсалысуымен байланысты болар. Ғұбайдолланы руластарынан алшақтатып, Березовоға жер аударған соң, оның ұлы Болат патшадан сыйлық пен майор шенін алып, патша әкімшілігіне қызмет ете бастады. Сөздің реті келгенде, басында бұл сыйлықтар мен подполковник шені олардан бас тартқан Болаттың әкесі Ғұбайдоллаға арналғанын айта кетейік. Болат Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфортың кеңесі бойынша, ұлы Ғазыны туысы Шоқан оқып жатқан Омбы кадет корпусына береді. Бірқатар себептерге байланысты, Үәли ханның үрпақтары өзара тату бола алмады.

ИРЭИ Қолжазбалар бөлімінің П.В. Быковтың қорында 1883 жылы құастырылған мәтінде Ғазы Болатұлы Уәлихановтың биографиясы баяндалады. Онда Шоқан туралы, әкесі Шыңғыс сұлтанмен бірге генерал-губернатор Дюгамельге Ғазы сұлтан туралы құпия хабарлама жаған адам туралы жазылған. Хабарламаға Шоқан Уәлиханов сұлтанға «тыныштық бермеген» генерал-губернатордың Ғазыға көңіл бөлуі себеп болды делінген<sup>1</sup>. 1891 жылғы №11 «Нива» журналында Ғазы Болатұлының биографиясы толық жазылған және Шоқан мен Шыңғыс Уәлихановтар жазған хабарлама аталады. Осы мәселеге қызығатындар академик Э.Х. Марғұланың «Нива» журналындағы сұлтан Ғазы Уәлиханов биографиясының мәтіні бар жеке архивіне назар аудару керек<sup>2</sup>.

Бұл дерек Шоқанның замандастары оны Ғазымен жиі шатастырғанын көрсетеді, өйткені екеуінің де әскери атағы мен тегі бір. Міне, сондықтан да, Шоқанның замандасы барон А.Е. Врангель оны Парижден көреді, ал екеуін де танитын Г.Н. Потанин оны полковник шенінде танып қояды-мыс.

1 РО ИРЛИ. Ф. 273. Оп. 2. №56. Л. 3 об.-4

2 Из наследия академика А.Х. Маргулана Сборник документов и материалов из рукописного фонда - личного архива ученого Сост. Е.К. Рахимов. Павлодар: Кереку. 2011. С. 71-73.

Сұлтан Газы Болатұлы өз руының шежіресін жақсы білген және 1903 жылы бабасы Уәли ханның басына көктас қойғаны үшін лайықты бағасын берген жөн. Қазіргі кезде Ақмола облысы Зеренді ауданының аумағында, «Қазақстан» ауылына таяу отандастары, соның ішінде Уәли ханның тікелей үрпақтары мазар, яғни Орта жүздің соңғы ханының жерленген жеріне мемориальды кешен тұрғызыды<sup>1</sup>. Уәли хан қазақ хандары жерленген Түркістанда емес, өзінің туған жерінде жерленгені Қазақстан тарихынан белгілі.

Газы Болатұлы шынында да сол кезде реесми жазылған дай «Ұлы Мәребелі Императордың мұрагері Цесаревич полкінің Атамандық лейб-гвардиясының полковнігі» атағына дейін қызмет еткенін айтып өтейік және оны қөргенде екеуі біршама үқсас болғандықтан, мосқал тартқан Потанин оны Шоқан деп ойлауы әбден ықтимал. Бірақ, Шоқан қайтыс болғаннан кейін, Тезектің ауылында кенеттен штабс-ротмистр Газы сұлтан пайда болып, оның архивінің көп бөлігін алып кеткені, ал көп ұзамай ізінше келген полковник К.К. Гутковскийге Шоқан Уәлихановтың қолжазба мұрасының аз бөлігі қалғаны әлі күнге түсініксіз қалып отыр. Жауптан гөрі сұрақ көп. Өкінішке орай, осыны анықтайтын нақты мәліметтер әлі жоқ.

### 5.3. Мезгілсіз қаза: қайғылы жайттар

Шоқан Уәлихановтың Тезек сұлтанның ауылында өткізген соңғы күндері туралы ешқандай құжаттық деректер қалмаған. Дүниеден қайтардан біраз бұрын Ш. Уәлиханов әкесіне соңғы хатын жолдады, оның мәтіні Ә.Х. Марғұланың очеркінде келтіріген: «Қажыдым, күшім бітті, қансөлім кетіп, құр сүйегім гана қалды, кешікпей жарық дүниеден кетермін. Менің аяулы туыстарым мен достарыммен көрісүді тағдыр жазбай түр. Бұл – менің ең соңғы хатым. Қош болыңыздар, баршаңызды құшагыма алдым»<sup>2</sup>.

Келтірілген хат бойынша Шоқанның денсаулығы қатты нашарлаған, мүмкін ұзақ сапарлар кезінде басталып,

1 О чём расскажет мазар // Казахстанская правда. 2014. 10 декабря.

2 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Ватиханова. С. 57.

Петерборда асқынған құрт ауруынан болар. Бірақ басқа да пікірлер бар. Мысалы, МҚҚ-ҰҚҚ запастағы полковнігі Б.К. Қыстаубаев оның сырқаты туралы деректі үзілді-кесілді мойындармайды және: «Шоқан Шыңғысұлы Үәлиханов ешқашан туберкулезбен ауырмаган... <...> Сырқаттанып қалғаны туралы, бірақ құрт ауруы емес, барлаушылар тобы Қашгардан оралғаннан кейін, құпия сақтау мақсатында, Омбыда жүргенде-ақ пайда болды. <...> Құрт ауруы арнағы қызыметте жүргенде, басқа мақсатта, ендігі жерде Петерборда үдегі бастады»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болды, бірақ жоғарыда айтылғандай, бұл датаға кейбір зерттеушілер күмән келтіреді. К.Ш. Хафизованың ойынша, «Шоқан Тезектің ауытында алты ай жүрген кезінде өте жігерлі өмір сүрді. Осы мерзімнің жартысы оның хаттарымен расталса, басқасы, балқым, бір жылга дейін созылған бөлігі мұқият зерттеуді қажет етеді. Шоқанның соңғы күндерінің барлық жұмбагы алі ашылған жоқ»<sup>2</sup>.

Сонымен қатар, архивте Батыс Сібір (Омбы қ.) әскері штаб бастығының Ресей СІМ Азия департаментіне «26 қантардан 10 сәуірге дейін [1865 г.], яғни Шоқан Үәлихановтың қайтыс болған күніне дейін» Шоқан Үәлихановтың ақшалай еңбекақысын Азия департаментінің Батыс Сібір әскері штабына аударуын жазған қатынас хаты бар<sup>3</sup>.

Ресми нұсқада Шоқан Үәлиханов Алтын Емел жотасының етегіндегі Көшентоған шатқалында қайтыс болып, Ұлы және Орта жүздің төрелері жатқан дәстүрлі қорымда жерленген. Оның қабірі бастарына орнатылған мемориалдық ескерткіштері сақталмаған Ералы Әділев, Қожахмет, Момодаир, Қасым және Эбіш Ералиндер, Мұхамедияр Эбішев, Аббас Мұртазин, Жұніс Әбділмомынов, Жанбин хан Қожахметов сұлтандардың қабірлерінің ортасында қорымның ішінде тұр.

Ш.Ш. Үәлихановтың қазіргі мемориалдық кешенін қалыптастыру тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1865 ж., 1872-1881 жж., 1958 ж. және 1979-1985 жж.

1 Қыстаубаев Б.К. Там же. С. 366.

2 Хафизова К. Чокан Валиханов и Китай. С. 135.

3 АВПРИ. Ф. Санкт-Петербургский. Главный архив. IV-2. Оп. 119. Л. 8. Л. 51.

1865 жылдың бірінші кезеңінде Шоқанның туыстары Жетісу облысы Қапал уезінің бұрынғы Қоянкөз казак станицасынан бес шақырым жердегі Көшентоған шатқалында күйген кірпіштен дәстүрлі құмбезді кесене тұрғызыды. Кіре берісінде марқұмның араб әріптерімен аты жазылған ағаш есік бар. Бұл қабір үстіндегі құрылым берік болмай шықты, тез бұзылды. 1865 ж. А.К. Гейнс Тезек сұлтан ауылына келіп, күнделік жазады: «2 қарааша... Қоянды бекетіне алты шақырым жетпей Шоқан Ұәлиханов жерленген. Біз әкіпаждан шығып, жолдан бір шақырымдай жердегі қабіріне жақын келдік. Қоршауга жақын сол жағында ең ақылды қыргыздың басында қарапайым ескерткіш тұр. Саздан тұргызылған ескерткішке тақта жапсырылған, онда Ұәли, Абылай ханның ұлы; Шыңғыс Ұәлидің ұлы; Шоқан Шыңғыстың ұлы»<sup>1</sup>. 1871 жылы Шоқан Ұәлихановтың қабіріне Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман әдебиетші Н. Маевпен бірге келіп, артынан былай жазады: «Ш. Ұәлихановтың шала күйген кірпіштен тұргызылған шағын шіркеу түріндегі қабірі, саз балшықтан сомдалған аласа қабыргамен қоршалған – ұзақ тұрмайтынын білдіріп тұр; қабір үстіне тұргызылған гимараттың көптеген жері құлап, ендігі жerde әбден ескірген, негізінен қабір үстіндегі құрылымтар небәрі үш жыл тұрады... Құлагалы тұрган кесенені тіреп, жерленген марқұмның атын сақтау үшін генерал-губернатор мәрмәрдан үлкен көктасқа тапсырыс бермек болды»<sup>2</sup>.

Сол жылды Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман Жетісу облысының әскери губенаторы Г.А. Колпаковскийге бұл жерге Шоқан Ұәлихановтың толық аты-жөні мен сіңірген еңбектері жазылған жылтыраған тас тақтайдан жаңа ескерткіш тұргызуға ресми бүйрық береді, бұл мәліметтер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің және Өзбекстан Республикасы Орталық мемекеттік архивінің материалдарында сақталған<sup>3</sup>.

1 Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. С. 495–499.

2 Маев Н. От Ташкента до Кульджи. Путевые заметки // Материалы для статистики Туркестанского края: ежегодник. Вып. II. СПб.: Туркестанский стат. ком.. 1873. С. 301.

3 ЦГА РК. Ф. 44. Оп. 1. Д. 35595 «О надгробном памятнике ротмистра султана Валиханова»; ЦГА РУЗ. Ф. 1. Оп. 20. Д. 4119 «О сооружении памятника на могиле умершего султана Большой орды ротмистра Валиханова».

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфманның Шоқан Уәлихановтың ескерткіш ғимараты туралы өкімінің орындалуы ұзаққа созылғанын атап өтейік. Бұған Жетісу облысының әскери генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің Түркістан генерал-губернаторының кеңесіне 1872 және 1874 жылдары жазған хаты дәлел, онда Шоқан Уәлиханов қабіріне ескерткіш орнатудың ұзаққа созылу себептері аталған. Сонымен, 1874 жылы Г.А. Колпаковский: «Ұлы мәртебелі, өлкенің бас бастығы бұрынғы Верный қаласында болғанда, ротмистр Уәлиханов сұлтанның қабіріне 1871 жылы жеткізіп беруге үәде беріп, қазір қайтыс болып кеткен азамат В.П. Кузнецовтың мәрмәр тақтасынан жасалған ескерткіштің алі күнге дейін неге қойылмаганын ауызша сұрады. Содан кейін, сенім берілген құрметті азамат И.В. Кузнецов пен 2 гильдия көпесі Пахотиннен ескерткішке қажетті мәрмәр тақтай табылып, Уәлихановқа ескеркіш қойылды ма деп сұрадым. Көпес Пахотин биылғы 29 қыркүйекте аталған тақтайға сонау 1873 жылы Екатеринбургтегі көпес Беданинге тапсырыс берілгенін, ол былтыргы желтоқсан айында тақтай жасалып, көлік кеңесі арқылы Омбы қаласына ағайынды Каменскийлерге жіберілгенін, бірақ Верный қаласына алі күнге жеткізілмегенін хабарлайды, сондықтан Пахотин мырза қазіргі кезде, Омбы пошта кеңесі арқылы И.В. Кузнецовқа хат жазып, одан осы зат бойынша Каменскийдің кеңесінен сұрастыруын өтінгенін хабарлайды. Уәлихановтың ескерткішіне арналған тақтай туралы Пахотин мырзадан алатын ендігі ақпаратты қоса хабарлау құрметтіне ие болып отырмын. Жоғары мәртебелім, өзіңізге тақтай Екатеринбургке тапсырыс берілгенін, сондықтан Верный қаласында мұсылман тілінде жазатын қашауыштардың болмаганын баяндаймын»<sup>1</sup>.

Екатеринбургке тапсырыс беруге Верный мен Қапалдың маңайынан тиісті көлемдегі мәрмәр тақтайдың табылмауы себеп болды, бұл туралы Д.И. Пахотиннің Жетісу губернаторының көмекшісі Е.А. Россицкийге 1873 жылы 2 сәуірде жазған хаты дәлел. Хатта: «Қайтыс болған сұлтан ротмистр Уәлихановтың ескерткішіне арналған мәрмәр

<sup>1</sup> ЦГА РУЗ. Ф. 1. Оп. 20. Д. 4119. Л. 7-5.

тақтай табу және оған жазба қашап жазу былтырғы жылы Омбы округының шебер шаруасы Егор Крючковқа сеніммен тапсырылған болатын. Сонымен бірге ол атаплан тақтайды іздең табу үшін атаплан жерлерге барып, бір айдан аса іздең, қайтар кезде қажетті көлемдегі мәрмәр тақтайды таппаганын, ал басқа бір тасқа сөздерді қашап жазу мүмкін емес екенін мәлімдеді...»<sup>1</sup>.

Жетісу облысының губернаторы генерал Г.А. Колпаковскийден басқа ескерткішті тұрғызыға Қапалдың бірінші гильдиясының көпесі В.П. Кузнецов пен оның сенімді адамы көпес Д.И. Пахотин және облыстық басқармасы құрылыс бөлімінің менгерушісі П.М. Зенков та атсалысты. Жазбаның мәтінін Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман орыс тілінде құрастырды, ал араб тілінен қазақшаға Шоқан Үәлихановтың досы И.И. Ибрагимов аударады. Шоқан Үәлихановтың қабіріне мәрмәр тақтай орнату туралы белгілі өлкетанушы Н.П. Ивлевтің кітабынан толық білуге болады<sup>2</sup>.

Өлкетанушы Н.П. Ивлевтің архивтік материалдары мен мәліметтері Ш.Ш. Үәлихановтың қабіріне мәрмәр тақтай іздең, дайындал, орнату жөніндегі ұзақ жұмыс туралы білдіреді. Екатеринбург көпесі Баднинге сонау 1873 жылы тапсырыс берілген тақтай жоғалып, тек 1878 жылы табылып, сосын қайта жоғалып кетеді. Генерал Кауфманның Шоқан Үәлихановтың қабіріне мәрмәр тақтай орнату қажеттігі туралы ескертуінен кейін, Жетісу облысының губернаторы Колпаковский дереу тақтай тауып, тиісті жазбаны жазуды тапсырады. Н.П. Илев жазғандай, Жетісу облыстық басқармасының құрылыс бөлімі мәтінді тақтайға қашап жаздыру үшін тас кесуші Ластовскийді жалдайды<sup>3</sup>. ҚР ОМА Ластовскийдің жазбасы бар, онда: «1881 жылдың 29 қарашасында, мен, төменде қол қою арқылы Жетісу қ. бухгалтері Калачев мырзага қырық рубль ақыға ротмистр Үәлихановтың қабіріне орнату үшін көлемі екі және одан артық аршын, қалыңдығы 6 тұтамнан кем болмайтын жазбасы бар мәрмәр тақта жасап орнына жеткізіп беру үшін міндеттенгенім ту-

1 ЦГА РК. Ф. 44. Оп. 1. Д. 40421. Л. 3.

2 Илев Н.П. Находки краеведа. С. 39–60.

3 Сонда. С. 45.

ралы қолтаңба беремін...»<sup>1</sup>. Басқа қолтаңбада ол: «1881 жылты, мен, төменде қол қою арқылы Жетісу облыстық басқармасының бухгалтері Калачев мұрзага ротмистр Уәлихановқа жасаган мәрмәрдан жасалған ескерткіштің қалған қырық рублін алдым. Дворянин Л. Ластовский. Августың 12 күні»<sup>2</sup>.

Ерине, құрылыштың жалпы жұмысын өзінің тікелей бастығы Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман сияқты Шоқан Уәлихановтың жарқын бейнесін ұзақ жылдар есінен шығармай жүрген Жетісу облысының әскери губернаторы генерал Г.А. Колпаковский басқарды.

1881 жылы жартылай бұзылған кесенені орнына екі нұсқада: орыс тілінде кириллицамен, қазақ тілінде араб әліпбіймен жазылған ақ мәрмәр тақтай орнатылды. Ескерткіш бұрынырак үстінде күмбез отырған, күйген кірпіштен өрілген төрт бағаннан тұрады. Уәлихановтың қабірінің үстіндегі төрт бұрышты төбешікке екі тілдегі жазуы бар ақ мәрмәр тақтай қойылды. Тақтайдың бетінде: «Бұл жерде 1865 жылды қайтыс болған штабс-ротмистр Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың сүйегі жерленген», ал екі жанына: «Түркістан генерал-губернаторы генерал-адъютант 1-ші Кауфманның талабымен, Уәлихановтың сіңірген еңбектерін назарга ала отырып, осы ескерткішті 1880 жылы генерал-лейтенант Колпаковский қойды»,<sup>3</sup> – деп жазылған.

Кеңес уағында Шоқан Уәлихановтың қабіріне ескерткіш түрғызу туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. XX ғ. 40 жылдары кеңес әкімшілігі Шоқанның қабірін жергілікті молдалар табынатын жерге айналдыруы мүмкін деп аландады. Бір басылымда: «Шоқанның жарқын бейнесін дұмше молдалар өз мақсатына пайдалануына жол бермеу керек. Шоқанның қабіріне оның қазақ халқының алдындағы еңбектері туралы қысқаша жазылған ескерткіш қою керек»,<sup>4</sup> – деп хабарланды.

Ақыр сонында, 1956 жылы кеңестік Қазақстанның басшылығы атақты отандасымыздың басына ескерткіш қою туралы шешім қабылдады. Мәскеу архитекторы М. Ващенконың сөзінше, 1958 жылғы маусымда қызығылт граниттен

1 ЦГА РК. Ф. 44. Оп. 1. Д. 40421. Л. 1.

2 Сонда. Л. 2.

3 ЦГА РК. Ф. 44. Оп. 1. Д. 38595. Л. 11.

4 Федоров Е. Могила Чокана Валиханова. Большевик Казахстана. 1941. № 5. С. 78.

монумент тұрғызыла бастады. Құрылыш жұмыстарына Алматыдан тас қашаушы шеберлердің бригадасы тартылды. Ескерткіш тұрғызу кезінде Шоқан Ұәлихановтың сүйегі ашылмады, іргетасына темірбетон тақтасын қалау үшін топырағының жоғарғы қабатынан 50 сантиметрдей ғана алынды<sup>1</sup>.

Қазақстан жүртшылығын көрнекті отандасының жарқын бейнесін мәңгі қалдыру мәселеі қатты алаңдатқанын айта кетейік. Сонымен, 1958 жылы шілдеде КСРО басты басылымдарының бірі «Известия» редакциясына Қазақстан мәдениеті мен ғылыминың белгілі қайраткерлері қол қойған хат келіп түседі, онда: «Алтын Емел асуының Қоянкөз жеріндегі Шоқан қабіріне әлі күнге ескерткіш орнатылмаган. Оның жобасы талдықорғандық «Облколхозстройга» тапсырылған, әйтсе де, бұндағы жағдайларда ең жақсы жоба жасау үшін конкурс жариялануы тиіс еді. Көрнекті галым және саяхатшының бейнесін ұмыттыуга әсте болмайды. Біз Шоқан Ұәлихановтың ескерткішін Алматының басты көшелерінің немесе алаңдарының біріне орнату туралы ұсыныспен кеңестік Қазақстан жүртшылығына ұндеу тастаймыз. Бұл ретте, монументтің ең озық жобасына конкурс жариялануы тиіс. Омбы және Фрунзедегі, Қапал және Сырымбеттегі, Құсмұрын және Көкшетаудағы жолдастардан Шоқанның қызыметіне байланысты жерлерге Шоқан Ұәлихановтың құрметтіне мемориальдық тақталар орнатуды қамқорлыққа алуын сұраймыз»<sup>2</sup>.

1958 жылдың күздіне қарай Ш.Ш. Ұәлихановтың қабіріне тастан монументті обелиск тұрғызылды. Қабір үстінде-гі ескерткіштің жобасын жасаумен мәскеу архитекторы М. Ващенко айналысты. Алматы мүсіншісі П.Д. Усачевтің эскизі бойынша Шоқанның горельефті портретін дайындау Мытище көркем құю зауытына тапсырылды. Обелиск құрылышының материалына Қордай (Жамбыл облысы) кен орнының қызығылт граниті алынды.

Баспалдақты стилобаттың ортасына тұрғызылған бес метрлік тас монумент табанынан ұшына дейін аздал та-

1 Ващенко М. Как создавался памятник // Семиреченская правда. 1958. 15 октября.

2 Увековечить память Чокана Валиханова. Письмо в редакцию // Известия. 1958. 27 июля.

рылатын төрт қырлы призма түрінде орындалды. Обелиск саяхаттар символы ретінде жарты шар-глобуспен бітеді. Ескерткіштің беттік жағындағы сопақша текшеге Ш.Ш. Уәлихановтың қола горельефі орнатылған, астына «Шоқан Уәлиханов. 1835-1865» деп жазылған. Монументті обелискінің етегіне 1881 жылы қабірінің үстіне орнатылған мәрмәр тақтайдаң фрагменті құрастырылған.

Шоқан Уәлихановтың Қашғарға саяхатының 100 жыл толуына орай орнатылған ескерткіш 1958 жылғы 12 қазанды салтанатты түрде ашылды.

Шоқан Уәлихановтың тағы бір ескерткіші 1979 жылы Талдықорған (қазіргі Алматы) облысы Кербұлақ ауданының Шоқан атындағы колхозға орнатылды. Ескерткіштің авторы – архитектор Н.Н. Миловидов пен мұсінші Ю. Руковишинников.

1983 жылы Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жылдығының қарсаңында Қазақ КСР Министрлер кеңесі Талдықорған облысы Кербұлақ ауданы Шоқан атындағы колхозда өз жұмысын 1985 жылдың 20 қыркүйегінен бастаған Шоқан Уәлихановтың «Алтын Емел» мемлекеттік мемориалдық музейін ашу туралы қаулы қабылдады. Авторлық ұжымның жетекшісі – Р.А. Сейдалин, архитекторлары – Б.А. Ибраев, С.И. Рустамбеков, Б. Маманов, конструкторы – А.П. Котов.

Шоқан Уәлихановтың «Алтын Емел» мемлекеттік мемориальдық музейі ескерткішті, Ш.Ш. Уәлихановтың мемлекеттік музейін және ұлы ғалымның қабірін қамтиды. Экспозиция залдары бар тікбұрышты екіқабатты екі павильоннан тұратын музей Шоқан ауылының орталығында орналасқан. Музейдің қасбеті ерекше бұрыштық элементтері бар қазақтың дәстүрлі мемориалдық құрылышының нұсқаларымен сәнделген. Музей ғимаратының оңтүстік қапталындағы биік төбеде қолына кітап ұстап, ауылдың орталығына қарап тұрған Шоқан Уәлихановты бейнелейтін алты метрлік қола мұсіні тұр. Ескерткіш үш метрлік тікбұрышты қызығылт гранитпен қапталған тұғырға орнатылған. Төбенің етегінен басына қарай баспалдақпен барады, төбенің беткейінде екі шолу алаңы бар. Музей мен төбенің алдындағы алаңды бөліп тұрған жасанды тоғанның үстімен оюланған шойын

таянышы бар көпір арқылы өтеді. Шоқан атындағы ауылдың орталығы мен ауылдан бес шақырым жердегі Ш.Ш. Уәлихановтың жерленген орнын автострада біріктіріп тұр.

Қазақтың аса көрнекті қайраткери Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың аты қазіргі кезде архитектурада да, топономикада да айшықталып жүр. Қазақстан, Ресей және Қырғызстанда Шоқан Уәлихановқа ескерткіштер ашылған. 1960 жылдан бері ҚР Ұлттық ғылым академиясының Тарих және этнология институты, ал 1965 жылдан – Көкшетау мемлекеттік университеті Шоқанның атында, Қазақстан мен Ресей қаталарының көшелері соның атымен аталады. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылында Уәлихановтар қонысын қалпына келтірген музей жұмыс істейді.

Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығамашылық қызметіне арнап бірқатар көркем фильм шыққан: «Его время придет» («Қазақфильм», 1957 ж., режиссері М. Бегалин) басты рөлде ойнаған – Нұрмұхан Жантөрин; ғалымның 150 жылдығына орай түсірілген көпсериялық көркем фильм «Шоқан Уәлиханов» («Қазақфильм», 1985 ж., режиссері А. Эшімов), басты рөлде ойнаған – Сағи Эшімов; деректі фильм «Человек в мундире» (2006 ж., режиссері И. Гонопольский) және т.б.

#### *5.4. Шоқан Уәлиханов және оның мұрасы*

Аса көрнекті отандасымыз Ш.Ш. Уәлихановтың өмір жолы туралы зерттеуімізді аяқтай келе, оның ғылымның түрлі саласына, ең алдымен гуманитарлық бағытына қосқан үлесін әтап өткен жөн.

Түрлі қызметтік тапсырмаларды орындалап, саяхаттар жасау барысында ол жолсапар күнделіктерін жүргізіп, Орталық Азия халықтарының азыздарын, әндерін, ертегілерін жазып жүреді, қазақ және қырғыз руладының рулық-тайпалар күрүлімін және олардың әтникалық тарихын, Қазақстанның, Қырғызстанның және Шығыс Түркістанның флорасы мен фаунасын, шаруашылығын, материалдық және рухани мәдениетін анықтайды, фолианттар мен ескі қолжазбаларды, археологиялық және этнографиялық ма-

териалдар жинайды. Жиналған мәліметтердің құндылығы Жетісу, Ыстыққөл, Тянь-Шань және Шығыс Түркістан бойынша көркемсурет, сыйба, карта және жүрген маршруттарымен толығып отырған.

Ш.Ш. Уәлиханов «Жонғария очерктері» еңбегінде өзі жиналған материалдарға баға береді: «Саяхат кезінде жиналған мәліметтер, біріншіден, менің жеке бақылауымнан; екіншіден, адамдардан және ақыр соңында, жазба дереккөздерінен, көпес, шенеуніктерден, жергілікті ресми құжаттар мен кітаптардан және басқа да дұрыстығы тексерілген көрсетіштерден алған материалдардан тұрады»<sup>1</sup>. Императорлық Орыс география қоғамының 1865 жылғы есебінде Шоқан Уәлихановтың ғылымға қосқан үлесі туралы: «Тұган халқының ақыз әңгімелері мен жырларын мұқият жазып алды, орта азиялық сөйленістерді зерттеді, жергілікті адамдар ежелі қирандылар мен зираттардан тауып алған ескі заттарды қыымбат багалаға сатып алды, өміріне қауіпті болғанына қарамай, будда монастырларына кіріп, сирек қолжазбаларга қол жеткізді»<sup>2</sup> деп жазылған.


Қазіргі кезде, Ш.Ш. Уәлихановтың жарияланған және жарияланбаған ғылыми мұрасының маңызын асыра бағалау қыын. Аса көрнекті отандасымыздың шығармаларының өзектілігі мен маңыздылығы сонда, оны саяхатшы, географ, шығыстанушы, этнограф, фольклоршы, тарихшы, публицист, экономист, заңгер және қазақтың тұңғыш суретшісі ретінде танытуды талап етеді.

Ш.Ш. Уәлиханов Омбы кадет корпусының қабырғасында алған тамаша білімімен Орталық Азияға экспедиция барысында өзін айрықша саяхатшы және географ ретінде көрсете алды. Болған жерлерін сипаттаған жазбалары ғылыми дұрыс құрылғанын және оның талантты жас зерттеуші екенін білдіреді.

Шоқан Уәлихановтың замандастары оны әрі саяхатшы әрі зерттеуші ретінде сипаттайды. Айталақ, А.К. Гейнс 1865 жылы Семей облысында қызметтік іссапарда болғанда: «Петерборда Уәлихановтың Қашгарга саяхатын зерттеп, бізге

1 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 53–54.

2 Отчет Императорского Русского географического общества за 1865 г. СПб.: [б. и.], 1866. С. 10.




# *Сүрөттөр*





Шоқан. 1860 ж. Санкт-Петербург қаласы.  
Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті  
Ғылыми кітапханасындағы фотосурет.



Американская Фотосекессион

Союз Фотографов

С. П. ЕТЕРБУРГЪ.

Невский по Пряжке Публичной Библиотеки д. 54-3.

Издатель А. Ворель

Эти фотографии могут быть куплены  
на съезде или в магазинах

Томск мемлекеттік үлттық зерттеу университеті  
Ғылыми кітапханасындағы фотосурет.




ALFRED LORENS  
ST PETERSBOURG

N°

PERSP DE NEVSKY  
MAISON BOSSÉ


5.

**П.П. Семенов-Тян-Шанский.**  
ОГҚ архивіндегі фотосурет. Санкт-Петербург қаласы.



**Қожа Ахмет Яссави вензелі.**

Ежелгі қолжазба миниатюраларынан  
салып алынған сурет. Түшь. 1856 ж.




**Құсмұрын бекінісінің жоспары.**

Акварель. 1852 ж. Шоқан Уәлиханов салған сурет.



Казактардың асторономиялық түсінігі бойынша жұлдызды аспан сұйбасы және казактардың күнтізбе жылдары.

Кылқалам. 1862 ж.



## Шоқан Үәлихановтың Алтынемелдегі қабірінің үстіндегі жазба.



Шоканиң Сырымбетегі балалық шағы откен  
Үәлихановтар қонысы.



### Сырымбетегі Үәлихановтар қонысы.

Солтүстік-Қазақстан облысындағы Сырымбет ауылының маңында орналасқан.

4-9151

Архивный №



Индекс М2Р

Рубрика

Подрубрика

Место события г. Астана - музей

Даты съемки 1965 г. март

Автор съемки Борисов Геннадий

Содержание Научные конференции в Национальном музее Казахстана и выставки в галерее Маргулан. 1965 год

Тарих, археология және этнография институтының гылыми қызметкерлері

Шокан Уәлихановтың колжабасым мен жұмыс үстінде.

Ортада академик А.Х. Маргулан. 1965 ж.

Қазақстан Республикасы Кинофотокүнжаттар және дыбыс жазбаларының орталық мемлекеттік архиві



**Алматы облысы Көрбүлак ауданы Шаңқанай (Шокан) ауылындағы  
Шокан Узилхановтың мемориалдық музейі.**

Музей Ш. Узилхановтың тұғанына 150 жыл толуына орай  
1985 жылы 20 қыркүйекте ашылды.



**Алматы қаласындағы Шоқан Ұәлиханов ескерткіші. 1969 ж.**

Ш. Ұәлихановтың қола мүсіні мүсінші Х.И. Наурызбаевтың  
ойы бойынша жасалып тұғырға орнатылды.  
(Архитекторы Ш.Е. Ұәлиханов).



**Шоқан Уәлихановтың қабірі.**  
Обелиск Шоқан Уәлиханов дүние салған жерге  
1958 жылы орнатылды.



Ш.Ш. Уәлихановтың  
Көкшетау қаласындағы ескерткіші.



Ш.Ш. Үәлихановтың  
Омбы қаласындағы ескерткіші.  
Суретке түсірген А.Н. Озеров.



Шоқан Уәлихановтың портреті.  
2007 жылы 23 маусымда Орыс география  
қоғамының штаб-пәтеріне ілінді.  
Санкт-Петербург қ.

түсініксіз болған көп нарсе, осы еңбектен кейін ап-айқын бола қалғанын аңгардық»,<sup>1</sup> – деп жазған.

Шоқан Уәлиханов туралы XIX ғ. ортасында Тянь-Шаньда болып, Қашгарға жол ашатын Зәукі өзенінің шатқалы туралы мәліметтер жинаған атақты орыс саяхатшысы және әскери географы М.И. Венюковтың (1832-1901) айғағы бар. Белгілі болғандай, Шоқан Уәлиханов 1858 жылы Шығыс Түркістанға барған сапарында төте әрі қауіпті болса да, осы Зәукі өткелін таңдайды. М.И. Венюков 1868 жылы Санкт-Петербургда шыққан «Орыс Азиясының төңірегіне саяхат және жазбалары» еңбегінде: «...осы бір аса дарынды саяхатшының есебі, бір жағынан, ол Омбыда сырқаттанып жүрген кезінде полковник Гутковскийдің қолдауымен және Захаров, Нифантьев, тіпті Георг Людвиг фон \*\*\* (соның қолжазбасындағы Қашгар мен көрші ел туралы үзіндіні Уәлиханов мырзага хабарлаганмын) карталарымен түспалдау бойынша, бір жағынан Петерборга сапарынан кейін бір жарым жыл өткенде жазылған»,<sup>2</sup> – деп көрсетеді. Венюковтың бұл сөздері оның Шоқан Уәлихановпен таныс болғанын растайды.

Белгілі орыс ориенталисі Н.А. Аристов «Батыс Тяньшань. Тарих және тарихи география очерктері. Екінші бөлім. Қырғыздар немесе қара қырғыздар» қолжазбасында Шоқан Уәлихановтың қырғыздардың тарихын зерттеудегі улесін атап өтеді: «Қара қырғыздар туралы алғашқы толық этнографиялық мәліметтерді жинаған штабс-ротмистр, Абылай ханның немересі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов сұлтан. <...> Уәлихановтың қара қырғыздардың тұрмысы, тарихы, шығу тегі, аңыздары және поэзиясы туралы мақалалары оның «Жоңгария очерктеріне» енген»<sup>3</sup>.

1869 жылғы «Түркістан жинағында» «Императорлық орыс география қофамының жаңалықтарынан» алынған Шоқан Уәлиханов туралы мәліметтер бар: «Уәлиханов Қашгарга саяхаты туралы баяндамаларын біздің География қогамының Жазбаларына шығара бастады, бірақ мезгілсіз дүниеден өтуи барлық еңбектерін жариялауга мүрша бермеді. «Жоңгария очерктері» мақаласында (Жазбалар. 1861. 1 және

1 Гейнс А.К. О восстании мусульманского населения... С. 65.

2 Венюков М.И. Путешествие по окраинам Российской Азии и записи о них. С. 255-259.

3 Архив РГО. Р. 65. Оп. 1. Д. 11. Л. 650.

2 кітап) ол Зәукі өткеліне дейінгі саяхатын, ал «Алтышардың жағдайы туралы» екінші жазбасында (Жазбалар. 1861. З кітап) өзі жинаған мәліметтер негізінде Шығыс Түркістаның алты қаласының жалпы географиялық-статистикалық сипаттамасын ұсынады»<sup>1</sup>.

1965 жылы Ш.Ш. Уәлихановтың қайтыс болғанына 100 жыл толуына орай Мәскеу мен Қазақстан ғалымдарының ғылыми сессиясында география ғылымдарының докторы, профессор Э.М. Мурзаев «Ш.Ш. Уәлиханов географ ретінде» баяндамасында Шоқан Уәлихановтың Орталық Азияға жасаған географиялық зерттеулерінің нәтижелері туралы, онда 8-10 жыл ішінде жасаған шығармашылық еңбегімен осы аймақтарға тән географиялық зандалықтары мен табиғатын тануға елеулі үлесін танытатын жұмыстар қалдыра білді деп мәлімдейді. Ол: «XIX ғ. ортасында Орта және Орталық Азияның зерттелуі өте әлсіз еді. П.П. Семеновтың 1856 жылғы алгаашқы саяхаты Тянь-Шанды зерттеудің бастауы болды. Элі Пржевальскийдің алгаашқысы Ш. Уәлиханов қайтыс болғаннан кейін бес жыл соңыра 1870 жылы өткен Орталық Азияға жасаған атақы экспедициялары болмаган. Алайда, Семенов-Тян-Шанскиймен достығы Уәлихановтың географиялық қызығушылығын нақтылап берді деп айта аламыз»,<sup>2</sup> – дейді. Кеңес ғалымы сондай-ақ Шоқанның классикалық сызба бойынша Қашғарияға екі сатылы географиялық сипаттама арқылы жасаған шолуын «ұлы ғылыми ерлік» деп атады. Э.М. Мурзаев Шоқан Уәлиханов өз күнделіктері мен жазбаларында Орталық Азия маршруттарын толық сипаттағанын, оны кейіннен орыстың да, шетелдік географтары пайдаланғанын атап өтеді. Өз баяндамасында мәскеу ғалымы Уәлиханов өлкені зерттеудегі картографияның маңызын түсінгендейдің баса назар аударғанын, осы салада көп еңбек еткенін атады<sup>3</sup>.

1985 жылы профессор Э.М. Мурзаев Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай өткен Бүкілодақтық ғылыш-

1 Поездка Ч.Ч. Валиханова в Кашигар // Туркестанский сборник. СПб.. 1869. Т. XVI. С. 97.

2 Мурзаев Э.М. Чокан Валиханов как географ к столетию со дня смерти // Известия АН СССР. Сер. Географическая. 1965. № 6. С. 88-89.

3 Памяти выдающегося казахского ученого-просветителя Ч.Ч. Валиханова (1835-1865 гг.) // Вопросы истории. 1965. № 9. С. 124.

ми конференцияда жасаған «Шоқан Уәлихановтың географиялық мұрасы» баяндамасында: «Шоқан Уәлихановтың зерттеулері мазмұнга бай. Ол тапқан әрбір дерек – құнды, бірақ деректер жинау әлі толық ғылым емес. Оларды жүйелеу, деректер негізінде себептілігін табу және нақтылау – міне, ғалымды осы нәрселер қызықтырыу керек. Қазақтың жас зерттеушісі өз зерттеулерін зерделеу мен жиынтықтаудың қызықты жолына батыл қадам басты!». Сонымен бірге, ол Ш.Ш. Уәлиханов «Жоңғария очерктерінде» Жетісу тауларының тік белдеуіндегі тау, жартылай тау және жазық дөлінетін үш жолақты бөліп көрсетті деп мәлімдейді. Сонымен қатар, ол кейінгі зерттеулер растиғандай, таулардағы флора мен фауналардың Сібірдің өсімдік және жануарлар әлемімен ортақтығы туралы қызықты ойын айтып кетеді. Э.М. Мурзаев «Орталық Азия ландшафттарының палеографиялық қалыптасу жағдайларын талдамасы Сібір элементтерін алыс оңтүстікке дейін жеткізген көпір болғанын көрсетті, ал тауаралық ойпаттар мен құмды шөлдер қуаңшылықтың сонау солтүстікке, Шығыс Сібірдің тауаралық қазандықтарына дейінгі өткізгіштері болып шықты. Сонымен, Ш. Уәлихановтың алғаш рет айтқан ойы, Орталық Азия тауларының флорасы мен фаунасының алушан түрлінің шығу тегін дұрыс түсініп, талдау үшін өте маңызды жаңа деректермен дами тусты»,<sup>2</sup> – деп есептейді.

Дәлосы конференцияда академик А.С. Бейсенова Шоқанды географ-саяхаттанушы ретінде былай сипаттайды: «Уәлиханов зерттелетін аумақтың географиялық ерекшеліктерін зерттеу барысында, ең алдымен, жалпы ауданының үстіңгі қабатының құрылу сипатын мен табиги жағдайларының ерекшеліктерін анықтайды. Семей өлкесінің, Арқатың бе-лестері мен алқаптарының және Жоңғар Алатауы, Солтүстік Тянь-Шань және Шығыс Түркістан жоталарының «сортаң сусызыңдалалары» туралы зерттеулері осындай»<sup>3</sup>. А.С. Бейсенова Шоқан Уәлихановтың Қазақстан және Орталық Азия

<sup>1</sup> Мурзаев Э.М. Географическое наследие Чокана Валиханова // Чокан Валиханов и современность: Сб. материалов Всесоюз. науч. конф., посвящ. 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова. Атма-Ата: Наука КазССР. 1955. С. 415.

<sup>2</sup> Соңда. С. 49.

<sup>3</sup> Соңда. С. 219–220.

көлдері – Алакөл, Балқаш, Ыстықкөл және Шатыркөлді зерттеудегі қомақты үлесін атап кетті.

Ресей әскери-тарихи архиві қорларының бірінде 1860 жылдың 1 наурызынан 1 сәуірі аралығыда Әскери-топографиялық депосының архивіне келіп түсken карталар мен жоспарлары жөніндегі тізімдеме бар, онда Шоқанның Петерборда жүрген кезінде дайындаған «Балқаш көлі мен Алтау жотасының арасындағы кеңістік картасы» тұрған сияқты<sup>1</sup>. Өкінішке орай, істе картаның өзі жоқ.

Шоқан Уәлихановтың өзі зерттеген аумақтардың картографиясына қосқан қомақты үлесі туралы көптеген зерттеушілер айтуда. Сонымен, 1959 ж. қырғыз ғалымы С. Өмірзаков Уәлихановтың Қашгарға саяхатының 100 жылдығына арналған мақаласында: «Ш. Уәлиханов өлкенің картографиясына да қомақты үлес қосты. Өткен гасырдың ортасында Орта Азияның картографиясы нашар жағдайда болатын. Сол кезеңнің ең жақсы карталары – М.Ж. Клапроттың Орталық Азия картасы (1836) және Я.В. Ханыковтың «Ыстықкөл мен онымен шектес елдердің картасының» (1851) өзі көптеген орогидрографиялық объектілердің бұрыс құрастырылуына жол беру арқылы айтарлықтай қателіктеге толы болды. <...> Осында жағдайда Тянь-Шань мен Қашгарга саяхаттаған Уәлиханов отандық картографияға қомақты үлес қосуға мүмкіндік алды. Ол бірнеше жылдың ішінде Жоңгария, Иле өлкесі, Ишкі Азия карталарын жасауға бар күш-жігерін салады. 1860-1861 жылдары Петерборда жүрген кезінде Уәлиханов Орта Азия мен Қашгарияның картасын құрастыруға шақырылады. Туган жеріне оралғаннан кейін, ғалым өзінің картографилық жұмыстарын жалғастырады, «Орта Азияның географиялық карталары туралы» мақаласын жазады. Оның архивінде Қазақстанның, Орталық Азияның және т.б. шығыс облыстарының 15-ке жуық картасы сақталған»,<sup>2</sup> – деп ете орынды атап кетеді.

Қазақтың белгілі шоқантанушы ғалымы А.С. Бейсеновының сенімді пікірімен келіскеуге болмайды: «...Шоқанның құнделіктегінің бірінің бетіне түсірген Орталық Азия кар-

1 РГВИА. Ф. 492. Оп. 1. Д. 36. Л. 75.

2 Үмүрзаков С. К 100-летию Кашгарского путешествия Ч. Валиханова. С. 107.

тасы аса үлкен қызығушылық тұгызады. Бұл Қашгария және онымен шектесетін аудандардың ең алғашқы дұрыс картасы болатын. <...> Қазақтың ұлы ғалымының картографиялық туындыларының арасында «XVIII г. қазақ даласының картасы» (1850) қызығушылық тұгызады. <...> ...«XIX ғасыр ортасындағы казақ далаларының картасы» көңіл аударады. Үәлихановтың басқа карталарымен салыстырғанда, бұның артықшылығы – салыстырмалы ауқымдылықтың сақталуы картаның практикалық қолданысын анағұрлым құнды етеді. <...> Ш. Үәлихановтың картографиялық жұмыстары әлі толық жиналмаған. Олар елдің түрлі архиверінде жатыр. Осы материалдарды бірге жинап, оларды зерттеу – болашақтың еншісі<sup>1</sup>.

Үәлихановтың еңбектерін мұқият зерттеу, оның Тянь-Шань мен Жетісудың табиғатын кешенді зерттеудегі талпындысын туралы қорытынды жасауға, ғылымның көптеген саласы бойынша жиналған материалдардың алуантүрлілігіне көңіл аударуға мүмкіндік береді. Саяхат кезінде оны көптеген нәрсе, соның ішінде өзі барған жерлердің фаунасы қызықтырады. Сонымен, географ М.Ж. Жапбасбаев: «Тянь-Шаньның сұтқоректілері мен құстарын зерттеудегі басымдылық және олардың тік таралуының алғашқы сыйбасы соган тиесілі. Жануарлардың негізгі түрлерін тау, жартылай тау (немесе субальпілік) және жазықтық деп тік ендіктер бойынша топтайды. Табигаттың басқа да компоненттерінің сипаттамалары толық және нақты»,<sup>2</sup> – деп пайымдайды. Оның сөзімен, «Ш. Үәлиханов, жалпы алғанда, Жетісуга 6, ал Тянь-Шанда – 4 рет болды. Жетісуга Тянь-Шанды зерттеудегі пионерлердің бірі болды және осы мәселеде орыс ғылыминың бастымдығы үшін қомақты үлесін қосты»<sup>3</sup>.

Әйтсе де, академик А.С. Бейсенованың ойынша, осы күнге дейін географ ретінде Шоқан Үәлиханов туралы арнайы зерттеулер жоқ<sup>4</sup>.

1 Бейсенова А.С. Чокан Валиханов – путешественник и географ. С. 221–222.

2 Жапбасбаев М.Ж. Исследователь природы Тянь-Шаня и Семиречья Чокан Валиханов и современность: Сб. материалов Всесоюз. науч. конф., посвящ. 150-летию со дня рождения Ч. Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука КазССР. 1959. С. 227–228.

3 Сонда. С. 225.

4 Бейсенова А.С. Чокан Валиханов – путешественник и географ. С. 219.

Шоқан Үәлихановтың 1857 жылы толық мүшесі болып сайланған Императорлық орыс география қоғамымен берік байланысын атап өткен орынды. «Петерборда болған қысқа мерзім ішінде География қоғамының ортасының Үәлихановқа қалай көңіл аударғаны жақсы мәлім. Шығысқа қызығушылық танытқандардың бәрі оның тарапынан гаография, тарих, этнография, фольклор, оның тұгандаласының шаруашылық құрылыштары саласындағы мол білімімен бөлісуге дайындығын сезінді»<sup>1</sup>.

Орыс география қоғамы архивіндегі құжаттарды зерттеғен Т.П. Матвеева пайымдағандай, Ш.Ш. Үәлихановқа тиесілі қолжазба материалдарының арасында: «Үәлиханов есебінің соңғы үш бөлімі қолжазбаларының авторландырылған көшірмесі: III. Халқы. IV. Өлкенің үкіметтік жүйесі мен саяси жағдайы. V. Өнеркәсіп пен сауда. <...> «Бұл Шоқан Шыңғысұлы Үәлихановтың өз қолымен жазған мақалары бар кітапша. П. Семенов» деген жазбасы бар «II Қашгар кунделігі». Бұл бәрінен бұрын шыгармашылық жұмысына қатысты жазбаларга арналған жұмыс дәптері болуы керек. Дәптерде бұдан әрі әрқайсысын толықтыру үшін есептеп қалдырылған көптеген бос параптары бар түрлі тақырыптағы бірнеше бөлім»<sup>2</sup> бар. Ары қарай: «Үәлихановтың Орта Азияның географиясы, тарихы, экономикасы, этнографиясы жәніндегі еңбектері алғаш рет География қоғамының ортасында жоғары бағаланған болатын. <...> Галымның көзі тірісінде қоғам арқылы оның «Алтышар немесе Қашгардың .... сипаттамасы» іргелі зерттеу еңбегінің едәуір бөлігі жарық көрді. <...> География қоғамы архивінің қорларнан, әсіресе, Петерборда болған қысқа мерзімде тығызың қарым-қатынаста болған қоғам қайраткерлерінің архивтерінен Шоқан Үәлиханов туралы деректі жаңа айгақтар іздестіру табысты болады деп ойлаимын»,<sup>3</sup> – дейді.

Ш.Ш. Үәлихановтың шығыстанушы ретіндегі еңбектеріне академик Р.Б. Сүлейменов пен профессор В.А. Моисеев былай баға береді: «Шығыстану пайдада болған аубаста кешен-

1 Матвеева Т.П. Документы Чокана Валиханова в собрании архива Географического общества СССР. С. 215.

2 Сонда. С. 217.

3 Сонда. С. 218-219.

ді ғылым болған және қандай да бір елдің, немесе халықтың тілін, әдебиетін, өнерін, тарихын, философиясын, экономикасын, сясатын зерттеуді қамтыйды. Шоқан Үәлиханов өзінің өмірін Қазақстан, Орта және Орталық Азия түркі халықтары – қазақ, қыргыз, өзбек, үйгыр, түркімендердің тарихы мен тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайын зерттеуге арнады»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов түрлі жазба дереккөздерін тарта отырып, халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеуге мүқият кірісті. Сондай қолжазбаларының бірінде ол: «Орта Азияның жайылым мен суга бай кең және байтақ даласын көшпендердің жеке-жеке әулеттерінің сансыз ордалары ежелден мекендереген. Бұл әулеттер өз қоныстарын тоқтаусыз ауыстыру арқылы түрлі атаулармен: бірде өз әулетінің рулық атауымен, бірде күшті, ықпалды рудың ұжымдық атауымен пайда бол жүрді. Бір тайпа күшейіп, басқалары біріктіріп, оған өз атын берді. Хұндар, ойхорлар мен моңғол тайпаларының одагы осындаидай еді. Басқасы ығыстырыған бір әулеттің көшіп-қонуы жаппай қозгалуға, жаппай қоныс ауыстыруға алып келді. Осы жағдай қазіргі көшпелі үрпақтың шығу тегін зерттеу барысындағы орасан зо қындықты құрайды, оның үстіне, ол үшін жалғыз дереккөз болған қытай жылнамалары мен шығыс хроникалары өзінің жүйелілігімен әрі дәлдігімен ерекшеленбей түр. Дыбысталуы шын атына жақын келетін қандай да бір қытай сөздері арқылы қытай иеографтеріне шетел ашауларын тоникалық лайықтау тәсілінің өзі..., осы мәселенің өзін олардың тарихында сақталған көптеген деректерден күткеніміздей, соншалық түсінікті етпейді»<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов шығыс тілдеріндегі қолжазбаларды зерттеумен де айналысты. Бұған «Профессор И.Н. Березинге хаты» мен шамамен 1850 жылдарың басында жазған «Проф. И.Н. Березиннің «Хан жарлықтары» кітабын оқу барысындағы жазбалары» дәлел. Орыс шығыстанушысы, Петерург университетінің түрік-татар әдебиеті кафедасының еңбек сіңірген профессоры И.Н. Березинге (1818–1896) хатының үзіндісі Ш.Ш. Үәлихановтың қағаздарының арасынан та-былған болатын және «Үәлихановтың шығыстану бойынша

1 Сүлейменов Р.Б., Монсеев В.А. Чокан Валиханов – востоковед. С. 56.

2 Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах. С. 346.

бастапқы жазбалары» дег аталды<sup>1</sup>. Хат алғаш рет Ш.Ш. Уәлихановтың 1961 жылы шыққан шығармалары жинағының бірінші томында жарияланды<sup>2</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов пен И.Н. Березин арасындағы хат алмасулар хан жарлықтарында кездесетін кейбір терминдерің мазмұнын анықтау үшін өзінің шәкіртін ұсынған Н.Ф. Костылецкий арқылы басталды. Академик Э.Х. Марғұланның сөзімен айтқанда, «Жас Шоқанның көрнекті орыс шығыстанушысымен байланысы оның өз гылыми ісін таңдау үшін шешуші маңызга ие болды, оның Орта Азия халықтарының тарихы мен әдебиетіне деген құштарлығын бекітті. И.Н. Березиннің еңбектері жас Шоқанның бойында ежелгі жазба ескерткіштерін зерттеуге қызығушылығын оятты және оның алгашқы гылыми жұмыстары хан жарлықтарын сұрыптауға арналды. Осының бәрінде жас Уәлихановтың дамуына тоқтаусыз қамқорлық көрсеткен Н.Ф. Костылецкий маңызды рөл атқарды»<sup>3</sup>.

XIX ғ. ортасында тархан жарлықтарын көптеген орыс шығыстанушылары, соның ішінде И.Н. Березин зерттегенін атап кетейік. Шоқан Уәлиханов жарлықтардың мәтінін мұқият зерттеп алғып, И.Н. Березиннің еңбектеріне рецензия жазып, жарлықтарға тарихи-этнографиялық және лингвистикалық талдау жасайды<sup>4</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың қытай грамоталары бар еңбектерін зерттеген профессор К.Ш. Хафизова: «...Шоқан Уәлихановтың қолында түпнұсқалары құмән келтірмейтін барлығы бес грамота болды: 1) жонғар қонтайшысы Қалдан Сереннің Малайсары батырга берген тархан грамотасы; 2) император Цяньлунның Орта жүздің ханы Абылайга берген грамотасы; 3) Цяньлунның Уәли сұлтанға берген грамотасы; 4) Цзяциннің Уәли ханға берген грамотасы; 5) Даогунның Абылайдың немересі – Ғұбайдолла сұлтанға берген грамотасы... <...> Грамоталардың сыртқы түрлінің сипаттамасы олардың түпнұсқалығын растижды және Шоқан, бәлкім, оларды

1 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 630.

2 Валиханов Ч.Ч. Письмо профессору И.Н. Березину // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 121-130.

3 Марғұлан А.Х. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. С. 36.

4 Валиханов Ч.Ч. Заметки при чтении книги проф. И.Н. Березина «Ханские ярлыки»

// Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 131-141.

қолында ұстаган соңғы ғалым болуы мүмкін деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді<sup>1</sup>, – дейді. К.Ш. Хафизова қытай грамоталарының Орталық Азиядағы халықаралық жағдай мен ондағы Қазақстанның рөлін түсіну үшін бағасыз маңызы бар, сондай-ақ XIX-XVIII ғғ. қазақтардың этникалық ау-мағы мен қазақ социумының қалыптасуын, Шоқан Үәлиханов айрықша мән берген қазақ билеушілерінің шежіресін зерттеуде пайдалы болады деп есептейді<sup>2</sup>.

Шығыс қолжазбаларынан Ш.Ш. Үәлихановтың айрықша назарын аударған Рашид ад-диннің «Жәми ат-тауарих», Мұхаммед Қайдар Көреқанның «Тарихи Рашиди» және Қадырғали Кошым Жалайырдың «Жәми ат-тауарих» еңбектері. Профессор И.Н. Березин аударған Рашид ад-диннің шығармасын Шоқан 1860 жылы Петерборда сатып алған. Мұхаммед Қайдар Көреқанның туындыларын Үәлиханов Санкт-Петербургдағы Азия музейінің кітапханасында зерттеді. Шоқан Қадырғали Кошым Жалайырдың қолжазбаларынан қазақтар туралы айтылған бөлігіне ғана еркін аударма жасайды және аударманы ескертпелермен және этнографиялық терминдердің сөздігімен толықтырды.

Шоқан Үәлиханов ортағасырылық авторлардың шығармаларын текстологиялық зерттеуге үлкен мән берді. Соның ішінде, ол түсініксіз сөздерді талдайды және олардың дұрыс жазылуын көлтіреді, орфографиялық қателерін табады, шығармаларды көшіріп жазған кезде қателер жіберген көшірушінің ұқыпсыздығын атап көрсетеді<sup>3</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов белгілі шығыстанушы, дипломат және саяхатшы, қытай тілінің білтірі, ресей синологиясының негізін қалаушылардың бірі, Императорлық Санкт-Петербург ғылым академиясының корреспондент мүшесі Никита Яковлевич Бичуринмен (Иакинф әкей) (1777-1853), соның ішінде оның «Орта Азияны ерте заманда мекендеген халықтар туралы деректер жинағымен» (1851) және б. таныс болды. Н.Я. Бичуриннің еңбегі Ш.Ш. Үәлихановтың еңбектерінен лайықты орнын тапқанын атап кетейік. «Иакинф

1 Хафизова К.Ш. Чокан Валиханов о китайских грамотах. С. 179-180.

2 Сонда. С. 154-155.

3 Бекмагамбетова М.Л. Чокан Валиханов как источникoved // Известия АН КазССР. 1955. № 6:144 . С. 33.

әкей, синологтардың айтудынша, қытайдың тілін жақсы білген және ол хабарлаган деректер империяның ресми құжаттарынан алғынған», – деп жазады Шоқан<sup>1</sup>.

Шоқан Үәлиханов Қашғардан әкелінген қашғар ханы Абдар-Рашид-ханның уәзірі Мұхаммед Қайдар Дулатидің Шығыс Түркістандағы Моғол державасының негізін қалаушы Тұғылық ханның өмірінің сипаттамасымен басталып, XVI ғ. ортасымен аяқталатын тарихи оқиғалардың мазмұндалған «Тарихи Рашиди» шығармасын аударумен айналысты.

Ш.Ш. Үәлиханов бұл оқиғаларды былай жазады: «Қайдар мөгөл хандарының іс-әрекеттері ақыздар бойынша белгілі болды, оның кезінде тіпті осылай сақтап келіп, ауызша айттып беретін адамдардың өзі болмады дейді. Ол Завар-наме Шереф-әддиннің мазмұнын үлгі ретінде алған өз тарихын хижраның 951 жылды бағтаиды... <...> Мөгөл ұлысының негізін қалаган, исламды алгаш қабылдаган Тұғылық-Темір ханның тарихынан бағталады; өйткені, Шығыстан Тұғылық-Темірге дейін барлық ең жақсы тарихшылар еске салады, алайда кейінгі хандардың тарихы белгісіз. «Тарихи-Рашиди» екі бөлімнен тұрады: біріншісі [Тұғылық-Темір ханнан шыққан шагатай-лықтар саласының тарихынан] тұрады. Екінші бөлімі автордың өзінің [өмірінен алғынған] жадайларды қамтиды: хандар мен шағатай сұлтандары туралы, өзбектер туралы естіген, білгендері және өз туыстарынан көрген қорлықтары туралы»<sup>2</sup>.

Мұхаммед Қайдардың шығармасы XVI-XIV ғасырлардағы жататын қазактар туралы мәліметтерімен қызықты. М.А. Бекмагамбетованың пікірінше, «Ш. Үәлиханов – «Тарихи-Рашидиға» назар аударған алғашқы орыс шығыстанушылардың бірі. Аударған үзінділері Шығыс Түркістан билеушілерінің сипаттамасы мен қазақ хандарын еске түсіретін оқиғаларды қамтиды»<sup>3</sup>.

Шоқан Үәлихановтың осы ортағасырлық бірегей фолиантты аударуға және талдауға қосқан үлесін уақтылы лай-

1 Валиханов Ч.Ч. Западный край китайской империи и город Кульджа... . С. 397.

2 Валиханов Ч.Ч. Из «Тарихи-Рашиди» // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 435.

3 Бекмагамбетова М.А. Чокан Валиханов как источникoved. С. 32.

ықты бағасын бере білген отандық зерттеушілерге алғыс айту керек. Эрине, Шоқан «Тархи Рашидиді» талдап, шығарманың пайда болу тарихын зерттеді, автор туралы мәліметтер берді, ескерткіштің мақсаты мен міндегі анықтады, аудармашы жіберген дәлсіздіктер мен қателіктерге назар аударды, терминдерді, географиялық атауларды және т.б. түсіндірді<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов қытай императорларының төрт грамотасы мен жонғар ханының Абылай мен Уәли хандарға берген бір грамотасын орыс тіліне аударып, түсініктеме берді. Өзінің бастапқы жазбаларында ол: «Қыргыз даласына арналған дереккөздердің, ең бастысы, сол керегар жаңалықтар мен сыйбыстардың өте аз болғандықтан..., актілер (жоғарыда аталған грамоталар – Ж.Е.) қыргыз ордаларының тұрмыстық сипаттамасы үшін жаңа мәліметтер ретінде, сезсіз, отандық ғалымдардың назарына лайық...»<sup>2</sup>. Ш.Ш. Уәлихановтың басқа еңбегінде, «көшпелі халықтардың, жалпы, жазбасы жоқ тайпалардың тарихының басты дереккөзі өздері тап болған жартылай аңызга айналған әпсаналары мен өркениетті халықтар жылнамасынан алынған үзінділер болған және бола береді»<sup>3</sup>.

Шоқанның замандастары оның түркологияға қосқан үлесін жоғары бағалады. Сол кездегі белгілі шығыстанушылар бұл туралы тікелей немесе жанама түрде өз еңбектерінде еске салып отырды. Сонымен, 1863 жылы ориенталист Н.И. Ильминский (1833-1891) Отто Реригке жазған хатында «туркі тілдерінің тобын жіктеумен» айналысқан шығыстанушылардың қатарында Ш. Уәлихановты да атайды<sup>4</sup>.

Ш.Ш. Уәлихановтың Қазақстан мен Орталық Азияның этнографиясы мен фольклористикасын дамытуға қосқан үлесін атамай кеппеуге болмас. Оның еңбектерінен саяхаты кезінде кездестірген халықтардың түрлі этнографиялық сипаттамаларын табуға болады. Ең алдымен, Шоқан Уәлихановтың саяхатшылардың халқын қырғыздармен бірге

1 Сонда.

2 Валиханов Ч.Ч. Черновой набросок // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 306.

3 Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах. С. 346.

4 РО ИРЛИ. Ф. 141. № 60. Л. 2.

қазақтардан ерекшеленетін басқа халықтардың бірі деп жаңылыс есептеген Ұлы жүздің тарихын зерттеуге қосқан үлесін атап көтейік. Ш.Ш. Үәлиханов «Жоңғария очерктері» еңбегінде: «*Буруттар мен үйсіндер туралы этнографиялық жазбаларымды аяқтай отырып, осы екі бөлек халықты ара-ластырмаудың керек екенін ескертуді қажет таптым. Бұл жөнінде өз уағында Левшин, Мейендорф, әсіресе Иакинф әкей қатты қам жеді, бірақ алі күнгө ешкім құлақ аспады. Олардың сөзі құмга сіңгендей болды, тіпті Гумболт пен Риттердің өзі ненің не екенін жақсы түсінбеді: олар дәл осы буруттар қайсақтардың Ұлы жүзін құрайды және осы жүзді Орта және Кіші жүзден айыру керек деп ойлады. Бірақ бұл гылымның мүйізі қарагайдай корифейлері тарапынан кеткен үлкен қателік болды. Қыргыз-қайсақтардың Ұлы, Орта және Кіші жүздері қытайлар – буруттар, орысар – жабайы тас немесе қара қыргыз деп атайдын қыргыздардан бөлек тұтас қазақ халқын құрайды. Бұл екі халық тілі, шығу тегі, дәстүрі жағынан айырмашылығы бар. Тіпті буруттардың бет алпетінің өзінде қайсаққа ұсқамайтын өзіндік ерекшелік бар*!<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың қазақ халқының этногенезін зерттеу жұмыстары да аса табысты болды. Этнография мен фольклор, қазақ аңыздары, әпсаналары, мақал-мәтедерінен мәліметтер алу арқылы осы мәселені кешенді түрде зерттей алды. Шоқан Үәлихановтың қазақтың шығу тегі туралы өз пікірі болды, оны профессор И.Н. Березинге (1852 ж.) жазған хатында анық көрсетеді: «Мен жинап жүрген барлық деректер..., қазақ халқы (біз өзімізді солай атайды) Фирдоуси жазған ежелгі халық емес, Бердібектің өлімінен кейін ордада дереу бастанған өзара тартыс кезінде түрлі түрлік және моңгол тайпаларының одагынан құрылды. Батудың әр ұтагы хан болып, халқын басқарғысы келді: осылай Қырым мен Қазан хандықтары, Шорайгақ ордасы, шейбандар мен қазақтар – өзбектер одагы пайда болды деп ойлаймын»<sup>2</sup>.

«Казак»/ «қазақ» термині бастапқыда әлеуметтік мағынада болған, Қазақ хандығының құрылуымен ол этникалық мағынаға ие болды деген ойды алғаш айтқан осы Шоқан

1 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джуңгарии. С. 52.

2 Валиханов Ч.Ч. Письмо профессору И.Н. Березину. С. 121-122.

Үәлиханов болатын. Өз еңбектерінің бірінде ол былай деп жазады: «Көшпелі далалық, өзінің қалалық тұыс-көршилері, өзбектер мен ногайлтықтардан ерекшелену үшін қазақ – ерікті далалық, көшпелі адам атауын мақтан тұтатын... <...> ... казактарға көптеген халықтардың Алтын ордадан бөлініп қалған, қазіргі кезде қыргыз-қайсақтардың қүшті рулады, үрпақтары және жеке ордалары: қыпшақтар, наймандар, қоңыраттар, жалайырлар, қаңғылты және басқа да салалары бірігеді немесе күшпен біріккен»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов халық әпсаналарына айтартықтай мән беріп, оларды кез келген халықтың тіршілігін танудың кепілі деп санады. «Жонғария очерктерінде» былай жазады: «Галымдар этнография үшін халықтың тұрмысы мен әдептерінің сипатты жақсы бейнеленетін халық әдебиетінің ескерткіштерін зерттеудің маңыздылығын бағызыда байқаган. Ескілікке құмарлық пен әпсаналардың молдығы Солтүстік және Орта Азияның көшпелі халықтарының айрықша иғлігін құрайды. Осы әпсаналар қасиеттеп немесе ақсақалдардың рулық естеліктері ретінде сақталады, мысалы, құқықтық немесе генеалогиялық әпсаналар секілді немесе әпос түрінде үрпақтан үрпаққа жыраулар арқылы беріліп отырады. Көптеген сөздері мен сөз орамдары қазіргі кезде қолданыстан түсіп қалғандықтан, олардың көнелігін көрсетеді»<sup>2</sup>. Шоқан Үәлиханов осы еңбегінде көшпелі халықтардың, руладар мен тайпа ақсақалдарының өзара қарым-қатынасы мен құрамын зерттеу үшін генеалогиялық әпсаналардың маңыздылығын мойындайды. «Әпсаналардың аса маңызды бөлімің генеалогиялық әпсаналар құрайды. Рулық тұрмыс осы әпсаналарга негізделген. Руладың өзара қарым-қатынасы рубасыларының тұыстық дәрежесіне байланысты. Бір рудың екіншісінің алдында үлкендігі ата-бабаларының физикалық алгаш пайда болу құқығын білдіреді. Осы рудың әпсаналары халықтың құрамы мен құрылұын көрсетуімен маңызды. Қайсақтар, өзбектер мен ногайлтықтардың генеа-

1 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата. 1961. С. 207.

2 Валиханов Ч.Ч. Очерки Джунгарии. С. 68.

логиялық кестелерінен Алтын және Шагатай ордаларының құлауынан кейін құрылған түрлі түрік және монгол тайпаларының одагы екені көрініп тұр», – деп жазады Уәлиханов<sup>1</sup>.

Көшпелі түрік және монгол халықтары секілді, қазақтардың этногенезін зерттеу кезінде, Ш.Ш. Уәлиханов ұлттық әпсесіна баса назар аударды. Оның ендектерінен түрлі қиссалар мен әпсаналарға жүгінгенін көруге болады, бұл оның көшпелі халықтардың этнографиясы мен фольклорындағы мол білімін білдіреді. Осы тұрғыдан Уәлихановтың келесі ойы көңіл аударарлық: «Әпсаналардың үшінші түрін ногай қиссалары (жыр) құрайды. Олар қайсақтарда, өзбектерде, ногайлар мен қыргыздарда бар. Ногайлар деп Орта Азиядагы татар тілінде сөйлеген барлық түрік және монгол тектес тайпаларды түсінсе, монгол тілінде сөйлейтін көшпеллерді қалмақ деп білген. Ногай әпсаналары XYI аяғына, XY және XYI ғғ. қатысты. Бұл әпсаналар эпикалық сипатқа ие және үйқасталған өлеңмен айтылған, сондықтан халық ауыз әдебиетінің саласына тиесілі. Олар халықтың рухының, ұғымының, дәстүрінің, әдебінің, тұрмыс салтының мәні ретінде де, сондай-ақ филологиялық жағынан тарихи мұддеден кенде еместігімен де керемет»<sup>2</sup>.

Шоқан фольклорлық аңыз-әңгімелер жинаумен шүфылданғанын академик Қ.И. Сәтбаев 1927 жылы Мәскеуде қазақ тілінде (1995 жылы қайта басылған) шыққан «Ер Едіге» кітабында атап өтіп, түркі халықтарының осы бір атақты әпсонының бір нұсқасын келтіреді. Кітаптың алғысөзінде автор былай жазады: «Едіге туралы аңыздың қарастырылып отырған нұсқасын Шоқан Уәлиханов 1841 жылы күрлеуіт-қыпшақтан шыққан халық ақыны Жұмагұлдан естиді. Уәлиханов осы нұсқаны кейіннен қыпшақтардың басқа бір ақыны – Арыстанбайдың нұсқасымен салыстырып, Шоқан-ның әкесі Шыңғыспен бірге жазып алынған. Кейіннен Шоқан осы нұсқаны орыс тіліне аударады (қара: Ч. Валиханов. Сочинения. Изд. ИРГО. 1904 г. С. 223–237.)»<sup>3</sup>. Бұдан әрі Қ.И. Сәтпаев Шоқан қайтыс болғаннан кейін, оның мұрасын зерттеген профессор П.М. Мелиоранский Едіге туралы осы аңызды

1 Сонда. С. 70.

2 Сонда. С. 70–71.

3 Сатпаев К.И. Ер Едиге. Алматы: Гылым. 1995. С. 75.

1905 жылы қазақ тілінде жариялайды. (қара: П.М. Мелиоранский. Сказание об Едиге и Тохтамыше. Приложение к XXIX тому Записок ИРГО. 1905 г.)<sup>1</sup>.

Этнограф В.П. Курывлевтің пікірінше, «Ш. Уәлиханов түрік-моңгол көшпелі халықтарының этникалық тарихының мәселеңін шешу үшін дереккөздердің негізгі үш тобын пайдаланған: халық ақыздары мен әпсаналары, қытай жазба дереккөздері, шығыс және европа жазба дереккөздері»<sup>2</sup>. Біз де атақты ғалымның осы пікіріне қосыламыз.

Ш.Ш. Уәлиханов этнографиялық және фольклорлық дереккөздер іздеу, жинау және толықтыру, сондай-ақ оларды жеке түсінітерімен қоса баспаға дайындау және талдау бойынша көп еңбектенді. Бұны «Сот реформасы туралы жазбалар», «Ұлы қырғыз-қайсақ ордаарының ақыздары мен әпсаналары», «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздардағы шамандықтың іздері», «ХVIII ғ. батырлары туралы тарихи әпсаналар», «Шона батыр», «Орақтың әні», «Абылай туралы жыр», «Жоқтау үлгілері» және т.б. тарихи-этнографиялық еңбектерінен көруге болады. Бұл еңбектер ондағы алуантүрлі дереккөздерді авторлық түсіндіруімен құнды. Сонымен, белгілі қазақ әдебиеттанушысы Р.Б. Бердібаев кезінде былай жазды: «Ш. Уәлиханов миғтер, ақыздар мен әпсаналар, тарихи жырлар, мақал-мәтеддер, ақындар айтыстарын және т.б. жазып алған. Солардың ішінде, атақты Бұқар жыраудың (XVIII ғ.) Абылайга арнаған жырлары. Тарихи жырлардың қатарына өткен гасырдың оқиғаларын жырлайтын «Абылай туралы жыр», Орақ батыр мен Қара батыр жырлары жатады»<sup>3</sup>.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін этнографиялық және фольклорлық дереккөздердің маңыздылығы оның «Жонғария очерктері», «Оңтүстік Сібір тай-паларының тарихы бойыша жазбалар», «Қырғыз шежіресі» және басқа да еңбектерінде байқалады. Солардың бірінде ШУәлиханов: «Халықтың этнографиясын мұжит зерттей

1 Сонда.

2 Күрүлев В.П. Чокан Валиханов – этнограф // Чокан Валиханов и современность: Сб. материалов Всесоюз. науч. конф., посвящ. 150-летию со дня рождения Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука КазССР. 1955. С. 54.

3 Бердибаев Р.Б. Чокан Валиханов – исследователь казахского фольклора // Там же. С. 272.

отырып, біз ақиқатты болмаса да, ең болмаганда, оның белгісіз қараңғылықтың қалың қабатын біраз ашатын әлсіз көрінісін байқай аламыз. Егер Гомердің поэтикалық аңыздары мен Геродоттың сыйыстар бойынша жинаған әпсанала-ры қандай да бір тарихи құныдылығы болса, егер кез келген бүрмаланған, аңызға айналған әпсана өзінің негізінде оқиға мен ақиқатқа негізделсе, онда қыргыздардың өмір сүру салты, бабаларының тұрмысын, әдет-әүропы мен қазіргі әдептерін бейнелейтін он және жүйелі аңыз әңгімелері және тарихи нұсқаларымен салыстыру барысында, сөзсіз, тарихи мәнге ие бола алады»,<sup>1</sup> – дейді.

Шоқан Ұәлиханов сапарлар барысында Орталық Азияның түрлі халықтарының фольклорын жазып алған, кейіннен осы жазбаларды өз шығармаларына пайдаланған. Зерттеуші Р.Б. Бердібаев осыған байланысты былай дейді: «Ш. Ұәлихановты қазақ, қыргыз, ўйғыр, қарақалпақ, алтайлықтар, монгол, бурят, якут және басқа да халықтардың фольклоры қызықтырыды. Оның еңбектерінде осы халықтардың әрқайсысының фольклоры туралы маңызды зерттеулері кездеседі»<sup>2</sup>.

Ш.Қ. Сәтбаева Шоқанның фольклорлық ізденістері туралы: «Ол гылымда алғашқылардың бірі бол фольклордың салыстырмалы-тарихи зерттеу тәсілін қолданды. Ұәлиханов тарихи-әдеби процестің ортақ заңдылықтарын анықтауга ұмтыла отырып, аумақтық өзара байланысы жоқ және мәдени дамудың түрлі сатысында түрган халықтардың үқсас бол келетін фольклорлық құбылыстарына жиі типологиялық салыстыру жүргізеді»<sup>3</sup> – дейді.

Белгілі қазақ этнографы Э.А. Масановтың еңбегінде Шоқан Ұәлихановты қөрнекті ғалым ретінде сипаттайтын керемет сөздер бар: «Ұәлихановтың қазақ халқының этнографиялық зерттеуіне қосқан үлесі өте маңызды. Оның жинаған гылыми материалдары мен көптеген тұжырымдары өз маңызын жогалтқан жоқ. Задында, ол қандай да бір дәре-

<sup>1</sup> Валиханов Ч.Ч. Заметки по истории южносибирских племен // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 385.

<sup>2</sup> Бердибаев Р.Б. Чокан Валиханов – исследователь казахского фольклора. С. 273.

<sup>3</sup> Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература // Чокан Валиханов и современность. Алма-Ата: Наука КазССР. 1988. С. 263–264.

жеде қозгамаган және оны шешүге өз зерттеулерімен мүмкіндік жасамаган қазақтардың тарихи және қазіргі этнографиясына жататын бір де бір мәселе жоқ. Оның еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеудің кейінгі бүкіл тарихына зор ықапалын жасады»<sup>1</sup>.

Оз уақытында кеңес зерттеушілері Шоқан Үәлихановтың Орталық Азия халықтарының этногенезін зерттеудегі үлесін бірнеше рет атап өткен болатын. Сонымен, тәжік ғалымы М.С. Асимов өз мақаласында: «Шоқан Үәлиханов тәжік халқының мәдени тарыхымен жақсы таныс болды. Ол классикалық парсы-тәжік әдебиетін білді. Оның еңбектерінде Фирдоуси, Руми, Хафиз, Саади, Джами, Бедилдің есімдерін кездестіреміз»,<sup>2</sup> – дейді.

Шоқан Үәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеу әлі де оның публицистикасын жіті қарап, мазмұндау тілі мен стилін зерттеуді талап етеді. Кеңес ғалымдары 1950 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың басында Уәлихановқа публицист ретінде назар аудара бастады. Сонымен, зерттеушілер Х. Сүйіншәлиев, Э. Марғұлан, Ш. Сарыбаев, әдебиет сыншысы З. Кедрина, әдебиеттанушы М.Фетисовтар өз еңбектерінде Шоқан Үәлиханов тілінің өзіндік жеке стилін атап етеді<sup>3</sup>.

Академик Ш. Сарыбаев 1958 жылы газеттегі «Шоқан және тіл білімі мәселелері» мақаласында Шоқанның бірқатар еуропа және шығыс тілдерін менгергенін, оның өз еңбектерінде мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, терминдерді кеңінен пайдаланғанын жазған: «Шоқанның орыс тілін жақсы білгендігі – дағелден жатуды керек етпейтін ақықат. Ол барлық еңбектерін орыс тілінде жазған. Шоқанның қадет корпусына түскенге дейін бір ауыз орысша білмегендігі туралы\* тарихи мәліметтер бар. (Г. Потаниннің естелігі).

1 Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. С. 158.

2 Асимов М.С. Вклад Чокана Валиханова в изучение истории и этнографии народов Центральной Азии // Известия АН Таджикской ССР. Отделение общественных наук. 1955. № 4(122). С. 5.

3 Сүйіншәлиев Х. Шоқан – публицист // Лениншіл жас. 1957. 31 желтоқсан: Марғұлан Э. Шоқан Үәлихановтың әдеби мұралары // Казак тілі мен әдебиеті. 1958. 6 тамыз; Сарыбаев Ш. Шоқан және тіл білімі мәселелері // Қазақ әдебиеті. 1958. 10 қантар; Кедрина З. Из живого источника. Очерки советской казахской литературы. М.: Советский писатель, 1960; Фетисов М. Зарождение казахской публицистики. Алма-Ата. 1961.

Атақты ғалым орыс тілін үйренуге ден қойып, сол тілде жа-зылған шығармаларды көп оқыған <...> Шоқанның орыс тілін үйренуге, орыс тілінде жазылған әдебиетке деген құмарлығын аңғартады. Шоқанның мақалаларында кездесетін гылыми терминдер, қанаттың сөз тізбектері мен тіркестері оның орыс тілін жан-жақты, терең, тамаша білгендігін көрсетеді <...> Шоқанның тек орыс тілін гана емес, сонымен қатар үй-гыр, қыргыз, француз т. б. тілдерді білгендігін байқауга болады <...> Галым өзінің еңбектерінде неміс, асіресе француз тілінде жазылған кітаптарды мол пайдаланған <...> Шоқан-нның латын тілінен де маглуматы болған. Ол «Жонғария туралы очерктер» деген еңбегінде өсімдіктер мен жануарлардың орысша, қазақша аттарының тұсына олардың латынша аттарын жазып отырган <...> Шоқан кейде қытай тілінен де мысалдар келтіріп, бұл тіл жайында көптеген пікірлер айтқан. Оның архивінде қытайша-орысша шагын сөздік сақталған <...> Шоқанның архивінде ескі араб алфавитімен жазылған ондаған беттер кездеседі. Ол қазақ сөздерінің қайдан шыққандығын көрсету үшін араб, парсы тілдерінен мысалдар келтіріп отырады <...> Осы айттылғандардың негізінде Шоқан араб, парсы, қытай, монгол тілдерін білді, сол тілде сөйлемі деген кесіп айтудан аулақпыз. Бұл мәселені шешу үшін қосымша зерттеулер, деректер керек. Бірақ Шоқанның, қыргыз, үйгыр, француз тілдерін білгендігіне шек келтіруге болмайды. Шоқан ана тілін жогары бағалады. Оның тазалығы үшін күресті. Ол қазақ тілін татар, шагатай тілдерімен орынсыз шұбарлауга қарсы болды<sup>1</sup>.

Үәлихановтың шығыс және еуропа тілдерін қанша-лықты терең білгенін Ш. Сарыбаев академик Ә.Т. Қайдаровпен соавторлықта жазған мақаласында айтып кетеді<sup>2</sup>. Мұнда олар Шоқан Үәлихановтың лингвистикалық ойлары, зерттеулері мен пікірлері алуан түрлі мазмұндағы көптеген мақалаларында бытыраңқы жүргенін көрсетеді. «Олардан түрлі тілдер, этимологиялық ізденістер, көптеген сөздердің түсініктері, лексикографиялық материалдары (екі тілді қысқа глоссарилер) және т.б. туралы жеке пікірлерін кездे-

1 Сарыбаев Ш. Шоқан және тіл білімі мәселелері // Казак әдебиеті. 1958. 10 қантар.

2 Қайдаров А.Т.. Сарыбаев Ш.Ш. Обращение языковедов к работам Чокана Валиханова // Чокан Валиханов и современность. Алма-Ата. 1958. С. 229-237.

стреміз. Шоқан Уәлиханов өз зерттеулерінде сын есімдер, зат есімдер, синонимдер, сан есімдер, жекеше және көпше түрлер, атау, ілік септіктер, жіктеген басқаларын қолданады»<sup>1</sup>.

Әдебиет сыншысы З.С. Кедрина аса көрнекті қазақ ғалымының лингвистикалық мұрасы туралы өз еңбегінде: «Шоқан Уәлиханов орысша жазды. Шоқан Уәлихановтың стилистикалық орыс тілі, тіпті, сол уақтагы орыс жазушыларының тілінен ғөрі, біздің қазіргі тілімізге жақын көрінеді; бұл біздің көзқараспен бейнелі, бірақ архаизмдерден ада тіл. Шоқан Уәлихановты қазақ публицистикасының атасы де санауга болады. Оның еңбектерін өз уақытының білімі озық қазақ, психологиясы өз халқына тиіслігімен байланысты адам жазған»<sup>2</sup> дейді. Әдебиеттанушы В.А. Мануйлов та «Уәлиханов өз еңбектерін орысша жазған. Осы арқылы ол қазақ халық өнерін Еуропа ғылымының зерттеу аясына кіргізді...»<sup>3</sup> депті.

Академик Ш.Қ. Сәтбаеваның пкірінше, «Ш.Ш. Уәлиханов – еңбектері көзі тірісінде орыс тілінде басылып шыққан және оқушы көвшіліктің едәуір қызығын шылышын оятқан, тамаша бағасын алған шығыс аймагының алаңашқы ғалымдарының бірі. Кейбірі ағылшын және неміс тілдеріне аударылып, батысеуропалық мерзімді басылымдарга жарияланған»<sup>4</sup>.

Қазақ әдебиетінің білгірі, филология ғылымдарының докторы М.И. Фетисов: «Оның [Уәлихановтың] публицистикалық қызыметі әлі күнге тұтас зерттелген жоқ (1961 ж. маліметтер бойынша – Ж.Е.), әдетте, ол жөнінде тек Уәлихановтың ғылыми жұмыстарына байланысты немесе басқа қандай да бір себеппен атаптып өткен»,<sup>5</sup> – деп жазады.

Шоқанның публицистикалық дарыны, сөзсіз, оның орыс классиалық әдебиетін жақсы білгендігімен байланысты. Оның әдеби шығармашылығының көптеген зерттеушілері осындай қорытындыға келді. Соның ішінде, Ш.Қ. Сәтбаева орыс әдебиетінің Шоқан Уәлихановтың шығар-

1 Сонда. С. 229.

2 Кедрина З. Из живого источника... С. 52.

3 Мануйлов В.А. Друг Ф.М. Достоевского Чокан Валиханов. С. 364.

4 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. Алма-Ата: Жазушы. 1987. С.6.

5 Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. С. 89.

машылығына ықпалын зерттей отырып, «Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері мен хатарында XIX ғ. орыс әдебиетінен алынған құбылыстар мен деректер көп. <...> Ш.Ш. Уәлиханов А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Н.В. Гогольдің шыгармашылығымен, В.Г. Белинскийдің идеяларымен Омбы кадет корпусында жүріп таңысқан»,<sup>1</sup> – деп жазады. Шоқан туралы ойын тамаша публицист ретінде дамыта келіп, мақала авторы: «Ш.Ш. Уәлихановтың Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Белинскийдің шыгармашылығын жақсы білгенін оның замандастары да жазған. Ш.Ш. Уәлихановтың жазбаларынан А.С. Пушкиннің «Бақшасарай фонтаны» және М.Ю. Лермонтовтың «Демон» поэмаларынан алған үзінділерді, ғалымның еңбектерінің бірінің жолдарында Михаил Юрьевичтің «Палеостика бұтагы» өлеңінің жолдары келтірілген»,<sup>2</sup> – дейді.

Сонымен бірге, қазақ тарихнамасында ғалымдардың Шоқан Уәлиханов шығармаларының тілі мен стиліне арналған еңбектері профессор О.А. Сұлтаньяевтің пікірінше, көбінесе арнайы болып табылмайды, «ягни, олар тілі және стилі жағынан ғалымның шыгармаларына нақты талдау жасамайды. Онда шыгармаларынан алынған бұындарга жалпы зерттеу жасалып, жеке деректер мысалында оның лингвистикалық мұддесінің жалпы сипаттамасы ғана беріледі. Алайда, олардың көбінде тіл білімі тұрғысынан шыгармаларына талдау жасау үшін, оның сөйлеу ерекшелігін табу үшін, оның әдеби-публицистикалық мұрасын және т.б. зерттеу үшін ғалымның лингвистикалық концепциясын зерттейтін уақыт келгені туралы нақты ой айтылады»<sup>3</sup>.

Шоқан Уәлихановтың стилдік ерекшеліктерін оның публицистикасына арналған авторлық еңбектер контекстінде қарастыра келіп, филология ғылымдарының докторы, профессор О.А. Султаньяевтің көрнекті ғалым шыгармаларының лексикасы мен фразеологиясын толық зерттелген «Шоқан Уәлиханов публицистикасы. Ш. Уәлихановтың публи-

1 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература // Чокан Валиханов и современность. Алма-Ата. 1988. С. 264.

2 Сатпаева Ш.К. Чокан Валиханов и русская литература: историко-филологические очерки. С. 27.

3 Сұлтаньяев О.А. Публицистика Чокана Валиханова. О языке и художественно-стилевых особенностях публицистических произведений Ч. Валиханова. Алма-Ата: Мектеп. 1986. С. 39–40.

цистикалық шығармаларының тілі мен көркемдік-стилдік ерекшеліктері туралы» зерттеу жұмысын айрықша атап өтуге болады. Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінің тілі мен силін зерттей келе, О.А. Султанъяев: «Ол екі түрлі түргышдағы тілтапанушы: лингвистиканың жекелей теориялық мәселелерін жақсы түсініп, оның практикалық қырларын мінсіз игергенін еткір, елітін әкететін баяндау, айқын, мәнерлі сөйлеу, қайталанбас өзіндік жеке стилін, байтақ және мінсіз көркемдік-бейнелеу құралдары көрсетіп берді»<sup>1</sup> деп жазады.

Професор О.А. Султанъяев өзінің ғылыми еңбектерінде де және зор табыспен қорғап шыққан «Шоқан Уәлиханов шығармаларындағы орыс және қазақ лексикасы мен фразеологиясы» докторлық диссертациясында да оның шығармаларының лингвистикалық ерекшеліктерін зерттеп, Шоқанды ғылыми мұрасы бүгінге дейін маңызды және өзекті аса көрнекті ғалым және публицист ретінде таныста алды.

Ш.Ш. Уәлихановтың қазақтардың әдет-ғұрып заңдарына көзқарасы қазақ даласында қалыптасқан құқықтық қатынастар туралы қаншалықты жақсы таныс болғанын көрсетеді. Қазақстанның 1860 жылдардағы құқықтық реформасына арналған «Сот реформасы туралы жазбалар» мақаласын жазып шығу үшін, Шоқан қазақтардың әдет-ғұрып заңдарын, шарифат нормаларын, сондай-ақ қолданыстағы орыс заңнамасын байыппен және жете зерттеді. Еңбек алғаш рет 1904 жылы Орыс география қоғамының жазбаларында профессор Н.И. Веселовскийдің редакциялығымен шықты. Мақала 1958 жылы бастапқы авторлық ұсынылған күйде, профессор Н.И. Веселовскийдің редакциясын есепке алмай, академик Ә.Х. Марғұланның редакциясымен шыққан Ш.Ш. Уәлихановтың таңдаулы туындыларында кірді<sup>2</sup>. Біз авторлық әрі барынша толық мақала ретінде, Ә.Х. Марғұланның (1958 ж.) нұсқасына сүйенеміз.

«Сот реформасы туралы жазбалар» мазмұнының талдамасы Шоқанның қазақ даласындағы сот жүйесі қайта құру мәселесіне қаншалықты байыбына барғанын раставайды. Қазақстандағы сот реформалары туралы жеке түсінігі бар

1 Сонда. С. 41.

2 Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе Ч.Ч. Валиханов. Избранные произведения. С. 235.

ол: «Сот жүйесіндегі қайта құру облысының болынғы әкімшілік құрылтысының өзгеруіне алғып келуі ықтимал және күрделі, ауыртпалықты орыс билігі үшін де, қыргыз халқының бюрократиялық бейберекеттік үшін де округтарда және орыс ауылдық және қалалық қауымдар үшін қабылданатын өзін-өзі басқару бастамасында анағұрлым халықтық басқарма құрылтыны болады»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлиханов Қазақ даласында асығыс қайта құру жасаудан сақтандыруға тырысты. Ол әділетті түрде, «реформалар жәнінде анағұрлым сақтықпен және тереңірек түсінікпен келуді талап етеді, өйткені халықтың «болсын ба, болмасын ба?» деген үндеуіне байланысты<sup>2</sup> деп жорамалдайды. Қазақ халқының тағдыры туралы ойын дамыта келіп, Шоқан: «Ресей Империясының құрамына кіретін бұратана халықтың ішінен саны, байлығы, болашақта дамуына деген сенімі бойынша бірінші орын бізге, қыргыздарға [қазақтарға] тиесілі. Басқа бұратана халықтар орыс халқының арасында бытыраңқы жатқанда, біз біртұтас ұлангайыр аумақты алып жатқан елміз <...> Еуропалық Ресейде Бөкей ордасының башқұрт, ногай және қыргыздарды қоса алғандагы барлық татары бір милионга жетер-жетпес болғанда, біз милионнан асамыз. Ресейдің ортаазиялық сауда деп аталатынның бәрі азды-көпті біздің саудамыз: Бұқара, Қоқан және Орталық Азияның басқа да елдеріне жалпы сауда теңгеріміндегі пропорциясы елеусіз гана. Біздің халқымыз, ақыр соңында, орыс қауымы ойлагандай сондайлық жабайы және дөрекі емес»,<sup>3</sup> – деп жазады.

Қазақ даласы облыстарын басқару туралы ережелер жобасына арналған сот реформасы туралы жазбаны құрастырғанда, Ш.Ш. Үәлиханов билер сотының сақталуын қолдады және бітістіруші соттар институтын енгізуді мақсатқа сай емес деп есептеді. Қазақ халқының басым бөлігінің тілегін айта келіп: «Билер соты мен олардың съезі, халқымыз айтқандаі, ежелден бар және орыс билігі ұсынып отырган бітістіруші соттың бастауын білдіреді. Осы сот, жиналған қыргыздар айтып жүргендей, біздің халықтың тұрмыстық

1 Сонда. С. 196.

2 Сонда. С. 200.

3 Сонда. С. 200-201.

жагдайына әбден лайық, сондықтан билер соты мен олардың съезін ежелгі халықтың нысанда қалдыру қажет»,<sup>1</sup> – деп жазады.

Шоқан Уәлиханов билер сотының қазақ халқының арасындағы жоғары беделін баса көрсөтті: «Билердің соты ауызша, халықтың ана тілінде, көпшіліктің алдында мәжіліс түрінде өтеді, барлық жагдайда қоргаушы қатысып отырган. Билердің халық алдындағы беделінің жогары болуы сондай, оларға ешқандай шек қойылмаган және шек қоюды қажет етпейді»<sup>2</sup>. Заң ғылымдарының докторы, профессор С.Ф. Ударцевтің пікірін келтірейік: «Уәлихановтың ойынша, сот процесінің халықтың нысаны – билер соты мен құқықтың спонтанды халықтың формасы – әдеттегі әдет-ғұрпы жете бағаламауга болмайтын, оның үстіне механикалық бұзуга келмейтін құқықтың шындықтың формалары болып табылады»<sup>3</sup>.

Американдық тарихшы В. Мартин де осы пікірмен келісіп, өзінің мақаласында: «Қазақ этнографы және императорлық қызметте тұрған шенеунік Шоқан Уәлиханов азаматтық істерде де, қылмыстық істерде де орыс соттарына жүгіну саны елеусіз гана, ал әдеттегі әдет-ғұрыптың қызметінде, орыс бақылаудың көшкеннен кейінгі алгаşқы қырық жыл ішінде болмашы гана өзгерістер байқалған»,<sup>4</sup> – деп жазады.

Орыс ғалымы Р.Ю. Почекаев өз мақаласында, Шоқан Уәлиханов 1854 жылы енгізілген «Ресей империясының жалпы заңдарының Сібір ведомствосының қазақтарына таралуы туралы Сібір комитетінің бекітілген қағидасына» «сай, билер істерін Ресей империясының азаматтық заңдар жинағы және Сібір губерниясын басқару туралы қаулылары негізінде қаралуы тиіс болғанына»<sup>5</sup> сынни көзбен қарады деп жазады.

1 Сонда. С. 205.

2 Сонда. С. 211.

3 Валиханов Ч. Записка о судебной реформе / Вест. ст. и примеч. д-ра юрид. наук. проф. С.Ф. Ударцева. Алматы: ВШП «Эділет», 1999. С. 23.

4 Мартин В. Обычай в глазах кочевников. преступление в глазах империи // Российская империя в зарубежной историографии. М.: Новое издательство. 2005. С. 368.

5 Почекаев Р.Ю. Ч.Ч. Валиханов и правовые преобразования в Казахстане в середине XIX в. // Страны и народы Востока. XXXIV. 2013. С. 337.

Оның үстіне, Ш.Ш. Уәлиханов жергілікті деңгейде қалыптасқан басқару жүйесі қазақ халқының талабына жауап бермейді деп санады және шептік әкімшілікті қазақтарға 1822 ж. реформа ұсынған жергілікті билікті таңдау құқығын пайдалануға мүмкіндік бермейді деп айыптады.

Қылмыстық және отбасылық құқықты зерттеуге айрықша назар аудара отырып, Уәлиханов әсіресе отбасылық-неке қатынасындағы әйелдер теңсіздігіне байланысты әдет-ғұрыпты өзгерту пайдалы деп есептеді. Ол аға сұлтандар мен басқарушылар тұлғасындағы жергілікті әкімшіліктен «қыргыздар қыздарын пален жастан ертерек тұрмысқа бермеуін, әкелері өз ұлдары мен қыздарын өздерінің келісімінсіз некелесуге және б. мәжбүрлемеуін қатаң бақылауды»<sup>1</sup> талап етуді қажет деп үйғарды.

Ш.Ш. Уәлиханов сотқа алқабилер институтын енгізуғе қатысты: «Тағы бір мәселе – алқабилерді таңдау туралы. Осы тұлғаларды риясyz таңдап, атақты ордалықтар тарапынан, рулық симпатия және антипантияның зор ықпалы болмайтынына кепіл бола алмайтынымызды мойындауымыз керек. Осы қолайсыздықты болдырмай ушін алқабилер таңдауды соттың жаңынан жүргізіп, былтыр қандай да бір істерді шешкен барлық билердің тізімін алып, жеребе бойынша солардан сайлауга болар еді. Сот сессиясы кезінде алқабилерді ұстау, әрине, айрықша округтік дала соты үшін қазынадан алмайтын экономияны есепке алмаса, ештеңе де тұрмайды»,<sup>2</sup> – деп жазды.

«Сот реформасы туралы жазбаларында» Ш.Ш. Уәлиханов сот реформаларын дайындау кезеңінде айрықша мәнге ие болған барымта инситутын егжей-егжей қараптырды. Ол барымтаны көшпелі халықтың әдettегі әдет-ғұрпы институтының ежелгі дәстүрлі нысаны ретінде анықтайды. Қазақ даласында сот реформаларын жүргізу жағдайында орыс әкімшілігі опасыздық, адам елтіру, тонау, өртеу және басқа да ауыр қылмыс әрекеттерімен бірге барымтаны ауыр қылмыстық істер құрамына жатқызды, ал бұған Ш.Ш. Уәлиханов үзілді-кесілді қарсы болды: «...Барымтага (баранты)

1 Валиханов Ч.Ч. О мусульманстве в степи // Ч.Ч. Валиханов. Избранные произведения. С. 192–193.

2 Сонда. С. 226.

қатысты кейбір жеңілдіктер мен шегіністер жасауға болар еді. Біздің соптар барымта сөзінің сұмдық мәні (қатерлі актінің өзіне тән емес) бар және опасызыңың пен адам өлтіруден кейін ең маңызды қылмыстың бірі деп санайды. Барымтаны қыргыздардың өзі қалай түсінсе, солай түсіндіруге тырысайық. Қыргыздарда оған кейде заңмен жол берілген. Ұрлық, тонау, айдал әкету үшін айып салынады, ал барымтага – ештеңе. Барымта деп төленбеген борыш – қалың мал немесе құн үшін бөтеннің малын немесе бөтеннің мулкін, жалпы бөтеннің жекеменшігін тартып алғанды айтады. Барымтаны ашық, яғни, күндіз немесе мұқтаж болған кезде қүштеп немесе құпия, үрыларша жасайды. Ашық жасалған барымтада барымтاشыга тойтарыс берілетіні, төбелес, адам өлімі болатыны түсінікті. Бірақ бұның бәрі қылмыстық іс бол саналмайтын айдал әкету кезінде де болуы мүмкін. Қазіргі кезде барымтаны төленбеген борышы, қалың малы және көбінесе, үрыларша жасайды»<sup>1</sup>.

Бұл жерде жоғарыда аталған шетелдік зерттеуші В. Мартиннің Шоқанның мақаласы туралы пікірін келтіруді жөн санап отырмыз: «Барымтаны орысша қабылдауда пайды болатын мәдени нағымдар туралы жазған Шоқан Уәлиханов: «Қылмыстың мәні деректе емес, осы сөздегі қаһарлы дыбысты болып тұр». Мысалы, бір дереккөз барымтаны өліммен бірге жүретін тым қатал қылмыстың бейнесін жасаи отырып сипаттады»<sup>2</sup>.

Осылайша, барымтаны, бір жағынан, төленбеген қалым үшін жасалатын заңды және әдеттегі әдет-ғұрып қағида-сымен регламенттелетін, қазақ дәстүрінде қылмыс бол табылмайтын әрекет деп анықтама бере отырып, Ш.Ш. Уәлиханов барымтаны қылмыстық іс деп бағалап, оңай олжа мақсатында заңға қайши «ұрлыққа тән» барымта деп сипаттайты. Осыдан кейін ол барымта ісін, әлбетте, орыс заңнамасына қайши келетін және патшалықтың Қазақстандағы жалпы отаршылдық саясатына қарсы шығатын билер сотына беру-

1 Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Чокан Валиханов. Избранные произведения. С. 222–223.

2 Мартин В. Обычай в глазах кочевников. преступление в глазах империи // Российская империя в зарубежной историографии. М.: Новое издательство, 2005. С. 372.

ді ұсынады. Алайда, орыс әкімшілігі тарапынан барымтаға деген осындаидегі көзқарасқа қарамай, бұл институт қазақ да-ласындағы тіршілігін жалғастырды.

Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көшпелі қоғамның экономикалық мәселелері туралы айтқан бірқатар қағидаларын да атап өтеміз. Сонымен, «Қырғыздардың қонысы туралы» еңбегінде қазақтардың басты шаруашылық саласы – мал шаруашылығы туралы айттылады, Ш.Ш. Уәлиханов: «Семей облысының қырғыздары тек мал шаруашылығымен айналысады. Солтүстік жағында табын шаруашылығы, онтүстікте – түйе бағумен біріккен қой шаруашылығы»<sup>1</sup>, – деп жазады. Бұдан әрі ол көшпелі өмір-салты қазақтар тарапынан белгілі бір жағдайлар мен дағдыларды талап етеді, ейткені, «табигаттың қамқорлығымен ұсынылатын бұл кәсіп аяу рапының жағдайына, топырақтың сапасына тәуелді»<sup>2</sup>. Бұдан шығатыны, көшіп-қону үшін ұланғайыр аумақтың болуын қажет етеді. «Кіши жүздің қазақтары жазба Орынбордың түбіне және Мұғаджар тауларына көшкен, ал қыста Сыр мен Борсық және Қарақұмда откізген. Орта жүздің қазақтары бір жазда Семейден Троицкіге қарай және кері көшті. Осында өмір салтында қатал қыс қазіргідей қатерлі сипатта болмаган. Сондықтан қоныстың кең ауданы маңызды және мал шаруашылығының басты шарты деп санау қажет»<sup>3</sup>.

Алайда, орыс әкімшілігі XIX ғ. ортасында жергілікті халықтың қарсылығын туғызып, қазақтардың ең жақсы жайылымдарына әскери бекіністер мен казак қоныстарының құрылышын қарқынды жүргізе бастады. Ш.Ш. Уәлиханов биліктен қазақтардан заңсыз алынған аймақтарды қайтаратып беруді, сондай-ақ далалықтар мен казактардың мұddeлерін ескере отырып, жерді әділетті түрде қайта бөлуді талап етті.

Сібір кадет корпусынан алған озық білімі, аналитикалық ойлау қабілеті мен байқампаздығы Ш.Ш. Уәлихановтың

<sup>1</sup> Валиханов Ч.Ч. О кочевках киргиз // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб., 1904. С. 321.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда. С. 323.

өзі болған аймақтардағы экономикалық жағдайға толық талдау жасауына мүмкіндік берді. Шоқан Үәлихановтың экономикалық көзқарасы көшпелі өмір салтын ұстанған, жер игеруді, сауда, кәсіптер және т.б. билетін қазақтардың, қырғыздардың және қашғарлықтардың өмірін бақылау негізінде қалыптасты.

Үәлиханов Қашғарға жасаған саяхатынан көптеген әсер алды, ал жазбалары Шығыс Түркістанға көз тіккен Ресей империясының әскери және штаттық шенеуніктері үшін өзекті еді. Батыс Қытайдың осы ауданында өнеркәсіп пен сауданың дамуы туралы мәліметтер экономикалық тұрғыдан үлкен қызығушылық танытты. Истің мән-жайын білген Ш.Ш. Үәлиханов Шығыс Түркістанның экономикалық жағдайын толық байлайша сипаттайды: «Шығыс Түркістанда өнеркәсіп көрші орталықазиялық иеліктерге қараганда аз дамыған. Шамадан тыс салықтар өнеркәсіп пен руданың табысын тежейді. Жиі болған согыстар салдарынан егістіктер де жиі игерілмей қалады. Шығыс Түркістандағы ауыл шаруашылығының түрлерінің мәні: егін шаруашылығы, мақта қагазын, көкнәр, күнжіт өңдеу, жасанды шабындық, жібек шаруашылығы (тек Қотанда ғана), темекі өсіру, бау-бақша және мал шаруашылығы. Егін шаруашылығы мен мақта қагазын өңдеу халық байлығының басты мәнін құрайды...»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Үәлихановтың жолжазбаларында, очерктері мен есептерінде Ресейдің Қытаймен және Орталық Азиямен саудасын дамыту туралы алуан түрлі мәліметтерді кездестіруге болады. Қытаймен сауда рөлі туралы: «Батыс Қытаймен саудамыз ежелден бері бар. Троицк және Семей көпестері мен сауда жасаған азиялықтар осында нанкага шай айырбастап, оны Нижегород жәрмеңкесінде сататын»,<sup>2</sup> – дейді.

Шоқанның Ресей мен Қытай арасындағы сауданың жағдайы туралы ақпараты Пекинде 1860 жылы 2/14 қарашада «Ресей мен Қытай арасындағы қосымша шартқа» қол қойылуына ықпал етті деп сеніммен айта аламыз. Соның

<sup>1</sup> Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб.. 1904. С. 455.

<sup>2</sup> Валиханов Ч.Ч. О торговле в Кульдже и Чугучаке // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. II. Алма-Ата, 1962. С. 147.

ішінде, осы шарттың 6 бабында: «Тәжірибе түрінде Қашгарда, дәл осы негізде Иле мен Тарбагатайда да сауда ашылады. Қытай билігі Қашгарда тұргын жайлары мен тауарлар қоймасы, шіркеуі және т.б. барлық қажеттіліктері бар фактология құрылсына арнап жеткілікті көлемде жер бөледі», ал 8 бабында «Қытайдағы орыс көпестері, ал Ресейдегі қытай көпестері екі биліктің айрықша қамқорлығында тұрады. Көпестерді бақылау үшін және олардың жергілікті тұргындармен туындауы мүмкін түсініспеушіліктерді болдырмайды үшін орыс билігі Иле мен Тарбагатай үшін қабылданған қагидалар негізінде, ендігі жерде Қашгар мен Ургуда өз консулдарын тағайындағы алады. Қытай билігі Ресей империясының астанасы мен басқа да қалаларында өз консулдарын тағайындағы алады»<sup>1</sup>, – деп көрсетілген.

Оның Шығыс Түркістан туралы есебінде Қытайдың Орта Азиямен негізгі саудасы шоғырланған Қашғар қаласына маңызды орын берілген: «Қашғар қаласы ежелден бері өзінің мол саудасы бойынша Орта Азияның бірінші сынныты нарықтарының қатарына жатады. Ол Шығыс үшін Қытайдың өнімдерін алатын басты бекет болды. Теректі арқылы Фергана алқабынан Қашғарга шығатын сауда жолы Птолемейге белгілі болған. Қазіргі кезде бүкіл Орта Азия Қашғар арқылы біздің елдегідей осы елдерде де жаппай пайдаланылып жүрген шәйді сатып алады, сондықтан Қашғар мен Шығыс Түркістанның басқа да алты қаласының барлық сауда мәні енді Қытай өнімдеріне, әсіресе шәй тасуға негізделген еді және де негізделіп отыр»<sup>2</sup>.

Шәй басты тұтыну тауарларының бірі ретінде, Ш.Ш. Уәлихановтың жіті назарында болды. Оның хабарламасында шәйдің бес сұрыбы: кек шәй, қамыс цибиктерге (қобдиша) салынған цабет-шәй, қағаз картонмен тас қып желімделген төртбұрышты плиткадағы фу-шәй, аташ (аттың басы) деген атаумен белгілі үянь-лян-шәй және цилиндр цибиктердегі джайнек-шәй туралы айттылады<sup>3</sup>.

1 Сборник договоров России с другими государствами. 1556–1917. М., 1952. С. 77–78.

2 Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. СПб., 1904. С. 462.

3 Сонда. С. 463–464.

Қазақ экономисі М.К. Илюсизов: «Ш. Уәлихановтың экономикалық тұжырымдары негізінен қазақ қоғамы мен Орта Азияның басқа да халықтарының мал шаруашылығы және қоныстардың рөлі; көшпелі халықтардың өміріндегі жер игерудің мәні; өнеркәсіп пен сауда, мемлекеттердің салық саясаты; халқы және басқа да мәселелері сияқты мәселелерге бағытталған»,<sup>1</sup> – деп жазады.

Шоқан Уәлихановтың ғалым ретінде сипаттағанда, оның көркемдік дарынын ұмытпаған жөн. Оның басты биографтарының бірі, академик Э.Х. Марғұлан 1950 жылы: «Ол орасан зор мұра, соның ішінде зерттелуі өнер тарихы үшін бірінші дәрежелі мәні бар қоптеген суреттер, эскиздер мен нобайлар қалдырды...»,<sup>2</sup> – деді.

Шоқанның бейнелеу өнеріне қызығушылығы бала кезінен, қазақ баласының өнерге қүштартығын дамытуға септігі тиғен орыс топографтары мен суретшілерінің Уәлихановтардың ауылына келген кезінде пайда болған сияқты. 1847 жылы Шоқан Омбы қаласында болып, Григорий Потанинге әсер қалдырған, ол былай деп еске алады: «Шоқан орысша бір сөз білмейтін және сол кезден-ақ қарындашпен сурет салғанды ұнатты. Дабшинский Шоқан Омбыда жүргенде салған суретті қөрсетті; орыс қаласы балага қатты әсер етті және ол қарындашпен қала бейнелерінің бірін салған»<sup>3</sup>.

Шоқанның сурет салу өнеріндегі дарынын дамытуға оның кадет корпусындағы ұстаздары септігін тигізді. Шоқан Уәлихановтың барлық биографтары пәтерінде жиі болып жүрген сурет пәнінің ұстазы Померанцевтің ықпал еткенін айтады. Сонымен, Г.Н. Потанин: «Оның (Померанцевтің) пәтері нағыз суретшінің шеберханасы болатын; қожайынның өзі де суреткер, сүйкімді адам еді»,<sup>4</sup> – деп еске алады. Жас Шоқанға сурет пәнінің ұстазы Померанцевтің игі ықпал еткені сөзсіз. «Корпус оқытушыларының бірі Померанцев бейнелеу өнеріне аса бейімді, Шоқанды өз бауырындағы іш тартып жылы қабылдады, оған кадет корпусын аяқтаганга дей-

1 Илюсизов М.К. Экономические воззрения Чокана Валиханова. М.: Соцэкиз, 1960. С. S.

2 Маргулан А.Х. Валиханов как художник // Вестник АН КазССР. 1950. № 5. С. 56.

3 Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. VI.

4 Сонда. С. XIII.

ін құрмет көрсетіп, жолдастық қолдау жасады. Олар мольберт алдында кештерін бірге өткізіп, бірге қазақ өмірінен суреттер салды, қалага экспедицияга шығып, қазақ даласына саяхаттады»<sup>1</sup>.

Ш.Ш. Уәлиханов суретті қарындашпен, қылқаламмен, акварельмен, майлы бояумен және пастельмен салды. Э.Х. Марғұланның айтуынша, «Галым Уәлиханов үшін бейнелеу өнері оның негізгі жұмысы емес, қосалқы мазынага ие. Бірақ, ол қажетті кезде осы өнерге жиі жүгінетін. Бейнелеу құралы Қазақстан және Орта Азия бойынша жиі шығатын сапарлары мен саяхаттарында пайдаланатын маңызды құралы болды»<sup>2</sup>.

Қазақтың аса көрнекті саяхатшысы және ғалымының зерттеушілік қызметіне арналған тақырыпты аяқтай отырып, Шоқан Уәлихановтың шығармашылығы туралы аз жазылмағанын атап кетейік. 1904 жылғы басылымның алғысөзінде профессор Веселовский: «Қыргыз хандарының түкұмы, орыс әскерінің офицері Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Орыс шығыстанушылары оны бірауыздан ітуде бір кездесетін гажайып дарын иесі деп таныды және одан түркі халықтарының тағдыры жөнінде аса маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді, бірақ Шоқанның мезгілсіз дүниeden өтуі үл үмітімізді үзді. Ол 30 жасына да жетпестен, құрт ауруынан қайтыс болды»<sup>3</sup> – деп жазды. Бұл – қазақтың біртуар перзенті ғалым Шоқан Уәлихановтың еліне сіңірген еңбегі мен жарқын бейнесін мойындаған ең жақсы баға болды.

1 Маргулан А.Х. Валиханов как художник. С. 87.

2 Сонда.

3 Веселовский Н.И. Предисловие // Записки Императорского Русского географического общества по отделению этнографии. Т. XXIX. Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова. С. I.

## Корытсынды

Шоқан Уәлихановтың қысқа өмірі оның өмірбаянында кітаптарда, мақалаларда, газеттер мен журналдарда пікірталас объектісіне айналған көптеген «ақтаңдақтар» қалдырыды. Оның биографтары әлі күнге дейін оның туған күні мен туған жері, Парижде болуы мүмкін сапары, полковник Черняевпен араздығы және оның Тезек сұлтанның ауылана кетуі, мезгілсіз дүние салу себептері туралы дауласуда. Ш.Ш. Уәлиханов өмірінің кейбір тұстары жұмбақ күйінде қалып, мифке айналды.

Сонымен, Шоқан Уәлихановтың туған күні мен туған жері туралы түрлі пікір бар. П.П. Семенов-Тян-Шанский, Г.Н. Потанин, Х. Айдарова және кейбір басқа зерттеушілер Шоқанның туған жылы 1837 жыл деп есептейді, бұл ресми қабылданған 1835 жылмен сәйкес келмейді<sup>1</sup>. Қазіргі кезде Шоқан Уәлиханов ресми құжаттарда белгіленгендей 1835 жыл емес, 1837 жылы туғанын растайтын ештеңе жоқ қолымызда. Шоқанның биографиясын зерттеумен айналысатын тарихшы М.С. Тұрсынова 1965 жылы, «ҚазКСР FA Тарих, археология және этнография институты формуляр тізіміндегі бірінші бетінің жоғары жағына майда әріптермен Шоқан Уәлихановтың өз қолымен жазған белгісін тапты. Ол: «1853 жылдың қарашасында мен 18 жаста болым» деп жазған»,<sup>2</sup> – деп жазады. Шоқанның туған жылын 1835 жыл деп санау осыдан шыққан.

Өлкетанушылар мен тарих әуесқойлары арасында да Шоқан Уәлихановтың туған жері туралы дау басылар емес. Негізінен, олар Шоқан Уәлихановтың мерейлі күніне (туғанына 160- және 170 жыл толуына) байланысты облыстық және республикалық газет беттерінде пайда болып жүр. Қостанайлық авторлар Б. Ильясов, А. Петель және В. Середенко, Шоқан басқа жерде емес, Құсмұрында (Құсмұрын

1 Отчет Императорского Русского географического общества за 1865 год. СПб., 1866. С. 9; Потанин Г.Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. С. В. Айдарова Х. Чокан Валиханов. С. 22–23; Досқараев Ж. Указ. соч. С. 75.

2 Тұрсынова М. Новое в биографии Ч.Ч. Валиханова // Простор. 1965. № 2. С. 108.

– құстың тұмсығы) туған деп пайымдайды<sup>1</sup>. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі А. Шаяхмет Ш.Ш. Үәлихановтың туған жері Құсмұрын емес, Қостанай облысы Сарықөл ауданына жақы Күнтимес деген жер деп есептейді. Көкшетаудан шыққан профессор К. Абуев Шоқан Үәлиханов Сырымбетте туған деп сендіреді<sup>2</sup>.

Қай жерде туды – Құсмұрында ма немесе Құсмұрынға жақын Күнтиместе ма, немесе Үәлихановтардың қонысы – Сырымбетте ме – ол жағы да белгісіз. Революцияға дейінгі уақытта қазақтарда және басқа көптеген адамдарда түу туралы метрикалық қуәліктер болмаған, соның ішінде туған күні мен туған жері шартты түрде алынатын. Олар жыл мезгіліне және сол жердің географиялық орналасуына байланысты болды.

Шоқанның Парижге сапары туралы әңгіме де дау туғышып отыр. Осы күнге дейін кей авторлар Үәлихановтың Парижге сапарын мойындаса, басқалары құмәнданады. Шоқанның Францияға сапарын жақтаушылар оның 1860 жылы 4 қарашада ата-анасына жазған хатында: «Құдай бұйыртса, бір айдан соң Петербордан Париже жол жүрмекпін, сол үшін бір адамнан қарыз алдыым...»<sup>3</sup> деп жазғанын, сондай-ақ, Ф.М. Достоевскийдің досы, барон А.Е. Врангелдің естелігіне сай, оның «оны Петерборда және Париждеге кездестірдім»<sup>4</sup> дегенін алға тартады. МҚК-ҰҚҚ запастағы полковнигі Б.Қ. Қыстаубаев өз кітабында: «Сол кездегі Ресейдің арналы жасағының қызыметі туралы барлық материалдарды және Шоқанның жеке өзін талдау және сынни бағалау нәтижесінде, мен оның шын мәнінде Франциядагы Ресей делегациясының құрамында барлау тапсырмасымен қысқа мерзімді шетелдік іссапарда болғанын анықтадым»,<sup>5</sup> – деп пайымдайды.

Бір жағынан, академик Э.Х. Марғұлан өзінің Шоқан Үәлиханов туралы очеркінде бұл жөнінде еске де алмайды. Публи-

1 Все врут календари? Чокан Валиханов родился в Күшмұруне. И нигде более // Кустанайские новости. 1995. 7 ноября.

2 Абуев К. Неизведанный мир Чокана // Казахстанская правда. 2005. 3 декабря; Он же. Абылай Хан. Современники и наследники. Кокшетау: РПО КГУ им. Ш. Уалиханова. 2013. С. 259–291.

3 Валиханов Ч.Ч. Третье письмо родителям. С. 53.

4 Врангель А.Е. Указ. соч. С. 95.

5 Қыстаубаев Б.К. Указ. соч. С. 287.

цист И.И. Стрелкова сақтықпен, «зерттеушілер алі күнге дейін оның сапары туралы құжаттар тауып алушдан үміттепеді»<sup>1</sup> дейді.

1965 жылға дейін Шоқан Үәлихановтың нақты қайтыс болған күні белгісіз еді. Алайда ҚазКСР Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкерлері архив құжаттарын тауып алудың сәті түсті және М. Тұрсынованың ойынша «1862 жылғы 1 қыркүйектен 1864 жылғы 1 қаңтарга дейінгі уақытқа Әскери министрлік бойынша тиесілі жалақысы мен пәтерпұлдық ақшасы, сондай-ақ Азия департаментінен тілмәш лауазымы бойынша жалақысы 1865 жылдың 17 наурызында тагайындалуы бойынша табысталу үшін Батыс Сібір әскерінің штабына аударылды... <...> 1865 жылғы 9 маусымда Батыс Сібір әскерінің штабында Ш. Үәлихановқа 1864 жылдың 1 қаңтарынан 1865 жылдың 26 қаңтары аралығындағы жалақысын кім төлейді деген мәселе туындаған есепті растайтын аттестат таалынды. Өйткені, сол кездегі заң қагидасы бойынша Батыс Сібір әскерінің штабы өткен уақытқа жалақы төлеуге құқы жоқ еді, бірақ штаб 1865 жылдың 3 маусымында Азия департаментіне хат жолдайды, онда: «...1864 жылдың бірінші қаңтарынан сол жылдың 26 қаңтарында әскер қолбасшысының қарамагына тагайындалғанға дейінгі уақыт ішінде қызмет ақысы Бас штабтың бас басқармасы немесе Азия департаменті арқылы төленуі тиіс еді. Сондықтан, оның №2476 аттестатын қайтара отырып, штабс-ротмистр Үәлихановқа 1864 жылдың 1 қаңтарынан сол (1865 ж.) жылдың 26 қаңтары бойынша төленетін еңбек ақы талап ету туралы Департаменттің өкім шыгаруын және оның жеке қарызын төлеп, қалғанын мұрагерлеріне беру үшін штаб жанынан (26 қаңтарынан 10 сәуірге, яғни Үәлихановтың қайтыс болған күніне дейін) осыны талап ету мәні бойынша еңбек ақы төленуін қанагаттаңдыру туралы аттестатын штабқа жеткізуді сураймын»<sup>2</sup>.

Келтірілген құжаттың негізінде М.С. Тұрсынова: «Біз осы датаның (10 сәуір) дұрыстығы күмән түгізбайды деп ойлаимыз, өйткені, бір жағынан, осы кезде Батыс Сібір әскерінің

1 Стрелкова И.И. Указ. соч. С. 212.

2 Турсунова М. Новое в биографии Ч.Ч. Валиханова. С. 108.

штабы мен Алтын Емел жотасының аумагына көшіп барған Тезек сұлтан ауылында жүрген Ш. Уәлихановтың арасында үздіксіз байланыс болды, бұл Ш. Уәлихановтың Колпаковский-ге жазған бізге белгілі соңғы хаттарындағы (1864 жылдың 20 қарашасы, 14 желтоқсаны, 27 желтоқсаны және 1865 жылдың 14 қаңтары, 20 қаңтары) даталармен расталады; екінші жазынан – бұл Ш.Уәлихановқа төленген соңғы жалақының датасы»,<sup>1</sup> – деп қорытады.

Шоқан Уәлихановтың қайтыс болған жағдайы да дау туғызып отыр. Қазірге дейін Шоқанның өлімі туралы түрлі конспирологиялық нұқсалар пайдада болуда. Сонымен, полковник Б.Қ. Қыстаубаев: «Шоқан Уәлихановтың қайтыс болу жағдайы әлі де «ақтаңдақ» бол қалып отыр және ақиқатты орнатуға байланысты отандық зерттеушілер үшін аса маңызды болып табылады»,<sup>2</sup> – деп есептейді.

«Ұзақ жылдар бойы бізге оны агартушы, тариши және этнограф ретінде айтып келді. Бірақ, соңғы уақытқа дейін ешкім Шоқан Уәлиханов сұлтанның қоқан азаматы және маргеланнан (ферганадан) шыққан мұсылман көпесі Әлімбай Әбділлабаев ақызы арқылы 1859 жылы Қашгарга жасаган сапары, аса құнды әскери-саяси және әлеуметтік-коммерциялық мәліметтер жинап, аман-есен кері оралуы оның шет мемлекеттің аумагына кәсіби барлауышы-азиаттың заңсыз өтуі екеніне назар аудармағы», – деп жазады Б.Қ. Қыстаубаев<sup>3</sup>.

Біз, Ш.Ш. Уәлиханов тамаша әскери барлаушы болған деген пікірге қосыламыз. Оның Шығыс Түркістанға сапары әскери ведомство тарапынан да, Ресей Сыртқы істер министрлігі тарапынан да санкцияланып іске асырылды. Және профессор К.Ш. Хафизова есептегендей, «әрине, ғалымдар еңбектерін өз халқы мен елінің мұддесіне орай, оны қалай түсінгеніне байланысты жазады»<sup>4</sup>.

1 Сонда.

2 Кыстаубаев Б.К. Указ. соч. С. 383.

3 Кыстаубаев Б.К. Указ. соч. С. 239–240.

4 Хафизова К.Ш. Чокан Валиханов в китайской историографии. С. 80.

# Қысқартулар

<b>Ж/i</b>	Жеке іс
<b>ИОГК</b>	Императорлық Орыс география қоғамы
<b>ИОГКБСБ</b>	Императорлық орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімі
<b>КСРО</b>	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
<b>КСРО FA</b>	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясы
<b>КСРО FAA</b>	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының архиві
<b>ҚазКСР FA</b>	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылым академиясы
<b>ҚР ОМА</b>	Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
<b>ҚР ҰFA архиві</b>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының архиві
<b>ҚР ҰFA «Ғылым ордасы» архиві</b>	Қазақ Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «Ғылым ордасы» архиві
<b>ҚР ҰFA OFK</b>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы
<b>МҚК</b>	Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті

<b>ОЭИ ҚБ</b>	Орыс әдебиеті институтының Қолжазба бөлімі
<b>ОГК</b>	Орыс география қоғамы
<b>ООТА</b>	Омбы облысының тарих архиві
<b>ӨзР ОМА</b>	Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
<b>РФА</b>	Ресей ғылым академиясы
<b>РИССА</b>	Ресей империясының сыртқы саясат архиві
<b>РМӘӨА</b>	Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві
<b>РМТА</b>	Ресей мемлекеттік тарих архиві
<b>CIM</b>	Сыртқы істер министрлігі
<b>СПб</b>	Санкт-Петербург
<b>ҰКҚ</b>	Ұлттық қауіпсіздік комитеті

# Көрсемкіштер

## *Есімдер*

### **A**

- Абдал Мұхаммед Қайдар 201, 202  
Абдан (албан) – қазақ руы 136, 177  
Абдильдин Ж. 28  
Абдильдина Р. 28  
Абылай 13, 39, 150, 207  
Абылай хан 5, 37, 185, 193, 200, 203, 224  
Аделаида Федоровна 14  
Айғаным 7, 35, 39, 40, 52, 53, 54, 60, 62-68, 182  
Айдарова Х.Ф. 9, 19, 20, 24-26, 89, 137, 142, 180, 223  
Айсара 56, 179  
Айханым 40, 52, 64  
Ақан сері 59, 62  
Ақпамбетова Т.М. 26  
Алдажуманов К.С. 10  
Александр I 39  
Александр II 109, 117, 135, 136, 139, 140, 170  
Алимбаев Н.А. 29  
Алтынсарин И. 147, 151  
Анваров А. 29  
Анна Григорьевна 160  
Анненков И.А. 79, 166  
Арғынбаев Х.А. 28  
Аристов Н.А. 193  
Арыстанбай 206  
Асимов М.С. 209  
Асфандиярова М. 57-59  
Атишев А.А. 9, 26, 27  
Аупаев Бұқаш 112, 118, 135  
Ахун 50

## Ә

- Әбділлабаев Әлімбай 226  
Әбділмомынов Жұніс – сұлтан 184  
Әбсеметов М.О. 10  
Әбусейітова М.Х. 10  
Әбілғазы 91  
Әбіл-Мақыжан 57, 167  
Әбішев Мұхамедияр 184  
Әділев Ералы 184  
Әділгереев Х. 20, 25  
Әзімов Қуан Әлі Мір 136  
Әлімбаев Н.А. 29  
Әлімбай 28, 112, 113, 118  
Әлжанов Қеке 62, 170  
Әнуаров А. 28  
Әскер хан 148  
Әуезов М.О. 157, 161  
Әуезова Л.М. 21  
Әулие Анна 135  
Әшімов А. – режиссер 191  
Әшімов С. – актер 191

## Б

- Бабков И.Ф. 137  
Бабыгүл-Жамал 55, 59  
Баев Әбdi Керім Шәріп 136  
Бай-Қитятов Қашғар 136  
Байыров Қабыл 136  
Байтекім Елшар 64  
Байтұрсынов А. (Байтұрсынұлы) 9, 17  
Банзаров Д. 147  
Бардашев 100

Барковский 73  
Батагов 41  
Бату 204  
Баян-Сұлу 47, 75, 89  
Бегалин М. 191  
Бегалин С.И. 9, 28  
Беданин 186  
Бедил 209  
Безобразов В.П. 17, 100  
Бейсембиев Қ. 9, 25-27  
Бейсенбайұлы Ж. 26-29  
Бейсенова А.С. 28, 107, 195-197  
Бекетов А.Н. 77, 144-146, 151, 156, 171, 177  
Бекмағамбетова М.А. 202  
Бекмаханов Е. 25, 28  
Белинский В.Г. 75, 80, 212  
Бердібаев Р.Б. 207, 208  
Бердібек 204  
Березин И.Н. 6, 75, 144, 150, 199-201, 204  
Бибі Бәтима – Жақыптың қызы 56  
Бичурин Н.Я. (о. Иакинф) 201  
Блудов 137  
Богданович 101  
Болат Ғазы (Болат) 181, 182  
Болғамыш Д. 34  
Бекейханов Э.Н. 17  
Бекей хан 37  
Брагин А. 156  
Броневский С.Б. 40  
Булатов С.Я. 25  
Буллу 92  
Бұқаш (Аупаев) 112, 118, 135  
Бұрымбай (Борамбай) 86, 113-115, 117

Бұқар жырау 207  
Біржан сал 62  
Бэкон Э. 33  
Бэр К. Эрнест фон 148  
Быков П.В. 182

## В

Васильев В.П. 144, 145, 150  
Ващенко М. 188, 189  
Вельяминов-Зернов В.В. 144, 147  
Венюков М.И. 17, 148, 193  
Веревкин 176  
Веселовский Н.И. 8-10, 14-17, 78, 93, 213, 222  
Вибе П.П. 44, 76  
Вишневский 65  
Влангали А.Е. 87, 109

## Г

Гасфорд Г.Х. 7, 50, 84-86, 93, 99, 102, 104-106, 108-110, 112, 114, 116, 117, 131-133, 135, 139, 182  
Гейбович А.И. 153  
Гейнс А.К. 17, 46, 47, 61, 95, 109, 185, 192, 193  
Георг фон Людвиг 193  
Геродот 208  
Гоголь Н.В. 75, 212  
Голицын 52  
Голубев А.Ф. 87, 148, 166  
Гомбоев Г. 144, 150  
Гомер 208  
Гонопольский И. 191  
Гонсовский Г.В. 74, 76  
Горчаков А.М. 109, 114, 116, 119, 131, 138-140, 142  
Гривцов 149

Григорьев В.В. 144, 146, 147  
Громыко М.М. 79  
Грум-Гржимайло 101  
Гумбольдт А. 99  
Гутковский К.К. 71, 72, 74, 76-78, 85, 86, 99, 102, 108, 110-112, 115, 117, 133-135, 171-175, 193  
Ғабдулмәжитов И. 23  
Ғазы 181-183  
Ғазиза – Жақыптың қызы 56

## Δ

Дабшинский 65, 66, 71, 73, 74, 221  
Даогун 200  
Дәнел Әлкейқызы 27  
Демчинский 100  
Дмитрий Иванович (Менделеев) 77  
Добролюбов 157  
Долгоруков 82  
Досқараев Ж. 55, 61, 171, 223  
Достоевский М.М. 157, 164  
Достоевский Ф.М. 10, 30, 34, 58, 79, 80, 148, 152-162, 164, 171, 172, 177, 224  
Достоевская А.Г. 160  
Достоевская М.Д. 159  
Дружинин Н. 19  
Дулатов М. 9, 17  
Дулатова Д.И. 26  
Дуров С.Ф. 62, 78-82, 148, 152  
Духин Я.К. 165, 166  
Дюгамель А.О. 169, 171, 182  
Дюков Л.В. 25

## **Е**

- Егоров В.Л. 30  
Едіге 9, 25, 31, 92, 206  
Екатерина II 105  
Екатерина Ивановна Капустина 77, 78, 152  
Елеусізов М.К. 28  
Ералин Әбіш 184  
Ералин Қасым 184  
Ер Назар 136  
Ерден 172  
Ермекбаев Ж.А. 62  
Ермоленко Г.В. 23, 24  
Ерофеева И.В. 10, 28, 29  
Ермолаев 53, 54  
Есмағамбетов К.Л. 10, 32  
Ефремов Ф. 104

## **Ж**

- Жақыпаев Ибрагим 66, 67  
Жәми 201  
Жәңгір 96  
Жанқұлов Ж. 111  
Жан-Мұхамет 55  
Жантөрин Н. 191  
Жантөрин А.М. 173  
Жақып 45, 55, 56, 60, 111, 170, 173  
Жақыпбек 176, 177  
Жапбасбаев М.Ж. 107, 197  
Ждан-Пушкин 74  
Жексенбі 136  
Жиренчин А.М. 18  
Жуанъжуан 103  
Жұмағұл 206

## **3**

- Забелин И.М. 28  
Захаров И.И. 98, 105, 144, 193  
Завар-наме Шереф-әддин 202  
Зейнеп 41, 55, 59, 69, 170  
Зенков П.М. 187  
Зеньковский С.А. 33  
Зиманов С.З. 9, 25-27, 30  
Зиновьев В.П. 5, 10  
Знаменский М.С. 46  
Зұбайра -Жақып Уәлихановтың қызы 56

## **И**

- Ибрагимов И.И. (Шахимардан Мірясұлы) 15, 17, 47, 169, 170, 187  
Ибраев Б.А. 190  
Иванов К.И. 79  
Иванова О.И. 79  
Ивановтар 79, 80, 152  
Ивашкевич 172  
Ивлев Н.П. 9, 28, 100, 180, 187  
Игнатьев Н.П. 143, 169  
Илиада 92  
Ильминский Н.И. 203  
Ильясов Б. 223  
Имар Г. 35  
Исмағұлов О.И. 28  
Итемгенов Сары Қажы 136

## **К**

- Казем-бек 144  
Калачев 187, 188

- Каменскийлер – ағайындар 186  
Капустин С.Я. 15, 76, 77, 78, 79, 80  
Капустина Е.И. 77, 78, 152  
Капцевич П.М. 52, 53, 66  
Катанаев Г.Е. 58  
Каченов 67  
Кедрина З.С. 25, 26, 209, 211  
Кемеңгер К. 17  
Кемеңгерұлы Қ. 17  
Кенже Сары Қажым 136  
Кенесары хан 37, 175, 182  
Клапрот М.Ж. 196  
Ковалевский Е.П. 108, 109, 137, 138, 140, 159, 162, 163  
Ковальская С.И. 10  
Козлов 101  
Колесников А.А. 25, 26, 104, 131  
Колпаковский Г.А. 14, 15, 67, 176, 180, 185-188, 226  
Комаров 101  
Костомаров 149  
Костылецкий Н.Ф. 71, 74-76, 200  
Котов А.П. 190  
Коченов Т. 65  
Кошаров П.М. 100, 101  
Көкетай хан 7, 93  
Көмеков Б.К. 10  
К.П. фон Кауфман 185-188  
Крестовский Вс. 157, 158, 162-164, 166  
Крохалев А.К. 47  
Крючков Е. 187  
Кузнецов И.В. 186  
Кузнецов В.П. 186, 187  
Куник А.А. 148  
Кури 172

Курочкин В.С. 162, 164

Курочкин Н.С. 162, 163

Курылев В.П. 207

Кэмпбелл Я. 34

## K

Қабдиев Д. 28

Қабылов Майка 136

Қадырғали Қошым Жалайыр 201

Қадыров Ш. 91

Қайдаров Ә.Т. 210

Қалдан Серен 200

Қанғожин Қ. 62, 170

Қара батыр 207

Қара-Құли 136

Қаратаев М. 156

Қармышева Д.Х. 23

Қасымов Құттыбай 136

Қасымов Кенесары 42, 62, 73

Қасымов М. 23

Қасымов С. 175

Қашқынбай 64

Қожахмет, сұлтан 184

Қожахметов Жанбин хан 184

Қойгелдин Қожа 136

Қозы-Қөрпеш 47, 75, 89

Қосанов Д. 20

Құдияр хан 125

Құлбаев Бір Молда 136

Құлжанов Мұхаммед Жан 136

Қыстаубаев Б.К. 179, 184, 224, 226

## Λ

Ладыженский М.В. 48, 63, 64  
Ламанский Е.И. 101, 102  
Ластовский Л. 187, 188  
Левшин 92, 204  
Пермонтов М.Ю. 71, 212  
Лерх П.И. 147  
Ливен 143  
Любимов 143

## Μ

Маев Н. 17, 185  
Майков А.Н. 157, 161-164, 171, 173  
Майков Л.Н. 162, 164  
Маккензи К. 33  
Макин 55  
Макшеев 148  
Мақы 55-58, 167, 169  
Мақыжан 32, 55, 57  
Малайсары 200  
Малтабаров 174  
Малышева М. 41, 46, 47, 49  
Маманов Б. 190  
Мануйлов В.А. 25, 158, 162, 166, 211  
Марғұлан Э.Х. 9, 10, 13, 20, 21, 23-25, 27, 28, 31, 39, 47, 51, 55, 70, 75, 76, 89, 93, 97, 107, 110, 123, 137, 141, 142, 160, 166, 170, 171, 180, 182, 183, 200, 209, 213, 221, 222, 224  
Мария Дмитриевна 159  
Мария Федоровна 167  
Марков С.И. 9, 28  
Мартин В. 35, 215, 217  
Масанов Н.Э. 28, 29

Масанов Э.А. 28, 73, 75, 76, 101, 208, 209  
Матаев Ж. 136  
Матвеева Т.П. 102, 198  
Махмет – Жақыптың ұлы 55, 56  
Махмұдов М. 70  
Мәжитова Ж.С. 10  
Мәнү – Жақып Үәлихановтың әйелі 56  
Мейнфорд 106  
Мелиоранский П.М. 206, 207  
Менделеев Д.И. 77-79, 144, 151, 152, 157  
Миловидов Н.Н. 190  
Милютин 143  
Миклухо-Маклай 101  
Мин Сю 179, 181  
Митчел Д. 32  
Митчелл Д. и Р. 32  
Михаил Михайлович 162  
Михайлов М.Л. 164, 165  
Михеев А.П. 44, 76  
Моисеев В.А. 29, 85, 86, 91, 198, 199  
Момодаир 184  
Мусина М. 10, 25, 26, 30, 137, 140, 142, 147-150, 159, 163  
Мушкетов 101  
Мурзаев Э.М. 194, 195  
Мұқанов С.М. 9, 28  
Мұса 45, 48, 59, 66, 134, 174  
Мұсабай 23, 104, 112, 113, 118, 135  
Мұса-бай (Мұса бей) 134, 174  
Мұқтарұлы С. 28  
Мұртазин Аббас 184  
Мұхаммад Қайдар Дулати 202  
Мұхаммад Қайдар Көреқан 201  
Мұхаммед Ханафия 5, 69, 152

# **Н**

Назарбаев Н.А. 6, 83  
Насреддин 122  
Негри 106  
Нессельрод К.В. 40  
Нестерев 172  
Нифантьев 193  
Ноғаев Ф. 106, 115  
Нұрида 55, 58, 59  
Нұрмамбет-датқа 122  
Нұрмұхамед 55

# **О**

Обручев В.А. 81, 82, 100  
Оллворс Э. 33  
Олкотт М.Б. 33  
Оловинцев А.Г. 56  
Остен-Сакен Ф.Р. 16, 141, 144

# **Ө**

Әмірзақов С. 87, 196  
Әмірзақов Р.К. 56  
Әтениязов С. 10, 25, 26

# **П**

Павел Яковлевич 64  
Палибин Н.А. 159  
Пальгов Н. 28  
Панов 115  
Пахотин 186, 187  
Певцов 101  
Петель А. 223

- Петерман А. 32  
Петр I 49  
Перемышльский М.Д. 93, 99, 110, 112  
Петрашевский М.В. 79  
Пирс Р. 33  
Плотников Л.Н. 143, 144  
Познанский В. 41, 46, 47, 49  
Полонский Я.П. 157, 162-164  
Померанцев К.П. 74, 221  
Потанин Г.Н. 8, 9, 14, 15-17, 26, 39, 44, 48, 55-57, 60, 68-70, 72-82, 86, 100-103, 111, 144-146, 148, 149, 158, 162, 163, 166, 176, 177, 180, 182, 183, 209, 221, 223  
Пржевальский 101, 194  
Прищепова В.А. 46  
Птолемей 220  
Пугачева Н.М. 44, 76  
Пулу 92  
Путинцев Н.Г. 41  
Пущин 148  
Пушкин А.С. 30, 156, 212  
Пірназаров Мұхамед Рзық 136  
Пыпин А.Н. 15

## P

- Рахимов Е.К. 21, 28, 182  
Рақия 55  
Рашид-Әддин 13, 91, 201  
Реклю Э. 32, 33  
Ремнев А.В. 38  
Рериг О. 203  
Риттер 103, 204  
Роборовский 101  
Россицкий Е.А. 186

Роттиер П. 35  
Руковишиников Ю. 190  
Руми 209  
Рустамбеков С.И. 190

## C

Саади 209  
Сабол С. 35  
Сағытов Мырза Мұқсин 136  
Садық 175  
Сақып-Керей (Қозыке) 55, 57-59  
Сақыпкерей 55, 57, 58  
Сандыбаев Байғұлы 172  
Сандыбаев Ерден 172  
Санников 68  
Сарғалдаққызы 40  
Сарыбаев Ш. 209, 210  
Сарымсақов Эзім Жан 136  
Сарымсақов М. 46  
Сәдуақас – Мұса Шормановтың ұлы 59  
Сәтбаев Қ.И. 206  
Сәтбаева Ш.Қ. 158, 160, 162, 164, 208, 211  
Сәуkenбаев Т. 46  
Северцов Н.А. 167  
Сегізбаев О.А. 26, 28  
Сейдалин Р.А. 190  
Семенов П.П. 15, 72, 99, 102, 103, 120, 130, 146, 194  
Семенов-Тян-Шанский 8, 17, 39, 71, 88, 98-102, 108-110, 130, 141, 144, 194, 223  
Середенко В. 223  
Сниткина А.Г. 160  
Сорокин Ю.А. 10  
Сотников А.А. 47, 71-73

Сперанский М.М. 38  
Страхов Н.Н. 162-164  
Стрелкова И.И. 9, 28, 29, 72, 135, 136, 138, 142, 143, 146-148,  
158, 159, 164, 165, 169, 172, 177, 180, 181, 225  
Султанъяев О.А. 9, 25, 26, 29, 30, 212, 213  
Сухозанет И.О. 104, 109, 116, 139, 140, 143  
Сүйінішәлиев Х. 209  
Сұлейменов Р.Б. 29, 30, 85, 91, 198

## Т

Табулдин Г.Ж. 56  
Тақтыбаев М. 112, 113  
Тан – қытай династиясы 91, 92  
Тезек – сұлтан 177-179, 181, 183-185, 223, 226  
Тейлор П. 35  
Теннер Джон 156  
Тентек 177  
Тихомиров Б. 25, 26, 30, 137, 140, 142, 147-150, 159, 163  
Тогжанов Эбі 170  
Токжіліков 41  
Тоқтамыс 40  
Толстой И.М. 138, 139  
Толстой Ф.П. 167  
Төреқұлов Н.В. 62, 63  
Төреқұлов Т.В. 62, 63  
Тургенев 163  
Тұғлық-Темір хан 202  
Тұрдәлиева Ч.Д. 26, 88  
Тұрсынова М.С. 21, 22, 223, 225  
Тұнжы 179, 181

# **У**

Үәли (Үәлі) – Шоқанның атасы 37, 39, 40, 49, 53, 66, 68, 98, 154, 182, 183, 200, 203  
Үәлиев 43, 51, 52  
Үәлихан 39, 103, 108  
Үәлиханов Газы-Болат 182  
Үәлиханов Жақып Шыңғысұлы 45, 55, 56, 60, 111, 170, 173  
Үәлиханов Мұхаммед Ханафия 5, 69, 152  
Үәлиханов Шыңғыс 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 55, 57, 63, 67, 68, 71, 72, 73, 80, 106, 149, 167, 172, 182, 185, 202, 206  
Үәлиханов Шыңғыс Үәлиұлы 15, 40, 42, 45, 48, 55, 67, 71-73, 149, 172, 182  
Үәлиханов Шоқан Шыңғысұлы 5, 6, 13, 15, 17, 31, 37, 40, 82, 100, 144, 165, 184, 188, 191, 193, 198, 222  
Үәлиханов Шота-Аман Ұйдырысұлы 31, 58  
Үәлиханов Едіге Жансұлтанұлы 31  
Үәлихан төре 103, 108  
Үәлиханова Г.Ш. 26  
Үәли, қожа 98  
Үәлиханов Шоқан 5, 7-9, 11, 13-25, 27-36, 39, 55, 62, 63, 67, 69-76, 78-80, 82, 83, 85, 86, 88, 91-93, 95, 98-103, 106-108, 110-114, 118, 120-129, 132-137, 139, 140, 142-206, 208-215, 217, 219, 221-226  
Үәлиханов Ш.Ш. 5, 7, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 32, 35, 36, 77, 80, 82-91, 93-97, 100, 103, 106-108, 110, 113, 116, 119, 120, 122-126, 131, 133, 136-138, 141-154, 159-164, 166, 172, 176, 180, 184, 187, 189-192, 194, 195, 198-207, 211-214, 216-220, 222-224, 226  
Ударцев С.Ф. 28, 215  
Утин 148

# **Φ**

Фаизханов Х. 144  
Федор Михайлович 148, 152, 154, 155, 160, 161, 172  
Фетисов М.И. 9, 25, 80, 142, 144, 145, 152-154, 156, 158, 160, 161, 165, 209, 211

Фирдоуси 204, 209

Фишер 92

Фридрих 174

Фютлер М. 33

## X

Хавьер Х. 34

Хақан 148

Халид А. 33

Ханыков Я.В. 196

Хасанов К. 25

Хафизова К.Ш. 10, 28, 35, 36, 178-181, 184, 200, 201, 226

Хафиз 209

Хебе-анбя 96

Хоментовский М.М. 7, 86-88, 93, 114

Хостлер В. 34

Хрущов А.П. 54, 66

## Ц

Цзяцин 200

Циммерман 175

Цуриков А.Н. 154

Цяньлун 200

## Ч

.

Чарльз-Гарольд 71

Чернышев А. 167

Чернышевский 57, 157

Чернышевский Н.Г. 165, 166

Чернышевская Н.М. 165

### **III**

- Шәкен 170  
Шашков С.С. 44  
Шаяхмет А. 224  
Шәүия 56  
Шевченко Т.Г. 164, 165  
Шиловский М.В. 25, 26  
Шлагинтвейт А. 108, 137  
Шоқай М. 9, 17  
Шоқан 5, 7-9, 11, 13-25, 27-36, 39, 55, 62, 63, 67, 69-76, 78-80, 82, 83, 85, 86, 88, 91-93, 95, 98-103, 106-108, 110-114, 118, 120-129, 132-137, 139, 140, 142-206, 208-215, 217, 219, 221-226  
Шорманова З. 41, 55  
Шорманов М. 45, 48, 55, 59, 66, 67  
Шренк А.И. 47, 87  
Шубенко 41  
Шыңғыс Үәлиханов 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 55, 57, 63, 67, 68, 71, 72, 73, 80, 106, 149, 167, 172, 182, 185, 202, 206  
Шыңғыс Үәлиұлы Үәлиханов 15, 40, 42, 45, 48, 55, 67, 71-73, 149, 172, 182  
Шыңғысов Сартай 63, 64

### **Ы**

- Ыдырыс 55

### **I**

- Ішембетов И.Р. 26, 27

### **Ә**

- Әрман А. 32

# Ю

Юсупов Э.С. 98

# Я

Ядринцев Н.М. 8, 14, 15, 44, 71, 144, 149, 164, 166, 177  
Яковлев 84  
Янов Язы 41  
Яценко И.Е. 171

# Латиница

Allworth E. 33  
Bacon E. 33  
Campbell I.W. 34  
Erman A. 32  
Futrell M. 33  
Hostler W.C. 34  
Imart G.G. 35  
Khalid A. 33  
MacKenzie K. 34  
Michell J. and R. 32  
Olcott M.B. 33  
Pierce K.A. 33  
Rottier P. 35  
Sabol S. 35  
Xavier H. 34  
Zenkovsky S.A. 33

# *Географиялық атаулар*

## **A**

- Абакан 92  
Азиялық Ресей 7, 166  
Азнабай Сай 43  
Ақмола облысы 45, 46, 67, 68, 181  
Ақмола (сыртқы округ) 66  
Ақсай жолы 118  
Ақсу, қала 89, 104, 109, 115, 124  
Ақсу, е. 87, 114  
Алакөл, көл 85, 87, 88, 196  
Алатау сілемдері 89  
Алатау округы 93, 99, 176, 178  
Алатау 89, 110, 113, 142  
Алмалық, қала 90  
Алматы 11, 30, 35, 39, 86, 189, 190  
Алтай 47, 179  
Алтай таулары 47  
Алтын Орда 25, 205  
Алтышар 8, 13, 110, 124, 130, 141, 142, 146, 194, 198  
Алтын Емел (Алтынемел) 36, 113, 118, 184, 189, 190, 226  
Алтын Емел жотасы 113, 184, 226  
Аманқарағай (сыртқы округ) 38, 41-43, 73  
Ана Су, шатқал 64  
Англия 104, 105  
Андағұл Ораз-Байымбет болысы 52  
Арғын болысы 42  
Арна, алқап немесе өзен 129  
Атығай болысы 53  
Атбасар округы 51, 172

Атбасар округының мекемесі (приказ) 51, 172

Атбасар станицасы 51

Атбаш-Арпа 118

Ауғанстан 104

Аягөз 85, 88, 89

Аягөз (сыртқы округ) 38

## Ә

Әулиеата 176, 179

## Б

Балқаш, көл 142, 196

Барнауыл 101, 102, 155

Бархуджин-Тукум 91

Баянауыл 38, 85

Баянауыл сыртқы округы 45, 66

Батыс Сібір генерал-губернаторлығы 24, 38, 39, 42, 45, 57, 71, 104

Борохуджир (пикет) 95

Борсық, құм 218

Бекей ордасы 144, 214

Бұқара 70, 104, 143, 169, 214

Бішкек 176

## В

Верный, қала 39, 85, 90, 93, 111, 112, 115, 118, 129, 130, 132, 134, 175-177, 179, 186

Володар, ауылы 63

## Г

Гороховая, көше 56

# Δ

Дала генерал-губернаторлығы 6, 14, 34, 39, 68, 155  
Дрезден 88

# Е

Екатеринбург 186, 187  
Есіл, өзен 43, 68  
Ескі Құлжа 96  
Еуропа 6, 18, 22, 36, 70, 138, 156, 211  
Еуропалық Ресей 44, 214

# Ж

Жамбыл облысы 189  
Жаңақорған, ауыл 176  
Жарқынқамыс, шатқал 63, 64  
Жаркент, қала 104, 124, 135  
Жетім Асу 114  
Жетісу 7, 24, 84, 85, 87-90, 98, 101, 107, 109, 110, 113, 144, 148, 166, 176, 186, 192, 195, 197  
Жетісу облысы 39, 185-188  
Жетішар 176  
Жидда 169  
Жоңғария 6, 32, 87, 88, 91, 113, 120, 126, 146, 165, 192, 193, 195, 196, 204, 205, 207, 210  
Жоңғар Алатауы, жота 195  
Жоңғар қақпасы 85  
Жоңғар хандығы 86  
Жоңғар-қазақ даласы 47  
Жырғалаң, өзен 87, 89, 113

# **3**

- Зәукі, өзені 87, 89, 110, 114, 118-120, 129, 134, 193, 194  
Зәукі асуы 120  
Зеренді ауданы 183

# **И**

- Индикуш 92  
Иркутск 14

# **К**

- Кавказ 74, 146  
Касимов, қала 151  
Кеген, өзен 89  
Келінтайғақ, өзен 114  
Кем (Енісей) 92  
Кем-Кемжұт 92  
Кемчук, өзен 92  
Көбергент, өзен 114  
Кузнецк, қала 155  
Куэнь-Дуни 92  
Күнтимес, Сарықол ауданы Қостанай обл. 224

# **К .**

- Қазан хандығы 204  
Қазан 62, 72, 73, 76, 78, 145, 150, 151  
Қазақ хандығы 204  
Қазақстан 6, 9, 18-21, 23-28, 32, 37, 39, 40, 47, 58, 60, 61, 70, 83-86, 100, 101, 125, 144, 146, 151, 154, 183, 185, 188, 189, 191, 194-196, 199, 201, 203, 213, 217, 222, 224  
Қазақстан, ауыл 183

Қайнақ 90  
Қалмақ-Ұшақ 114  
Қапал 85, 93, 95, 113, 118, 134, 181, 185-187, 189  
Қапал, бекініс 85  
Қарағанды облысы 38  
Қаракұм, құм 218  
Қарамола, жота 113  
Қарашибілік, шатқал 52  
Қарқара, өзен 89  
Қарқаралы 52, 85  
Қарқара, жайлау 113  
Қарқаралы, шатқал 52  
Қашғар, қала 16, 17, 23, 72, 89, 97, 103-129, 131-133, 135-138, 141, 142, 145, 166, 172, 181, 184, 190, 192, 193, 196, 198, 202, 219, 220, 226  
Қашғария 8, 31, 33, 98, 102, 108, 111, 112, 124, 125, 131, 133, 142, 171, 194, 197  
Қызылқия, асу 113  
Қыпшақ болысы 42  
Керей болысы 42, 53, 103  
Қытай 8, 13, 20, 35, 38, 90, 93-97, 104, 105, 109, 115, 116, 121, 124-126, 176, 178, 179, 219, 220  
Қытай империясы 103, 107, 123, 142, 178  
Қытай провинциясы Нан-Лу (Кіші Бұқара) 8, 13, 141, 146  
Қытай Түркістаны 110, 125  
Қоқан 104, 111, 128, 129, 214  
Қоқан хандығы 104, 112, 120, 125, 127, 143, 175  
Қоқан иелігі 104  
Қорғас, қала 96  
Қостанай облысы 38, 224  
Қотан, қала 104, 124, 219  
Қоянды бекеті 185  
Көкшетау 52, 56, 64, 73, 79, 80, 85, 159, 170, 191, 224

Көкшетау (сыртқы округы) 38, 40, 48, 51, 52, 54, 63, 106  
Көкшетау уезі 15, 45, 46, 56, 67  
Көкшетау округтың приказы 54, 64-66, 169  
Көшентоған, шатқалы 184, 185  
Қырым хандығы 204  
Құлжа 31, 84, 87, 93, 94, 95, 96, 98, 107, 109-111, 115, 116, 123, 127, 142, 172, 177, 179  
Құлжа округы 179  
Құлжа трактаты 105  
Құрым 96  
Құдайберді болысы 53  
Кіші Бұқара 8, 124, 137, 146, 148  
Қызылорда 86  
Қызыл Шұбар, өзен 43, 44  
Қырғызстан 13, 26, 87, 100, 128, 144, 175, 191  
Қырғыз жотасы 176  
Қытай империясының батыс өлкесі 107

## Λ

Лагор 104  
Ленинград 11, 21, 24  
Лепсі 89

## М

Мәскеу 9, 11, 18, 21, 46, 48, 151, 188, 194, 206  
Минск губерниясы 76  
Монголия 70, 101  
Мұса-Даг, өткел 104

# **H**

Нарын, река 120, 129  
Нижегород жәрмеңкесі 219

# **O**

Омбы облысы Аманқарағай округының мекемесі (приказы) 41  
Омбы 6, 9-11, 18, 21, 38-40, 43-45, 47, 48, 58, 62, 64, 67, 69, 71-74, 76-81, 83, 85, 86, 102, 103, 109, 116, 117, 132-134, 137, 151-156, 169, 172, 174, 175, 177, 180, 182, 184, 186, 189, 192, 193, 212, 221  
Омбы облысы 38, 40, 41, 43, 44, 49, 53  
Оңтүстік Еуропа 163  
Оңтүстік Қазақстан 13, 143, 175  
Оңтүстік Қыргызстан 128, 129  
Оңтүстік Тянь-Шань, жота 121  
Оңтүстік Шыңжаң (Синьцзян) 35  
Ораз бөлімшесі 52  
Орынбор 50, 70, 73, 142-144, 146, 147, 151, 173, 174, 176, 218  
Орынбор губерниясы 70  
Орыс Жонғариясы 90  
Орта жұз 5, 37, 38, 40, 52, 57, 66, 73, 85, 134, 167, 175, 183, 184, 200, 218  
Орда 39, 157, 158, 173  
Орталық Азия 6, 7, 8, 14, 33, 34, 48, 70, 77, 91, 101, 120, 125, 130, 163, 179, 191, 192, 194-196, 199, 201, 203, 208, 209, 214, 219  
Орталық Тянь-Шань 88

Ө

Өзбекстан 175, 185

## П

Павлодар облысы 38  
Париж 182, 223, 224  
Парсы 104  
Певческий көпірі 148  
Пекин 143, 219  
Перовск, форт 86, 176  
Петербор 8, 15, 16, 46, 49, 56-58, 71, 74, 75, 77, 93, 97, 102, 109, 116, 137, 138, 143-151, 153, 156-159, 161-166, 168, 174, 177, 184, 193, 196, 198, 201, 224  
Питер 14, 174  
Пішпек 175, 176

## Р

Ресей 5, 8, 11, 19, 26, 30, 37-40, 44, 47, 49, 51, 52, 58, 67, 79-82, 85, 86, 88, 93, 95, 101, 104, 105, 107, 110, 112, 114, 116, 118, 119, 126, 131, 133, 136-140, 142, 143, 145, 147, 156, 161, 163, 165, 166, 172, 175, 178, 179, 182, 184, 191, 196, 214, 219, 220, 224, 226  
Ресей империясы 8, 11, 17, 40, 49, 50, 57, 68, 70, 83, 93, 98, 104, 109, 133, 137-139, 143, 145, 147, 164, 175, 176, 215, 219, 220

## С

Саз, шатқал 63, 185  
Самара 70  
Санкт-Петербург 9, 10, 11, 30, 39, 42, 43, 45, 57, 58, 97, 101, 110, 117, 131, 133, 137, 141, 145, 146, 149, 150, 152, 167, 193, 201  
Санкт-Петербург 23, 173  
Саратов 112  
Сарыбас, ауылы 113  
Сарықел ауданы Қостанай обл. 224  
Сарыөзек, шатқал 52

- Саудия Арабиясы 169  
Саумалкөл, Айыртау ауданының орталығы Солтүстік Қазақстан обл. 63  
Сәнтас (Сенташ), асу 118  
Семей 38, 39, 85, 88, 89, 100, 101, 105, 108, 110-113, 115, 117, 122, 128, 131, 133-135, 137, 152-155, 158-160, 195, 218, 219  
Семей облысы 7, 38, 85, 88, 93, 115, 192, 218  
Солтүстік Америка 138  
Солтүстік Қазақстан 35, 36, 38, 46, 59, 191  
Солтүстік Қыргызстан 85, 86, 89  
Солтүстік Тянь-Шань 88  
Солтүстік Тянь-Шань, жота 195  
Стәрлебаш, ауылы 70  
Сібір қырғыздары шептік басқармасы 86  
Сібір қырғыздары облысы 50, 56, 115  
Сыр 218  
Сырдария, өзен 86, 99, 120, 176  
Сырдария шептік желісі 176  
Сырт, тау 119  
Сырымбет 39, 40, 52, 55, 58-63, 67-70, 77, 145, 169-171, 189, 224  
Сырымбет, Айыртау ауданындағы ауыл Солтүстік-Қазақстан обл. 9, 35, 36, 63, 191  
Сырымбет шоқысы 52

## Т

- Тарағай, өзен 114  
Тапраз 176  
Тарбағатай 85, 95, 96, 179, 220  
Тарбағатай округы 179  
Тас-рабат, тау 128  
Тәжікстан 175  
Тверь 153, 159

Тезек, Тезек султанның ауылы 72, 177, 178-179, 183-185, 223, 226  
Тәңір тау, тау сілемі 99  
Теректі 121, 220  
Теректі тау өткелі 114  
Теректі-Дауан, асуы 120  
Тесік-тас 128  
Тибет 92, 101, 104  
Тобыл, қаласы 38, 66, 79  
Тойын, өзен 128  
Тоқмақ 175  
Торайғыр, жота 89, 113  
Төменгі Новгород 70  
Троицк 218, 219  
Түркістан 90, 96, 169, 176, 181, 183, 185-188, 193  
Түркістан облысы 176  
Тянь-Шань, тау 6, 85, 87, 88, 98-100, 102, 107, 108, 121, 192, 193, 195-197  
Тянь-Шанның оңтүстік жотасы 121

## ҰҰҰ

Уақ болысы 42, 53  
Ұлыбритания 104  
Ұлken Ақсай 118  
Ұндістан 104, 137  
Үрімші 96  
Үшбұлақ округы 38, 73  
Үш-Тұрған, қала 118, 124  
Ұлы жұз 38, 85, 86, 93, 100, 126, 136, 175, 178, 204  
Ұзынағаш 176

# Φ

- Ферғана алқабы 220  
Франция 224

# Х

- Ханның Қызыл-Ағашы 39  
Хан көлі 39  
Хан-Тәңірі 102  
Хиуа 104

# Ц

- Цин империясы 95, 103  
Цин Қытайы 38

# Ч

- Чигу, қала 90  
Чифанзе, қала 96

# Ш

- Шағатай ордасы 206  
Шақырқұрым, өзен 114  
Шарын, өзен 89  
Шатыркөл, көл 128, 196  
Шатыр-Тас 114  
Шәуешек, қала 93-95  
Шоқан, Кербұлақ ауданындағы колхоз Талдықорған обл. 190  
Шоқан, Кербұлақ ауданындағы ауыл Алматы обл. 190, 191  
Шоққарағай, ауыл 63  
Шорайғақ ордасы 204

Шу, өзен 92, 99, 177

Шілік, өзен 89

Шығыс 6, 22, 71, 145, 149, 198, 201

Шығыс Азия 163

Шығыс Африка 163

Шығыс-Қазақстан облысы 38

Шығыс Түркістан 6, 8, 13, 33, 96, 98, 99, 101, 103, 104, 106-110, 113, 114, 116-118, 120, 122-129, 131-133, 135, 137, 138, 140, 141, 142, 151, 172, 175, 178, 191-195, 202, 219, 220, 226

## Я

Яқшыл (Якшильский) болысы 64

Яныасар, қала 124

**Ермекбай Жарас Ақыншұлы**

**Шоқан Үәлихановтың тағдыры мен мұрасы**

26.10.2020 жынынтықта тапсырылды. 16.11.2020 баспаға қол қойылды.

Формат 60x90<sup>1/16</sup>, Cormorant Infant, Вугада 1918 гарнитурасы.  
Офсеттік баспа. Шарт.-бас. п. 17,25. Тираж 2000 дана. Тапсырыс № 1454

«Центр оперативной полиграфии» баспаханасында басылған,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Масанчи к-си 23



# Qazaq Geography